

Педагогика мәселелері Вопросы педагогики

2006 жылдың қаңтар айынан бастап шыға бастады

*Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім
министрлігінде 2004 жылы 8 шілдеде есепке
тіркеліп, №5214-Ж куәлігі берілген.*

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ЕКІ АЙДА БІР РЕТ ШЫҒАТЫН
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ
ЖУРНАЛ

**№2-3 (62-63) 2020
СӘУІР-МАУСЫМ**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Амалбекова Марал Бимендинқызы,
филология ғылымдарының докторы,
доцент

Аутаева Ақбота Нұрсұлтанқызы,
психология ғылымдарының кандидаты,
доцент

Баймолдаев Тұрсынбек Молдаханұлы,
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор

Бекмағамбетова Роза Қарпыққызы,
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор

Жұмабаева Әзия Елеупанқызы,
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор

Иманбаева Сәуле Тоқтарқызы,
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор

Каримова Раушан Бидалиқызы,
психология ғылымдарының докторы,
профессор

Кеңесбаев Серік Мұхтарұлы,
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор

Кұлсариева Ақтолқын Тұрлықанқызы,
философия ғылымдарының докторы,
профессор,
ҚР ҰҒА-ның мүше-корреспонденті

Бас редакторы

Әбиева Фарида Бейбітқызы

Редактордың орынбасары

Ашимова Айтолқын Берікқызы

E-mail:

pedagogika.kz@rambler.ru

Редакция телефоны:

8 701 677 07 38

*«Болашақта еңбек етіп, өмір
сүретіндер бүгінгі мектеп
оқушылары, мұғалім оларды
қалай тәрбиелесе Қазақстан да
сол деңгейде болады.
Сондықтан ұстазға жүктелетін
міндет
өте ауыр»
Н.Ә. Назарбаев*

Көшіріп басуда

«Педагогика мәселелері.

Вопросы педагогики»

журналына сілтеме жасаңыз.

*Редакцияға арналған хаттар
мен мақалаларыңызды
мына адреске жолдаңыздар:
**050010, Алматы қаласы,
Т. Бигелдинов көшесі, №130**
**«Педагогика мәселелері.
Вопросы педагогики»
журналының редакциясына***

Меншік иесі:

**«НҰР» өндірістік-мәдени
дизайн орталығы ЖШС**

Таралымы: 300

Басылатын жері:

ЖК «Әкімбаев Қ.Б.» баспаханасы,

Төле би көшесі, 302,

Алматы қаласы

Педагогика мәселелері Вопросы педагогики

Издается с января 2006 года

*Журнал поставлен на учет
в Министерстве
информации Республики Казахстан.
Свидетельство №5214-Ж от 8 июля 2004 года*

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
НАУЧНО-ТЕОРЕТИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ
ИЗДАЕТСЯ ОДИН РАЗ В ДВА
МЕСЯЦА

**№2-3 (61) 2020
АПРЕЛЬ-ИЮНЬ**

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ:

Амалбекова Марал Бимендиновна,
доктор филологических наук, доцент
Аутаева Акбота Нурсултановна,
кандидат психологических наук, доцент
Баймолдаев Турсынбек Молдаханович,
доктор педагогических наук, профессор
Бекмагамбетова Роза Қарпыковна,
доктор педагогических наук, профессор
Жумабаева Азия Елеупановна,
доктор педагогических наук, профессор
Иманбаева Сауле Токтаровна,
доктор педагогических наук, профессор
Каримова Раушан Бидалиевна,
доктор психологических наук, профессор
Кенесбаев Серик Мухтарович,
доктор педагогических наук, профессор
Кулсариева Актолкын Тұрлуқановна,
доктор философских наук, профессор,
член-корреспондент НАН РК

Главный редактор

Абиева Фарида Бейбитовна

Заместитель редактора

Ашимова Айтолкын Бериккызы

E-mail:

pedagogika.kz@rambler.ru

Телефон редакции:

8 701 677 07 38

(Whatsapp 8 701 677 07 38)

При перепечатке ссылка на журнал
**«Педагогика мәселелері.
Вопросы педагогики»** обязательна.

Рукописи и фотоснимки не
возвращаются и не рецензируются.

*Письма и материалы для редакции
отправить по адресу:*

**050010, г. Алматы,
ул.Т. Бигелдинова №130
редакция журнала
«Педагогика мәселелері.
Вопросы педагогики»**

Собственник: **ТОО
Производственно-культурный
дизайн-центр «НУР»**

Адрес редакции:
г. Алматы,
ул. Т. Бигелдинова, №130

Тираж: 300

Отпечатано:
в типографии ИП «Әкімбаев Қ.Б.»,
ул. Төле би, 302,
город Алматы

МАЗМҰНЫ

Р.Ж. БАХТИЯРОВА	
Қашықтықтан біліктілікті жетілдіру – уақыт талабы	4
Ж. САДИРМЕКОВА	
Тиімді басшының басқару стилінің мінездемесі	6
Ш.С. СИЛОВА	
Қашықтан оқытудың маңызы және рөлі	8
М.Ж. ХАСЕНОВА	
Жұмыла көтерген жүк жеңіл	9
С. ТАБАЛДИНОВА	
Шәкірттерін шыңға бастаған білікті басшы туралы сөз	10
Қ.Ш. МОЛДАСАН	
Абай тағлымы	13
К.А. ЕСЕНОВА	
Кемеңгер тұлға	14
Ғ.І. ӘБДИЕВА	
Ұстаз келбеті	15
В.Ж. ЖОЛМУХАМБЕТОВА	
Оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуы	16
Ж.Т. УТЕУЛИЕВ	
Жаңа технологияларды оқыту үдерісіне тиімді енгізу	18
Ф.Ж. АУЕЗОВА	
Тарих сабақтарында тиімді әдіс-тәсілдер мен педагогикалық технологияларды қолдану арқылы студенттердің қызығушылығын арттыру	22
Б.С. ҚАЛДАРОВА, С.Е. АЛДЕШОВ,	
Р.Э. АЙТКУЛОВА	
Ұлы даланың тарихи орындары	24
К.А. БАЙДАЛИЕВ	
Көркем еңбек пәніне тән оқу тапсырмасын құру негіздемесі	27
І.Б. НЫСАНҚҰЛОВ	
Болашақ сарбаз бен офицерлерді даярлауда Бауыржан Момышұлының ерліктері мен ұлағатты сөздерінің маңыздылығы	31
А.Е. СЕЙТКАЛИЕВА	
Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты ұйымдастыру	34
М.Б. СУЛЕЙМЕНОВА	
Қазақстан Республикасының білім жүйесіндегі 12 жылдық білім беру	36
Э.Б. САУХЫМБАЕВА	
Қазақстан Республикасының білім беру тенденциялары	38
А.А. КЕРИМБЕКОВА, Н.Т. БЕКТАЕВА	
Ұлттық сана-сезім көкілегін кеңейтуде жастарға психологиялық бағыт берудің маңыздылығы	40
Г.А. ШАМШИЕВА	
Қазіргі кездегі оқытудың технологияларын мектеп жасына дейінгі білім беруде пайдаланудың маңыздылығы	42
А.Ш. КУЛАНОВА	
Бастауыш сынып оқушыларының социометриялық мәртебесін арттыру және өзін-өзі бағалау құралы ретінде ұжымдық шығармашылық іс	43
А.Б. ОРЫНБАЙ	
Блум таксономиясы арқылы оқушылардың сыни ойлауын қалыптастырудың маңыздылығы	45
Ұ.Н. СӨРСЕНБАЙ	
Қазақстандағы білім берудегі жаңашылдық	47
Ж.Е. ТАГАЙБАЕВА	
Оқушылардың сыныптан тыс іс-әрекетінде сыни ойлауын қалыптастыру жолдары	49
М.А. АБДИМАНОВА	
ЖОО студенттерінің кәсіби бағыттылығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары	51
Г.Д. АБДУЛЛАЕВА	
Кадр агенттігінің қызметкерлері қызметінің тиімділігін арттырудың психологиялық шарттары	53
А.А. АБИУЛЛА	
Жарнамалық хабардың әсерінің тиімділігін арттырудың психологиялық шарттары	55
М.А. ЖОЛДАСБЕКОВА	
Тұлғаның когнитивті стилінің жарнамалық хабарламаны қабылдауға әсері	57

СОДЕРЖАНИЕ

А.С. АЙТКУЛОВ	
Жетекші репрезентативті жүйенің жарнамалық хабарламаны қабылдауға әсері	59
К.Е. БЕЙСЕНОВ	
Саяси режимдер және саяси әлеуметтену психологиясы	61
Г.А. БЕРЖАНОВА	
Ұйымдағы әлеуметтік қарым-қатынас жағдайында тұлғаның эмоционалды ерік тұрақтылығын психологиялық зерттеу	63
А.К. БЕРИКОВ	
Қазақ халқының ұлттық мінез-құлқының отарлық және кеңестік кезеңдегі өзгеруі және ұлттық психологияның сақталу алғышарттары	65
Ш.А. БОТАБЕКОВА	
Өндірістік (немесе сауда, банк, сақтандыру және т.б.) ұйымда тұлғаны кәсіби сәйкестендіруді психологиялық зерттеу	67
Г.Б. ДУШАЕВА	
Психолог қызметіндегі еңбекке қанағаттанушылықты психологиялық зерттеу	69
Н. ЕСЕНТАЕВ	
Студенттік ортадағы эмпатия мен тұлғааралық жанжалдың арасындағы тәуелділікті зерттеу	71
А.А. ЖАПСАР	
Педагогикалық жобалау технологиясын қолданудың маңыздылығы	72
О.Н. ИКМАТОВА	
Студенттердің құндылықты бағдарын зерттеу	74
С.С. КАЛИЕВА	
Қазіргі жастардың ерлі-зайыптылыққа қарым-қатынасының ерекшеліктерін зерттеу	76
Ә.Қ. ҚАТЫШ	
Педагогтің коммуникативтік құзыреттілігі оның кәсіби қызметінің табыстылық факторы ретінде	78
Г.И. МАМБЕТОВА	
Релаксациялық тренинг егде жастағы адамдардың үрейленуін азайту құралы ретінде	80
Д.Е. СПАБЕК	
Білім беру ұйымдарындағы оқыту жүйесін инновациялық басқару	82
Е.Н. СУЛЕЙМЕНОВА	
Білім беру ұйымдарындағы корпоративтік мәдениетінің басқарушылық аспектілері	84
Н. ТУРСИНБЕКОВА	
Тұлғааралық қақтығыстардың алдын алудың психологиялық шарттары	86
С.Ы. НҰРБЕКОВ, Ж. ӨТЕГЕН,	
Ж. ФЕРМЕБЕК, А. ТОҚТАРОВА	
Биология сабағында Free Quiz Maker бағдарламасын қолдану жолдары	87
С.Ы. НҰРБЕКОВ, Қ. НҰРСЕЙТ,	
А. ТАЛАСБЕКҚЫЗЫ, А. СЕРІКБАЙ	
Биология пәнін оқытудың жаңа технологияларының маңызы	90
Е.З. БАТТАЛХАНОВ, К.А. КУЛАТАЕВ	
Образование – основа толерантности	94
С.А. КОНАКОВА	
Дистанционное обучение как современный формат преподавания	97
К.В. БАЙКЕНОВА	
Казахстанские школьники идут в ногу со временем	98
С.Т. РАМАЗАНОВА	
Развитие учебной автономии студентов при изучении иностранного языка	98
А.Б. АШИМОВА	
Социально-философские взгляды Абая Кунанбаева	102
Г.К. ЖИЛКАЙДАРОВА	
Повседневность целинников Акмолинской области	106
Ж.С. НУРГАЗИНА, О.М. ЖОЛЫМБАЕВ	
Особенности методики преподавания информатики при инклюзивном образовании	111

Қашықтықтан біліктілікті жетілдіру – уақыт талабы

Рысқаным Жолболсыновна БАХТИЯРОВА,
«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы «БҚО ПҚБАИ»

Мұғалімдердің қажетіне қарай білім алуы, үздіксіз үйренуі үшін ХХІ ғасырда зор мүмкіндіктер бар екендігі даусыз. Мәселен, біліктілігін арттыру үшін бетпе-бет курстарға қатыса алмаған жағдайда онлайн оқуларға, қашықтықтан оқу курстарына қатысуына болады. Мұндай мүмкіндіктерді әлемде, елімізде орын алған қазіргідей төтенше жағдай кезінде білім саласындағы мәселелерді оңтайлы шешуде ұтымды пайдалана білуіміз керек. Әлемді шарпыған індетке байланысты Қазақстанда төтенше жағдай жарияланған күннен «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының БҚО филиалы курстан өтіп жатқан тыңдаушыларына оқуды тиімді форматта жалғастыруды ұсына алды.

Бұған дәлел «Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту» тақырыбында №3 топта өткізілген курсымызға тоқталуды жөн көрдік. Алдымен дәстүрлі түрде бірінші аптасы өтіп, келесі аптасы қашықтықтан өткізілді. Қашықтықтан өткізілген курсымыздың күшті жақтарына тоқталсақ:

- Мұғалімдер дәрісті онлайн тыңдау арқылы қажетті ақпараттарды үй жағдайында тыңдай алды;

- Сілтемелер арқылы әрбір дәрістен кейін оның материалдары мұғалімдерге толық беріліп отырды;

- Тыңдаушылар дәріс барысында сұрақтарын қойып, қызықтырған тақырыптар бойынша пікірлерін сол бойда жазып қалдыра алды. Мұғалімдер, әсіресе, сабақты жоспарлауға қатысты сұрақтарына нақты жауап алды. Мұғалімдеріміздің сараулау тапсырмаларын ұсыну тәжірибесі әлі де жетілдіруді қажет етеді. Курста бұл тақырып та жан-жақты талқыланды. Көпшіліктің талқылысына түсіп жүрген критериялды бағалаудың мәні, түрлері, қағидаттары, модерация үдерісі, бағалауды ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері туралы мол ақпарат ұсынылды. Оқушының зерттеушілік дағдысын жақсартатын тәсілдер, сөйлесім түрлері бойынша сабақта қолдануға болатын әдістер мұғалімдердің біліктілігін арттыруға көмектесе алды деп есептейміз;

- Мұғалімдердің кәсіби дағдылары жақсарды. Мәселен, олар АКТ құзыреттілігі – қазір уақыт талабы екеніне тағы бір мәрте көз жеткізді. Көшбасшы мұғалімдер өз тәжірибелерімен бөлісті, бір-біріне қолдау көрсетті;

- Дәрісті белгіленген уақытта қосыла алмаған жағдайда (интернет жұмысы нашар уақытта), мұғалім өзіне қолжетімді уақытта курсты тыңдай алды.

Әр нәрсенің артықшылығымен қоса кемшін тұстары да болады. Оларды да атап өткенді жөн көрдік.

- Онлайн дәріс барысында тыңдаушылардың эмоционалдық жай-күйін анықтау қиындық туғызады;

- Ойын, пікірін қатқа жазу арқылы білдіргендіктен, толық жеткізе алмауы мүмкін;

- Мұғалімдер дәріс тыңдаумен қатар, екінші бір жұмысты жасап отыруы мүмкін, сөйтіп, кейбір маңызды тұстар да тысқары қалуы мүмкін.

Әйтсе де бұл кемшіліктер қашықтықтан оқудың маңызына үлкен нұқсан келтірмейді. Өйткені курсқа қатысушының мақсаты – өзінің тәжірибесін жақсарту болғандықтан, белсенді болуға ұмтылады, ізденеді. Мұндай оқулар мұғалімнің жауапкершілігін еселей түседі.

Қашықтықтан оқу курстарының тыңдаушылары кері байланыстары мен әлеуметтік желілердегі пікірлерінде «Оралдың Өрлеуінің» аталған оқуларды жоғары деңгейде ұйымдастырғанын атап көрсеткен.

Атап айтсақ, Асель Ерментаева, Абай атындағы МГ: Осы жолғы курсымыз мазмұны жағынан да, өту форматы жағынан да ерекше болды. Елімізде әлемде орын алған қиын кезеңде мұғалімдердің біліктілік арттыру курсын тоқтатпай, қашықтан оқуына мүмкіндік жасаған, барлығын жоғары деңгейде ұйымдастырған, педагог мәртебесі үшін барын аямайтын қара шаңырақ ұжымына, «Өрлеу» Батыс Қазақстан облысы филиалына зор алғыс айтамыз. Әр мұғалім осындай курстардан құнды ақпараттар күтетіні сөзсіз. Өзім қашықтан ұйымдастырылса да тәжірибемізді шыңдайтын дәрістерді тыңдап, кәсіби тұрғыдан қанаттандым ...

Ақлима Кубаева, Подстепный ЖББОМ: Қашықтықтан өткен курс барысында өзіме қажетті ақпараттар алдым. Осы курсты ұйымдастырған «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұжымына алғыс айтамын. Әлемде болып жатқан жағдайға қарамастан мұғалімдерге қосымша білім беріп, іс-тәжірибелерін арттырудасыздар.

Рысқаным Жолболсынқызының табандылығына, өз жұмысына шынайы құрметпен қарайтынына тәнті болдық...

Лунара Акбулатова, №14 ЖББОМ: Ісі мен сөзі бір жерден шығатын, сөз өрнектерін келістіріп, құлаққа жағымды әдемі дауысымен мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту туралы айшықты ойларымен бөліскен Рысқаным Жолболсынқызының дәрістерін тыңдау мен үшін үлкен мүмкіндік, бүгінгі күні осы курстың соңына да таяп қалдық. Курс барысында қоржынымызды өзімізге керек ресурстарға толтырып, әрі қарай тәжірибеде қолдануға мүмкіндік алдық. Қашықтықтан оқыту арқылы жаңа форматта дәрістер тыңдауға мүмкіндік беріп және ұйымдастырғаны үшін алғыс білдіре отырып, сәттілік тілеймін! Тәлім, тәрбие берер курстарыңыз көп болып, жалғасын таба берсін.

Айболсын Тастемирова, М. Өтемісұлы атындағы ОСМИ: Осы курстың алғашқы аптасын институт базасында бастасақ, елдегі Төтенше жағдайға орай, соңғы аптасын қашықтықтан жалғастырдық. Кураторымыз Рысқаным Жолболсынқызы өз ісінің білгір, білікті маманы екенін дәлелдеп, алға қойған курс мақсаттарын тыңғылықты өз дәрежесінде орындап шықты. Онлайн дәрістерді тамаша сұрыптаған. Нақты, дәл, мазмұнды. Өріптестерімізбен курс барысында пікір алмасып, қажетті ақпараттарды алып, жинақтап, сабаққа қажетті қосымша материалдар жинақтап алдым.

Нурия Аманжоловна, №20 ЖББОМ: «Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру» тақырыбындағы курсқа қатысып, өз іс-тәжірибемді молайттым деп толық айта аламын. Курс мазмұнды мұғалімдерге қазіргі уақыттағы нақты қажет ақпараттарға толы болды. Курс барысында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің бағдарламасынан бастап, пәнді ұйымдастыру ерекшеліктері, сыни тұрғыдан ойлаудың әдіс-тәсілдері мен ерекше қабілетті балалармен жұмыс, 4 дағды, сабаққа қажетті тиімді әдіс-тәсілдер, т.б. туралы толық қамтылып, айтылды. Осындай мазмұнды курс ұйымдастырып отырған институт басшылығына, тренерге мың алғыс!

Бұл, әрине, қуантарлық жайт.

Дей тұрғанмен интернет желісі нашар елдімекеннің мұғалімдеріне оңай болмағанын да атап кеткен жөн.

Қорыта айтқанда, біліктілік арттыру жүйесінде педагогтердің оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс-әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады.

Қазіргі заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді. Осы бағытта біздің институт педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру мақсатында оқыту үдерісін жетілдіру үшін АКТ және сандық жүйелерді қолдану бағытында мұғалімдерге компьютерлік технология негізінде қашықтықтан оқыту, электронды оқыту арқылы әлемдік білім кеңістігіне еніп, онда өзінің қажетін алуға, білімді толығымен алуға, қажетті ақпараттық мәліметтерді, ғылым саласына байланысты озық тәжірибелерді іздеуіне бағыт беретін жұмыстарын жалғастыруда.

Тиімді басшының басқару стилінің мінездемесі

Жібек САДИРМЕКОВА,

Бурыл орта мектебінің мектеп директоры, Байзақ ауданы, Жамбыл облысы

Білімді менеджмент – бұл жетістіктің формуласы. Қазіргі кезде ағарту жүйесін басқарудың ғылыми негіздерін қалау, оны басқарудың стильдері мен әдістерін жетілдіру жолдарын үлкен назармен зерттеу ерекше мәнге ие болып отыр. Басқарудың дұрыс стилін таңдай білу әлеуметтік-психологиялық проблеманың ең өзектісі. Басқармадағы жұмыскерлердің шынайы мәдениетіне неғұрлым толық, әрі түбегейлі баға басшы жұмысының стилі бойынша жүзеге асады.

Басшы жұмысының стилі – оның басқару процесінде пайдаланатын тәсілдердің, амалдардың іс-әрекеттерінің жиынтығы. Басшының стилі – бұл шешім қабылдау және қызметкерлерге тапсырма беру әдісі. Басқару тәсілі – басқару ісін жүзеге асырудың жиынтық әдістері, амалдары, жұмыскерлер мен еңбек ұжымына ықпал ету, басқару қызметін орындау процесінде олардың іс-әрекеттерін үйлестіруді қамтамасыз ету. Стиль – басқарушы орган басшы қызметкер жұмысының тәсілі ретінде өзіндік формалық сипатқа ие. Стильдің қалыптасуы – бұл ұзаққа созылатын, күрделі, мақсатты процесс. Әрбір басшы өзінде және өзінің қарамағындағыларға алуан сипатта тексерілген тәсілдер мен амалдарды қолдана білуі тиіс. Алғаш рет басқару стилі ұғымын К. Левин қарастырды, ол басқарудағы:

1) демократиялық; 2) авторитарлық; 3) либералды стилдерді көрсетті.

Авторитарлық стиль – басқару бір адамның қолында болады, барлық шешімдер мен іс-әрекеттер туралы тек соған ғана баяндалып отырады. Бұл басқару стилінде адамдармен қарым-қатынаста белгілі бір шектеулер қойылған. Мұндай менеджер шешімді жеке өзі қабылдайды және қызметкерлермен қатал және әрқашанда бұйрық береді, бірақ ешқашанда өтініш білдірмейді. Барлық жаңа нәрсені аса байыптылықпен қабылдайды немесе мүлде қабылдамайды. Өйткені басқаруда ол байырғы әдістерді ғана қолданады. Барлық билік тек автократтың қолында ғана болады. Бұл қысымды жағдайды туғызады, сол себепті қызметкерлер мұндай менеджермен тығыз байланысқа түсуден қашады. Басшы автократқа өз қабілеті қызметкерлерінің қабілетінен төмен болған жағдайда немесе қызметкерлердің профессионалды қабілеттері басшыдан анағұрлым төмен болған жағдайда айналады. Бұл стиль жұмысқа деген құлшынысты тудырмайды, керісінше жұмыс тиімділігі мен деңгейін төмендетеді. Автократтың қол астында жұмыс істеу жағымсыз. Келіспеушілік жағдайларында ол үнемі «Біз бірге жұмыс істей алмаймыз» деген сөйлемді айтады. Мұндай жағдайларда, әрине, өз жұмысымен қанағаттандырылу деңгейі төмендейді, себебі автократқа бағыныштылар өз еңбегі бағаланбады деген пікірге келеді.

Демократиялық басқару стилін қолданушы менеджер – шешімдерді неғұрлым ұжымдық түрде қабылдауға тырысады, қызметкерлерді ұжымдағы жағдай туралы толық хабардар етуге тырысады және сынға дұрыс жауап береді. Қызметкерлермен әрдайым сыпайы сөйлеседі, олармен үнемі қарым-қатынаста болады, адамдарға сене біледі. Ол талап етеді, бірақ әрдайым әділетті. Демократиялық менеджер іскерлік жиналыс кезінде ұжымның арасында отырады. Бұл проблемаларды шешуде адамдарға еркін жағдайды қамтамасыз етеді. Осылайша авторитарлық және демократиялық басқару арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар.

Басқарудың демократиялық стилі – басқарушылық биліктің бөлінуі мен жұмысшылардың басқару ісіне қатысумен сипатталады. Яғни жауапкершілік жинақталмай таратылады.

Либералдық басқару стилінде басшы ұжым жұмысына мүлдем араласпайды, қызметкерлерге жеке және ұжымдық толық еркіндік беріледі. Мұндай басшы қызметкерлермен сыпайы, алдын ала жоспарланған жиналысты кейінге қалдыруға дайын, егер ол оның имиджіне нұқсан келтіретін болса. Либералды басқаруда қызметкерлердің жұмысына әсер ету көндірулер мен өтініштер арқылы жүзеге асады. Басқарушылық тапсырмаларды орындауда ол белсенді емес, «ағыс бойынша жүзеді». Либерал менеджер конфликттерден қорқады, көбінесе қызметкерлердің пікірімен келіседі. Қызметіндегі шектен тыс жұмсақтығы оның жұмысына кері әсерін

тигізеді, қызметкерлер бұл жағдайды пайдаланып, одан кейбір нәрселерге көз жұмуын сұрайды, ал ол қызметкерлермен қарым-қатынасын бұзып алмас үшін әрдайым көнеді. Либералды басқарушы өзінің іскерлік қабілетін көрсетпейді, қызметкерлердің қызметін ұйымдастыруда дәрменсіз.

Тиімді басшының басқару стилінің мінездемесі

Қазіргі заман басшысы – ол: мектеп алдында тұрған міндеттерді шешудің дәстүрден тыс жолдарын табуға, инновациялық басқару технологияларын құрып, пайдалануға қабілетті шығармашыл тұлға; өз ұйымының даму болашағын бірнеше жыл алға көре алатын стратег; мәселелерді шешуде жаңа тәсілдерді әзірлеуші, қызметкерлер арасында жаңа құндылықтарды насихаттаушы, идеяшыл, новатор, оны іске асыруда белгілі бір қиындықтарды жеңуге дайын болатын ұйымдастырушылық өзгерістерді тасымалдаушы, өзін үнемі бақылап, өзінің кәсіби және жеке қасиеттерімен жұмыс жасайтын тұлға.

Басқару қызметіндегі әрбір басшы тек өзіне ғана тән стильде қызмет міндетін орындайды. Адамдардың қарым-қатынасында, соның ішінде басқару қызметін жүзеге асыруда стильге ерекше мән беріледі. Менің ойымша, әр басшы өз стилімен басқарады. Тиімді басшының бойында жоғарыда айтылған мінездеме сипаттамалары болуы тиіс. Өз тәжірибемде деңгейлік, басшылық курстарынан өткеннен кейін қазіргі заманауи басшының, яғни көшбасшының бойындағы басқару қабілеттерін меңгердім деп айта аламын. Себебі, менің мектебімде демократиялық басқару стилі қалыптасқан. Өйткені мен ұжыммен біргемін. Табысты мектеп болу үшін демократиялық стильдегі көрсеткіштерді қолданамын.

Директордың стандартындағы бір бағыт – ол мектеп директорының өзінің дамуы, ендеше, ұжымның дамуына кәсіби қолдау көрсетіп, бірлескен, алқаласқан орта құру арқылы жұмыс жасадым. Сонымен бірге басшының рөлі басқару ғана емес, әріптес ретінде мұғалімдерге қолдау көрсету, көмектесу, жұртшылықпен бірлесе жұмыс атқару екендігін түсіндім. Мұғалімдерге кәсіби қолдау көрсету мақсатында коучинг, тәлімгерлік, ықшамсабақтар өткізуге ықпал еттім. Сондықтан, қажеттілікке қарай бірнеше коучинг және тізбектелген сабақтар мен ата-аналарға арналған тренинг, жиналыстар, ықшамсабақтар, зерттеу сабақтары, жобалар жоспарланып, іске асырылды. Себебі, директор стандартындағы мектепті дамыту бағытындағы тәлімгерлік пен коучинг үдерісі бойынша түйінді сұрақтар басты назарда болды.

Директорлар мектепте жағымды қолдау көрсету және дем беру мәдениетін құру үшін басқа түйінді мамандармен бірлесіп жұмыс істейді. Сондықтан деңгейлік курсты бітірген мұғалімдердің әлеуетін пайдаландым. Тиімді басшының тағы бір басқару стилі ол тәлімгерлік деп ойлаймын. Себебі, тәлімгерліктегі басты ұстаным – қарым-қатынас. Ұжымға бағыт-бағдар көрсетіп, олардың кәсіби дамуына қолдау көрсетіп отыру басшының міндеті екені анық. Мұғалімдерге өз тәжірибелері туралы ой-пікірлерін бөлісетін, тығырыққа тірелген сәттерінде көмек сұрайтын, кәсіби тұрғыдан жетілуіне ықпал ететін орта керек. Сол үшін бұл жерде кәсіби қоғамдастықтың рөлінің зор екенін түсіндім. Сондықтан бөлінген көшбасшылық жұмысын қоғамдастық үдерісі арқылы нығайтуға қолдау көрсету үшін мұғалімдердің көшбасшылық қызметін дамытуды қоғамдастық жұмыс арқылы жүзеге асыруға ұмтылдым.

Бөлінген көшбасшылық принциптеріне сай мектептің талантты да дарынды мұғалімдеріне өз құзыреттілігі шеңберінде жауапкершіліктер жүктелген еді. Негізгі идея педагогтарды заман талабына сай жұмыс жасауға ынталандыру болғандықтан, көшбасшысы ретінде мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамытуға, сындарлы оқыту теориясы негізінде сыныптағы сабақ барысын 7 модульге ықпалдастырып, 6 дағдыны қалыптастыратындай ұйымдастыру, жоспарлау және басқару шараларына назар аударылды.

Қорыта келгенде, кез келген басшы басшылық стилін таңдай отырып, өзінің мінез-құлқын жасайды дегім келеді. Басқару стилі ерекшеліктерінің бірінші қатарына мен демократиялық басқару стилін қойғым келіп отыр. Себебі, әрбір тиімді басшы осы стиль сипаттамасын басқару ісіне пайдалануы тиіс деп ойлаймын. Сонда ғана мектептегі жұмыстар оң нәтижесін беретініне көзім жетеді.

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ РӨЛІ

Шолпан Сарсеновна АСИЛОВА, педагог-психолог,
№178 физика-математика лицейі, Алматы қаласы

Бүгінгі күні бүкіләлемдік Денсаулық сақтау ұйымы коронавирус пандемиясының таралуына байланысты халықаралық деңгейде төтенше жағдай жариялады. Бұл жағдай Қазақстанды да айналып өткен жоқ. Осыған байланысты білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, педагогтардың, білім беру ұйымдарындағы басқа да қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында төтенше жағдай режимі жарияланды. Білім беру мекемелерінде санитарлық-эпидемиологиялық және алдын алуға қатысты іс-шаралар күшейтіліп, білім беру ұйымы басшыларына, педагогтарға үлкен жүк артылғаны рас. Осындай жағдайда қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруға арналған технологиялық шешімдердің әр алуандығы мен қиындығына қарамастан, №178 физика-математика лицейінің мұғалімдері мен оқушыларды қашықтықтан оқыту форматын еш қиындықсыз игеруі үшін және сапалы білім беріп, шынайы, әділ бағалау үшін лицей басшылығы да аянбай еңбек етуде. Қашықтықтан оқытудың өзіндік қиындықтары болғаны рас. Мысалы, лицей оқушыларына компьютердің, интернеттің жетіспеушілігі, көпбалалы отбасылар мен әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың балаларына да әр түрлі көмектер көрсету, сондай-ақ лицей мұғалімдеріне де әдістемелік көмектің дер кезінде көрсетілуі, мұғалімдер мен ата-аналарды қолдау сияқты проблемалардың болғаны рас, дегенменде, осындай мәселелер лицей басшысы Шадиев Қайратбек Хамзаханұлының көрегендігінің, ақылдылығының дер кезінде дұрыс, нақты шешім қабылдауының арқасында өз шешімін тауып отыр деп айтсақ, артық емес. Ұйымдастырылған, алдын ала жоспарланған онлайн сабақтар мұғалімдердің де, оқушылардың да жауапкершіліктерін арттырып, білім беру талаптарын күшейтуде. Біздің білім ордамызда мұғалімдер әр түрлі платформаларды «Күнделік.кз.», «Bilimland», «Classroom», «Zoom», «Skype», «Whats App» еш қиындықсыз меңгеріп отыр. Қашықтықтан оқыту барысында келешектің иесі бүгінгі ұрпаққа сапалы білім беріп қана қоймай, білім алушылардың қабілеттері мен қызығушылығын ескере отырып, лицей психологтары тарапынан мұғалімдерге, лицей оқушылары мен ата-аналарға психологиялық кеңестер берілуде, атап айтар болсақ, мұғалімдерге:

- Қашықтықтықтан оқытудың өзіндік қиындықтары болары сөзсіз. Осындай келеңсіздіктер мұғалімнің жүйкесіне кері әсер етпеу үшін, сабырлы болып, өздеріңіздің денсаулықтарыңызды күтіңіздер.

Алдымен өз жұмыс орныңызды дұрыс ұйымдастырыңыздар, арасында бой жазып, демалып тұрыңыздар. Мәжбүрлі оқшауланудың да жақсы жағын көруге тырысыңыздар!

Ең маңыздысы, сабақты жүргізгенде күлімдеп, өз жұмыстарыңыздан ләззат алуға тырысыңыздар. Үнемі жақсы көңіл күйде жүріңіздер!

Ата-аналарға:

Үнемі қорқыныш пен уайымшылдық адамның иммундық жүйесін әлсіретеді, сондықтан жағымсыз ақпараттар ағымын шектеңіздер, өздеріңізге ұнайтын істермен шұғылданғандарыңыз жөн.

Балаларыңыздың сабағын жеңілдететін жағдай жасауға тырысыңыздар (дұрыс тамақтану, тұрақты режим, толыққанды ұйқы, сабақ оқуға ыңғайлы орын, баланың мүмкіндігіне сенім арту).

Балалармен уақытты қалай өткізуге болады?

- үстел ойынын ойнаңыз;
- ғаламтор желісінен танымдық арналарды тауып, бірге тамашалаңыз;
- балаңызбен бірге кітап оқыңыз, мазмұнын бірге талқылап, кітап туралы балаңыздың ойын тыңдаңыз;
- бірге отбасылық фильм тамашалаңыз;
- балаңызды үнемі мақтап, қолдап отырыңыз;
- балаңызбен бірге күн тәртібін жасаңыз;
- балаңызды ойын арқылы еңбекпен араласуға бағыттаңыз!

Оқушыларға:

- жаттығулар мен дұрыс тамақтану арқылы өзіңізді шыңдаңыз;
- өз пікіріңізді ашық айтуға ұялмаңыз;

- қиын жағдайға тап болсаңыз, үлкен адамдармен бөлісіңіз;
- бос уақытты дұрыс пайдаланыңыз;
- үрей мен күйзеліске түспеңіз;
- алдыңызға мақсат қойыңыз, соған жетудің қадамдарын қарастырыңыз;
- тәртіпке бағыныңыз;
- жетістікке жеткіңіз келсе, белсенді болыңыз;
- өзгені сыйлай білсеңіз, өзіңіз де сыйлы болуға тырысыңыз;
- өмірдің өзі сабақ, тәлім алыңыз!

Қорыта келгенде, қашықтықтан оқытудан да үйренеріміз көп. Қашықтықтан оқыту ерте ме, кеш пе бізге жететін еді. Өйткені бұл – заман талабы. Сондықтан да бұл – еліміз үшін жаңа белес, жаңа шың.

Ұлы ақын Абай атамыз айтқандай, «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», – деп, еліміздің әрбір ұстазы бүгінгі күні өз еңбектерін қалтқысыз атқарып, ізденіп, әрбір оқушыны білім нәрімен сусындатып отыр. Әр ұстаз өз тарапынан барынша ынталылық пен табандылығын көрсетіп, тамшысымен тас тесетін бейнебір тамшыдай әрекет етуде!

Бүгінгі күні адам жанының бағбанына айналған ұстаздарымызға алғысымыз шексіз!

Жұмыла көтерген жүк жеңіл

М.Ж. ХАСЕНОВА,

№44 мектеп-гимназияның оқу, тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары,
Алматы қаласы

Түркісіб ауданының №44 мектеп-гимназия ұстаздары елде қалыптасқан күрделі жағдайға байланысты, білім беру саласына енгізілген өзгерістерге сәйкес, оқушылардың қашықтан оқыту жүйесіне көшкеніне екі аптадан астам уақыт болды. Өрине, мұндай сын сағаттың туатынын ешкім күткен жоқ. Бірақ, елдің болашағы – жас ұрпақтың алар білімін кейінге қалдыруға болмайтынын, бұл – бүгінгі таңдағы ең оңтайлы шешім екенін мектеп ұстаздары сөзсіз түсінді. Бұл ретте, ұстаздар қауымына үлкен жауапкершілік жүктелді. Сондықтан олар оқушылардың оқу бағдарламасын толық игеріп, сапалы білім алуына бар күш-жігерлерін салуда.

№44 мектеп-гимназия ұстаздары мектеп директоры З.К. Қойшыбаеваның ұйымдастыруымен оқушыларға білім берудің тиімді әдіс-тәсілдерін қолдануда. Өрине, бұл ретте, ата-ананың да көмегі ауадай қажет, ата-аналардың тарапынан түсініспеушіліктердің болмағандығы, керісінше, қолдау көрсетіп, алғыстарын білдіруі ұстаздарды одан ары жігерлендіруде.

Білім алып жатқан оқушылардың да қазіргі қалыптасқан жағдайға тез икемделуі де бұл жерде үлкен рөл атқарды. Мәселен, ол ақпараттық-технологиялар жүйесі арқылы өз білімдерін шыңдауға мүмкіндік алуға. Сондай-ақ, «Еларна» «Балапан» телеарналары, «Bilimland» «Kundelik.kz», «Daryn.online», «Opig.kz» интернет-платформалары арқылы сабаққа қатысуда, «Kundelik.kz» ұстаздардың машықтанып алған жүйесі болғандықтан, кері байланыс орнату кедергісіз жүзеге асуда. Ұстаздар осының барлығы – оқушылардың білімін жетілдіру үшін, оқушының талаптарына сәйкес жасалған жұмыстар деп ұйымдастырушы ұжымға алғыстарын білдіруде.

Қалалық білім басқармасының қолдауымен әр отбасының әлеуметтік жағдайына да көңіл бөлініп, кедергілерден шығу жолдары толық қарастырылды. Осылайша, оқушыларға заманауи құрылғылардың көмегімен кері байланыс та жүргізілуде және оқушылар мен мұғалімдер білім берудің жаңа үрдісіне қиындықсыз бейімделіп алды.

Еліміздің болашағы – жас ұрпақтың қолында болғандықтан, ең бастысы білімді, дарынды ұрпақ тәрбиелеу – біздің басты құндылығымызға айналды. Демек, олар ұлттық құндылықтар мен заманауи игіліктерді өз бойына біріктіріп, ұштастыра білген, өз елінің нағыз жанашыр азаматтары ретінде қалыптасуға талпынуы қажет. Қазіргі өтпелі қиындыққа бола еңсені түсірмеуіміз керек. Бұл жолда ұстаздар қауымы өздеріне артылған сенім мүддесінен шығуға атсалысуда.

ШӘКІРТТЕРІН ШЫҢҒА БАСТАҒАН БІЛІКТІ БАСШЫ, ҚАЙРАТКЕР ҰСТАЗ ТУРАЛЫ ОЙ

Сәуле ТАБАЛДИНОВА

*Шәкірттерін шыңға бастаған білікті басшы, қайраткер ұстаз –
Қайратбек Хамзаханұлы Шадиев туралы ой*

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасында ертеңгі күннің ерекшелігіне ұлт жетістігінің басты факторы – адамның бәсекеге қабілеттілігі екені айтылған. Ал осындай бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеп, дайындап жүрген біздің ұлағатты ұстаздарымыз деп ойлаймын.

Өмірдегі көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, ерекше шәкіртжандылықты, мейірімділікті қажет ететін мамандық – ұстаздық мамандық. Егер ойлап кетсең, ой жетпейтін, теңіздей терең, асқар шыңдай заңғар, қазақ даласындай байтақ ұлылық. Біз мақтан ететін Алматы қаласы Алатау ауданына қарасты №178 алтын ұя мектебіміздің көшбасшысы Қайратбек Хамзаханұлы Шадиев – Қазақстанның білім беру ісінің үздігі!

Әлемге адамдарды жандандыратын, мақсатқа жетуде, болашақты көру қасиеті арқылы адамдарды ортақ мақсатқа бағыттайтын адам қажет, ол – көшбасшы. Көшбасшы әр ортада көрініс табады. Сол ортаның іргетасы мықты болып өсуі үшін шынайы көшбасшы керек. Елімізде ел басқарған ұлы басшылар да, шынайы басшылар да болған.

Ұлы басшы атағы жерді жарған Шыңғыс хан сияқты, елді, жерді қан төгіспен жаулағандар, шынайы басшы елді өзінің көркем мінезімен, ақыл-парасатымен, басқарған Абай Құнанбайұлы сияқты тұлғалар.

Қазіргі кездегі №178 лицей көшбасшысы Қайратбек Хамзаханұлы және оның педагогикалық ұжымы ізденуші, зерттеуші, технолог, өнертапқыш, шығармашылықпен жұмыс істейтін, жаңашыл болуы керек екенін үйретіп жүрген бірден бір жандар. Оқушыны субъект ретінде қарастырып, оның өзін-өзі жал ашып, жеке тұлға бойындағы қасиетті дамытуға, «Мен» менталитетін қалыптастыру, білім мен тәрбиені жеке тұлғаға қарай бағыттау бүгінгі таңдағы Қайратбек Хамзаханұлы басқарып отырған лицейдің мақсаты екенін білемін. Сөйтіп, кеудесіне білім саласының ең беделді төсбелгісін таққан, бүгінгі жас ұрпақты өнегелі тәрбиелеп, ертеңгі ел тұтқасын ұстаушы тұлғаларды өсіріп жатқан, Алматы қаласы педагогтардың көшбасшысы, ғалым ұстаз Қайратбек Хамзаханұлы бүкіл халықтың мақтанышына айналып келеді. Сол себепті балалардың Қайратбек Хамзаханұлы басқаратын лицейде білім алып жатқанын ерекше мақтан етеміз. Өйткені мұнда Ұстаз деген ұлы есімді аялай білетін, білім мен инновацияны қатар алып жүретін, бала көңіліне жол таба білетін педагогтар абыройлы қызмет етіп келеді.

Педагогтік ұжымды ортақ іске жұмылдыра отырып, шеберлікпен басқарып, әр мұғалімнің шығармашылық ізденісте жұмыс істеуіне бар мүмкіндікті жасай білетін Қайратбек Хамзаханұлы №178 лицейдің бүгінде ең таңдаулы білім ордасы болып қалыптасуына зор еңбегі сіңіп келеді.

«Көпті жаман басшы тоздырады, жақсы басшы оздырады» деген халық мақалына сай көптеген оқушылары мен ата-ана, ұстаздары бар №178 лицейін тек басқарып қана қоймай, ел ішінде оздырып, тек алдыңғы қатардан көрсеткен беделді тұлға. Ең алдымен, үлкен жүректі психолог. Өйткені адамдармен сөйлесу, қарым-қатынас жасау арқылы оларды іске, қызмет етуге ынталандыру кезіндегі ізгіліктілігі, көрегендігі, кемел ұстаз екендігі көрінеді. Шынайы көшбасшы – Қайратбек Хамзаханұлының ерекшеліктерінің бірі – алдына мақсат қойып, оған жете алуы. Бұл әрекеттер оның еңбекқорлығының, қайсарлығының, сенімділігінің арқасында. Мұғалім – мектептің жүрегі. Демек, мектеп басшысы білім ордасының эталондық бейнесі болып табылады.

Бүгінде лицейден түлеп ұшқан түлектердің дені еліміздегі таңдаулы оқу орындарымен қатар, берісі Ресейде, арысы Америка, Англия, Кореяда білім алып, еліміздегі министрліктер мен әкімдіктерде, түрлі басқармаларда әр сала бойынша жемісті еңбек етуде. Мектеп оқушыларының пәндік олимпиадалар мен спорттық сайыстарда да жүлделі орындарды бағындырып жүргендігі, жыл сайын ҰБТ-да жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп жүргендігі де бәрімізге аян. Мысалы, лицей оқушылары XI Еуразиялық олимпиаданың жеңімпазы мен жүлдегерлері атанған. Сондай-ақ ҚР Білім және ғылым

министрлігі жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша республикалық олимпиада жүлделі орындарға ие болып жүр. Бұл әрине мектеп ұстаздары мен шәкірттерінің бойындағы қабілетті, іскерлікті, білімі мен біліктілігін дөп басып, өркениетті елдің болашақ ұрпағын даярлауға аянбай тер төгіп отырған іскер басшы Қайратбек Хамзаханұлының ерен еңбегі деп білеміз. Білікті басшы оқушыларының, ұстаздарының білімі мен біліктілігіне ғана емес, олардың жүріс-тұрысы мен киім киісіне де қатаң талап қоятынын жасырмайды.

«Мұғалім өзінің білімділігімен, жүріс-тұрысымен, жайдары мінезімен, тіпті сырт пішіні, киген киімімен де оқушысына жақсы мағынада қатты әсер етеді», – деп Мәлік Ғабдуллин ағамыз жақсы айтқан. Расында да, оқушы мұғалімге қарап бой түзейді, тәрбие алады. Елеулі еңбек қашанда ескерусіз қалмайды. Білім саласындағы жемісті еңбегі үшін білікті басшы, экономика ғылымдарының кандидаты, физика пәнінің мұғалімі Қайратбек Хамзаханұлы Шадиев «Ы. Алтынсарин», «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері», «ҚР білім беру ісінің үздігі», «Үздік педагог», «Ұлағатты ұстаз», «Үздік маман», «Қазақ елінің үздік ұстазы» төсбелгілерімен марапатталған. ҚР Білім саласының үздігі, Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамоталарымен, алғыс хаттарымен бірнеше мәрте марапатталды.

Қайратбек Хамзаханұлы өзінің әріптес мұғалімдеріне де бағыт-бағдар беріп, ұстаздықтың ұлылығын көрсетіп жүреді. Оның басқарған мектеп ұжымының да жетістіктерін зор мақтанышпен айтуға болады. Атап айтсақ, лицейдің биология пәні мұғалімі Айдарова Айдана Берікқызы Алатау ауданы ұйымдастырған «Педагогикалық идеялар фестивалі» байқауына қатысып I орын иегері атанды.

Осы лицейдің физика пәнінің мұғалімі Гүлнар Нәбиқызы Слямғалиеваға ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ұрпақ санасына білім сәулесін құйып, мемлекет болашағы саналатын жастардың білікті маман болып қалыптасуына қосып жатқан елеулі еңбегі үшін Алғыс білдірді.

Лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Қайырбай Қанат Сатыбалдыұлы «Үздік педагог-2019» Республикалық конкурсының жүлдегері атанды.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Исабаева Бальмира Тауыпқызы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай білім беру мен оқушылары арасында өткен «Абай мұрасы – Қазақтың қасиетті қазынасы» атты халықаралық байқауының жеңімпазы атанып, мақаласы материалдар жинағына енді. Сондай-ақ ҚР «Bilim örkenieti» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы атынан Білім мен ғылым саласына қосқан айрықша еңбегі және Абай мұрасына деген құрметі үшін «Абай Құнанбайұлы» төсбелгісімен марапатталып, арнайы куәліктің иегері атанды.

«Ұстаздың лаулаған жалыны – әр жүрекке жылу сеуіп, нұр құятын қуаттың, өмірдің қайнар көзі» демекші, мұғалім тәрбиесі мен өнегесі – оқушының болашақ азығы. Бұл – мектеп мұғалімінің еңбегі елімізде жоғары құрметтелетінін айғағы. Ол еліміз межелеп отырған қандай міндеттерге болса да жас ұрпақты дайындау ісінде ерен еңбек етті. Қайратбек Хамзаханұлы физиканы, робототехниканы оқытуда «Сөз үйретпейді, әрекет үйретеді» деген концептуалдық ұстанымды әрқашан жадында ұстайды.

Физика мен математика – гумандық пән болғандықтан, оны меңгерген адамның ойлау мәдениеті және адамның адамгершілігі де жоғары болады, жаман істерге бармайды. Қайратбек Хамзаханұлының оқытушылық қасиеттері баланың жоғары интеллектуалды тұлға ретінде қалыптасуына септігін тигізеді. Өмірлік ұстанымын үйретіп, үлгілі іске нұсқауды борышы деп санайды. Жас ұрпақтың тәрбиесіне көңіл бөлу керектігіне ерекше назар аударған. Барлық мектеп оқушылары аталмыш тұлғаның өнегесінен нәр алды.

Қайратбек Хамзаханұлы білім берудің қазіргі заманғы философиясын мейлінше меңгеріп, оны өзінің кредосы етіп ұстанады. Оның педагогикалық кәсіби бет-бейнесінің бағасы оның инновациялық шығармашылық табыстарымен, шәкірттерінің сапалы білімімен және жеке педагогикалық үлгілі тұлғасымен анықталады. Ізденімпаз ұстаз АҚШ-тың Экономикалық Білім беру жөніндегі Ұлттық Кеңестің тренері, «Экономика негіздері және қаржы сауаттылығы» бағдарламасы мен «Менеджмент және экономикалық модельдеу», «Титан», «Банктер іс-әрекеттер барысында» Junior Achievement Worldwide халықаралық бағдарламалары бойынша әдіскер-мұғалім.

2013 жылы деңгейлік бағдарламадан өткен соң, ол республика және Алматы қаласы мұғалімдерінің педагогикалық біліктерін инновация тұрғысынан арттыру ісіне үлкен үлес қосып келеді. Мысалы: ҚР ББЖ БҒПҚБАИ ұйымдастыруымен республикадағы

мектеп директорларының біліктіліктілігін арттыру курсы шеңберінде «Медиабілім – педагогикадағы жаңа бағыт» атты тақырыпта мастер-класс өткізді. «Дарын» РҒПО ұйымдастыруымен өткен «Физика пәнін оқытуда инновациялық технологияларды пайдалану», «Заманауи мектептегі роботехниканың рөлі мен орны» республикалық оқу-әдістемелік семинарлардың модераторы болды. «Алматы қаласы педагогтерінің желілік қоғамдастығының кәсіби қолдау» бірінші деңгейлік бағдарлама бойынша оқыған көшбасшы. Мұғалімдердің аймақтық форумда «Желілік қоғамдастық арқылы педагогтің кәсіби дамуын жобалау» атты тақырыпта коучинг өткізді. Сонымен қатар республикалық көлемде онлайн-режимде «Ньютонның II заңын зерделеу», «Оңтүстік аймақ білім беру мекемелері басшыларының әдіскер ұстаздармен өзара тәжірибе алмасуы» тақырыбында өткен республикалық семинарда «Тоғы бар түзу өткізгіштің магнит өрісі» атты тақырыптарда ашық сабақтар өткізді.

Қайратбек Хамзаханұлы өзінің педагогикалық-әдістемелік тәжірибесін ғылыми тұрғыдан жүйелеп, халықаралық және республикалық баспасөз беттерінде жариялап отырады. 2014-2017 жылдар аралығында мұндай мақалалар саны – 26, оның ішінде Scopus базасына кіретін журналдарда 3 мақаласы жарық көрді. Сондай-ақ зерттеуші ұстаздың ғылыми-тәжірибелік басшыларының қатысу көрсеткіші де жоғары: халықаралық деңгейде – 12, республикалық деңгейде – 5. Сонымен қатар ол Абай атындағы ҚазҰПУ-де «Экономикалық теория», «Критериялы бағалау технологиясы», «Экономика негіздерін оқыту әдіснамасы» және «Кәсіби-бағытталған шетел тілі» пәндерінен қазақ және орыс тілдерінде типтік оқу бағдарламаларының авторы.

Қайратбек Хамзаханұлы «Алматының үздік педагогі-2014» байқауының Бас жүлдегері, республикалық «Үздік педагог-2014» байқауының жеңімпазы. 2015 жылы Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының ұйымдастыруымен өткен «Үздік ұстаз» тәуелсіз қоғамдық байқауының I орын жеңімпазы, «Жаратылыстану-математикалық циклдің үздік ұстазы» атанды. Қазақстан ПҒА Президиумының шешімімен Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшелігіне қабылданды. 2016 жылы «Үздік сындарлы сабақ» атты республикалық конкурсының III орын жүлдегері атанды.

Қ.Х. Шадиеттің инновациялық бейнесі оның шәкірттерінің білімдік және зерттеушілік жетістіктерінің жоғары нәтижелігімен де сипатталады. Ол – оқушылардың ғылыми зерттеулеріне жетекшілік етуімен де өзінің шығармашыл ізденімпаз педагог деген имиджін қалыптастырған ұстаз. Соңғы үш жылдың ішінде оқушылардың ғылыми жобалары мен пәндік олимпиадалар сайысында халықаралық деңгейде – 27, республикалық деңгейде – 18 шәкірті жеңімпаз атанды.

Осындай тұлғаның басқарып отырған №178 лицей оқушылардың білімі сапалы, тәрбиесі өнегелі. Тереңдетіле оқытатын курстар, факультативтер, үйірмелер оқушылардың таңдау еркін толық қанағаттандыруға бағытталған.

№178 лицей білім ордасы Алатау ауданында ең көп жеңімпаздар шыққан мектеп ретінде биік жеңістерден көрініп жүр. Бірнеше түлектері «Болашақ» бағдарламасының грантымен шетелдер де абыроймен білім алған. Бұл лицейдің шәкірттері қалалық, республикалық, халықаралық білім, өнер, спорт сайыстарында үнемі жеңімпаздар қатарынан орын алып келеді. Қысқасы, лицейде оқушының дамуы үшін жан-жақты жағдай жасалған. Ата-ана үшін бұл үлкен қуаныш, көзі де, көңілі де тоятын мектебіне ата-ана осылай қарайды. Бұның бәрі өздігінен келмейді. Ол оқушылардың ынта-ұмтылысымен, мұғалімдердің ерен еңбегімен, ата-аналардың қолдауымен келеді. Осы мектепті басқарып келе жатқан Қайратбек Хамзаханұлы Шадиеттің басшылық іскерлігінің, басшылық мәдениетінің, басшылық біліктілігінің жемісін көрсетсе керек. Ата-ана үшін баласы оқып жүрген мектептің үлгілі болуынан, ұстаздарының өнегелі болуынан, директорының көсемдік тұлға болуынан артық арман бар ма екен, сірә!

Ата-аналар жиналыстарында Қайратбек Хамзаханұлы биіктен көрінеді. Оның сөздері әрбір отбасы мен мектеп арасындағы көпір сияқты. Ұрпақ тәрбиесіндегі халық даналығы мен қазіргі әлемдік білім кеңістігін үйлестіре сөйлеуі де жарасып тұрады. Алдымен өз ісіне, ұстаздарына, шәкірттерімен болашақ жастарға сенімді. Әр істе шәкірттеріне нық сеніммен қарайды. Сенімсіз адам – қорқақ. Басшының жетістігі – сол сенімде!

Осы мектептің әрбір мұғалімінің педагогикалық еңбек жолы, оқу-әдістемелік бейнесі мен табыстары, шәкірттерінің қол жеткізген нәтижелерін арнайы жеке-жеке жазып шықса артық болмас. Ұстаз үшін одан артық сый болмас! Осындай басшыға және мәртебесі жоғары педагогикалық ұжымға денсаулық, творчестволық шабыт, еңбекте жеміс тілеймін.

Абай тағлымы

Қ.Ш. МОЛДАСАН, п.ф.к., доцент,

Педагогика және білім беру менеджмент кафедрасы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Әрбір халықтың рухани және адамгершілік негіздері болады. Қазақ халқының тарихында сарқылмайтын іргелі мұраның бірі – көрнекті ағартушы Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасы. Оның туындыларында халық шығармашылығының дәстүрлері мен қоғам проблемалары көрсетілген.

Абай – ұлы гуманист. Адамдардың ақыл-ойы мен сезіміне әсер ету, қоғамды ақындық сөз құдіретімен жаңарту, адамның қадір-қасиетіне терең құрмет – бұл Абайдың ағартушылығына тән. Абайдың ізгілік қағидалары мен адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру туралы ойы бүгінгі күні де өзекті болып отыр. Ол қазақ қоғамының қайшылықты жақтарын, замандастарының берекесіздігін, алауыздығын сынай отырып, халықты оқуға, білім алуға шақырды. Адамның ақыл-ой тәрбиесі, адамзат баласының ең асыл қасиеті білім-ғылымға ұмтылу деп тұжырымдайды. Абайдың бұл идеясы тек өлеңдерінде ғана емес қара сөздерінде де терең философиялық толғаныспен жалғасады. Себебі, өнер-білімнің пайдасын, ғылым мен мәдениетті насихаттаған Абай қарасөздері терең ойға құралған.

Абай жастар тәрбиесі мен отбасы тәрбиесіне ерекше мән берді. Ол бірінші және ең басты тәрбиешілер – ата-ана екенін айтқан. Адамның қалыптасуындағы тәрбие рөліне аса мән бере отырып, Абай адамның адамгершілік қасиеттерге туғаннан ие емес екендігін, ол тек тәрбиелеу процесінде адамгершілік болып табылатынын атап өтті. Баланың тәрбиешісі кім? Әрине, бұл ең алдымен қоршаған ортасымен байланыс табады. Абай оларды 3 топқа бөлген.

Біріншіден, бұл ата-ана, ағалары, апа-сіңлілері, яғни баланың жанұялық, туыстық ортасы.

Екіншіден, бұл мұғалімдер, тәрбиешілер, тәлімгерлер, яғни бала тәрбиесіне кәсіби жауап беретін ересек адамдар.

Үшіншіден, бұл құрдастар, достар, жолдастар. Абай адамды жан мен ақылға бөленген біртұтас тұлға ретінде түсіндірді. Ол үшін адам – әлем орталығы. Ал руханилық – кітап пен халық даналығы, өнер мен рухани тәжірибе арқылы сіңірілетін адамның басты бастауы.

Абай өнер-білімнің пайдасын жалпақ жұртқа паш еткен туындыларында ғылым мен мәдениетті насихаттады. Мысалы, «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңінде өзін басты кейіпкер ретінде қарастырып, ғылымға дейінгі ізденіссіз өткен өміріне өкінішпен қарайтынын баяндайды. Өкініштен бұрын жастарға үлгі ретінде қым-қуыт тіршілікке алданбай, білімді басты міндет ретінде қарастыруды көздейді. Жастық шақта оқудың маңызын ескерте келе қателікті түзетудің басты шешімі ұрпағын сапалы біліммен қамтамасыз ету екенін тілге тиек етеді. Бұл еңбек Абайдың 1885 жылы жазған ғылым тақырыбындағы алғашқы өлеңі болатын. Аталған шығармасынан кейін «Интернатта оқып жүр», «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңдері жарық көрді. Ақын ғылым жайлы туындысында білімнің бірінші кезекте тұратынын өлең жолдарында дәлелдеп, ғылым жолына түскен ізденушілердің адами құндылықтарды басты назарда ұстауын өсиет етеді. Ал, интернаттағы білім жайлы сөз қозғағанда ілім алудың мақсаты материалдық игіліктерге жету жолы ғана емес, рухани ой-өресін кеңейтіп, жалпы ұлтқа пайдалы азамат болу негізгі міндет екенін ескертеді.

Ақын шығармаларындағы дүние, өмір, тіршіліктің мағынасы, қоғам мен заман, болашақ туралы толғаған ойлары адамды аса терең пайымдауларға жетелейді. Сондықтан да рухы мықты ұрпақ тәрбиелеуде Абай тағлымы өзекті болып табылады. Себебі дана Абайдың айтқан әрбір ғибратты сөзі – ұрпақты ізгілікке, имандылыққа, адамдыққа, биік мақсаттарға бастайтын жол.

КЕМЕҢГЕР ТҰЛҒА

К.А. ЕСЕНОВА,

Педагогика және білім беру менеджмент кафедрасының аға оқытушысы,
философия және саясаттану факультеті,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Төлеген Тәжібаев – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, қоғам қайраткері, академик. Биыл туғанына 110 жыл толды.

Мәскеуден Қазақстанға оралып, бар жиған-тергенін жастарға жеткізу жолында ұстаздық жұмысын бастады. Осы жылдары оның халық ағарту саласындағы терең білімі, қажырлы еңбегі, дәріскерлік шеберлігі, сондай-ақ ұйымдастыру, басқару ісіндегі парасаттылығы мен көрегенділігі анық байқалады.

Т.Т. Тәжібаев психология мен педагогика саласында жүзден астам мақала, онға жуық ірі ғылыми еңбектер жазды. Оның еліміздегі психология ғылымы саласындағы тұңғыш академик есімі қазақ ғылымының тарихында қалды. Ол өзінің ғылыми еңбектерінде Қазақстандағы ағарту ісін, педагогикалық ой-пікірдің даму қисынын саралап, терең зерттеді. Ә. Алдамұрат «Ұлағатты ұстаз, кемеңгер тұлға», К. Адырбекұлы «Қос алып», Г. Дүйшенбиева «Ұстаз өнегесі», М. Есқайыров «Ірі ғалым, іскер басшы, ұлағатты ұстаз», т.с.с. көптеген шығармалар педагог-ғалымның рухына арналып, жарық көрген.

Т. Тәжібаев «Жалпы психология» атты тұңғыш оқулықтың және «Психология и педагогическая психология К.Д. Ушинского», «Абай Құнанбаев жастарды тәрбиелеу туралы», «Философские, психологические и педагогические взгляды Абая Кунанбаева», «Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX века», «Педагогическая мысль в Казахстане во второй половине XIX века» секілді іргелі еңбектердің авторы. Төлеген Тәжібаев қазақ тілінде психология ғылымының терминдерін қалыптастыруға елеулі үлес қосты. Оның К. Ушинскийдің, Л. Выготскийдің психологиялық көзқарастары туралы зерттеулерінің зор ғылыми маңызы болды. Одан бөлек, Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірдің, оқу-ағарту ісінің дамуы және мектептер тарихын, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтардың философиялық, психологиялық және педагогикалық көзқарастарын жан-жақты зерттеумен айналысты.

Төлеген Тәжібаев тұңғыш педагогика ғылымдарының докторы атанған. ҚазССР Ғылым академиясының «педагогика және психология» мамандығы бойынша ең алғашқы академигі болды. Сонымен қатар, ғалым ҚазМУ-да ректорлық қызмет атқарған тұсында педагогика және психология ғылымдары бойынша аспирантураның күндізгі бөлімін, кейіннен Ш. Уәлиханов атындағы студенттік ғылыми қоғам мен ҚазМУ спорттық клубының негізін қалады. Оның дипломатиялық қызметіне келер болсақ, 1944 жылы Қазақ КСР Сыртқы істер халық комиссариатының комиссары ретінде бастаған Төлеген Тәжібайұлы аталған қызметті 1953 жылға дейін атқарды.

Педагогтің ауыр жолын таңдаған Төлеген Тәжібаев өзінің өнегелі өмірінде қазақ оқыту өнеріне ерен еңбегін сіңдіре білді. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғанда, елдің әлеуметтік жағдайы біршама төмендеген кезде, университеттің материалдық жағдайы былай тұрсын, тіпті білікті мамандардың жетіспеушілігі де үлкен мәселе болды.

Т. Тәжібаев алдымен кенжелеп қалған гуманитарлық бағыттардың бірі психология мен педагогиканы дамытуды көздеді. Қазақстандағы педагогиканың даму тарихын толықтай зерттей бастады, жүйесі мен қисынын саралады. Соның нәтижесінде, «XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның ағарту ісі мен педагогикалық пікірінің дамуы» атты монографиялық еңбегі дүниеге келді. Халықтың оқу-білімге деген құштарлығын байқаған ұстаз, елінің білімнен нәр алуына барлық мүмкіндікті жасауға тырысты. Мақсатқа жету жолында Ұлттық Университетті дамыту арқылы қазақтың ағартушылық бағытына да үлкен үлес қосты.

Сөзін ісімен ұштастырған педагог, өзінің дәріскерлігімен, тәлімгерлігімен, тамаша ұстаздық қасиеттерімен ерекше есте қалды. Сондай-ақ, Төлеген Тәжібаев Абай шығармашылығындағы психологиялық көзқарастарға талдау жасады. Ол өз пікірінде, Абайдың еңбектерінде тәрбие мәселесіне ерекше көңіл бөлгеніне тоқталады: «Өзінің шығармаларында да, сонымен бірге, практикалық қызметінде де жас буынды тәрбиелеу мәселесіне ерекше ықыласпен көңіл бөлді. Ол адамдардың психологиясын өте тамаша білетін еді».

ҰСТАЗ КЕЛБЕТІ

Ғазиза Ільясқызы ӘБДИЕВА,

Педагогика және білім менеджменті кафедрасының аға оқытушысы,
 әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Кез келген адам ғұмырымды саналы өткізсем, алдыма қойған мақсат-мұратыма жетсем деп армандайды және сол мүддеден шығу үшін еңбектеніп, ізденіп, алға талпыныс жасайды. Талаптанған адам ғана тілегіне жетеді. Сондай өзіне талап-шыл тұлғалардың бірі – қарапайым адам, асыл жар болған, балаларына қамқоршы әке болған, Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ педагогика және білім менеджменті кафедрасының доценті болған Мешітбаев Тұрсын Мешітбайұлы.

Мешітбаев Тұрсын ағайдың бала шағынан бастап танып-білуге, білімге деген құштарлығын зор болған. Орта мектепті үздік бағамен бітіргеннен кейін Қызылорда педагогикалық институтының тарих факультетіне оқуға түскен.

1950 жылы диплом алған педагог Қармақшы кентінде орта мектептің директоры ретінде еңбек қызмет жолын бастады. 1952-1954 жылдары Қызылорда облыстық комсомол комитетінің басшысы болды. Жас отбасы иесі болып, 1955 жылы зайыбы математика мұғалімі З.И. Сүлейменовамен бірге Жалағаш кентіндегі жаңа мектептің директоры қызметіне жолданды. Келесі 20 жылдан астам уақытта, 1954-1975 жылдары, Мешітбаев Т.М. өңірдегі орта мектептің қалыптасуының және дамуының белсенді қатысушысы болды.

Қармақшы аудандық білім беру бөлімінің меңгерушісі, аудандық СОКП партия комитетінің, Қызылорда облыстық білім беру бөлімінің меңгерушісі ретінде жаңа мектептерді, балабақшаларды жаппай қатарға қосуға, мектептерде заманауи оқу, тәрбие, жаңа стандарттарды енгізуге және дамытуға тікелей қатысты. Балалардың еңбек тәрбиесіне ерекше көңіл бөлінді. Мектеп көптеген мәдени іс-шаралардың қатысушысына айналды, мектеп оқушыларының атақты замандастармен, әдебиет, өнер, өндіріс өкілдерімен кездесулері жиі өтті. 1969 жылы Қазақстанның Жоғарғы Кеңес Президиумының жарлығымен Т.М. Мешітбаевқа «Еңбек сіңірген мектеп мұғалімі» құрметті атағы берілді.

1974 жылы Т.М. Мешітбаевқа «Қазақстан Коммунистік партиясының соғыс алдындағы бесжылдықтар уақытында (1928-1941 ж.ж.) педагогтық кадрлар даярлау және тәрбиелеу бойынша қызметі» тақырыбына ғылыми диссертация қорғағаннан кейін тарих ғылымдары кандидаты дәрежесі берілді.

1975 жылы Мешітбаев Т.М. Алматыға, Қазақ КСР Білім министрлігінің ғылым бөліміне ауыстырылды.

1976 жылы Ы. Алтынсарин атындағы педагогика институтының жанындағы эксперименталдық мектептің директоры болды. Өзінің түлектерімен және педагогтарымен аты шыққан мектеп ең жаңа отандық және әлемдік оқу педагогикалық технологияларын енгізуге арналған эксперименталдық алаң болып табылды. Мектептің республикада жеке компьютерлердің пайда болуынан көп бұрын, балаларды компьютерлік сауаттылыққа оқып-үйретуге мүмкіндігі бар болғанын атап айтуға болады.

1981 жылы Тұрсын Мешітбаев С.М. Киров атындағы ҚазМУ педагогика кафедрасының аға оқытушысы ретінде өзінің қызметін бастады. Бір жылдан соң конкурстан өтіп, ол осы кафедраның доценті қызметіне ауыстырылды. 10 жылдан астам уақыты (2000 жылға дейін) даңқты университеттің шаңырағының астында ғылыми-зерттеушілік және педагогикалық қызметке арналды. Мешітбаев Т.М. жинақтаған практикалық және ғылыми педагогикалық тәжірибесімен бөлісу мүмкіндігі үшін өзінің ризашылығын және мақтанышын көп дүркін атап айтатын. Ол тарих және педагогика жөніндегі 30-дан астам ғылыми мақаланың авторы. Мақала зерттеулерінің көбісі республикалық педагогикалық басылымдардың бірі «Қазақстан мектебінде» жарияланды (олардың қатарында: Қараша 1980 ж. «Мәңгілік Мұра. Мектеп және педагогика тарихынан», Тамыз 1982 ж. «Мұғалім қызметінің бір саласы», Наурыз 1988 ж. «Кеңес педагогикасының классигі А.С. Макаренконьың туғанына 100 жыл толуына», Наурыз 1992 ж. «Үзіліссіз білім. Өмір талабы»).

Зор еңбегі мен университеттің оқу-өндірістік қызметіне жеке үлесі үшін ол сан мәрте Құрмет грамоталарымен марапатталды, алғыстарға ие болды, Қазақстанның Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуы

Венера Жумашевна ЖОЛМУХАМБЕТОВА,

№9 орта мектеп, Жаңаөзен қаласы, Маңғыстау облысы

«Әр адам қандай да бір өзгеге ұқсамайтын тарих»

(Александр Лагуновский)

Тәуелсіздігіміздің бейбіт жолымен желбіреп тұрған туын болашақта желбірететін де, әнін әлемге әулететін де бүгінгі ұрпақ. Ендеше жас ұрпақты ертеңгі күні егеменді еліміздің берік тұтқасы болатындай етіп тәрбиелеуіміз қажет. Жас ұрпақ – біздің өміріміздің болашағы. Бүгін мектеп табалдырығын аттаған жас бүлдіршіннің ертең қандай адам болып шығатыны сіз бен біздің қолымызда.

Бүгінгі мақсатымыз – әрбір жеке тұлғаға түбегейлі білім мен мәдениеттің негізін беру және оның дамып қалыптасуына қолайлы жағдай жасау. Адам бойындағы игі қасиет мектеп қабырғасында қаланады. Сондықтан еліміздің ертеңгі ұлт тізгінін ұстар жастарымыздың тәрбиесіне аса мән беруіміз қажет. Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында жан-жақты дамыған, салауатты, саналы азамат тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Оқушыны жеке тұлға ретінде қалыптастыруға сынып ұжымының ықпалы зор.

Қазіргі уақыт талабы – білімді, саналы, мәдениетті, адамгершілігі мол, қоғамда өз орнын таба білетін тұлға қалыптастыру. Жеке тұлға дегеніміз – адамның психикалық рухани мәдениеті, тұлға мәселесі қай уақытта да өзінің сан қырлы жақтарымен заман талабынан түскен емес. Баланың ақылы, ой-сезімі мұғалімнің ерік-жігері, таусылмас мол қажыры мен сабыры, еңбекқорлығы арқасында жетеді. Бала алдымен тәрбиешісің пір тұтады. Оның бейнесі болашақтың бейнесіндей әсер етеді. Мұғалімнің жүріс-тұрысы, ақыл-ой өрісі, іс-әрекеті, тәрбиесі мен шеберлігі оқушы психологиясына қатты әсер етеді. Жеке қасиеттері арқылы әсер етумен қатар мұғалім үшін оқушының қызығушылығы, бейім-қаблеті және басқа да психологиялық ерекшеліктері басты орында болуы тиіс.

Тәрбие – қоғам мен жеке тұлғаның арақатынасын қамтамасыз ететін басты жүйе.

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген. Бала бойында жақсы қасиеттер қалыптастыратын күрделі кезеңде бейкамдық көрсетсек, ертеңгі күні опық жеріміз анық.

«Адамға ең алдымен білім емес, тәрбие беруі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деп әл-Фараби бабамыз тайға таңба басқандай жол көрсетіп, жөн сілтеп айтып кеткен болатын.

Данышпан ақын Абай Құнанбайұлы «Адам мінезін түзетуге болмайды дегеннің тілін кесер едім» деп, бала тәрбиесіне атүсті қарамауға шақырған. Қазақ халқының бала тәрбиесі жөнінде атам заманнан жиып-терген мол тәжірибесі бар. Оны күнделікті тұрмыста бала бойына сіңіріп үйретіп отырған. Жасыратыны жоқ, соңғы жылдары мектептердегі оқушылардың тәртібі мен жүріс-тұрысы, білім жүйесіндегілерді ғана емес, қоғам мүшелерінің барлығын алаңдатып отыр. Қазіргі таңда біздің сөздік қорымызға «тәрбиесі ауытқыған», «қиын бала», «көше баласы», «қиынға бейім», «ерекше назардағы бала» және т.с.с. теңеумен айтып жатамыз.

Отбасы – адам баласының алтын діңгегі, өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын бесігі. Бала қашанда білім алып, мектеп табалдырығын аттағанымен, оның өмірінің көп бөлігі әке-шешесінің қасында өтеді. Осы ретте ұстаз ата-ана мен бала арасында жеке-жеке әңгіме өткізгені абзал. Ұстаз шәкіртіне, ата-ана баласына нәтижелі талап қоя білуі тиіс. Әрине, бұл міндеттерді жүзеге асыруда тұлғаға (индивид) мүмкіндіктер мен қолайлы жағдайлар туғызып отырған жөн. Жағдай туғызу – оқушының мінез-құлқына жақсы қасиеттер қалыптастырып, өзін-өзі тәрбиелеуге көшетін бірден-бір тәсіл. Оған қоса жеке тұлға мен ұжым арасында бейбіт қарым-қатынас орнатып, жас ерекшеліктеріне орай олардың қызығу, әуестену объектісін жете білу – нәтижелі болмақ.

Жалпы білім беру мазмұнын меңгеру үрдісінде әрбір оқушының қабілетін дамытуға, бейіміне назар аударуға, қызығушылықтары мен құштарлықтарын оятуға жағдай жасау барысында педагогикалық кеңістіктегі заманауи сабақтардың құрылымын және технология түрлерімен тааныстыру және де бала тұлғасының қалыптасуы:

1. Оқушының қажеттілігін қалыптастырудағы негізгі әдістері;
2. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
3. Тұлғаның шығармашылығында үш түрлі қарым-қатынас орын алады:
 - 3.1. Тұлғаның өзіне тән қарым-қатынасы

3.2. Тұлғаның басқалармен қарым-қатынасы

3.3. Тұлғаның айналамен қарым-қатынасы

4. Бала тұлғасының қалыптасуы.

Оқушының жеке тұлғалық қасиеттерін оқушылар ұжымы арқылы тәрбиелеу адам дамуының негізгі қаланатын бастауыш сатыдан басталатын процесс.

Жеке тұлғаны дамыту мәселелері М.В. Блонскийдің, Л.С. Выготскийдің, Л.В. Рубенштейннің, Д.Б. Элькониннің еңбектерінде негізгі арқау болып табылады.

Оқушылардың жеке тұлғасы ретінде қалыптасуына ұжымның үлкен ықпалы бар.

Тұлғаның қалыптасуындағы қажеттіліктерді жете түсіну үшін баланың өмір үрдісінде пайда болатын және дамитын жаңа әлеуметтік қажеттіліктерді ескеру қажет. Бұл жаңа қажеттіліктер баланың мотивациялық сферасын толықтырады және қиындатады.

Мұғалім мен оқушылардың қатынасуында көптеген жағдайлар бар. Жеткіншек жасөспіріммен қарым-қатынастың жетілуі олардың көңіл күйінің төмендеуіне байланысты күрделіленеді – ол жеңіл және еркіндіктен бастап, тез жараланатын күйгелектікке дейін өзгеруі мүмкін. Педагог кез келген нақты жағдайда дұрыс бағытталған оқушының көптеген сапаларын жұмсартуға арналған ерекше жалғыз қатынасу жолын таба білуі қажет. Педагог тәрбиеленушілерін өз сезімдерін басқара алуға, шындықты қабылдай алуға, басқа адамдармен қатынасуын бағалай алуға үйреткені жөн.

Оқушы мен мұғалімнің жекеше қарым-қатынасы мектепте және басқа ортада кез келген себеп пен формада іске асады. Қатынарудың тәжірибесіндегі көп кездесетін формалары сабақтан тыс әңгіме, үй жағдайындағы сөйлесу, жеке кеңестер, ұнамды психологиялық жағдай жасау; серуен кезіндегі қысқа әңгімелермен алмасу, мектептегі кештер немесе басқа мекемедегі сұхбаттар.

Жеке тұлғаның дамуына әсер етуші факторлар мыналар:

1. Тұқым қуалаушылық
2. Ортасы (биологиялық, географиялық, әлеуметтік)
3. Мақсатты түрде жүргізілетін тәрбие
4. Тұлғаның іс-әрекеті

Американдық психолог және педагог Э. Торндайктың пікірінше, жеке тұлғаның барлық қасиеттерін тек тектілік, тұқымқуалаушылық ғана анықтайды. Оның ойынша, ақыл-ой қабілеті балаға көздері, тістері және саусақтарының ізі сияқты дүниеге келгеннен-ақ беріледі.

Жеке тұлғаның даму мен қалыптасу мәселесінің көп ғасырлық тарихы бар. Жеке тұлғаның қалыптасуының факторлары туралы идеялар келесі дәуірлердің прогрессивті философиялық және психологиялық-педагогикалық пікірлерінде өз жалғасын тапқан (Э. Роттерданский, А.Я. Коменский, К.А. Гельвеций, Д. Дидро, А. Дистерверг, Л.Д. Ушинский, В.Г. Белинский, Н.Г. Чернышевский, К. Маркс, Ф. Энгельс, З. Фрейд; Д. Дью, Э. Торндайк, Н.К. Крупская, Б.Б. Блонский, А.С. Макаренко, Л.С. Выготский, Э.И. Моноссон, Л.И. Божович, С.Л. Рубинштейн, В.В. Давыдов, т.б.)

Жеке тұлғаның дамуы дегеніміз оның қасиеттері мен сапасындағы сандық өзгерістер процесі.

Жеке тұлға теориясы – бұл адам бойында болатын ойлар мен гипотезалар жиынтығы.

Бұл теорияны негізгі екі функция атқарады: олар мінез-құлықты түсіндіреді және алдын ала болжайды. Жеке тұлға теориясы адамның жеке басындағы мінез-құлықты зерттеп, қалыптасқан жүйесіне түсініктеме береді.

Жеке тұлғаның Эго теориясы (Эрик Эриксон) бойынша, қоғамға және жеке адамдарға, олардың барлық өмірі бойында жеке басының қалыптасуы тепе-теңдік теориясына негізделген.

Эриксон теориясының артықшылығы – биологиялық жетілу жолдарының адам өмірінің барлық кезеңінде толастамайтынын, оның философиялық, психологиялық, тарихи, ғылыми, т.б. әлеуметтік үрдістермен байланыстылығын анықтайды.

Жеке тұлға ретінде дамудағы ең бастысы ерекшелік – оның бойында болып жатқан өзгерістер. Сондықтан, даму дегеніміз – адамның анатомиялық-физиологиялық жетілуіндегі, оның жүйке жүйесі мен психиканың дамуындағы, сондай-ақ танымдық және шығармашылық іс-әрекетіндегі оның дүниетанымы, өнегелілігі, қоғамдық-саяси көзқарастары мен сенімдерінің кеңеюіндегі орын алатын сандық және сапалық өзгерістердің өзара тығыз байланысты процесі деп түсіну дұрыс.

ҰСЫНЫС:

- 1) Мектеп психологтары жеке баламен жұмыстанса;
- 2) Мектептің педагог-психологы оқушымен байланыс орнатса;
- 3) Сынып жетекшісі мен ата-ана баланы өз міндеткерлігіне алу;
- 4) Мектептегі өзін-өзі тану пәндерін кеңінен жандандыру.

Жаңа технологияларды оқыту үдерісіне тиімді енгізу

Жума Тапенович УТЕУЛИЕВ,

тарих және құқықтану пәнінің жоғары санатты мұғалімі,

№13 Д. Байбосынов атындағы ұлттық мектеп-гимназиясы, Атырау облысы, Атырау қаласы

Тарих сахнасына бір сәт көз жүгіртер болсақ, әрбір мемлекеттің іргесін берік қалайтын, ұрпақтан ұрпаққа ұлттық құндылықтарды мұраға қалдыратын, дамытатын, танытатын – білімді ұрпақ екенін ұғынамыз. Сондықтан да кеңестік дәуірде тарихты жою мақсатында қарапайым қара қазақтың көзін ашуға, білім алуға шақырған Алаштың зиялы ұлдарын қудалап, жаппай репрессияға ұшыратқан. Қазіргі кезде қыспаққа алатын ешкім жоқ. Ізденген, талаптанған адамға барлық мүмкіндік жасалған.

XXI ғасыр – білімдінің ғасыры. Табиғи ресурстарға кедей, бірақ білімді, ғылымды жетік меңгерген адамдарға бай мемлекеттер саны артып келеді. Солардың бірі Жапония екінші дүниежүзілік соғыстан кейін экономикасы құлдыраған тұста мемлекеттік қаражаттың басым көпшілігін білім саласын реформалауға жұмсаған. Нәтижесінде, дамыған, алдыңғы қатарлы мемлекетке айналып шыға келді.

Қазіргі таңда оқу үрдісінің талаптары да мұғалімнің құзырлылық деңгейіне қойылатын жаңа талаптарды қояды. Технологиялар және нарық құрылымы бүгінгі таңда бұрынғыдан да тез өзгеруде. Бұл өз кезегінде білім саласындағы саясаткерлер мектеп мұғалімдері алдына үлкен талаптар қойып отыр. Соның бірі – мектеп мұғалімдерін қайта даярлықтан өткізуге бағытталған Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының жетілдірілген деңгейлі бағдарламасы.

Білімімізді жетілдіруде тәжірибелі тренердің еңбегі орасан зор болды. Жаңа технологияларды оқыту үдерісіне тиімді енгізу арқылы білім беру саласында оқушылар үшін білім де, дағдылар да тең дәрежеде маңызды екендігіне көз жеткіздім.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы дайындаған құзыреттерді анықтау және іріктеу жобасы дағдылардың барынша кең ауқымын қамтитын XXI ғасыр дағдыларының моделі болып табылады. Аталған жоба оқушылардың терең тұжырымдамалық түсінікпен астарқан негізгі сауаттылықты меңгергендігін көрсететін, кең ауқымды шешімдер мен іс-әрекеттерді таңдау қабілеттілігі сияқты түйінді құзыреттер жүйесін сипаттайды. Мұғалімдер өз жұмысына жеткілікті уақыт бөле білулері керек, оқушының білім мен дағдыларын дамытуда ғана емес, сонымен қатар жалпы алғанда оның оқуын барынша дараландыру және баланың бойында метасананы – қалай оқу керектігін үйренуді қалыптастыруға мән бере отырып, оны тұлға ретінде дамытуда икемділік танытулары тиіс. Бұл жүйе жастардың құзыреттерін бағалаудағы ЭЫДҰ ұзақ мерзімді стратегиясын белгілеуге көмектесіп, оқушылардың білім жетістіктерін бағалау жөніндегі бағдарламаны /PISA/ жетілдіруге ықпалын мейлінше тигізді. /МАН, 4-бет/

Күнде өзгеріске ұшырап жатқан біздің құбылмалы жағдайымызға осындай үлкен білім формасы қажет. Бүгінгі күні білім алу барысында оқушыны, білім беру барысында мұғалімді өзгерту үшін білім берудегі сындарлы оқыту тәсілінің теориялық негіздері тиімді деп табылды. Бағдарламаның басым бөлігі, түрлі тәсілдер қарастырылғанына қарамастан, сындарлы оқыту теориясы негіздерін қамтыған. Сындарлы оқыту теориясының жеті модулін басшылыққа ала отырып, блум таксономиясының алты сатысы бойынша мақсат қоюдың тиімді жақтары. Бұл бойынша оқушылар сабақтың тақырыбын біліп, түсініп, алған білімін өмірде қолданып, талдап, жинақтап, бағалай алатын дәрежеге жетеді.

Оқытудың сындарлы теориясына негізделген жетілдірілген деңгей бағдарламасы мұғалімнің алдына, ең алдымен, оқушының жан дүниесін жақсы түсіне білу жөнінде нақты міндеттер қойып отыр. Сапалы оқытудың маңызды факторы мұғалімнің оқушының тақырып мәнін өз бетімен меңгеруін түсінуі мен бағалай алуы болып табылады. Себебі оқытудағы сындарлы тәсіл бұл үдеріске оқушының өзінің де қатысуын талап етеді. /МАН, 11-бет/

Бастапқы кезде дым түсінбеген сияқтымын, үйге келіп дем алып болған соң ойша өткен күнімді саралай бастадым, бірде түсінбеген кезімде нұсқаулықты қарап кері есіме түскендей болады. Кейін тренеріміздің нұсқауын ой елегінен өткізе бастадым.

Неге бірсарынды оқу миымызды жаулап алған?

Осындай сұрақтарды өзім де тудыра алмасқа деген сұрақтарды қойдым өзіме. Яғни, сыни тұрғыдан ойлау және оқушыны ойландыра алатын жағдаят тудыру керек. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады, ал басқа нәрсемен оздым демектің бәрі бекершілік» деп Абай атамыз айтқандай, жас желектерде осындай қасиеттерді қалыптастыруға аз да болса ықпал жасай алсақ, онда ол біздің ерен еңбегіміз. Ал бұл еңбек оқушыға кез келген білім саласын меңгертудің жеңіл де тиімді жолдарын тауып, шығармашылық

жұмыс істей білуге үйретуден көрінеді. Оқыту әдістерін таңдау, әдетте, сабаққа оқу материалының мазмұнын таңдаған кезде жүреді. Ғылыми зерттеулер нәтижелері дәстүрлі оқытуға қарғанда орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал оқыту әдістемелері арасында сындарлы теориялық оқытуға негізделген тәсіл, кең тараған және осындай оқытудың бір түрі – диалогтің маңызды рөл атқаратындығын көрсетті.

Әр мұғалім өз сабағының көшбасшысы. Көшті қалай бастап алып жүрем десе де өз еркі. Ал көшті дұрыс бағыттау білу ол шеберлігіне байланысты. Мен де оқыту тәжірибемде жетістіктерге жету жолдарын қарастырудамын. Оқушылар өз пікірлерін, көзқарастарын еркін, ерікті түрде білдірсе екен деп ойлаймын. Тек білдіру аздық болады, сонымен бірге өз пікірлерін, ойларын дәлелдей алатын және оны іс жүзінде де жүзеге асыра алатын тұлға болып қалыптаса алса, онда мұғалімнің биік мақсатқа қол жеткізгені болмақ. Мұғалімге арналған нұсқаулықтан білім берудегі сындарлы оқыту әдісінің теориялық негізін оқып, таныса отырып, оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдері – жеті модульді тәжірибе жүзінде қолдану арқылы оның артықшылықтарына көз жеткіздім. Тәуелсіздік алғаннан бергі жылдардың жүзінде балалар мен жастардың өзін-өзі қоғамның субъектісі ретінде қалыптастыру белсенділігінің жоқтығы айқын сезілді, қоғамдық ұстаным мен жауапкершілік қалыптаспады. Осының бәрі жастардың бәсекелі, нарықтық қоғамда өз орынын өзі табуына, өзін-өзі тәрбиелеп дамытуына негіз жасамады, яғни білім беру жүйесі қоғамдық талаптардың мүддесін немесе сұранысын орындай алмады. Елдің, әр азаматтың бәсекеге қабілеттілігі осы ел азаматтарының білімі мен біліктілігіне, өз бетімен білім алуына, өз бетімен білімін үздіксіз жоғарылата білуіне тікелей байланысты. Соған орай қазір білім беру парадигмасы түбірімен өзгеріп, жаңа ғасырдағы білім беру жүйесіндегі проблемасы «жан-жақтылы қолайлы жағдай тудыру арқылы бала тұлғасының даму және қалыптасу процесін басқару» деп айқындалды. Демек, бала бұрын тәрбиенің нысаны болса ендігі жерде тәрбие процесінің белсенді мүшесіне, яғни субъектісіне айналды.

Ал, бүгінгі заманауи оқытудың Кембридж бағдарламасы құзырлы мұғалімнің алдына оқушыны терең білім алу мен сапалы ойлауды дамытуға жетелеу болып есептеледі. Бірлескен топ жұмысында оқушылар бір-бірімен тәжірибе алмасып, алынған ақпаратты топ болып түсініп, талдап, синтездейді, салыстырмалы болжамдар жасай отырып ортақ шешімге келеді. Оқыту мен оқудың жаңаша әдіс-тәсілдерін шебер меңгерген мұғалім шәкіртін білім алуға қызықтыра алады және жеке іздеуге дағдыландырады. Нәтижесінде оқушы еркін, өзіндік дәлелдемелерін анық жеткізе білетін сенімді, сыни ой-пікірі мен көзқарастары дамыған болып қалыптасады. Топтық жұмыс арқылы ой қозғай отырып, өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін топ ішінде талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өз зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау – өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау екені мәлім.

Заманауи оқытудың Кембридж бағдарламасының басқа оқыту жүйесінен ерекшелігі – құзырлы оқытудың маңызды факторы оқушының тақырыптың мәнін өз бетімен меңгеруін түсінуі мен бағалай алуы болып табылады. Мұндай тәсіл бұл үдеріске оқушының өзінің де қатысуын талап етеді. Оқушы мұндай жауапкершілікті көбіне сабақ беру барысында мұғалім қалыптастыратын ортада сезініп, қабылдайды. Сапалы оқыту білім алуға мүмкіндік беретін нақты жағдайларды жасаумен қатар, сол жағдайлардың өзімен тығыз байланыста болады. Сындарлы оқытуға негізделген сабақтар оқушыларға өз білімдері мен ұстанымдары жайында ойла-нып, сұрақтар қойып, білімін толықтырып, белгілі бір тақырыпты оқып-білу кезеңінде өз түсінігін өзгертуге мүмкіндік береді. Оқытудың бұл түрінде оқушылар өте маңызды рөл атқарады – олар құрбы-құрдастарымен әлеуметтік байланыс жасау арқылы белсенді түрде білім жинақтайды. Мұғалім оқушылардың оқуына мүмкіндік тудырып, оқу материалы және өзге де қажетті құралдармен қамтамасыз етеді, ал оқушылар өз кезегінде пән бойынша өз түсініктерін арттыру іс-әрекеттеріне ынтылы болады.

Менің түйгенім осындай заманауи тиімді білім берудің әдіс-тәсілін өзімнің сабақ беру үрдісіме тәжірибе кезеңінде енгізіп, осы бағдарламаға сүйеніп, орта мерзімді жоспарымды құрып нақтылауды жөн көрдім. Менің жағдайыма орта мерзімді жоспарымды 10-сынып бойынша Қазақстанның Ресейге қосылу кезеңіндегі еліміздегі қалыптасқан геосаяси жағдайына қатысты 1731 жылғы жарлық және Тевкелев елшілігін, Қазақстанның Ресейге қосылуының басталуы, оның жалғасы Ресейдің 18-19 ғасырлардағы отарлау бағытындағы әкімшілік реформалары және де оған материалды пысықтау, «Ресейдің Қазақстандағы жүргізген көшіп-қондыру саясатының негізгі кезеңдері» тақырыптарын жоспарлап отырмын. Бұл тарихи кезеңді мына тақырыппен бастауды жөн көріп отырмын, яғни «1731 жылғы жарлық және Тевкелев елшілігі» тақырыбын

меңгеру үшін оқып үйренудің негізгі мақсаттарына – Қазақстанның Ресейдің құрамына амалсыздан кіру себебі туралы, Тевкелев елшілігінің Қазақ жерін түгел өз қол астына алу мақсаты екенін түсіну.

Бұл тақырыпты оқушыларға меңгерту үшін Диалогтік әдіс, топтық жұмыс, АКТ-ны қолдануды қолданамын. Сол сабағымнан күтетін нәтиже: Әбілхайыр ханның халықпен санаспай, өз еркімен Қондағұл ұлы мен Қойшығұл ұлын Ресей патшасына жіберуін, ондағы мақсаты елді Жоңғарлардан аман алып қалу екенін біледі.

Оқуды бағалау және оқу үшін бағалау үшін мен топтарды кесте арқылы бір-біріне бағалатамын. Мұғалім тарапынан мадақтау болады. Барлық оқушыларды сабаққа тарту жұмысы кезеңінде мынаны ескеремін: Ресей империясының отары болу мен «құл» болу дегенді қалай түсінетінін, «Құдайдың құлы» ұғымымен байланыстыру дегенде барлық оқушыны елең еткіземін. Бәрі өз ойын бүктеме қағазға жазып береді. Сабағыма мына негізгі дерек көздерді: карта, флип-чат, стикер қолдануды жоспарлап отырмын. Осылайша мен орта мерзімді жоспарымның бірінші сабағын өткізіп шығамын.

Ал, коучинг бойынша әріптестеріме «Қалай оқу керек» тақырыбын таңдадым, себебі бұл тақырып мен қызмет ететін мектеп үшін өзекті проблеманың бірі деп ойлаймын.

Коучингті өткізудегі мақсатым: мұғалімдерге оқушының қалай оқу керектігін үйрету. Осы модульді сабақтарда пайдалана білуге дағдыландыру.

Күтілетін нәтиже: мұғалім оқушыны қалай оқу керектігін үйренеді.

Осы модульді сабақтарда қолдану дағдылары қалыптасады. Коучинг мынадай кезеңдерден тұрады деп жоспарладым: 1. Үндеу. 2. Пайымдау. 3. Рефлексия. Үндеу кезеңіне оқу пирамидасына түсінік беремін, цифрлардың жоғарылау себептеріне түсінік беріледі. Осы оқу пирамидасы бойынша ой қорытынды жасалады. Одан соң қатысушыларға «осы пирамиданы өз тәжірибеңізде қалай пайдаланар едіңіз» сұрағы қойылады.

Видеоны көріп, алдын ала тапсырмалар беріледі:

1. Осы видео арқылы Сіз нені түсіндіңіз? /1-топқа/
2. Қандай ой түйіндедіңіз? /2-топқа/
3. ПОПС әдісін пайдаланып түсінгеніңізді жазыңыз. /3-топқа/
4. Оқылым – өздігінен реттелетін оқудың үш элементін өз сөзіңізбен түсіндіріңіз? /4-топқа/

Осыны ойландыруға бағытталған сұрағымды қойып, жауабымды экранда әлемнің жеті кереметі туралы видеоны көрсетемін де, экранда тағы да келесі баланың әрекеттері көрсетілген суреттер топтамасы берілген бейнелерді назарларына ұсынамын. Сол уақытта қатысушы мұғалімдер суреттерге қарап тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым процестері жүріп жатқанын өздері тауып айтады.

Ал, рефлексия кезеңінде қатысушыларға мынадай сұрақтар қоямын:

1. Қалай оқу керектігін үйретуде не маңызды?
2. Оқушылар қандай дағдыларды меңгеруі тиіс?
3. Тағы да балама ұсыныс аласыз ба?

Қорытынды кезеңінде бұл коучингтен не түйгендерін білу үшін мынадай сұрақтар қойылады:

- Кім?
- Не үшін?
- Неге бағытталады?

Осымен жоспарланған коучингті аяқтаймын...

Ендігі менің қызмет ететін мектебimde жетілдірілген деңгейлі «көшбасшы мұғалім» курсымның келесі жұмыс бағыты – әріптестерімнің ішінен тәлімгерлік жұмысыма жас маман Сембаева Ақмаралды алып отырмын, алуыма себеп – ол мұғалім биыл бітірген және өте белсенді, болашағынан зор үміт күттіретін, жұмысына батыл кірісетін жас маман ретінде алып отырмын.

Ақмарал жас тарихшы-дінтанушы мамандығы бойынша сабақ береді. Бұл мұғалімді алдымен өзімнің орта мерзімді жоспарымдағы тізбектелген сабағыма шақырып, ұсыныс беріп көрсетемін. Ал енді менің тарих-география пән бірлестігінде ақсап тұрған дарынды балалармен жұмысыма сабақ өткізгелі отырған 10-сыныптың қысқа мерзімді жоспарыма дарынды және талантты оқушылармен жұмыс жүргізу, диалогтік оқыту әдісін қолдану, Ротация әдісі мен ПОПС әдісін қолдану арқылы бірлестік жұмысына өзгеріс енгізу жүзеге асады. Әрине бұл алдындағы жоспарым ұзақ мерзімге бағытталып барып нәтиже қол жеткізуге болатындығы белгілі... себебі басқа мұғалімге тәлімгерлік ету МАН-да көрсетілгендей ұзақ мерзімге бағытталаыны анық жазылған.

Осы жоспарымды жазу кезінде менің түсінгенім – тәлімгерлікті жүзеге асыратын мұғалім өзінің қалыптасқан іс-тәжірибесі бар, білікті, жоғары жетістіктерге жету жолдарын үйрете алатын маман. Тәлімгерліктің коучтан айырмашылығы – коучтің біршама тәжірибесінің болуы міндетті еместігінде, қарым-қатынас ұзақтығы алдын ала белгіленеді, коучингте кездесулер қысқа

мерзімді және дамудың нақты бағыттарына бағыттталып, кәсіби немесе өндірістік проблема-ларды шешуге бағытталатындығы, яғни проблема пайда болғанда коучинг ұйымдастырылып өткізіледі. Коучинг барысында әр тарап өз пікірінде қалып, қатысушылардың барлығы белгілі бір деңгейде ортақ шешімге келген соң коучтің функциясы сол жерде аяқталады. Сол себеп-тен қысқа мерзімді кезеңге жоспарланады, себебі проблема анықталып шешілген соң нәтижеге жеткен болып есептеледі. Ал тәлімгерлік ерекшелігі де сол тәлім алушыны ұзақ мерзімге бағытталған жоспар негізінде жетелеп, ол мұғалім әбден өзінің бағытын айқындап, өз тәжірибесін шындап, шығармашылығын ұштап кеткенше тек бағыттап беруші есебінде, кеңесші тәжірибесі мол мұғалім ретінде ментор болады. Ал кейін тәлімгердің тәжірибесі молайып отырған, өзінің ЖАДАСЫ қосылып, өз даңғыл жолымен өзін-өзі дамытып алып кеткенде, оған біраз уақыт кетеді, сол се-бептен ұзақ мерзімді жоспар құрылады. Меніңше, тәлімгерлік тәлім алушының өз мүмкіндіктерін тиімді пайдалануына көмектесу деген ұстанымға көбірек негізделеді.

Өз ойымды бұл жетілдірілген деңгейлі курсқа келген соң әлі де түсінбей жатқан жерлерім жоқ емес, дей тұрғанмен озық идеясы қалыптасқан заманауи жеті модульді кіріктіре оқытатын сындарлы оқыту теориясының өте тиімді және біздің даму жағдайымызда 70 жыл үстемдік еткен тоталитарлық саясаттан босаған біз секілді өзі-өзіне әлі де сенімсіздік молайтып отырған, бірнеше білім реформасын бастан өткізіп отырған Қазақ еліне дер кезінде жүзеге асып жатыр деп ойлай-мын. Оған себебім жоқ емес, өткен ғасырдың қойнауына кеткен 30-жылдардағы елдің ішінде аса жоғары деңгейдегі қабілетті Алаш зиялыларын көзден жойғанмен, жоғымызды түгендеп, өткенімізді жаңғыртып, ой-санамызды тәуелсіздендіріп жатқан кезеңде бұл біз оқып бастаған теорияның болашағы зор деп ойлаймын. Оған дәлелім – бүгінгі демократияның үстемдік құрып, плюрализмнің қанат жайған тұсында еліміз жаһандану айдынына енген сайын мемлекетіміздің Мәңгілік ел идеясы аясында өмір сүруі үшін қазір мектеп партасындағы білім алып жатқан оқушылардың Выготский дәлелдеген ЖАДА-лары қосылып, әр бала бойынан аса ептілік, со-нымен қатар хабары мол адаммен интербелсенді вербалды алмасу нәтижесінде біртіндеп сыртқы, әлеуметтік-жанама диалог орнатуы, күнделікті міндеттерді шешуге қатысуы әлеуметтік тәжірибе ретінде бала бойына сіңіп, оның өз бетінше ойлануына қатысты ішкі жеке қоры ретінде қалыптасады. /МАН-да 36-бет/. Ал келесі Александер диалогтік оқыту оқушыларды ынталан-дыру және дамыту үшін әңгіме күшін қолдануға мүмкіндік береді деп санайды. Диалогтік оқыту Бахтин, Мерсер және де Велс пен Вуд жұмыстарында жан-жақты қамтылған. /МАН-да 37-бет/

Енді сындарлы оқыту теориясын өзім ұғынып, тәжірибеме ендіріп алған соң өркениетті елдердің арасында өзіміздің ұлттық нақыштағы ғалымдарымыздың, ағартушыларымыздың т.б. озық ойлы, көзі ашық, көкірегі ояу асылдарымыздың педагогикалық теорияларымен ұштастырса деймін. Себебі бұл бағдарламада да ұлттық тәрбиені, салт-дәстүрді, ғұрпымызды, өте маңызды қазақтығымызға нәр беретін ұлттық нақыш, яғни колоритімізді заман талабына сай дамытып қолдап отыруы қажет. Сөйтіп біздің елде Жапонияның тәжірибесі сияқты басқару жүйемізде шығыстық дәстүрді алып, ғылым мен технологияда батыстық ұстанымды білім беруде үйлестіріп шебер қолдансақ – біздер тәрбиелеп, оқытып жатқан оқушылар кез келген елдің баласымен ақыл-ой жағынан дамыған, өзіндік ой-пікірін керек жерінде орынды айта алатын, өзін-өзі реттей алатын бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны өмір сүре білуге дайындай аламыз деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Боранбаев Ж., Омарова Л. Қазақ мектептерінде Кембридж тәсіліне негізделген жаңаша оқытудың бүгінгі баспалдақтары. – Алматы: «Білім» баспасы. 2012
2. «Жетілдірілген курс II деңгей» МАН оқулығы. 78-79 беттер.
3. Камалова С.Т., Абдрахманова Қ.С. «Сындарлы оқыту: метантанымдық дағды мен өзін-өзі реттеуді дамыту» Әдістемелік нұсқаулық. – Астана, 2018 ж., Пед-лық Шеб-лік Орт-ғы. 16-22 беттер.
4. Пазылова Г.Ш., Мусина А.Д. «Заманауи сабақты жоспарлау бойынша әдістемелік ұсынымдар» Әдістемелік нұсқаулық. – Астана, 2018 ж, Пед-лық Шеб-лік Орт-ғы. 10-11, 23-26 беттер.
5. «Мектептегі тәжірибе кезеңінде орындауға арналған тапсырмалар» Әдістемелік нұсқаулық бюржорасы. Пед-лық Шеб-лік Орт-ғы. 2016 жылы.
6. Әлімов А.Қ. «Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер» Оқу құралы. Пед-лық Шеб-лік Орт-ғы. 2014 жылы. 19-21, 61-64, 92-95, 112-117 беттер.
7. Ахметбеков С.К. «Мектепті басқарудағы жаңаша көзқарас» әдістемелік нұсқаулық. – Астана, 2015 ж., Пед-лық Шеб-лік Орт-ғы. 11-14, 34-37 беттер.
8. «Мектептегі мұғалім көшбасшылығы. ҚР-сы педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру бағдарламасы» Әдістемелік нұсқаулық. – Астана, 2016 ж., Пед-лық Шеб-лік Орт-ғы.

Тарих сабақтарында тиімді әдіс-тәсілдер мен педагогикалық технологияларды қолдану арқылы студенттердің қызығушылығын арттыру

Ф.Ж. АУЕЗОВА,

ЖШС «Каспий өңірі «Болашақ» колледжі»

Жалпы педагог біздер келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз, ол бәрімізге белгілі. Елбасы Н.Ә. Назарбаев еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы, бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрініс табатындығын және де дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңа типті оқыту, яғни әр баланың табиғи қабілетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, оны жан-жақты дамыту керек деп айтқан болатын.

Осы орайда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Қазіргі ақпараттық қоғамда өндірістің дамуының негізгі құралы болып ақпараттық ресурстардың қажеттілігі болып көрінеді. Сондықтан білім беру саласы да өзінің дамуы үшін жаңа қадамдарға баруда.

Қазіргі заман педагогтерінің негізгі мақсаты – білім алушылардың білімін сапалы ету, оның толыққанды жеке тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік жасау. Осыған орай, соңғы кезде оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, білім ордаларында енгізіліп қолдануда. Технология дегеніміз – кез келген іс-әрекетте қолданылатын әр түрлі әдістер мен құралдардың жиынтығы. Педагогикалық технология оқу үдерісін жүзеге асыратын мазмұнды құрал. (В.П. Беспалько)

Педагогикалық жаңа технология – іс-әрекетке, оқыту барысында жүзеге асатын педагогикалық жүйе. Ол дара тұлғаны жетілдіруге, белгілі бір мақсатқа жету жолында арнайы ықпалды ұйғаруға қажетті байланысқан әдіс-тәсілдер.

Қазіргі білім беру саласында оқытудың жаңа технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Соныменен бірге білім беру ошақтарында оқу-тәрбие үрдісінде 50-ден астам педагогикалық технологиялардың қолданылып жүргені бәрімізге мәлім. Бұл технологиялардың бәрін бір сабақта қамту мүмкін емес.

1. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы
2. Интерактивті оқыту технологиясы
3. Ойын арқылы оқыту технологиясы
4. Модульдік оқыту технологиясы
5. Дамыта оқыту технологиясы
6. Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы
7. Интербелсенді оқыту технологиясы және т.б.

Ағылшын тілінен келген «интерактив» сөзі де осы ұғымды білдіреді: «inter» дегеніміз «өзара» мағынасында, ал «act» - «әрекет жасау» дегенді білдіреді. Бір сөзбен айтқанда, «интербелсенді» дегеніміз біреумен тығыз қарым-қатынаста болу, онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру. Сонымен, «интербелсенді» дегеніміз диалог арқылы үйрену /үйрету/.

Интербелсенді оқу /оқыту көптеген жұмыс түрлері мен әрекеттері арқылы жүзеге асырылады, мәселен: бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, бүкіл аудиторияның), жеке және бірлескен ізденіс пен зерттеу жұмыстары, рөлдік ойындар, ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, мұрағат, басқа адамдар: студенттер, мұғалімдер, мамандар, т.б.) шығармашылық жұмыстар, т.б.

Осындай интербелсенді әдістер мыналар: «Джигсо», «Тыңдап отырған үштік», «Өкіл», «Алтын балыққа арналған аквариум», «Ақылдың алты қақпағы», «ТВ шоу»

Интербелсенді оқытудың негізгі мақсаттары:

- Студенттер арасында еркін, ашық шығармашылық қарым-қатынас орнату;
- Студентке білімді өз бетімен ізденуге бағыт-бағдар сілтеу;
- Студентке қажетті білік-дағдыларды қалыптастыру.

Интербелсенді оқыту – бұл, ең алдымен, білім алушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұқбаттасып оқыту болып табылады. Бұл үдерісті ұйымдастыруда мұғалімнің рөлі белсенді болмайды, бірақ та біздің кадр артындағы рөліміз ерекше зор.

Себебі әр сабаққа дайындалғанда өте мұқият, тәжірибелі тұрғыдан пайдалы тапсырмалар құрастырып, аудиторияда қалыптасатын ынтымақтастықты да ойлап, шығармашыл дайындалуымыз қажет.

Оқудың интербелсенді әдістерінің артықшылығы

1. Білімалушылардың қызығушылығын тудырады
2. Әрқайсысының оқу үрдісіне белсенділігін кеңейтеді
3. Әрбір білім алушының сезіміне назар аударады
4. Оқу материалдарын тиімді меңгеруге бейімдейді
5. Білімалушыларға көпжоспарлы әрекет етуге әсер етеді
6. Білімалушылардың пікірлері мен қарым-қатынастарын қалыптастырады
7. Өмірлік машықтарды қалыптастырады
8. Мінез-құлықтың өзгеруіне көмектеседі

Интербелсенді оқудың әдістері

1. Жұптасып жұмыс істеу
2. Пікірталастар
3. Оқытудың компьютерлік технологиялары
4. Сұрақтар қоюда ынталандыру (СТО-ға үйрету)
5. Рөлдік /іскерлік/ ойын
6. Топтық жұмыс
7. Шағын топтармен жұмыс
8. Ойындар (оқу, рөлдік, іскерлік, өндірістік, имитациялық және т.б.)
9. Броундық қозғалыс

Өз жұмыс тәжірибемде де соңғы 3-4 жылдықта тарих сабағында интербелсенді оқыту әдісін кеңінен қолданып келемін. Күнделікті сабақтарымда осы әдіс арқылы оқыту технологияларының бірнеше әдістерін (элементтерін) пайдалана отырып, сабағымды жүйелі түрде, қызықты өткізіп келемін. Бұл әдіс арқылы біз жоспарлы түрде жылына бір рет колледж оқытушылармен тәжірибе алмасу мақсатында сабақ өтіп келеміз.

Интербелсенді оқыту технологиясының әдістерін пайдалану кезінде:

- тиянақты білім қалыптасады
- қиялдау мен шығармашылық ұшқырлығы артады
- тез тіл табысады
- белсенді өмірлік көзқарасы қалыптасады
- командалық рух пайда болады
- жеке; дербестік құндылық ескеріледі
- өз пікірін білдіру, еркіндік беріледі басқа да балама пікірлерді ескеру
- іс-әрекетке ерекше назар аударуға бағытталады
- өзара сыйластық дағдылары дамиды білім алушылар арасында

Оқу-тәрбие үрдісінде интербелсенді әдістерді қолдану арқылы мынадай жетістіктерге жеттім деуге болады:

1. Білім алушылардың білім сапа көрсеткіштері артты.
2. Есте сақтау қабілеті, ортамен қарым-қатынастары дамыды.

Интербелсенді әдіс арқылы өткізілетін сабақтың дәстүрлі сабақтан айырмашылығы:

Дәстүрлі сабақ

1. Оқытушы уақыттың көп бөлігінде сөйлейді, белсенді.
2. Білім алушы тыныш отырып, мұғалімді тыңдайды.
3. Оқытудың басым түрі – түсіндіру
4. Сабақтың негізгі бөлігі – жеке-жеке бағалау
5. Сабақ кезеңдері ұзақ мерзімде өтеді

Интербелсенді әдіс

1. Білім алушылар көп уақыт бойы белсенді, тапсырманы талқылайды
2. Оқытушы-бағыттаушы. Пікірталас кезінде көмектеседі, сұрақтар қояды
3. Білім алушы өзі сұраққа жауап іздейді
4. Бағалаудың жаңа түрлерінен пайдаланылады
5. Жұппен және топпен жұмыс

Негізгі ұстанатын мақсатым – ертеңгі Тәуелсіз Қазақстанның азаматтық, адамгершілігі мол, сапалы, инновациялық жаңаша ойлайтын, мамандығына тәжірибелі бағытталған қабілетті тұлғаны дайындау. Сондықтан да мұнымен шектеліп қалмай алдағы уақытта да өз білімімді жетілдіріп, жаңа технологияның тағы да белсенді, тиімді жолдарын білуге, сонымен жұмыстануға әрекеттенемін.

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ТАРИХИ ОРЫНДАРЫ

Б.С. ҚАЛДАРОВА, С.Е. АЛДЕШОВ, Р.Э. АЙТКУЛОВА,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент университеті

Резюме

В самом деле, если задуматься об истории немецкого, итальянского или индийского народов, то вполне справедливо возникает вопрос о соотношении территории и великих достижений этих народов в ходе тысячелетней истории. Конечно, Древний Рим и современная Италия – это не одно и то же, но итальянцы заслуженно гордятся своими корнями. Древние готы и современные немцы также не являются одним и тем же народом, но все они – часть огромного исторического наследия Германии. Древняя Индия с ее богатой полиэтнической культурой и современный индийский народ закономерно рассматриваются как одна уникальная цивилизация, продолжающая свое развитие в непрерывном потоке истории.

Abstract

Information technologies began appearance and became possibility to use their strong resources in aim of teaching. in work contemplate realization of principle of use visual methods in teaching of resource of information technologies on the basis school in the Republic of Kazakhstan. Information technologies began appearance and became possibility to use their strong resources in aim of teaching.

«Егемен Қазақстан» газетінде Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы жарияланды.

Кеңістік – барлық нәрсенің, ал уақыт – бүкіл оқиғаның өлшемі. Уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады. Бұл – жай ғана әдемі афоризм емес. Шын мәнінде, немістердің, италиялықтардың немесе үнді халықтарының жылнамасына көз жүгіртсек, олардың мыңдаған жылды қамтитын төл тарихындағы ұлы жетістіктерінің дені осы елдер қазір мекен етіп жатқан аумақтарға қатыстылығы жөнінде сұрақ туындайтыны орынды.

Әрине, ежелгі Рим деген қазіргі Италия емес, бірақ италиялықтар өздерінің тарихи тамырымен мақтана алады. Бұл – орынды мақтаныш. Сол сияқты, ежелгі готтар мен бүгінгі немістер де бір халық емес, бірақ олар да Германияның мол тарихи мұрасының бір бөлшегі. Полиэтникалық бай мәдениеті бар ежелгі Үндістан мен бүгінгі үнді халқын тарих толқынында үздіксіз дамып келе жатқан бірегей өркениет ретінде қарастыруға болады.

Бұл – тарихқа деген дұрыс ұстаным. Сол арқылы түп тамырымызды білуге, ұлттық тарихымызға терең үңіліп, оның күрмеулі түйінін шешуге мүмкіндік туады. Қазақстан тарихы да жеке жұрнақтарымен емес, тұтастай қалпында қазіргі заманауи ғылым тұрғысынан қарағанда түсінікті болуға тиіс. Оған қажетті дәйектеріміз де жеткілікті.

Бұл – түрлі этностардың көптеген көрнекті тұлғалары өз үлестерін қосқан бүкіл халқымызға ортақ тарих. Бүгінде төл тарихымызға оң көзқарас керек. Бірақ қандай да бір тарихи оқиғаны таңдамалы және конъюнктуралық тұрғыдан ғана сипаттаумен шектелуге болмайды. Ақ пен қара – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Бұлар өзара бірлескенде жеке адамдардың да, тұтас халықтардың да өміріне қайталанбас реңк береді. Біздің тарихымызда қасіретті сәттер мен қайғылы оқиғалар, сұрапыл соғыстар мен қақтығыстар, әлеуметтік тұрғыдан қауіпті сынақтар мен саяси қуғын-сүргіндер аз болмады. Мұны ұмытуға хақымыз жоқ. Көпқырлы әрі ауқымды тарихымызды дұрыс түсініп, қабылдай білуіміз керек. Біз басқа халықтардың рөлін төмендетіп, өзіміздің ұлылығымызды көрсетейін деп отырғанымыз жоқ. Ең бастысы, біз нақты ғылыми деректерге сүйене отырып, жаһандық тарихтағы өз рөлімізді байыппен әрі дұрыс пайымдауға тиіспіз.

Біздің жеріміз материалдық мәдениеттің көптеген дүниелерінің пайда болған орны, бастау бұлағы десек, асыра айтқандық емес. Қазіргі қоғам өмірінің ажырамас бөлшегіне айналған көптеген бұйымдар кезінде біздің өлкемізде ойлап табылған. Ұлы даланы мекен еткен ежелгі адамдар талай техникалық жаңалықтар ойлап тауып, бұрын-соңды қолданылмаған жаңа құралдар жасаған. Бұларды адамзат баласы жер жүзінің әр түкпірінде әлі күнге дейін пайдаланып келеді. Көне жылнамалар бүгінгі қазақтардың арғы бабалары ұлан-ғайыр Еуразия құрлығындағы саяси және экономикалық тарихтың беталысын талай рет түбегейлі өзгерткені туралы сыр шертеді.

Түркістан тарихы жайлы қызықты 5 дерек

Түркістан қаласы (Ясы) Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан. Ол Орта Азия бойын-

ша сақталған көне қалалардың бірі. Өзінің сан ғасырлық тарихында Түркістан түрлі мемлекеттер құрамында болды. Бірнеше рет қала іргесі сегіліп, бірнеше рет қайта түледі. Түркістанға 1500 жыл Қала ежелде Ясы деп аталып, оның төңірегі VII-XII ғасырларда Шауғар өңірі ретінде тарихта қалған. Шауғар саяси-экономикалық орталық болды. Кейбір деректер бойынша Ясы ежелгі Шауғардың жанындағы қала болған, ал келесі бір пікір бойынша ол Шауғардың қаласерігі болған. XII ғасырда мұсылмандар үшін қасиетті мекенге айналды XII ғасырда сопылық ілімді белсенді ұстанушысы Қожа Ахмет Иассауи осы қалада жерленді. Иассауи өмірден өткен соң қабірінің басына үлкен мазар тұрғызылады. Мазар мыңдаған мұсылмандардың зиярат ететін орнына айналды. Кесенені тұрғызуға ұйытқы болған Әмір Темір болатын. Түркістан Қазақ хандығының астанасы болды. XVI ғасырдың соңында Сырдарияның бойындағы қала Сығанақ өзінің бұрынғы маңызын жоғалта бастады. Ал, Түркістан Ахмет Иассауидің әсем де зәулім кесенесінің арқасында Орта Азияның рухани орталығына айналған болатын. 1598-1628 жылдары Есім хан Ясыны Түркістан деп атап, оны Қазақ хандығының орталығы етті.

Қазақ хандары XVIII ғасырдың соңына дейін билік құрды. 1694 жылдың шілдесінде Түркістанға Ресейден елшілер келді. Қаланы басқарып тұрған Тәуке хан елшілердің іс-әрекетін ұнатпады. Өйткені, қабылдау рәсімі кезінде елшілер ханның баскиімін шешуін талап етеді. Ресейде патшаның бұйрығын тек қана баскиімді шешіп отырып тыңдау тәртібі бар-тын. Алайда, Тәуке «қазақтар тіпті намаз оқығанда да басындағысын шешпейді» деген уәж айтып, елшілердің айтқанын орындамаған. Түркістанда хандар, батырлар мен билер жерленген. Тарихи-мәдени «Өзірет сұлтан» қорық-мұражайының территориясында 164 атақты тұлғалар жерленген. Олар әр түрлі заманда өмір сүрген күллі қазақ халқының игі жақсылары. Кесенеде қазақтың Қаз дауысты Қазыбек би, Абылай хан, Есім хан, Хақназар хан, Тауке хан, Шығай хан, Жәңгір хан, Қанжығалы Бөгенбай, тобықты Мамай, қоңырат Сырғақ жатыр.

Тарихы терең Түркістан

Түркістан қаласы – Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан. Шығысында тарихи қала Отырар, батысы Жаңақорған ауданымен (Қызылорда) солтүстігінде Созақ, Кентау қаласымен шектесіп жатқан киелі жер. Еуразия кіндігінде орналасқан, Ұлы Жібек жолының дарқан даласына айналған өлкеде ертеден қала соғылды, мәдени ошақтар салынды. Ғажайыбы сырға толы өзен-көлдер мен тау-тастар, ормандар мен шөлейіттер массиві тарихи кезеңдердің куәсі болды. Мыңжылдық өркениет тоғысы бар шежірелі қалалар талай соғысты бастан өткізді. Қазақ хандығының, Қыпшақ ұлысының, Түрік қағанатының астанасы болған қалалар да жетерлік. Ондай қалалардағы ескерткіштер, мәдени орындар, ескі ғимараттар шежірелі тарих болып қалмақ. 1500 жылдан астам тарихы бар, Қазақ хандығының астанасы болған, шартарапқа кеткен керуен жолдарының тоғысқан жері, Ұлы Жібек жолының орталығына айналған Түркістан қаласынан бастамақпыз. Осы орайда Елбасы Н. Назарбаев: «Әрбір халық, әрбір тәуелсіз мемлекет өзінің рухани орталығын нақтылап алуы керек. Қазақстанның рухани орталығы Түркістан», – деген болатын.

Тарихи қала бүгінде Түркістан қаласы тұрғындарының саны 250 мыңға жетіп отыр. Түркістан қаласы – Қазақстанның тарихи туризмінің таптырмас ордасы. Әсіресе туризм кластерінің басым бағыты көлік инфрақұрылымы қолайлы жолға қойылған.

Алғаш қала атауы Шавғар деген атпен араб жазбаларындағы деректерде кездеседі. Ол – ежелден Орта Азия мен Тұран даласындағы ең көне қала. XIV ғасырда Қожа Ахмет Иассауи кесенесі салынған кейін Түркі әлемінің діни орталығына айналды. XV ғасырдан бастап Түркістан қаласы саяси және экономикалық орталық болды. 1598 жылы ол біржолата Қазақ хандығының астанасы деп танылды. Түркістан қаласындағы Қожа Ахмед Иассауи кесенесінде қазақ хандары жерленген. Сондықтан да Қазақ хандығының 550 жылдығы аясында Түркістан қаласының маңызы өте зор болды. Қаланың тарихи туризм әлеуеті зор. Түркістан қаласының тарихи туризмінің басты нысаны ретінде 1991 жылдың 1 қаңтарынан бастап, Республикалық музей ретінде құрылған «Мемлекеттік тарихи-мәдени Өзірет Сұлтан қорық музейін» айтуға болады. Тарихи музей қорына Қазақ хандарының зираттары, ұлы астроном, ғалым Ұлықбектің қызы Рәбия Сұлтан Бегім мазары, ортағасырлық «Шығыс моншалары», Жер асты мешіті, т.б. тарихи нысандарды жатқызуға болады. Ескі Күлтөбе қаласы, ортағасырлық Түркістан қалаларының қазіргі орны, қала басындағы тарихи музейлер мен тарихи мәдени орталықтар – туристерді өзіне шақыра алатын нысандар. Саяхат сапары Күлтөбе қаласынан бастау алады. Өйткені Күлтөбе – қазіргі Түркістан қаласының ескі орны. Бүгінгі таңда ескі қаланың жоғарғы қабатының тарихи белгілері бұзылған. Бірақ саяхаттаушы туристерге ескі қала орны ерекше қызығушылық тудыратыны анық. Сондай-ақ Күлтөбеден Түркістан қаласының 1500 жылдық тарихын дәлелдейтін деректер табылған. Тағы бір қала орны – ортағасырлық Түркістан қаласы. Бұл төңіректе ертеден шахристан, рабаттар, шағын сауда ошақтары орналасқан. Қаланың солтүстік және батыс

бөлігінде мұнара мен қабырға қалдықтары салынған. Қаланы айналдыра қоршаған қабырғаның ұзындығы 3 шақырымға жуық. Стратиграфиялық зерттеулер бойынша қала цитаделі Монғол шапқыншылығынан кейін қалыптасып, XV-XVI ғасырларда кесененің батыс жағында шахристан пайда болған. Күлтөбе қаласынан 350 м қашықтықта орналасқан Қожа Ахмет Иассауи кесенесі – Түркістанның басты салтанаты. Кесене XII ғасырда өмір сүрген ұлы ақын, сопы Қожа Ахмет Иассауидің бейітінің үстінен салынған. Бұл ғимаратты атақты қолбасшы Әмір Темір салдырған. Бұл ғимарат – өз заманындағы сәулет өнерінің барлық жетістіктерін бойына жинаған құрылыстардың бірі. Бүгінде күрделі жөндеуден өткен тарихи нысан жылына мыңдаған туристі тартып, өзіне қызықтыруда.

Қожа Ахмет Иассауи кесенесі – ЮНЕСКО-ның мұралары тізіміне енген ескерткіш.

Есімхан кесенесі. Тәуекелден кейін тарих сахнасына 1598 жылы Есім хан шығады. Ол бұдан бұрын да ағасы Тәуекел ханның қолбасшысы ретінде талай шайқастарға қатысып, «Еңсегей бойлы Ер Есім» атанған еді. Сол Шығай ханның ұлы Есім хан жерленген кесене. Құрылыстың сағана бөлігі сақталған. Архитектуралық, археологиялық зерттеулерге қарағанда бұл құрылыс XVII ғасырда салынған.

Рабия Сұлтан бегім кесенесі.

Рабия Сұлтан бегім кесенесі жобасында төртбұрышты. Ол ішкі сегіз қырлы және 4 төртбұрышты бөлмелерден тұрады. Бұл құрылыс туралы алғашқы деректер XVI ғасырдан бастап кездеседі. Рабия Сұлтан бегім Ұлықбектің қызы, Әмір Темір көрегеннің немересі, көшпенді өзбектердің ханы Әбілқайырдың әйелі болған.

Қылуат жер асты мешіті (XII-XIX ғасырлар).

Қылуат жер асты мешіті Ахмет Иассауи кесенесінен оңтүстікте, 150 м жерде орналасқан.

Қылуат жер асты мешітінің салынуы Ахмет Иассауи есімімен байланысты. XII-XIX ғасырлар аралығында салынған құрылысты XX ғасырдың 40 жылдарында толығымен бұзып қыштарын зауыт салуға қолданған. Археологиялық архитектуралық зерттеулермен 1941 жылы жасалынған макетке сүйене отырып, Қылуат жер асты мешіті толығымен қалпына келтірілген.

Ортағасырлық монша (XVI ғасыр).

Ортағасырлық шығыс моншасы Ахмет Иассауи кесенесінен оңтүстік шығыста, 150 м жерде орналасқан, жеті бөлмеден тұрады. Монша 1978 жылға дейін жұмыс істеп келген, 1979 жылдан бастап оның негізінде Шығыс моншасы музейі ашылған.

Құмшық ата жер асты мешіті (XII ғасыр).

Ахмет Иассауи кесенесінен оңтүстік шығыста, 1 шақырым жерде орналасқан. Жер асты мешіті сопылардың діни-ғұрыптық құрылыстары қатарына жатады. Күйдірілген қышпен салынған.

ЮНЕСКО мойындаған – Түркістан

Түркістан қаласындағы мәдени-тарихи нысандарды дамыту бағытындағы саяхаттың ендігі мақсаты – музейлер мен мәдени орталықтарда жалғаспақ. Мұндай нысан қатарына алдымен осыдан 5 жыл бұрын ашылған «Түркістан тарихи-мәдени этнографиялық орталығын» айтуымызға болады.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында ашылған орталықта ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізіліп, орталық қорындағы тарихи жәдігерлер қоры туристерге көрсетіледі.

Түркістан – тарихи музейі.

Қаладағы XIX ғасырда әскери казарма болған ғимаратты күрделі жөндеуден өткізіп, тарихи музейге айналдырды. Түркістан тарихи музейінің экспозициясы 8 бөлімнен тұрады: Тас, қола және ерте темір ескерткіштері, түркі кезеңіндегі Түркістан оазисі, Шауғар қаласы, Ясы қаласы, Қожа Ахмет Иассауи – «Түркістан пірі», Ескі Түркістан қаласы, Түркістан – Қазақ хандығының астанасы, Түркістан – түркі дүниесінің рухани орталығы.

Қазақстанның тарихи туризм ошағы саналатын Түркістанның туристерді тартуға әлеуеті зор. Тек қана тарихи туризм аясында ғана емес, әлеуметтік мәдени, саяхаттау мақсатында, этнотуризм аясында туристерді тарта алады. Түркістан қаласының тарихи-мәдени туризмінің дамуына үкімет меілінше мол назар аудара бастады. Бұл дегеніміз – туризм арқылы тек табыс алып келу ғана емес, Түркістандай киелі жерді әлемге танытып, паш ету. Ендеше, тарихы тереңде жатқан Түркістан шаһары – Қазақстандағы тарихи туризмнің басты жобасы, әрі ЮНЕСКО мойындаған тарихи орын.

Әдебиеттер

1. Н.Ә. Назарбаев. Ұлы даланың жеті қыры. //Егемен Қазақстан, 2019.
2. Интернет материалдары, 2019.

КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНЕ ТӘН ОҚУ ТАПСЫРМАСЫН ҚҰРУ НЕГІЗДЕМЕСІ

К.А. БАЙДАЛИЕВ, п.ғ.к. Жәңгір хан атындағы БҚАТУ доценті

Жаңартылған білім беру үдерісі аясында жалпы орта білім беретін мектептердің оқыту әдістемесіндегі құралдардың түбегейлі өзгеруіне негіз болған нәтижеге бағдарлы оқыту мақсаттарының білім беру аясында түзілуі негіз болды [1]. Сол оқыту құралдарының бірліктеріне кіретін, оқыту мақсатына тәуелді, білім алушының өз бетімен оқу-танымдық іс-әрекеттермен шұғылдана, өзінің жаңа білім мен оны меңгеруге бағытталған тәсілдерді үйренген танымдық дағдылар мен тәжірибелері, өзінің меншікті ой-пікірін қалыптастыра, іс-әрекеттік тұрғыда танымдық әрекеттерді түрлендіре алуына дағдыландыратын үздіксіз, мөлшерлеп берілетін оқу тапсырмалары болып табылады.

Жалпы орта мектептің оқу пәндеріне, соның ішінде көркем еңбек оқу пәнінің оқу үдерісіне тән ортақ оқытудың дәстүрлі әдістерімен бірге белсенді әдістерді де кеңінен қолдануға жаңартылған білім беру үдерісінің жүзеге асырылуға бағытталған әдістемелік нұсқаулар жасаған авторлар, педагог-ғалымдар, әдіскерлер ұсынып келеді [2,3,4,5]. Белсенді оқыту әдістері мен тәсілдері мазмұнында ұсынылып отырған белсенді әдіс-тәсілдер барлық оқу пәндеріне ортақ анықталып, әрбір оқу пәнінің жеке дидактикалық ерекшеліктерін толығымен ескеру тыс қалып, басым білім алушының танымдық дағдыларын қалыптастыра дамытуға назар аударылуда.

Осыған байланысты, біздің мақалада көркем еңбек оқу пәнінің оқыту мақсаттарымен бірге, білім беру мазмұнын, оқытудың құралдарын, оқыту процесінің ерекшеліктерін негізге ала оқу тапсырмаларының құрылуы мен мазмұнын, түрлерін қарастыруды қисынды көрдік.

Көркем еңбек пәні сабақтарында білім алушының танымдық дағдыларының қалыптасуына ықпал ететін көзі – білім беру мазмұны болып табылады. Дәстүрлі оқытуда бұл оқу пәнінің білім алушының ең мәнді, үйренуге міндетті құндылықтарының бірі – білімділік сипатында болып келді. Яғни, білім алушының қоршаған ортадағы өндіріс пен тұрмыста қолданатын өнімнің шикізаты, оны өңдеп бұйым жасайтын аспап, құралдары, өңдеу процестері мен операциялары, әсемдеу мен әрлеу тәсілдері, құралдар мен өнімдерді күтуі, қауіпсіздіктерді сақтау туралы білімі. Сонымен бірге, тәжірибелік оқу тапсырмаларын орындай отырып, өлшеу, белгілеу, кесу, біріктіру, тазалау, майлау, безендіру тәсілдерін орындап үйренумен бірге, ол әрекеттерді дағды дәрежесінде сапалы орындауға даярландырып отырды. Білім алушының аталған танымдық және әрекеттік құндылықтарының қалыптасып дамуына тікелей ықпал етіп отырған, сабақтың басым бөлігінде өзі орындайтын оқу тапсырмалары болды. Соның аясында білім алушының танымдық дағдылары, тұлғалық және тәрбиелілік қасиеттері дамып, өзінің болашақ кәсіби білім мен өмір жолына саналы бағдар алып, таңдауына мүмкіндіктер беріп келді.

Бұл танымдық дағдылардың басым бөлігі көркем еңбек пәнінің (бұрынғы технология оқу пәні) жоғарыда көзделген жеке дидактикалық ерекшеліктеріне тән болып келді. Ал, бүгінгі таңдағы қалыптасқан нәтижеге бағдарлы оқыту мақсаттары, керісінше, жоғарыда аталған құндылықтардың аясында танымдық дағдыларын дамытуды мүдделеп отыр. Ол дегеніміз дәстүрлі оқытуда білімділік мақсаттың үстемдігі жоғары болып келсе, енді білім алушының танымдық дағдылары дәстүрлі оқытудың дамытушылық мақсатымен баламалап, оның үстемдігі білімділік мақсатпен орын ауыстырып отырғаны байқалады. Бұл жерде танымдық дағды дегеніміз – білім алушының оқу үдерісінде ойлау процесінің операцияларын дамыту. Соның ішінде білу, түсіну, талдау, жинақтау, салыстыру, нақтылау, жүйелеу, жалпыламау, қорытындылау, бағалау және т.б. [7]. Оқыту мақсатында көзделген танымдық дағдылардың қалыптасуына көркем еңбектің білім беру мазмұнында көзделген білім көздері мен тәсілдер болып табылады. Бұл оқу материалынсыз оқыту мақсаттары мен білім алушының бойында қалыптасатын танымдық дағдылардың орын алу мүмкіндігі жоқ. Сондықтан, біз оқыту үдерісінде тікелей танымдық дағдыларға ғана назар аудармай, білім алушының әрекеттік дағдыларының қалыптасу күйіне де ықпал ететін білім беру мазмұнының сипатына да көңіл аудару қажеттіліктен туындайды. Көркем еңбек пәні сабақтарында оқу тапсырмалары тікелей оқу материалынан құралады.

Көркем еңбек оқу пәнінің оқыту процесінің немесе жүйесінің жаңа сипат алуы

Оқу пәнінің оқыту жүйесі конструктивті немесе конструктивистік оқыту теориясына (сын-дарлы оқыту), оның жетекші идеясына негізделе [6], Қазақстан білім берудің оқыту процесіне

бейімді модификацияланған түрімен түрлендірілгені байқалады. Ал, конструктивистік оқыту теориясы АҚШ жобалап оқыту жүйесі негізінде пайда болған [6]. Оған дәлел оқыту мақсаттары жүйесінің құрылу мен әрбір жеке сыныптардың оқу бөлімдеріне арналған тақырыптары мен мақсаттарының бірізді таралу жиынтығы болып табылады [1].

Оқыту мақсаттарының құрылуы білім беру бағдарламасындағы басты үш бөлімдері мен олардың бөлімшелері айғақ. Бірінші бөлім шығармашылық идеяларды зерттеу мен дамыту болса, екінші бөлім шығармашылық идеяларды жасау және дайындау, үшінші шығармашылық жұмыстарды таныстыру, талдау және бағалау анықталған. Осы үш бөлімнің кезеңді мазмұндары тікелей замануи оқытудың технологиясы – жобалап оқыту мазмұнымен іспеттес. Өйткені, жобалап оқыту технологиясының бірінші сатысында туындаған проблеманы шешуге ізденуші (білім алушы) ақпараттармен зерттеу жұмысын жүргізе отырып, оның шешімін табуға идея ұсынады. Оны жүзеге асырудың жоспарын құрады, материалы мен құралдарын анықтап іріктейді. Екінші сатысында идеяны материалдандыруға технологиялық процестер жүргізіп өнім дайындайды. Соңғы сатысында шығармашылық жұмысын таныстыра талдаулар жасап бағаланады. Ғылыми-әдістемелік еңбектерде жобалап оқыту технологиясы негізгі үш сатыдан құралады: конструктивтік, технологиялық және рефлексия. Көркем еңбек пәні сабақтары бір проблемалық сипаттағы оқу тапсырмасын орындауға бір оқу бөлімінің оқыту мақсаттары аясында жүруін көздеп, ол мақсаттардың жетуіне оқу тапсырманың міндеттерін орындаумен нәтижеге ұмтылады.

Жобалап оқыту технологиясы немесе іс-әрекеті білім алушының шынайы өмірдегі туындаған оқу проблемаларын шешуге тәжірибелік әрекеттерді өз бетімен жоспарлап орындау барысында шығармашылық және сыни тұрғыда ойлау, интеллектуалды және коммуникативтік, өмір бойы білім алуға және өзін-өзі бақылау, бағалау дағдыларының дамуына ықпал етеді [4]. Олай болса, жобалап оқытуда білім алушының танымдық және шығармашылық ойлау дағдыларының дамуына мүмкіндік беретін оқу материалы басым өмір тәжірибесінен құралған проблемалық сипаттағы оқу тапсырмаларының болуы міндетті болып табылады екен. Сондықтан, қазіргі көркем еңбек сабақтарында ұсынылып отырған әдістемелік тәжірибелер оқу бөлімінің алғашқы кезеңінде ақпараттармен зерттеулер жүргізуді көздемей, сол оқу бөлімі тақырыптары мен оның оқыту мақсаттарының бірізділігі мен қисындылығын жалпыламалай, білім алушының қажеттілігін және өнімді жасаудың қоғамдық қажеттілігіне сәйкес үлгілерді таңдау арқылы оқу тапсырмаларының проблемалық сипат алуына бағыттап оқыту құралып дайындау қажет етеді. Мұндай мазмұнда оқу тапсырмаларын жобалау білім алушының бір оқу бөлімінде бірнеше сабақта атқаратын міндеттері мен оның қандай нәтижеге жетуін алдын ала толық түсінуіне мүмкіндік береді. Бұл әлдеқайда үйренудің тиімді және қисынды шешімі болып табылады. Қазіргі көркем еңбек сабақтарында оқу бөлімінің әрбір тақырыптары мен оқыту мақсаттары жеке-жеке құралып, оларға тән танымдық дағдыларды бірізді меңгеріп отыруына ықпал жасағанымен, білім алушы күтілетін нәтижесінің негізін түсінбей, оның белгілерін оқу бөлімінің соңғы сабақтарының алдында орындалатын сатыда ғана байқауына мүмкіндік ала алады. Оқу бөліміндегі тақырыптар мен оқыту мақсаттарының бірізді құрылу алгоритміне зерделеу жасасақ, оның сабақтан сабаққа көшуге бағытталған мазмұнынан көруге болады [1].

Бірінші сабақтарда білім алушы сыныптың бір оқу бөлімі бойынша танымдық дағдыларға үйренуі нақты проблемалық сипаттағы оқу тапсырмаларының ұсынылуынан басталудың орнына, ұзақ мерзімді жоспарда көзделген алғашқы тақырыптар мен оқыту мақсаттары білім алушының ақпарат көздерімен зерттеу жұмыстарды орындауға бағыттаған. Сонымен бірге, әрбір тақырыптардың мазмұны мен мақсаттарына сәйкес мұғалім білім алушыға әр түрлі белсенді оқыту әдістерімен құрылған алуан түрлі оқу тапсырмалары мен жаттығулар ұсынылып тәжірибелеуде. Бұл үлгідегі әдістемелік тәсілдерді білім алушы үшін құндылығы неде?

Ең бастысы, оқыту мақсаттарындағы танымдық дағдыларға жету ме?

Әлде өзінің танымдық іс-әрекеттерін өз бетімен жоспарлау, танымдық әрекеттерді орындау тәсілдеріне үйрену, оның қоғамдық қажеттілік мәнін ұғынып, өзінің қажеттілігін қанағаттандырып, өмір жолына бағдарлануы ма?

Бұл жерде білім алушы екінші құндылық бағытты таңдауға басымдылық танытады.

Әрине, тақырып бойынша білім алушы бұл танымдық әрекеттерді орындап, жеткілікті танымдық дағдыларды меңгеруіне мүмкіндігі бар және сабақ күтілетін нәтижеге жетуі ықтимал. Бірақ, ол үлкен көлемдегі танымдық әрекеттер мен дағдылардың қандай қажеттілігі бар, оның келешектегі қажеттілігін түсінбесе.

Мектеп тәжірибесінде, соның ішінде көркем еңбек сабақтарында білім алушыға қандай

оқу тапсырмасын немесе жаттығу ұсынсаң, соны бұлжытпай орындауға дағдыланады. Ал, егер сабақтың басында оқу тапсырмасы проблемалық сипатта ұсынылып, оны шешуге қажетті ақпараттармен жұмыстану қажеттілігін білім алушы ұғынып, ақпараттарды жинап, талдап, «прототип» үлгілерін негізге алып, оның қоғамдағы қажеттілігі, проблемалары туралы ой пікірі қалыптасып, оны шешудің тәсілдерін өз бетімен қосымша тағы да ақпараттарға жүгіндіру бойынша жұмыстандыру білім алушының еркі мен таңдау жасауға мүмкіндік береді. Ол білім алушының уәжі мен қажеттіліктерін тікелей қанағаттандырудың шарттарының бірі болып табылады. Соның аясында өзінің шығармашылық идеясының қалыптасуына негіз болады. Ол идеяны жүзеге асыруға болашақ әрбір сабақта қандай әрекеттерді орындау қажеттілігін дербес жоспарлап (мұғалімнің кеңесімен), соған қажетті оқыту құралдарын анықтауға бағытталып отырады. Осы үлгідегі оқу тапсырмаларының құрылып ұсынылуы қазіргі кездегі кез келген өндіріс орындарының өнім жасау еңбек мазмұнымен шынайы жанасуы болып табылады. Сол сияқты педагогика ғылымы мен білім беру тәжірибелерінде ұсынылған оқытудың белсенді және интерактивті әдістердің құрылу алгоритмдері мен тәжірибеде қолдану әдістемелік тәсілдерінде алғаш оқу тапсырмаларының проблемалық сипатта болуымен қамтамасыз етілген.

Оқу тапсырмаларының осы мазмұндағы белгілерінің болуын жобалап оқыту технологиясының теориясы мен әдістемесі, сындарлы оқытудың теориясы еңбектерінде кеңінен анықталып ұсынылған.

Жоғарыда қарастырғандай, кез келген өндірістік өнімнің жобалануы, технологиялық процесі және оның сапасын анықтау ұйымдастырылу мен жоспарлау арқылы жүреді. Бұл әрекеттердің стратегиялық жоспарлауы өнімнің жобалану кезінде анықталса, әрбір кезеңдерінде олардың міндеттері келесі кезеңдерінде жеке түрінде нақтыланып, жетілдіріліп анықталып отырады. Бұл өндірістің тактикалық жоспарлануына кіреді. Онда әрбір кезеңдегі интеллектуалды және материалдық ресурстардың жүру алгоритмі белгіленеді. Осыған сәйкес, оқу орындарындағы білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттерінің мазмұны өндірістік іс-әрекеттер мазмұнында жүруі көркем еңбек пәнінің дидактикалық шартын құрайды.

Осы мәселенің түйінін жалғастырсақ, көркем еңбек оқу пәні білім беру бағдарламасындағы оқыту мақсаттары жүйесінің құрылуы үш бөлім мен бөлімшелері негізінде анықталғаны белгілі. Олай болса, бірінші және екінші оқу бөлімдерінің бөлімшелері арасында қисынсыздықтар орын алғаны байқалады. Бірінші оқу бөліміндегі «шығармашылық іс-әрекет үдерісін жоспарлау» екінші бөлімге түсіп кеткен «шығармашылық идеялардың көрінісі» бөлімшемен орын ауыстырғаны қисынды. Әрине, бірінші бөлімнің шығармашылық іс-әрекет үдерісінің жоспарлауын сол бөлімде орнын қалдырып, стратегиялық жоспарлаумен алмастырғаны, ал екінші бөлімде де шығармашылық жұмыстарды жасау мен дайындауға сәйкес тактикалық жоспардың міндеттерін анықтауға көзделген қисынды болмақ. Екінші бөлімдегі шығармашылық идеялардың көркемдік көрінісі бірінші бөлімнің 3 және 4 бөлімшелерінің арасында орын алғаны қисындылықпен жанасады. Қалған бөлімшелер түрлері мен мазмұны және реттілігі жобалап оқыту технологиясы бойынша орындалатын оқу тапсырмасының мазмұнымен бірізді және жүйелі жүруіне толық мүмкіндіктері бар. Бірақ, екінші бөлімнің 4 және 5 бөлімшелерінің мазмұны көркем еңбектің оқу бөлімдерінің атауымен анықталған. Бұл мүмкін бағдарламаны жасаған авторлардың техникалық қателіктері деп түсінемін.

Көркем еңбек оқу пәні сабақтарына арналған тақырыптар мен оқыту мақсаттары басым мұғалімнің сабақты ұйымдастыру мен жоспарлауына бағытталып анықталады. Сол оқыту мақсаттарына сәйкес білім алушы бір оқу бөлімінде бір өнім түрін жасауға стратегиялық жоспарын құрып (мұғалімнің кеңесімен), қалған сабақтардағы тақырыптарына, оқыту мақсаттарына сәйкес әрекеттерді орындауды өзі белгілеп отыруды көздейді. Мұғалімнің міндеті әрбір сабақтағы білім алушының оқыту мақсатына жету деңгейін үздіксіз бақылап отыруды жүктейді. Сондықтан, білім алушыны қатаң, әрбір сабақтың оқыту мақсаттарына сәйкес алуан түрлі белсенді әдістерді қолданып, оның танымдық әрекеттерінің тиімді жүруіне кедергілер мен тосқауылдар жасамай, бір оқу бөлімінде бір өнім жасауға тән проблемалық сипаттағы оқу тапсырмасымен шектелген әлдеқайда тиімді болады. Соның нәтижесінде білім алушының өз бетімен танымдық іс-әрекеттерді дұрыс ұйымдастыру мен жоспарлау, оқу тапсырмасына мақсат, міндеттер қою, анықталған проблеманы шешуге өз бетімен әр түрлі ақпараттарды зеделей отырып, өзінің шығармашылық идеясын ұсынуы орын алады. Оны материалдандыруға қажетті құралдар мен тәсілдерді анықтап, олармен жұмыс істеу тәсілдерін орындауға жаттығып, танымдық дағдыларының көмегімен бұйым жасау, оны сарапшылар алдында таныстырым жасап, өзін-өзі

бағалау тәртібінің тәсілдеріне де үйренеді. Бұл әрекеттер келесі оқу бөлімінің сабақтарында да қайталанып, білім алушының өз бетімен оқу-танымдық іс-әрекеттерін, танымдық дағдыларын шыңдауына, машықтануына мүмкіндік береді. Ол қасиеттер білім алушының жаңа өнім түрлерінің шығармашылық идеясын шығару өрісі артады, өнімді өзі шығаратын жаңа тәсілдерді құрауға, өзінің дербес өнім шығару идеясын қарастырудың меншікті тұрғыларын қалыптастыруға интеллектуалды және шығармашылық ойлау дағдыларының кемелденуіне негіз болады. Міне, бұл болашақ жастардың шығармашылық тұрғыда оқу, еңбек іс-әрекеттерінде тиімді қызмет етуге және өмір бойы үздіксіз танымдық әрекеттермен шұғылдануына кепіл береді.

Әрине, пән сабақтарында білім алушының танымдық және әрекеттік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған белсенді әдістерді қолдану оның басқа да уәжік, қызығушылық, тұлғалық және тәрбиелілік құндылықтарын дамытуға ықпал ететін үлгілерін тәжірибелеуді толық шектеу жасау орынсыз. Бірақ, қазіргі кезде мектептерде тәжірибелеп жатқан қатаң тәртіптегі, мөлшерленудегі, сабақтың әрбір кезеңінде жиі қолданудан арылғаны абзал. Олардың барлық түрлері басым білім алушының танымдық дағдыларын қалыптастыруға бағытталып [7], оның әрекеттік дағдыларын дамытуға кедергілер жасайды. Көркем еңбек пәні сабақтарында керісінше, білім алушының әрекеттік дағдыларын қалыптастыра отырып, оның танымдық дағдыларын дамытуға бағытталғаны орынды. Белсенді оқыту әдістерінің басым түрлерін әдістемелік еңбектерде морфологиялық атаулармен белгілеп, кейде мұғалімдер құрған оқу тапсырмаларының мазмұнымен қисындалмау тәжірибелер көбейіп келеді. Мұғалімдердің өздері де шартты аттаулармен белсенді әдістерді пән сабақтарына берілетін оқу тапсырмалары мен жаттығуларды ұнстыру тәжірибелері де кең орын алған. Ол тәжірибелердің педагогикалық, дидактикалық құндылықтарына баға беру сәттері анықталмаған. Әрбір белсенді оқыту әдісінің ғылыми негіздемесі анықталып, оның теориялық белгілерімен ашылып, тәжірибеде тиімділігі дәлелденуі қажет.

Мектептердің барлық оқу пәндеріне ұсынылған ортақ белсенді оқыту әдістерімен құрылған оқу тапсырмалары мен жаттығулар емес, көркем еңбек оқу пәнінің дидактикалық ерекшеліктеріне тән, қоғамдық және тұлғалық қажеттіліктерді қанағаттандыратын проблемалық сипаттағы оқу тапсырмаларын әрбір оқу бөлімдеріне жеке-жеке (бір негізгі оқу тапсырма) ұсыну қисынды болып табылады. Көркем еңбек пәні сабақтарында білім алушының уәжін, қажеттіліктерін, сұранысы мен қызығушылығын, басқа да танымдық процестері мен қасиеттерін, тұлғалық пен тәрбиелілік құндылық белгілерін дамытуға сабақтың әрбір кезеңінде қолдану, сол тақырыптың мазмұны мен оқыту мақсаттарына ұсақтап құрау емес, анық және нақты оқу тапсырмасы мен жаттығулар түрінде ұсыну қажет. Ол мөлшерлі, қысқа мерзімді оқу тапсырмалары мен жаттығулар тікелей негізгі проблемалық сипаттағы оқу тапсырмаларының жеке тұстарын шешуге бағытталғаны қисынды.

Қолданған әдебиеттер

1. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Көркем еңбек» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы. – Астана, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. 2016. – 62 б.
2. Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқыту әдістемесін мектепте қолдану: оқу құралы /А.Қ. Әлімова. – Астана: «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. – 188 б.
3. Мұғалімге арналған әдістемелік нұсқау: әдістемелік құрал. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, екінші басылым, 2015. – 41 б.
4. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық: көркем еңбек пәні бойынша әдістемелік құрал. – Астана: АОО «Назарбаев зияткерлік мектептер, «Педагогикалық шеберлік орталығы». 2017. – 126 б.
5. Оқыту мен оқудың белсенді әдістері.
– Астана: «Назарбаев зияткерлік мектебі», 2013. – 279 б.
6. Шаталова Н.П. Азбука конструктивного обучения: монография
/Н.П.Шаталова. – Красноярск: ООО «Научно-инновационный центр», 2011. – 204 с.
7. Мурзағалиева А.Е., Утегенова Б.М. Сборник заданий и упражнений. Учебные цели согласно таксономии Блума /А.Е. Мурзағалиева, Б.М. Утегенова. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» Центр педагогического мастерства, 2015. – 54 с.

БОЛАШАҚ САРБАЗ БЕН ОФИЦЕРЛЕРДІ ДАЯРЛАУДА БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ЕРЛІКТЕРІ МЕН ҰЛАҒАТТЫ СӨЗДЕРІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

І.Б. НЫСАНҚҰЛОВ,

№2 «Білім-инновация» лицей-интернатының алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі, Қарағанды қаласы

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың 2014 жылғы 11 қарашадағы Қазақстан халқына «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында «2015 жыл – ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы тарихи белестер Жаңа Қазақстандық Патриотизмді ұрпақ жадына сіңіруде айрықша рөлге ие» деп атап көрсетті. Яғни, біздер ата-бабаларымыздың ерліктерін қастерлеп, оны келешек ұрпаққа жеткізіп, аманаттарын орындау парызымыз.

Соғыс жылдарында және соғыстан кейінде Бауыржан Момышұлының атағы тек қазақстандықтарға ғана емес, майданда жүрген қатардағы солдаттан бастап генералдарға, алыс-жақын шет мемлекеттерге дейін жеткені, оның батальон командирінен бастап дивизияны басқарған уақыттарында көрсеткен ерліктері ел аузында аңыз ретінде айтылып жүрді. Оған дәлел ретінде айтар болсақ, Кубаның қоғамдық және саяси қайраткері, «Бостандық аралының» негізін қалаушы күрескер Фернандо Мартинес Эредиа: «Кубалықтардың көпшілігі марксизм-ленинизм ілімінен дәріс алу үшін, алдымен «Волоколам тасжолын» оқиды, – деп тайға таңба басқандай етіп жазып кетіпті. 1963 жылғы Мәскеуге келген сапарындағы сұхбатында «Сіз үшін Екінші дүниежүзілік соғыстың басты қаһарманы кім?» деге сауалға Фидель Кастро Рус: «Александр Бектің «Волоколам тасжолының» кейіпкері – қазақ Момышұлы» деп жауап қайтарған. Сонымен қатар даңқты командир Бауыржан Момышұлының Жоғары әскери академияда біріншісі, жау қоршауында қалғанда – шығынсыз сытылып шығу, екіншісі – түнгі шабуылдың төтенше тактикасы тақырыбында өткізген екі сабағы тұрғысында Кубалық әскерилердің дәріс алуға құштарлығын бір ауыз сөзбен жеткізе де алмаспыз.

Әзілхан Нұршайықов ағамыз «Ақиқат пен аңыз» атты роман-диалогында Баукеңмен соғыста сырттай қалай танысқандығы жөнінде әдемі суреттеп береді.

1943 жылдың жазында 100-Дербес атқыштар бригадасының құрамында жүрген Әзілхан ағамыздың қолына «Знамя» журналының 5-номері тиеді. Онда Александр Бектің «Панфиловшылар алғы шепте» атты повесі жарияланған болатын. Өзекең бұл повесті күндегі тоқтай қалғанда күннің жарығымен, түнде қонған жерде айдың жарығымен оқып жүргенде сол журналдың 6-номері келеді. Повесті оқимын деп түнде зеңбіректің аккумуляторының жарығын тауысып алады. Бұны ертеңгісінде білген взвод командирі лейтенант Полянцев үш тәулікке гауптвахтыға қаматуға шешім қабылдайды. Жолда солдаттар Өзекеңді айдап келе жатқанда дивизион командирі майор Сахонь кездесіп, не үшін тұтқындалғанын сұрайды. Түнде кітап оқимын деп зеңбіректің жарығын тауысып алғанын айтады. Майор Сахонь бұл кінәні алып тастайды, өйткені зеңбіректің жарығын тауысқанымен панфиловшылардың ерлігін, соның ішінде Бауыржан Момышұлының батальоны бес рет қоршауда қалып, одан шыққан ерліктері жөнінде жауынгерлерге әңгімелеп, жүректеріне от жаққанымен байланысты болады...

Баукеңнің Мәскеу үшін шайқастарда көрсеткен ерліктері ұшан-теңіз, бірақ бірнеше себептермен оның ерліктері ескерусіз қалады. Атап айтсақ: 1941 жылы 26-шы қазанда Момышұлы жолдас, батальон командирі кезінде, оң жақ шепте болған табан тірескен ұрыстардан кейін қоршаудан шығып, Волоколамск қаласына 690 адамды, 18 артиллерия жегінін, 30 пәуескені аман-есен алып келеді. Сөйтіп, 35 шақырымға созылған аралық шепте ұйымдасқан түрде ұрыс жүргізе отырып, жау қоршауын бұзып өтіп, дивизияға келіп қосылады. 1941 жылы 16-20 қараша айының аралығында Момышұлының батальоны Волоколамск тасжолының бойындағы Горюны деревнясы ауданында, Матренино темір жол станциясында тағы да жау әскерінің қоршауында қалып, қиян-кескі ұрыс

жүргізеді. Дұшпанның Мәскеуге шабуыл жасап бара жатқан басты күшін қақ ортасынан бөліп тастайды. Осы жағдайды пайдаланған дивизияның бөлімдері келесі рубежге барып бекінеді. Момышұлы батальонының бұл қимылы тағы да дивизияның негізгі күшін шабуылдап келе жатқан жаудың соққысынан аман сақтап қалды. Осы ұрыстарда батальон 600-дей гитлершілерді жер жастандырды, 6 танкіні құртады. Тағы бір ерен ерлігі, он үйі бар Лопастино деген деревняда 1941 жылы 25-ші қарашада Баукең бір ПТО, екі миномет, екі станокты пулеметпен қаруланған жарты взвод жауынгерлерді бастап, жау тұрағына түнде шабуыл жасап, 200 неміс солдатын жояды.

Баукеңнің соғыс жылдарындағы қызмет бабы мен әскери атағы мынадай болады:

1) 1941 жылдың шілде айында атқыштар батальонының командирі, аға лейтенант.

2) 26.11.1941 ж. 1073 атқыштар полкының командирі, аға лейтенант.

3) 10.12.1941 ж. 1075 атқыштар полкы командирінің орынбасары, аға лейтенант.

4) 23.02.1942 ж. 1073 атқыштар полкының командирі, капитан.

5) 1943 жылдың желтоқсаны мен 1944 жылдың наурыз айлары аралығында демалыста, полковник.

6) 1944 жылдың мамыр мен қазан айлары аралығында К.Е. Ворошилов атындағы Жоғары Әскери Академиясының жанындағы білім жетілдіру курсының тыңдаушысы, полковник.

7) 21.01.1945 ж. 9-гвардиялық дивизия командирінің орынбасары, полковник.

8) 28.03.1945 ж. 9-гвардиялық дивизия командирі, полковник.

Әскери атақтары жөнінде Батыс майданы әскерлеріне арналған №0413 бұйрық бойынша 1941 жылы 19-желтоқсанда капитан, Калинин майданы әскерлеріне арналған №0143 бұйрық бойынша 1942 жылы 10-мамырда майор, ал Қорғаныс Халық Комиссариатының №06190 бұйрығы бойынша 1942 жылдың 2-қазанында подполковник.

А. Бек пен Ө. Нұршайықовтың «Арпалыс» және «Ақиқат пен аңыз» батыр атамyzды да, өздерін де жұртшылыққа кеңінен таратқан шығармалары болғаны баршамызға аян. Олай болса бұл екі шығарманың жазылуына Б. Момышұлының сіңірген еңбегі аз емес. Екі автор да кейіпкердің баяндауынан аса көп ауытқыған жоқ. Қайта оқырман көңілінен шығатындай үлкен туындыға айналдырды.

А. Бектің «Арпалыс» романын деректі шығармалардың қатарынан жатқызсақ, Ө. Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогы қазақ прозасында бұрын-соңды болмаған жаңа үлгідегі шығарма еді. Басынан аяғына дейін журналистік стильмен сұрақ-жауап, яғни интервью сипатында жазылды. «Москва үшін шайқас» романына қайта оралатын болсақ, Б. Момышұлы өзінің басынан өткізген сұрапыл күндердегі шытырман оқиғаларды жүйелі түрде жеке-жеке тақырыптарға бөліп, рет-ретімен шығарманың композициясын құрған. Мәскеу түбіндегі ұлы қырғындағы оқиғалар арқылы кейіпкердің 1941-1945 жылдар аралығындағы өсу жолын анық көреміз. Отызға әлі толмаған аға лейтенант аз уақыттың ішінде өзі басқарған батальонды дивизияға, кейіннен армия құрамындағы үлгілі батальон етіп шығарды. Жай ғана үлгілі батальон емес, батырлар батальонына айналдырды. Соғыста жалғыз Момышұлы батальон басқарған жоқ, батальон басқарғандар армия құрамында көптеп кездеседі. Бірақ оның барлығы аға лейтенант емес, азы капитан, біразы майор еді. Кейбір деректерге сүйенсек, қоршауда қалған кеңес құрамаларының көпшілігі із-түссіз жойылып кетіп отырған. Олардың арасында батальон, полк, дивизия түгелдей жойылып кеткен кездері болған. Осы тұрғыдан келгенде Б. Момышұлы әскери мыңбасы ретінде басқарудың өзіндік үлгісін көрсеткен адам. Олай болса, бес рет қоршау бұзып, айтып жеткізе алмас ерліктер жасаған Бауыржан Момышұлының ерліктері неге ескерілмей қалды деген заңды сұрақ туындайды. Бәсе, неге ескерілмеді екен?

Оның ол кездегі ешкімге ұқсамайтын фамилиясы ма, жоқ әлде шындықты шімірікпестен бетке айтатын қайтпас қайсар мінезі ме?

Меніңше екеуі де секілді. Ө. Нұршайықовтың: Сізге неге батыр атағы мен генерал атағын бермеді деген сауалына ол, бұған менің де қосқан үлесім аз емес деп өзінің мінезі мен фамилиясын меңзеген.

Алайда, 1941 жылы қараша айында Панфилов өз қолымен Бауыржан Момышұлын сол кездегі жоғары награда Ленин орденіне ұсынған екен. Арада біраз уақыт салып, тағы да Панфилов Момышұлының ерліктеріне тәнті болып, оны Совет Одағының Батыры атағына ұсынады. Ол кезде Б. Момышұлы бұл марапаттардың бір де біреуін алған жоқ. Неге бұлай болғаны осы күнге дейін белгісіз күйде қалып отыр. Соғыстың қайнап тұрған кезінде дивизия командирі генерал Панфиловтың ұсынысы неге аяқсыз қалды деген ой кімді болса мазалауы сөзсіз.

Осы жерде тағы бір мәселеге көңіл бөлейік. Б. Момышұлы аға лейтенант кезінде полкті басқарғаны көпшілікке мәлім. Бұл туралы армия қолбасшысының өзі тағайындау туралы бұйрыққа қол қойып тұрған кезде:

- Момышұлы жолдас, басқа армияны білмеймін, ал мен басқарып отырған армияда сізден басқа полк басқарып отырған аға лейтенант жоқ, – деді. Осы сөздің астарында көп мән жатыр. Біріншіден, соғыстың қайнап тұрған кезінде, құрамында он шақты мың адамы бар полк басқару түгіл, құрамында отыз адамы бар взвод басқарудың өзі қиын екенін айтқан орынды болар. Екіншіден, бұл мәселеге жүйелі түрде келетін болсақ, ол кезде де, қазір де әскери жарғы бойынша аға лейтенанттар взвод, ары кетсе рота басқарады. Ал, Б. Момышұлы бірден батальонды қабылдап, бір жылға толар-толмас уақытта сол әскери шенімен полк басқарды. Шындығына келсек, әскердің жарғы бойынша полкті подполковник немесе полковник шеніндегі әскери адамдар басқаруға тиісті.

Әлбетте, 1073 полкті басқаратын жоғарғы шенді офицерлер табылмай қалған жоқ шығар. Жоғарғы әскери басшылар Б. Момышұлының біліміне, қабілетіне қарап көптің ішінен тандап алып, тағайындағаны сөзсіз. Ол кезде Б. Момышұлының әскери жоғары білімді соғыс аяқталғаннан кейін, әскери академияны бітіргеннен соң алды.

Осындай ерен ерлігімен аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлының Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі, әсіресе Мәскеу түбіндегі ерлігі ғасырдан ғасырға жалғасын табатын құбылыс. “Отан үшін отқа түс, күймейсің” деген ұраны барлық қазақ халқын туған жерін сүйуге, Отанын жаудан қасық қаны қалғанша қорғауға шақырады. Қаһарман Бауыржан Момышұлының ерлігі кешегі елін, жерін, тілін қорғаған ата-бабаларымыздың ғасырда бір-ақ рет қайталанатын ерлігінің жалғасы. “Адам кеудесінде жаны бар да Отаны үшін күресуі тиіс” – деген Әлішер Науаидың сөзін Баукең қалай орындаған десеңші...

Халық қаһарманы Б. Момышұлы: «Солдаттардың бойында жауынгерлік қасиетті тәрбиелеуде халықтың басынан өткен жауынгерлік жолдары мен ұлттық дәстүрлердің маңызы аса зор екеніне көзім жетті», – дейді. Патриотизм туралы Б. Момышұлы, - Отанға /мемлекетке/ деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығының қоғамдық-мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, ал мемлекетті нығайту дегеніміз жеке адамны күшейту екенін мойындау, дәлірек айтқанда, патриотизм мемлекет деген ұғымды, жеке адаммен, яғни оның өткені мен бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасты білдіреді деп атап көрсеткен.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың араласуымен, 1990 жылы Бауыржан Момышұлына КСРО Президенті М.С. Горбачевтың Жарлығына сәйкес Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі.

Сөз соңында «Қазақстан патриотизмінің іргетасы – барлық азаматтардың тең құқылығы және олардың Отан намысы алдындағы жалпы жауапкершілігі. Біздің еліміздің әрбір азаматы өзін өз жерінің қожасы ретінде сезінуге тиіс», – деген Елбасымыздың сөзімімен аяқтағым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР Президенті Н. Назарбаевтың 2014 жылғы 11 қарашадағы Қазақстан халқына «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауы.
2. Бек А. Арпалыс
3. Нұршайықов Ә. Аңыз бен ақиқат
4. Момышұлы Б. Волоколамское шоссе
5. Сүйінбай Т. «Егемен Қазақстан» газеті, 16.01. 2015 ж.

Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты ұйымдастыру

А.Е. СЕЙТКАЛИЕВА,

Батыс Қазақстан Жоғары медициналық колледжінің арнайы пән оқытушысы

Ойлау жеңіл, ал ойды іске асыру – өмірдегі ең қиын нәрсе. Гете

XXI ғасыр – мәдениеттің, білім мен ғылымның ғасыры.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі ең алдымен білімділік деңгеймен анықталады», – деп атап көрсеткен болатын. Елбасы Қазақстан халқына жолдауында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек» деген.

Елбасының ел ертеңі – бүгінгі жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруді бірінші кезекке қоюын ұлт болашағына деген үлкен қамқорлық деп білуіміз керек. Өйткені, өркениетті қоғамды дамытудың ең басты қозғаушы күші – білім.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Сапалы білім беру – қай кезде де болмасын қоғамның басты құндылықтарының бірінен саналады. Ал бүгінгі қоғамның әлеуметтік және ғылыми-техникалық прогресі қарқынды дамып отырған заманда адамның интеллектуалдық еңбек үлесі өсіп, білім деңгейіне және әрбір жеке тұлғаның шығармашылық даралығының дамуы мен кәсіби бағыттылығына қойылатын талаптар арта түсуде. Қазіргі қоғамның алдында тұрған күрделі мәселелердің бірі – әрбір жас ұрпақтың бойына бәсекеге қабілетті құндылық қасиеттерді қалыптастырып, дамыту мәселелеріне айрықша көңіл бөлу.

Сабақ – әр мұғалімнің шығармашылық жұмысы. Оқытушының кәсіби білімі қаншалықты жоғары болса, ол оқытып, тәрбиелеген оқушы да соншалықты сауатты. Қазіргі кезеңде білім беру саласында әлемдік білім кеңестігіне ұмтылуға байланысты жасалынып жатқан талпыныстар білім алушылардың дербестігін, ізденімпаздығын, белсенділігін дамытып, білімі мен біліктерін өмірдің жаңа жағдайында пайдалана білуге үйрету қажеттілігі туындайды. Бәсекеге қабілетті тұлға даярлау үшін біз сол тұлғаны өздігінен ізденуге, шығармашыл қабілетін дамытуға даярлауымыз қажет. Ол үшін оларға өз алдына мақсат қоюға, соған жететін әрекеттерді айқындап алуға үйретуіміз керек.

Теориялық және тәжірибелік сабақтарды ұйымдастырудың негізгі мақсаты – білімді маман даярлау. Оқыту мен тәрбие ісінде ең бір негізгі мәселелердің бірі – білім алушыларды жинақталған әлеуметтік тәжірибемен қамтамасыз ету.

Бұл үрдістің нәтижесі – іскерлік. Іскерлік адамның өмірде жинаған тәжірибелермен және біліммен өлшенеді, демек шығармашылық жұмыстар мен іскерлікке негіз болады. Үлгерімі төмен білім алушылар – күнделікті педагогикалық әсерге көне бермейтін, өзіне үнемі қосымша уақыт бөліп қарауды, оқытушының ерік-жігерін, күшін, қажырлы педагогикалық еңбегін қажетсінетін білім алушы. Үлгермеушілерге тәрбие ықпалына көнбейтін оқушыларды жатқызуға болады. Әрбіреуіміз жеке өмірімізден мысал келтіре аламыз, педагогикалық тәжірибеден немесе тарихқа сүйенсек, әлемге таныл-мал химик Либих 14 жасында үлгермеу себебінен мектепті тастап кетсе, 21 жасында ол профессор атағына ие болды.

Оқыту процесінде мынадай қиындықтар кездеседі:

- Ақыл-ой қызметінің төмендігі;
- Оқуға ынтасының болмауы;
- Оқу процесін ұйымдастыру деңгейінің төмендігі.

Сондай білім алушылармен не істеу керек?

Әрине, қосымша сабақтар ұйымдастырып, шақыруымыз керек.

Үлгермеушілермен жұмыстану үшін оқытушы өз алдына келесі міндеттер қояды:

- Білім алушылардың жеке қабілет ерекшеліктерін ескере отырып, анықтау;

- Өдістемелік әзірлемелерді әр түрлі деңгейге бөліп, қарастыру.

Үлгермеушілермен жұмыстану әдістері:

1. Сабақта жеке жұмыс атқару, мысалы: мәтінді оқу және мазмұнын айту; сөздік жаттау; оқу-өдістемелік құралдармен жұмыстану; қосымша әдебиетпен жұмыс жасау; деңгейлік оқыту (әр адамның қабілетіне байланысты тапсырмалар беру);

2. Жеке тапсырмалар: аудиториядан тыс, жеке тапсырмалар орындау, оқу өдістемелік құрал бойынша дайындау, дидактикалық карточкамен жұмыстану, презентация құру, сол топтағы жақсы оқытындармен бірге дайындалуға тәлімгер ретінде тағайындау;

3. Топ жетекшісін сабаққа қатыстыру: топ ұжымында білім алушының интеллектуалды деңгейін анықтау;

4. Білім алушыларды үйірге тарту: ізденіс зерттеу жұмыс арқылы танымдық әрекеті, оқуға ынтасы жоғарылайды, пәнге деген қызығушылық артады.

5. Психологиялық тренинг: үлгермеушілермен жеке жұмыстану; ата-анасымен жеке жұмыстану; танымдық процестерді дамыту – қабілетін және қызығушылықтарын ояту;

6. Тренингтер атауы: психологиялық жаттығу, көңіл күй барометрі, еске түсіру, көңіл күйді бейнелеу, релаксация, орындық жаттығуы, менің көңіл күйім, эмоция, көңілді өзіме аударамын, сиқырлы қарындаш, сиқырлы қобдиша, джунглидегі жаңбыр, кім жылдам? т.б.

Сонымен, қорытындылай келе, үлгермеушілерді тәрбиелеу проблемасын ата-аналар, психологтар, педагогтар болып бірігіп қолға алуымыз қажет.

Өйткені, оқу процесінде жүрген кемшіліктерді уақыт өткен соң қайтадан қалпына келтіру қиын.

Ұрпағымыздың жұмсақ мінезді, мейірімді, байланыс жасауда қиындық тудырмауы үшін, өмірдің қатал сынына төзбей, үлгермеушілердің тәрбиесіне бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып іске кірісуіміз қажет.

Қорытындылай келе, мынандай тұжырым жасауға болады: үлгермеушінің себебін дұрыс анықтағанда ғана жою жолдарын білу, сабақтың сапасын жақсарту, нақты көмек және бүкіл отбасының педагогтармен байланыста болу, оқыту кезінде түрлі әдістерді қолдану, оқыту процесін нақты бақылау, жоғары үлгерімнің және әр түрлі интеллектуалды деңгейінің жетістіктерінің тиімді жолдарын қарастыру. Алдымызда отырған әр білім алушыны бәсекеге қабілетті, өмірде өзін-өзі дамытуға бейім, үздіксіз білім жүйесінде белгілі бір құндылыққа жетелейтін Қазақстан азаматы ретінде тәрбиелеуіміз үшін оқушының ықыласын оятып, өзінің ғана емес, өзгенің өсуіне де ықпал ететіндей деңгейге жеткізуге тиіспіз.

Жаңадан келген оқытушыларға беретін ұсыныстарым:

- Үлгермеушілерге бірден жағдаятты сұрақ қойып, тез жауабын талап етпеу қажет;
- Білім алушының ойлану мен дайындалуына жеткілікті уақыт беру қажет;
- Аз уақыт ішінде үлкен материалды меңгеріп алулары мүмкін емес, сондықтан қиын материалды шама келгенше бөлімдерге бөліп беру керек;
- Әр сабаққа тапсырмаларды деңгеймен бөліп дайындау қажет;
- Үлгермейтін білім алушыны психологиялық тұрғыдан қажытпау қажет;
- Сабақ барысында қысымшылық түсірмеу қажет;
- Сабаққа оқытушы жақсы дайындалып келген жөн.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Қазақстан-2050» даму стратегиясы.
2. Валиева М. Жаңа педагогикалық технологиялар. Өдістемелік нұсқау. 2007 ж.
3. Шанский Н.М. В мире слов. Пособие для учителей. – М., 1999 г.

Қазақстан Республикасының білім жүйесіндегі 12 жылдық білім беру

Марина Бурктбаевна СУЛЕЙМЕНОВА,

Шымкент Университетінің «Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистрі

12 жылдық білім беру жүйесінің нәтижелі болуына басты себепкер – білікті мұғалім. Себебі, оқушы мұғалімнің айтқанымен шектелмей ары қарай өзін-өзі алып кете алатын деңгейге жету керек. Ол үшін әрбір ұстаз оқушы талабын қанағаттандыра отырып, кәсібиліктің биік шыңынан көріне білген жағдайда, жүктелген міндеттерді атқару жеңілге түседі. Қанша жылғы білім жүйесін енгізіп, қандай тәртіп орнатсақ та, білікті мамандар мен талапты шәкірттер қатары аз болған жағдайда кез келген жүйе ілгері баспайтыны анық.

Елімізде 12 жылдық білім беру жүйесіне көшудің алғашқы сатылары 2011-2014 жылдары қолға алынған болатын. Осы жылдардан бастап мектептерде оқулықтар жаңартылып, жаңа стандартқа икемделе бастады. ХХІ ғасырдың зерек жастарына жаңаша ойлау мен өзгеше жүйеде білім беру бүгінгі таңның басты талабы екенін ескерсек, бұл өзгерістер толығымен қолдауға ие болары сөзсіз.

Барлық оқыту бағдарламаларын жаңартып, базаны жетілдіру, ұстаздарды қайтадан даярлықтан өткізіп, бағалаудың жаңа түрін енгізу – маңызды қадамдардың бірі. Ал, оның нақты нәтижесін жаңа білім беру жүйесіне сатылап көшу арқылы біле аламыз. Сондықтан да 2015 жылдан бері бұл жүйе бірінші, бесінші, он бірінші сыныптарды қамтыды. Әрине, алғашқыда жаңа бастамаға қарсы ата-аналар қатары аз болған жоқ. Мұның негізгі бір себебі, түсіндіру жұмыстарының дұрыс жүргізілмегенінде жатса керек. ҚР Білім және ғылым министрлігі бұндай жауапкершілігі зор қадамды асығыс қабылдай салды деп айтуға да болмайды. Демек, аландауға негіз жоқ. Ашылып жатқан тәжірибелік сыныптар, даярлаудан өткізілген ұстаздардың барлығы да толықтай жүйенің маңызы мен мәнін сезіне отырып, түбегейлі іске кіріскен.

Жаңа жүйенің басты мәнін Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың: «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары. Мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан жүктелетін міндет өте ауыр», - деген сөзімен түйіндеуге болады.

Қоғамның дамып өркендеуіне байланысты қазіргі таңда білім саласында ең өзекті мәселенің бірі әлемдік білім кеңістігіне жол ашатын 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу болып отыр. Білім берудің бұл үлгісі әлемнің 80% астам елдерінде қолданылады. Бұл – соңғы жиырма-отыз жылда ғылым мен техниканың орасан жетістіктерге қол жеткізіп, жаңа технологиялардың қоғам өмірінің әр түрлі саласында кеңінен енгізілуіне байланысты туындаған жағдай. Сондықтан жастарды жаңа кезеңнің талаптарына сай тәрбиелеу үшін оларға жаңа, мазмұны жоғары деңгейде білім беру қажет. Ендеше, Қазақстан Республикасы да әлемдік тұтастықтың бірі ретінде бұл мәселеден шет қала алмайды. Керісінше, біз Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім кеңістігіне үйлестіруге мейлінше ұмтылудамыз.

12 жылдық білім берудің негізі адамның жеке тұлғалық қасиетін қалыптастыру болып табылады. Адам тұлға болып тумайды, ол өмір сүру барысында тәрбие арқылы қалыптасады. Тұлғалық туралы адам өзін-өзі танып, өз өмірін өзі жасай бастағанда сөз ету керек.

Білімді, шығармашыл, бәсекелік қабілеті мол тұлға тәрбиелеу негізінде Қазақстан Республикасында 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы жасалып отыр. 12 жылдық білім беру мазмұнының негізгі мақсаты – дамып келе жатқан қоғамда өмір сүруге икемді, қоғам пайдасына қарай өзін-өзі толық жүзеге асыруға дайын білімді, шығармашылыққа бейім, құзыретті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

12 жылдық білім беру ерекшелігі – білім беру парадигмасының өзгеруі, яғни білім, білік, дағдыға негізделген білім беру мазмұнынан құзыреттілікке негізделген білім беру мазмұнына ауысу. Жалпы орта білімнің құрылымы балалардың психологиялық-физиологиялық тұлғалық ерекшеліктеріне сәйкес болуы қажет. ТМД және шетел ғалымдарының пікірінше де (физиологтар, психологтар, педагогтар), 12 жылдық білім берудің құрылымы оқыту және жас ерекшелігінің дамуына сәйкестігін ескеру қажет деп қолдап отыр.

Францияда XX ғасырдың ортасында білімді қаржыландыру 14 есеге өсіп, ақысыз оқу мен ақылы оқудың арақатынасы 80 мен 20 пайыз болған. Бұл мемлекет мектепке дейінгі балалар тәрбиесімен айналысатын ең алдыңғы қатарлы мемлекет болып табылады. Онда «Аналық мектебі» және «Бүлдіршіндер сыныбы» балабақшалары бар. Францияда 12 жылдық білім беру жүйесі бекітілген. Онда орта білім беру 10 жылдық (6-16 жасқа дейін) мектеп ақысыз, ал 12 жылдық мектеп міндетті емес. Францияда 5 жылдық элементар мектепті бітірген балалар оқуын жалпы білім беретін 4-5 жылдық колледждерде жалғастырады. Толық емес орта мектеп біртекті жалпыға міндетті колледж бастауыш сынып негізінде құралған. Бітірушінің кәсіби мамандығына сәйкес (бакалавр) дипломды иемденуде олар бірнеше секцияға ие болады. Бастауыш және орта мектеп деңгейінде оқушылардың білім, іскерлік дағдысын бағалауда арнайы екі шкаланы қолданады. Мектепті тәмамдағаннан кейін оқушылардың барлығы бакалавр курсына сәйкес емтихан тапсырады.

Англия және ағылшын тілді елдерде грамматикалық, техникалық, кешенді 4 түрлі мектеп түрі қызмет етеді. Англияда орта білімді бітіріп, 16 жастан кейін балалар мектептің берген сертификатымен жұмысқа орналасуларына болады. Шетел мектептерінде жоғары мектепке оқушылар оқу үлгеріміне қарай және мектеп берген мінездеме негізінде арнайы мемлекеттік комиссияның шешімімен қабылданады. Оқушылардың үлгірім деңгейлеріне қарай оқуларын ері қарай жалғастыруға болатын мемлекеттер қатарына Германия, Франция, Жапония сияқты елдер жатады. Әлемдік тәжірибе мемлекеттердің экономикалық дағдарыстан шығуымен бірге білім саласын қаржыландыру қатар жүргенін көрсетеді. Мәселен, 1955 пен 1985 жж. аралығында Жапонияда білімді қаржыландыру 20 есе артқан. Бұл елде мектептің жоғары сатысы (10-12 сыныптар) 5 түрлі техникалық, сауда, ауыл шаруашылық, флоттық қосымша мектептер болып құрылған. Жапонияда балабақшалар білім берудің маңызды бөлімі емес. Балалар балабақшаға ата-аналарының қалауымен 4 жаста да баруы мүмкін. Жапон елінде 9 жылдық білім беру ақысыз, білім беру құрылымы $6 + 3 + 3$ (6 жылдық бастауыш мектеп – чугакко, 3 жылдық кіші орта мектеп – чугако, 3 жылдық жоғары орта мектеп – като-гакко). Бастауыш сыныптарда негізгі сабақтар жапон тілі, арифметика, қалған сабақтар – жаратылыстану, қоғамтану, музыка, этика, дене тәрбиесі, өнер, қолөнер өтіледі. Кіші орта мектепке – емтихансыз, жоғары орта мектепке емтихан тапсырып түсе алады. Білімді тексеру тәсілі – жазбаша тест. Бастауыш және орта мектепте 5 дәрежелі шкала бағасы қолданылады: S (өте жақсы), A (жақсы), B (қанағаттанарлық), C (нашар), D (өте нашар).

Монғол елінде 12 жылдық білім беру жүйесіне 2006 жылы көшірілу басталып, кейбір аймақтар мен аудандарда эксперимент жүргізілген. 12 жылдықтың алғашқы түлектері 2014-2015 аралығында бітіреді. Балаларды мектепке 6 жастан бастап қабылдайды. Монғолияда 12 жылдық білім беру жүйесі $6 + 3 + 3$ сатыларынан тұрады.

Қытайда 1990 жж. аяғында жалпай білім беруге байланысты 9 жылдық білім беру енгізілді. Ал жалпы орта білім беру 12 жылдықты құрайды, бірақ бұл барлығына міндетті емес. Қытайда мектепке дейінгі білім беру 3-6 жас аралығын қамтиды. Бұл елдің базалық білім беру жүйесіне мектепалды, бастауыш, орта толық емес, толық орта білім беру жатады. Қытай білім беру конституциясында жалпы білім беру ұзақтығы 9 жылдық мерзім бекітілген. Оқу бағдарламасында бастапқы 1-2 сынып, негізгі бастауыш 4 жыл (3-сыныптар), бастауыш орта 3 жыл (7-9 сыныптар). Бастауыш сыныпта енгізілген жаңа пән «Адамгершілік және өмір». Бұл пән орта бастауыш сыныпта (3-6 сыныпта) «Адамгершілік және қоғам» болып күрделенеді де «Ғылым пәні» деп оқытыла бастайды. Бұл пән балаларды ғылыми жұмыстың негізгі әдістерімен таныстыра отырып, олар жас ерекшелігіне қарай ғылыми жобалар даярлайды. ҚХР мектептерінде тест арқылы педагогикалық бақылау жасалынады.

Әдебиеттер

1. Смагулова Г.К. 12-летнее образование в других странах. // Вестн. КазНУ им. аль-Фараби. – Алматы, 2012.
2. Карибаева А.А. 12-летнее образование в странах с переходной экономикой // Вестн. КазНПУ им. Абая. Сер. Языки народов мира. – 2006. – №1 (8). – С. 87-89.
3. Дружинский А.Н. Международный опыт 12-летнего среднего образования: Сб. Междунар. науч.-практ. конф.
4. «Научное обеспечение функционирования 12-летнего среднего образования». – Алматы, 2007. – Ч. 1. – С. 45-49.

Қазақстан Республикасының білім беру тенденциялары

Эльмира Берікқызы САУХЫМБАЕВА,

Шымкент Университетінің «Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистрі

Кілт сөздер: *білім беру, компьютерлендіру, ақпараттандыру*

Қазіргі қоғамдағы білім берудің жеке бір мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық ілгерілеуі мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің факторы ретіндегі мәні өсуде. Білім берудің қоғам мен индивидумға ықпалының көптігі әлеуметтік және экономикалық өзгерістер сипатынан, сондай-ақ қоғамдық қарым-қатынастар жүйесіндегі өзгерістердің білім беруден мобильділікті, жаңа уақыт талабына сай адекватты жауапты талап ететін сипатынан көрініс табады.

Қазақстанның Болон декларациясына қол қоюымен Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне қосылуына байланысты жоғары білім беруді жетілдіру мен модификацияның, жоғары оқу орындарының академиялық саясатының мазмұнын қайта қарау және жаңа ұрпақтың негізгі білім беру бағдарламаларын өңдеу қажеттілігі туындады. Қазіргі таңда елде жоғары білім беру жүйесін модернизациялаудың қарқынды процесі жүріп жатыр. Олар: кадрларды дайындаудың көп деңгейлік жүйесін жүзеге асыру, білім беру қызметі спектрінің кеңейтілуі, жаңа мамандықтардың пайда болуы, жоғары оқу орындарында құрылымдық қайта құрулардың жүргізілуі.

Дегенмен білім беру жүйесіндегі түбегейлі өзгерістерді түсінудің әр түрлі деңгейі бұл саладағы қойылған міндеттерді тиімді және толықтай қамтамасыз етпейді. Осы жағдайды ескере отырып, Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесін қайта құрудағы білім беру процесіне субъектілердің жалпы қарым-қатынасын, сондай-ақ олардың жақын арадағы және ұзақ мерзімді болашақта нені күтетіндігін меңгеру мақсатында сапалы зерттеу жүргізілді.

Зерттеудің мақсаттық тобы (объектісі) – жас ғалымдар – жаратылыстану, техникалық және әлеуметтік ғылымдар саласы бойынша арнайы дипломдары бар мамандар. Сұхбатқа 25 пен 35 жас аралығындағы 10 адам қатысты.

Қазақстанның жоғары білім беруіндегі модернизация: қазіргі жағдайы мен болашағы

Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде Қазақстанның Болон процесіне интеграциялануына байланысты әр түрлі тенденциялар орын алуда, атап айтқанда, оқытудың кредиттік технологиясына негізделген кадрларды дайындаудың үш деңгейіне – «бакалавриат-магистратура PhD докторантура» толық өту жүзеге асырылуда; жоғары білім беруді ғылымиландыруға аса назар аударылуда (жаңа басылымда ҚР-дың «Ғылым туралы» Заңы қабылданды). Дегенмен академиялық ортадағы бұл қайта құрылымға қарым-қатынас кереғарлықпен сипатталады. Мысалы, терең сұхбаттың көптеген қатысушылары (67%) білім берудің жоғары сапасына жету үшін жаңа өзгерістерді енгізудің мақсаттылығы мен тиімділігін мойындайды.

«Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының ЖОО-ның жаңа кезеңге – Болон процесі стандарттарына толықтай өтудің кезеңіне өтудегі трансформация процесі жүзеге асырылуда. Нақты мысал – жоғары білім берудегі құрылымдық өзгертулерге бағытталған ҚР-дың «Ғылым туралы» Заңының қабылдануы. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін ЖОО-ы мен өндіріс арасында байланыс жоғалды. Жоғары білім беру трансформациясы бойынша ҚР-дың ҒБМ-мен қабылданған шаралар бұл мәселелерді толықтыруға бағытталған. Сонымен қатар, қазіргі таңда білім беру саясатының басты міндеттерінің бірі болып табылатын зерттеу жұмысымен айналысатын университеттерді құру туралы міндеттер қойылды»;

«Болон Конвенциясы білім беру сапасын жақсартуға – оқытудың кредиттік технологиясы бойынша студенттердің сабақтарына өз бетінше дайындалуға ықпал етеді. ҚР-дың «Ғылым туралы» қабылданған Заңы Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін дамытуға ықпал етеді»;

«Жаһандық және интеграциялық процестерден басқа білім беру жүйесінде басқаларға онша түсінікті емес, бірақ сарапшылар үшін түсінікті бұл – гуманизация және білім берудің гуманитаризациясы; білім беру диверсификациясы (білім беруге ықпал ететін жеке секторлардың ықпалының күші), компьютерлендіру, ақпараттандыру сияқты басқа да өзгерістер жүргізілуде».

Сонымен қатар жас ғалымдар отандық ғылымның теориялық дәлелділігі мен пайдалығына толықтай сенімді екендіктерін, сондай-ақ қазақстандық ғалымдардың әлемдік ғылымның дамуына айтарлықтай үлес қоса алатындықтарын айтады:

«Қазақстан әлемдік қауымдастықта, сондай-ақ білім беру кеңістігінде өзіне лайықты орынды иеленуі тиіс. Біздің жүйені басқалардан артта қалып қояды деп айтуға болмайды. Кейбір реформалар бойынша біз Ресей мен ТМД-ның басқа елдерінен алдамыз. Қазақстандағы жоғары білім берудің теориялық негізі өте мықты. Бұл жағдайдағы тек бір кемшілік – білім берудің тәжірибелік қырының, яғни тәжірибенің болмауы. Ғылыми айналымда «білім тек жеке бір мемлекеттің ғана емес, бүкіл елдің жетістігі болып табылатын білім транснационализациясы» сияқты термин қолданылады. Біз Батыс Еуропаның, АҚШ және т.б. теорияларын оқимыз. Сондай-ақ, егер басқа елдерде аз қызығушылықты тудырмайтын қазақстандық ғалымдардың еңбектері мен теорияларымен таныс болса жақсы болар еді. Бұл еңбектер әлемдік ғылыми қауымдастыққа таныстырылуы тиіс». Сонымен қатар, білім беру жүйесіндегі қандай да бір өзгерістерге қарсы ақпарат берушілер тарапынан сыни бағалар берілуде. Олардың ойынша, жиі жүйелік-ұйымдастырушылық қайта құрылымдар білім беру сапасын жоғарылатуға емес, керісінше қол жетілген деңгейдің төмендеуіне ықпал етеді:

«Кадрларды дайындаудың «магистратура - PhD докторантура» жүйесін енгізуді тіпті дұрыс емес деп санаймын. Кеңес дәуірінде біздің білім беру ең күштісі ретінде саналған. Кандидаттық немесе докторлық диссертациялар жылдап дайындалып, жазылатын. 2-3 жыл ішінде магистр немесе PhD докторанттарды дайындау мүмкін емес деп санаймын»;

«Жалпы, жоғары білім беру жүйесіндегі жиі өзгерістер жақсы қорытындыға алып келмейді. Қандай да бір нақты үлгіні қабылдап, сол бойынша жүру қажет».

Жалпы барлық ақпарат берушілер ғылым, ғылыми-техникалық өңдеулер, өндіріс пен жоғары білім беруді сабақтастыруды жоғары білім беру модернизациясының тиімділігін қамтамасыз етудің басты шарты екендігін бірауыздан атаған:

«Біздің Қазақстанда үлкен және мықты шикізаттық база бар. Өндірісті көтеру, басқа елдердің тәжірибелерін меңгеру үшін халықаралық ынтымақтастықты белсендіру қажет»;

«Өндіріспен байланысты орнату қажет. Қымбат тұратын жобалар мен өзіміздің ғылыми еңбектеріміздің қорытындылары бойынша біз құнды нәтижелерді алудамыз, бірақ олар жүзеге асырылмай қалып жатыр»;

«Қазақстанда барлық өндіріс орындары мен ұйымдар студенттерді тәжірибеден өтуге қабылдауға келісе бермейді, басқаша айтқанда, ынтымақтастық үшін олар жабық. Сондай-ақ студенттерді жұмысқа қабылдауда олар студенттерден жұмыс тәжірибесін талап етеді»;

«Ерекше көңілді ғылымды дамытуға, жаңа технологияларды енгізуге, сонымен қатар ғылыми мекемелер мен кәсіпорындардың интеграциясын қамтамасыз етуге аудару тиіс. Ғылыми зерттеулер фундаментальді сияқты қолданбалы сипатта да болуы тиіс».

«Студенттер пәнді, оқытушыларды таңдауда еркін», «Студенттер жақсы нәтиже беретіндей, оқуының бір жылын шетелдік ЖОО-да өткізу мүмкіндігіне ие» сияқты оң алға жылжуларға қарамастан, көптеген респонденттер оқытудың кредиттік жүйесіне өтуді тоқтататын түрткі жайттар ретінде қазақстандық студенттердің менталитетінің, оқу ғылыми құрал-жабдықтарының ескіру ерекшеліктерін санайды.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Ақпанбек Г. Қазақтардың дүниетанымы. – Алматы, Қазақ университеті, 2009 ж.
2. Айтмамбетова Б. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. – Алматы, 2011 ж.
3. Айтмамбетова Б., Бозжанова К.
- Балаларды семьяда адамгершілікке тәрбиелеудің кейбір мәселелері. – Алматы, 2015 ж.
4. Айтмамбетова Б., Бейсенбаева А. Тәрбиенің жалпы әдістері. – Алматы, 2012 ж.

Ұлттық сана-сезім көкжиегін кеңейтуде жастарға психологиялық бағыт берудің маңыздылығы

А.А. КЕРИМБЕКОВА, п.ғ.к., аға оқытушы, **Н.Т. БЕКТАЕВА**, магистр, аға оқытушы,
Шымкент университеті, «Педагогика» кафедрасы

Кілт сөздер: патриотизм, рухани жаңғыру,

Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар

Жас буын өкілдері халықтың игі дәстүрінен тәлім алып, елжандылық, патриоттық қасиеттерді бойына сіңіріп өсу үшін нақ осындай бағдардың маңыздылығы зор.

Еліміздің ұлттық білім беру жүйесінде «Қазақстандық патриотизм» ұғымы қолданылып келеді. Қазақстандық патриотизм арқылы Отан, туған жер, ел, атамекен, туған өлке туралы түсініктер оқу-тәрбие үрдісінде, сабақтан тыс іс-шараларда отансүйгіштік сезімді дамытуға, ұлттық салт-дәстүрді сақтау, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу сияқты сезімдерді оқушылар бойында қалыптастыру жүзеге асырылуда.

Ең бастысы, жас ұрпақ бойында Отанға, туған еліне деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру. Жастар тәрбиесіндегі басты ұстаным – өзін-өзі басқаруға мүмкіндік беріп, еркіндікті, сөз бостандығын, пікір бостандығын сездірту, олардың ұстанымдарымен санасу.

Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын», – дегені жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу ісінде баға жетпес ұсыныс.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы қоғам дамуына тың серпін беріп, барша қазақстандықтардың жаппай қолдауына ие болар тарихи бастама. Бұл игі бастаманы ел ішінде насихаттап, лайықты жүзеге асыру – баршамыздың міндетіміз.

Елбасы рухани жаңғырудағы ұлттық сананың рөліне баса назар аударып, бірнеше міндеттерді айқындап берді. Оның ең негізгісі ұлттың терең тарихынан бастау алатын рухани ұстанымды сақтап қалу. Құндылықтарымыз бен озық дәстүрімізді табысты жаңғырудың алғышартына айналдыра білу. Бұл ретте, Елбасы «Жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерімізді қайта түлетуіміз керек» екенін атап көрсетті. Елбасының идеясы тарихқа деген көзқарасты түзету мен ұлттық бірегейлікті сақтап, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту жайлы болып отыр: «Бізге тарих туралы өздерінің субъективті пайымдарын тықпалауға ешкімнің қақысы жоқ», – деуі шешімді пікір.

Рухани жаңғыруда қойылып отырған маңызды мәселенің бірі «сананың ашықтығы». Жаһандану үрдісіндегі басты талап – әлемдік тілдерді игеруге ұмтылу. Бұл біздің ғаламдық үрдіске толыққанды араласуымызға жол ашады. Әлемдік озық тәжірибе мен жетістіктерге қол жеткізуімізге мүмкіндік туғызатыны анық.

Жасөспірімдерде ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынаста өзін-өзі көрсетіп, білдіру қажеттілігі болады. Бұл жастағы жасөспірімнің өзін-өзі таныту үлгілері жағымды: өзін-өзі жетілдіру, жақындарына қамқорлық, күрделі отбасылық мәселелерді шешу, спорт, білім игеру т.б. және жағымсыз болуы мүмкін: мінез-құлық нормаларынан ауытқудың түрлі формалары. Өзіне-өзі сенімсіздіктің сыртқы көрінісіне реніш, бірбеткейлік, жасөспірімнің агрессиясы, жанжалдасу, эмоциялық қозу, көңіл күйдің құбылмалы болуы, ештеңені жақтырмау жатады. Егер жасөспірім үшін «мен – мінсізбін» қолжетімді болып көрінсе, онда ол өзін-өзі тәрбиелеу мен жетілдіру бағдарламасын жүзеге асыруды бастайды.

Өзін-өзі бағалаудың белгілі бір деңгейі жасөспірімнің өзіне деген сенімділігін, сынауын, немесе асқан сенімділік пен бірбеткейлікті тудырады. Әдетте өзінің бағасын білетін жасөспірімдер жоғары әлеуметтік мәртебеге ие және оқуларында да күрт өзгерістер жоқ. Өзін-өзі төмен бағалайтын жасөспірімдер депрессия мен пессимизмге бейім келеді.

Психологияда баланың психикалық денсаулығы оның дамуының маңызды факторына жатады. Мұндай рухани денсаулық психикалық ауытқушылық және бұзылулар призмасы арқылы

бағаланады: белгілі бір патологиялық симптомдардың болмауы шартты түрде деннің саулығына теңестіріледі. Алайда Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) жарғысында денсаулық дегеніміз тек қана аурулар мен физикалық кемістіктердің жоқ болуы ғана емес, физиологиялық, рухани және әлеуметтік әл-ауқаттың болуы деп көрсетілген.

Сарапшылар психикалық денсаулықтың көптеген проблемалары балалық және ерте жасөспірімдік кезеңде кездесетінін айтады. ДДСҰ мәліметтері бойынша, 12 мен 17 жас аралығындағылардың 4 пайызы және 18 жастағылардың 9 пайызы түрлі салдарға душар ететін психикалық бұзылыстардың кең тараған түрі күйзелістен зардап шегіп келеді екен. Барлық психикалық денсаулық бұзылыстарының жартысы 14 жастан басталады, алайда көпшілігі байқалмайды және емделмей қалып кетеді, салдарында бұл өмір бойы адамның психикалық денсаулығына әсер етіп отырады.

Қазіргі таңда ересектерде байқалған көптеген психикалық бұзылулар балалық шақтан бастау алады деген дәйек мойындалды. Жасөспірім кезеңде депрессия мен суицидтік мінез-құлық сияқты көптеген психикалық проблемалардың таралуы айтарлықтай артады.

ДДСҰ мәліметі бойынша, еуропа аймағында шамамен екі миллион жастар психикалық денсаулық проблемаларымен – күйзелістен бастап шизофренияға дейін зардап шегеді және олардың көпшілігі қандай да бір көмек немесе ем қабылдамайды. Ал дүние жүзі бойынша балалар мен жасөспірімдердің 20 пайызында психикалық денсаулық мәселелері кездеседі. Көптеген психикалық бұзылулар қайталанып отырады немесе созылмалы болып келеді. Қазіргі кезде психикалық бұзылулар бұрынғыға қарағанда жас қыздар арасында, әсіресе депрессиялық симптомдармен бірге жиі диагноз қойылады. Күйзелістің жастар арасындағы суицид мәселесіне қатысы бар.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметіне сәйкес 2011 жылы шамамен 7000 бала және 13000 жасөспірімде психикалық және мінез-құлық бұзылуының бастапқы диагнозы қойылған, бұл сәйкесінше балалар мен жасөспірімдер арасында 100 000 тұрғынға шаққанда 170,1 және 166,9 жағдайға сәйкес келеді. Бұл, шын мәнінде, тіпті үлкен алаңдаушылық тудырады, себебі бұған дейін 53 000 науқас шизофрения және 3500 аффективных бұзылулары бар 3 500 науқас ем қабылдаған. Сондай-ақ, көптеген мемлекеттер өздерінің психикалық денсаулықты қорғауға бөлген қаражаттарының 70 пайызын психиатриялық ауруханалардағы ұзақ уақыт күтімге жұмсайды (бұл мемлекеттер ішінде Қазақстан да бар). ДДҰ сарапшылары, егер елдер бастапқы медициналық-санитарлық көмек пен кеңес беру деңгейіне бөлінетін шығындарды көбейтсе, онда адамдардың ауқымды бөлігін қамтуға болады және көптеген ауруларды болдырмауға, қымбат тұратын стационарлық көмекке деген қажеттілікті төмендетуге болатындығын айтады.

Жалпы алғанда, балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы көптеген факторларға тәуелді: дұрыс тамақтану, күнделікті тәртіпті сақтау, таза ауада жүру, қозғалыс белсенділігі, шынығу процедуралары, психологиялық жайлылық. Бұған қоса, білім беру жүйесі баланың дамуында қауіпсіздікті қамтамасыз ететін маңызды денсаулық факторы болуы керек. Бүгінгі таңда білім беру ортасында жасөспірім ақпараттық және эмоциялық күйзелісті бастан кешіруде. Сондықтан, білім беру үдерісінің негізгі мақсаты – жасөспірімдердің тұлғалық дамуында қауіпсіз мектеп ортасын жасау болуы тиіс.

Осылайша, жас ұрпақ дамуында психикалық денсаулық маңызды рөл атқарады. Осы орайда балалар мен жасөспірімдердің психикалық ауытқуларының алдын алу өте маңызды. Себебі, бұл ел болашағына тікелей әсер етеді. Егер бұған біз бүгін күш салмасақ, ертең тым кеш болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Білім мен ғылым — даму тетігі /Елбасының ҚР Білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзі // «Егемен Қазақстан», 13 қазан, 2014 ж.
2. Скаун В.А. Введение в профессию мастера производственного обучения:Методические пособие. — М.: Высш. шк., 2010 г.
3. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына жолдауы. — Астана, 2012 жыл, 14 желтоқсан.

Қазіргі кездегі оқытудың технологияларын мектеп жасына дейінгі білім беруде пайдаланудың маңыздылығы

Гулназ Абубакировна ШАМШИЕВА,

Шымкент Университетінің «Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистрі

Кілт сөздер: *интерактивті тақта, ақпарат, мотивация, мультимедиялық технологиялар*

Қазіргі кезеңде білім саласында инновациялық педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Сондықтан мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болып отыр.

Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін, тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай туғызу қажет. Әрине, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуы педагогтардың педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты. Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық білім беру құралдарын қолданудың да маңызы зор. Инновациялық білім беру құралдарына: аудио-, видеоқұралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Қазіргі таңда көптеген интерактивтік бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып қолданыс табуда. Осындай құралдардың бірі – мультимедиялық оқулықтарды балабақшаларда кеңінен пайдалану. Бұл жағдайда тәрбиеші әр оқу іс-әрекеттерін бастар алдында жиі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді. Ал, мультимедиялық оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдаланар еді. Балабақша баласына мультимедиялық оқулықтар біріншіден, балалардың қызығушылығын арттырады, екіншіден, зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге мүмкіндік алады. Мультимедиялық оқулықтар балабақшада балаларға арналған таптырмас құрал болып табылады. Өйткені, балалардың зейіні әр түрлі әдемі түстерге, ойыншықтарға, әдемі суреттерге, әсемдікке әуес болады. Мультимедиялық электронды оқулықтар бала үшін де, тәрбиеші үшін де күнде дамытылып отыратын анық түрдегі әдістемелік жүйе болып табылады.

Мектепке дейінгі мекемелерде ақпараттық-қатынастық технология құралдарын қолданудағы мақсаты – баланың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Балада танымдық қызығушылықтың болуы олардың оқу іс-әрекеттерге белсенді, білімінің сапалы болуына, жағымды мінез-құлықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Дамыған елдердегі білім беру жүйесіндегі ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Қазіргі таңда да елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру күн тәртібінен түспей отырғандығы мәлім. Қай заманда да өркениеттің дамуы интеллектуалдық шығармашылық қабілеттіліктің негізінде жасаған, әлі де солай болып келеді. Шығармашылық адам санасының жасампаздығын және іс-әрекетінің биік белсенділігін көрсетеді. Адам қабілетінің дәрежесі, оның кәсіби іскерлік шеберлігі, бизнес пен кәсіпкерліктің нәтижелілігі, жаңалық ашуы тұлғаның шығармашылық ойлауына қатысты анықталады.

Қазіргі таңда дәстүрлі оқыту әдістемесінің заман талабына сай толық білім беруге, меңгеруге кепілдік бермейтіндігін мектеп тәжірибесі көрсетіп отыр. Сондықтан жаңартылған әдістемелік жүйенің оқыту процесінде іске асу үшін оны технологияландыру қажеттілігі туады.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігін жоғарылатуды көздейді.

Оқу процесінде компьютерлік технологияны қолдану ойды кеңейтуді іске асырып жаңа әдістің пайда болуына, оның ұйымдастыру түріне әкеледі. Білім беруді ақпараттандыру барысында дидактикалық және оқыту құралы болып табылатын компьютер. Бүгінгі мектепке келіп жатқан техникалық жаңалықтардың ішіндегі айрықша орын алатыны – интерактивті тақталар – педагогтардың оқыту үрдісін көрнекі, анық етеді, сондай-ақ кері байланысты сапалы жүзеге асырады.

Интерактивті тақтамен жұмыс істеудің мұғалім үшін артықшылығы:

1. Мұғалімге жаңа материалды сынып ортасында тұрып түсіндіруге мүмкіндік береді;
2. Кез келген қосымшалардың үстіне сурет салуға және жазба жазуға мүмкіндік береді;
3. Артық уақыт, күш-жігер жұмсамай тақтадағы кескінді, сабақ уақытында жасалған жазбаларды сақтауға және баспаға беруге және материалды қабылдау деңгейін тексеруді жеңілдетеді;
4. Мұғалімдерді оқытудың жаңа түрлерін іздеуге, кәсіби шеберлікке ынталандырады.

Интерактивті тақта кіші жастағы балаларда оқуға, жаңа білім алуға деген құштарлық туғызады. Интерактивті тақта ақпаратты кеңінен ұсыну құралы болып келеді және баланың мотивациясын күшейтеді. Мультимедиялық технологияларды пайдалану арқылы (түс, графика, дыбыс, заманауи видеотехникалық құралдар) түрлі жағдайлар мен ортаны моделдеуге болады. Мультимедиялық бағдарламаларға енгізілген ойын компоненттері үйренушінің танымдық

өрекетін белсендіреді және материалды ұғынуды күшейтеді. Оқытуда интерактивті кешендерді пайдалану сапалы, қызықты және оңтайлы болып келеді. Электрондық мультимедиялық бағдарламаларды дәстүрлі оқыту және педагогикалық инновациялармен қатар, оқыту үрдісінде үнемі қолдану дайындығы әртүрлі деңгейдегі балаларды оқыту тиімділігін көтереді. Бірнеше технологияларды пайдаланудың әсері оқыту нәтижесінің сапасын күшейтеді. Электрондық жүйеде оқытуда мультимедияны пайдалану, балаларға ақпаратты беру жылдамдығын, оны түсінуді көтеріп қана қоймай, сонымен қатар мынандай маңызды сапаларды – интуиция, образдық ойлауын дамытады. Мектепке дейінгі мекемеде интерактивті тақтаны пайдалану тәсілдері өте көп. Бұлар – презентациялар, интерактивті оқыту бағдарламалары, графикалық, бағдарламалық орталықтарда жобалар құрастыру. Сонымен интерактивті оқыту технологиясының басты ерекшелігі – оқушы оқыту үрдісінің пассивті тыңдаушысы емес, белсенді қатысушысы, керек қажетті материалмен тікелей жұмыс істеуші. Бұған қазіргі оқытудың жаңа технологиясы мүмкіндік беріп отыр. Ал басты мақсаты – оқушының ойлау, табу, шешу қабілеттерін дамыту болып табылатын математика пәні үшін озық технологияның орны ерекше. Сондықтан да орта мектептегі математиканы оқыту әдістемесі жаңа әдіс, амалдармен толықуда. Бұл әдістерді қайталау, бекіту, жаңа тақырыпты түсіндіру сабақтарында еркін пайдалануға болады.

Біз бейбіт елде, мемлекеттік білімді жетілдіруге аса мән берген елде тұрамыз. Жалпы білім берудің мақсаты – терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі дамытуға адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдерді қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру, яғни жеке тұлғаны қалыптастыруға негізделген, ақпаратты технологияны терең меңгерген, жылдам өзгеріп жататын бүгінгі заманға лайықты, жаңашыл тұлғаны қалыптастыру.

Сонымен ғылым мен техниканың даму ғасырында мұғалім инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануда сабақты дайын күйінде бағалайды, оқушының өзі ізденіп, ғылыми зерттеуді көздейді, ал мұғалімнің міндетіне оқушының іс-өрекетіне бақылау ғана жатады.

Әдебиеттер:

1. Аккуланова Б.Б. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білім беру деңгейін көтеру.
2. Исабек Н. Компьютерлік технологияны пайдаланудың оңтайлы өлшемдері.
3. Қиятовна М. Баланың тілін дамытудағы ойынның маңызы.
4. Кожанова Б.С. Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде педагогикалық технологияларды қолдану.

Бастауыш сынып оқушыларының социометриялық мәртебесін арттыру және өзін-өзі бағалау құралы ретінде ұжымдық шығармашылық іс

Айнаш Шарибековна КУЛАНОВА,

Шымкент Университетінің «Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистрі

Кілт сөздер: «ғажайып сызғыш», «Блоб ағашы», «Температураны өлшеу», «Смайликтер»

Бүгінгі күні оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау – оқу үдерісінің маңызды да салмақты бөлігі болып табылады, оқыту үдерісін басқарудың түйінді кілті бағалауда деп те айтуға болады.

Бағалау – оқыту нәтижесін анықтау үшін қолданылатын тәсіл, оқушының берілген тақырыпты меңгерудегі кемшіліктерін жоюда, оның үлгерімінің нәтижелі болуына ықпал ететін фактор. Сондай-ақ, мектеп тәжірибесіндегі бағалау баға қоюмен ғана шектелетін тәсіл емес, ол материалды меңгеру, меңгермеу фактісімен қатар оның себептерін анықтауға мүмкіндік беретін оқытудың маңызды құрамды бөлігі болып табылады.

Қазіргі білімді бағалау жүйесінде мұғалім көптеген қиындықтарға кезігіп жатады:

- «Баға қою» мектеп пен мұғалім тарапынан сыртқы бағалау функциясын атқарады: мұғалім оқушыға жауап бергені үшін немесе сабақ оқымағаны үшін баға қояды. Оқушы қаншалықты әділ баға алғанын білмей қалады, күмәнмен қарайды.

- Оқушының өздігінен оқуын қалыптастыруға мүмкіндік бермейді;

- Оқытуды даралауға қиындық келтіреді. Бұрынғы алған білімімен салыстырғанда әр баланың қаншалықты деңгейге нәтижеге жеткенін айқындау қиын;

- Көбіне «зақым» келтіреді. «Баға қою» мұғалім қолында ғана болғандықтан балаға да, ата-анаға да психологиялық қысым жасалады. Оқушылар білім үшін емес баға үшін оқиды.

- Мұғалімдер тәжірибесінде оқушының жеткен нәтижесі емес, жұмыстың көлемі мен формасын бағалау әдетке айналған;

- Бағалауда оқушыларды бір-бірімен салыстыруға екпін жасалатындықтан оқушылардың оқуға ынтасы, белсенділігі жойылады, орта деңгейде оқитын оқушылардың ынтасы мүлдем жойылып, жақсы оқитын оқушылардың жетістікке жетуіне жағдай жасалмайды.

Бес балдық жүйенің қазіргі заманға сай білім жүйесін қанағаттандыра алмауы – оқушылардың

жетістіктерін бүгінгі күннің талабына сай жаңаша бағалау жүйесін қажет етеді. Сол себептен, оқытуға деген көзқарас өзгергендіктен, оқыту нәтижесін бағалау да жаңа бағытқа ие болуда.

Оқушылардың білім нәтижелерін бағалауға байланысты Кембридждік Бағдарлама Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау модулін ұсынады. Бұл модуль бағалауды екі түрде қарастырады: суммативті (жиынтық) бағалау және жөне формативті (қалыптастырушы) бағалау. Яғни мұғалімдер оқуды бағалаумен қатар оқытуды бағалауды пайдаланғанда, бағалау оқудағы аса пайдалы құралға айналады. Сонымен қатар білім беру үрдісінде мұғалімдер мен оқушылар үшін қандай мақсатқа жету керектігін білу маңызды, ол мақсатқа жету критерийлерін түсінуді талап етеді. Оқыту нәтижесін бағалау – Бағдарламаның басты идеясы болып табылады. Сондықтан баланың тұлғасын емес, орындаған жұмысын бағалау керек. (С.Т. Шацкий)

Бағалаудың түрлері мен әдістерін ұтымды пайдалану мұғалімге оқытуды даралауға, яғни әр оқушының мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Оқушылар алда тұрған мақсаттың мәнін түсініп, оған қол жеткізу үшін не істеу қажет екенін анықтай алған жағдайда ғана олар оқу мақсатына қол жеткізеді. Сондықтан оқу барысында өзін-өзі бағалаудың маңызы зор. Әрбір оқушының сабақта қалай жұмыс жасағанын анықтауда өзі-өзі бағалауға үйретемін. Өзім дәріс беріп жүрген 2-сыныпта өзін-өзі бағалауға жас ерекшеліктеріне сай қолданамын.

Бастауыш сынып оқушылары үшін қарапайым және тиімді әдіс – «Бағдаршам» әдісі. Бағдаршам түстерін пайдаланып (жақсы, орташа, шамалы түсіндім), оқушылар өздеріне берген бағасын хабарлайды. Мұғалім «жасыл» немесе «сары» түстер бірлесіп, бір-біріне проблеманы шешуге көмектесуі үшін оларды жұпқа біріктіре алады. Ал «қызылдар» тобы өздерінің түсінбеушіліктерін жою үшін мұғаліммен топтасады.

«Басбармақ» әдісі

Тақырыпты меңгеру барысында оқушылардың қаншалықты түсінген, түсінбегенін білу үшін мұғалім қол белгілерін қолданады.

Басбармақ жоғарыға қарай = Мен түсіндім және айтып бере аламын.

Басбармақ көлденең = Мен түсінгендеймін, бірақ сенімсізбін.

Басбармақ төмен қарай = Мен әлі түсінбедім.

Мұғалім түсінбеген оқушыларға нақтылау сұрағын қояды: «Нені түсінбедің?» Түсінген оқушылардың бірнеше жауабын тыңдатады, оқушы жауаптарының негізінде қайта өзі түсіндіріп жіберуіне болады, содан кейін осы әдіспен қайталап тексеру керек.

Баспалдақ

Оқушылар баспалдақтың баспаларына оқу материалын қаншалықты меңгергенін белгілейді: төменгі саты – түсінбедім, ортаңғы саты – кішкене көмек пен түзету қажет, жоғарғы саты – жақсы меңгердім, өздігімен орындай аламын.

«Ғажайып сызғыш», «Блоб ағашы», «Температураны өлшеу», «Смайликтер» т.б. әдістер арқылы да оқушы өзін-өзі бағалай алады.

Бағалау барысында баланы мақтап, мадақтап, көтермелеп отырудың маңызы зор. Өйткені бала қашанда мақтағанды қалап, сол мақтағанға лайық болуға тырысады. Мадақтау ықпалы оқушының ұнамды көңіл күйін тудырап, өзіне деген сенімін арттыруға көмектеседі.

Бастауыш сынып оқушылары болғандықтан алдымен «Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы бағалауды үнемі назарда ұстаймын. Мұндағы мақсатым – өзгені бағалау арқылы өзінде жоқты табу немесе өзгенің жетістігі арқылы өз кемшілігін тауып, оны түзетуге бағыттау.

Өзара бағалау оқушыларға кері байланыс беруге көмектеседі, яғни бір-бірінен білім алуға және бір-біріне қолдау көрсетуге, бір-бірімен талқылауға, әңгімелесуге, түсіндіруге және бірін-бірі сынауға мүмкіндік береді. Сапалы өзара бағалау өз жұмысын бағалау сапасын жақсартуға ықпал етеді, нәтижесінде ол оқушылардың бойында өзінің алға дамуы үшін жауапкершілігін арттыруға бағытталады.

Бағалаудың өзіндік қиындықтары да байқалып жатады. Басында балалар өздеріне жоғары баға береді. Ол жағдайда оқушыларға бағаның шын болу керектігін айта отырып, яғни шын баға өзінің қаншалықты түсінгенін көрсететінін айтып өткен жөн. Яғни әр оқушы өзіне сын көзбен қарай бастайды.

Қалыптастырушы бағалау технологиясын қолдану педагог пен баланың арасындағы кері байланыс, бұл – оқушының білімге деген ынтасының артуына, білім деңгейінің көтерілуіне ықпал етеді. Бағалауға деген көзқарасымызды өзгертіп, сабақтарымызға критерий арқылы бағалауды енгізіп, біз оқушыларымыздың тұлғалық бағытын белсенді позицияға бағыттай аламыз. Менің аз уақыт тәжірибемде сыныптағы білім сапасының өткен тоқсанға қарағанда аз да болса көтерілгендігі. Белгілі ғалым А. Байтұрсынұлы айтқандай, «Шеберліктің белгісі – әр түрлі әдісті біліп, сабақта орынды қолдана білу». Бір сабақтың әр кезеңдерінде түрлі әдістерді орнымен пайдалану арқылы көп нәтижеге жетуге болады.

Сөз соңында қорыта айтарым, «Еңбексіз талант тұл» дегендей, уақыт көшінен қалмай, әлемнің дамыған алдыңғы мемлекеттерінің қатарына енуімізге өз үлесімізді қосып, ұрпақ алдындағы борышымызды шығармашылық еңбегімізбен жүзеге асыра беруге өз үлесімізді қосуға атсалысайық дегім келеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (базалық) деңгей.

III басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.

2. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты.

Уикипедия – ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет

3. Мирсеитова С. Оқыту ізденіс ретінде, ізденіс оқыту ретінде.

4. Оқыту-тәрбиелеу технологиялары.

Блум таксономиясы арқылы оқушылардың сыни ойлауын қалыптастырудың маңыздылығы

Айша Бақытқызы ОРЫНБАЙ,

Шымкент Университетінің «Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистрі

Кілт сөздер: *шақыру фазасы, рефлексия, жеке және топтық жұмыс*

Оқытудың нәтижелілігінің болмауы көбінесе мұғалімнің оқыту процесін құрастыратын жағдаймен түсіндіріледі, ол қойылған мақсаттарға сүйене отырып, бұл мақсаттарды оқушылар бастапқыда өз бетінше қабылдайтынын түсінеді.

Шынында да, мұғалімнің мақсат қоюы алдын ала жүргізіледі, бұл оған оқу процесінің кезеңдерін нақты жобалауға, оның нәтижелілік критерийлерін және диагностика тәсілдерін анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, көптеген белгілі ғалымдар өз зерттеулерінде оқытудағы дидактикалық және конструктивтік тәсіл идеяларын дамытады (Дж. Дьюи, Б. Блум және т.б.), оқушының өзіне оқу мақсатын қоюға мүмкіндік беру қажет деп есептейді. Тек осыдан кейін ғана мұғалім осы мақсаттарға жету үшін тиімді әдістерді таңдай алады.

Есіңізде болсын, біз ең жақсы нені сіңіреміз?

Әдетте, бұл – біз білетін тақырып бойынша ақпарат.

Сонымен, егер оқушыға оқылатын тақырып туралы білетіндігін талдау мүмкіндігін беру, бұл өз мақсаттарын, уәждерін қалыптастыру үшін қосымша ынталандыру жасайды. Бұл мәселе шақыру кезеңінде шешіледі. Шақыру кезеңінде шешілетін екінші міндет – оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіру міндеті болып табылады. Жиі біз кейбір оқушылар сабақта елеулі зияткерлік күш-жігерді қолданбайтынын көріп отырмыз. Сондықтан, шақыру кезеңінде әркім өз тәжірибесін өзектендіруді мақсат етіп қоятын жұмысқа қатыса алуы маңызды. Шақыру фазасын іске асыру кезінде оқушылардың еркін пікірлері нәтижесінде пайда болған барлық ақпаратты жүйелеу маңызды аспект болып табылады. Бұл бір жағынан жиналған ақпаратты “ірілендірілген” категориялық түрде көре алу үшін қажет, бұл ретте бұл құрылымға “дұрыс” және “дұрыс емес” деген барлық пікірлер кіруі мүмкін. Екінші жағынан, айтылған пікірлерді реттеу жаңа ақпаратты зерттеу барысында одан әрі іздеу бағыттарын анықтайтын қарама-қайшылықтарды, түйіспелерді, түсініксіз сәттерді көруге мүмкіндік береді. Әрбір оқушы үшін бұл бағыттар жеке болуы мүмкін. Оқушы өзі үшін оқылатын тақырыптың қандай аспектісінде өзінің назарын аударуы тиіс, ал қандай ақпарат тек растықты тексеруді қажет етеді [1].

Шақыру фазасын іске асыру барысында:

1. Пікірлердің тіркелгендігі маңызды, олардың кез келгені одан әрі жұмыс істеу үшін маңызды болады. Бұл кезеңде “дұрыс” немесе “дұрыс емес” сөздер жоқ.

2. Жеке және топтық жұмыстың үйлесімі орынды болар еді. Жеке жұмыс әр оқушыға өз білімі мен тәжірибесін өзектендіруге мүмкіндік береді. Топтық жұмыс басқа пікірлерді естуге, қателесуісіз өз көзқарасын білдіруге мүмкіндік береді.

Пікір алмасу жиі күтпеген және өнімді болып табылатын жаңа идеяларды шығаруға, жаңа материалды зерттеуге итермелейтін қызықты сұрақтардың пайда болуына да ықпал етуі мүмкін. Сонымен қатар, кейбір оқушылар өз пікірін мұғалімге немесе бірден үлкен аудиторияға баян-

даудан жүрексінеді. Шағын топтарда жұмыс істеу мұндай оқушыларға өзін ыңғайлы сезінуге мүмкіндік береді. Жұмыстың осы кезеңіндегі мұғалімнің рөлі оқушыларды оқылатын тақырып бойынша білетіндерін еске алуға ынталандыру, топтарда пікір алмасуға, оқушылардан алынған ақпаратты бекіту және жүйелендіруге ықпал ету болып табылады. Бұл ретте, олардың жауаптарын сынауға болмайды, тіпті олар дұрыс емес болса да. Бұл кезеңде "оқушының кез келген пікірі құнды" ережесі маңызды болып табылады. Біз оларды түзетуге, сынауға, олардың іс-әрекетіне қатысты моральдандыруға үйрендік. Бұған жол бермеу сыни ойлауды дамытудың педагогикалық технологиясы режимінде жұмыс істеу үшін негізгі қиындық болып табылады. Кейде айтылған тақырып оқушыларға бейтаныс болғанда, олардың пікірлері мен ой-пікірлері үшін жеткілікті білімі мен тәжірибесі жоқ болғанда жағдай туындауы мүмкін. Бұл жағдайда оларды ықтимал пән мен зерттеу объектісі туралы болжамдар айтуды сұрауға болады. Сонымен, шақыру фазасын сәтті жүзеге асырған жағдайда оқу аудиториясында келесі кезеңде – жаңа ақпарат алу кезеңінде жұмыс істеу үшін қуатты ынталандыру пайда болады.

Бұл кезеңді басқаша атауға болады. Жаңа материал мектептегі көптеген сабақтарда ең көп уақытты алады. Көбінесе жаңа ақпаратпен танысу оны оқытушы баяндау процесінде, неғұрлым сирек – бейнеде немесе компьютерлік оқыту бағдарламалары арқылы материалдарды оқу немесе қарау процесінде болады. Сонымен қатар, мағыналық сатыны іске асыру барысында оқушылар жаңа ақпаратпен байланысқа түседі.

Тыңдаулар мен хат режиміндегі жаңа материалды баяндаудың жылдам қарқыны оны түсіну мүмкіндігін жоққа шығарады. Сыни ойлауды дамыту шарттарының бірі – зерттелетін материалмен жұмыс істеу кезінде өз түсінігін қадағалау кезеңі. Дәл осы міндет мазмұнын ұғыну кезеңінде оқыту үрдісіндегі негізгі міндет болып табылады.

Тақырып бойынша жаңа ақпарат алу маңызды кезеңдердің бірі. Егер шақыру кезеңінде оқушылар өз танымының бағыттарын анықтағанын есте сақтаса, онда мұғалім түсіндіру барысында күтілетін және қойылған сұрақтарға сәйкес назар аудару мүмкіндігіне ие болады. Осы кезеңде жұмысты ұйымдастыру әр түрлі болуы мүмкін. Бұл әңгіме, дәріс, жеке, жұптық немесе топтық оқу немесе бейнематериалды көру болуы мүмкін. Кез келген жағдайда бұл ақпаратты жеке қабылдау және қадағалау болады. Сыни ойлауды дамытудың педагогикалық технологиясының авторлары мағыналық сатыны іске асыру барысында басты міндет – оқушылардың белсенділігін, олардың қызығушылығын және шақыру кезеңінде құрылған қозғалыстың инерциясын қолдау болып табылады. Бұл мағынада іріктелген материалдың сапасы маңызды.

Оқушылар мазмұнды ұғыну кезеңінде:

1. Жаңа ақпаратпен байланыс жасайды.
2. Бұл ақпаратты білімдермен және тәжірибемен салыстыруға тырысады.
3. Бұрын туындаған сұрақтар мен қиындықтарға жауап іздеуге назар аударады.
4. Жаңа сұрақтар қоюға тырысып, түсінбеушілікке назар аударады.
5. Жаңа ақпаратпен танысу процесін қадағалауға, олардың назарын не қызықтыратынына, қандай аспектілер қызықты емес және неге назар аудару қажеттігіне ұмтылады.
6. Естілген немесе оқылған талдауға және талқылауға дайындалады.

Сыни ойлауды дамытудың педагогикалық технологиясының авторлары мағыналық сатыны іске асыру үшін жеткілікті уақытты бөліп көрсету қажет екенін атап өтті. Егер оқушылар мәтінмен жұмыс істесе, екінші оқу үшін уақыт бөлу орынды болар еді. Бұл өте маңызды, өйткені кейбір мәселелерді түсіндіру үшін әр түрлі контексте мәтіндік ақпаратты көру қажет.

Роберт Бустром «Шығармашылық және сыни ойлауды дамыту» кітабында: «Рефлексия – ойлаудың ерекше түрі. Рефлексивті ойлау сіздің назарыңызды фокустау дегенді білдіреді. Ол мұқият таразылауды, бағалауды және таңдауды білдіреді» деді. Рефлексия барысында жаңа болған ақпарат өз біліміне айналады. Рефлексия адам білімінің әр түрлі салаларында оқыту пәні болып табылады: философия, әдіснама, ғылымтану, психология, акмеология, басқару, педагогика, Эргономика, Конфликтология және т.б.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Абрамова Г.С. Возрастная психология: Учебное пособие для вузов – М.: Академический проект, 2010. – 624 стр.
2. Аверин А.В. Психология детей и подростков. – СПб.: Изд-во Михайлова, 2011. – 379 с.
3. Андреев В.И. Педагогика творческого саморазвития: инновационный курс. Книга 2. – Казань: Изд-во Казанского университета, 2008. – 318 с.
4. Байбородова Л.В., Белкина В.В. Образовательные технологии: Учебно-методическое пособие. – Ярославль: изд-во ЯГПУ им. К.Д. Ушинского, 2005. – 108 с.

Қазақстандағы білім берудегі жаңашылдық

Ұлмекен Нұрлыбайқызы СӨРСЕНБАЙ,

Шымкент Университетінің «Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистрі

Кілт сөздер: *«Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісі технологияландыру мәселесін қойып отыр. Заман талабына сай білім оқу орындарында білім мазмұнын, оның құрылымдық жүйесін жақсарту білім реформасының жүзеге асуының басты шарты.

Осы заманғы білім берудің стратегиялық мақсатын өз жауапкершілігін сезіне алатын, өздігінен әрекет етуге және әрекетінің шешімін таба білуге қабілетті, барлық істе сауатты тұлғаны оқыту мен тәрбиелеуді қамтамасыз ету болып табылады. Жоғарыдағы мақсаттарға жоғары оқу орындарында білім берудің Отандық және әлемдік тәрбиелерінде қалыптасып, өз қызметін оң атқарып келе жатқан білім мазмұнының негізгі құрылымын, жобасын жүзеге асыруды қолданылатын жаңа педагогикалық технология арқылы жету көзделеді. Қазіргі уақытта модульдік оқыту технологиясын көптеген оқытушылар пайдалануда. Модульдік оқыту 1960 жылдардың аяғына қарай шет елдерде (АҚШ-та) дәстүрлі оқудың бір нұсқасы, бағыты ретінде пайда болды. «Модуль» латынның «өлшем», «шама», «мөлшер» деген сөзі.

Сонымен қатар модуль дегеніміз ірі блок, бөлінген, яғни оқу материалдарын бөлшекке, блоктарға бөліп беру. Айта кетер тағы бір тиімді жағы – бірізділігі, жүйелілігі, дарынды оқушылармен жұмыс істеуге қолайлы. Модульдік оқыту технологиясымен оқыту нұсқасында білімді толық игеруді негізге ала отырып, қазіргі дидактика талабына сәйкес білім алушыларды оқыту ғана емес, тұлғаның танымдық қызметін ұйымдастыруға, оқу үрдісін диалогтік қарым-қатынас негізінде құруға болады. Дүние жүзінде білімнің рөлі артып, әр елдің өзіндік білім беру жүйесі тағайындалған. Бірақ, ол әлем халықтарының білім берудегі тәжірибесімен, бағыт-бағдарымен деңгейлес болуы қажет. Қазақстан Республикасындағы үлкен өзгерістердің білім беру саласында қамтылуы маңызды іс-шара болып табылады. Осы орайда білім беруді дамыту тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудағы маңызды құжат екендігі сөзсіз. [1]

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі – жастарға терең білім беру. Ал, оның негізі – техникалық және кәсіптік білім берудің оқыту үрдісін жақсартуға жаңа технологияларды енгізу болып табылады. Оқу-тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салады. Оқушылар терең де жүйелі білім және әдістемелік тәсілдерді жетік меңгерген болуы тиіс. Пәндерді оқытуда тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызығалықты да тартымды өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Қоғам дамыған сайын, барлық құрылым бірге дамиды.

Қазіргі таңда кәсіптік және технологиялық білім беру үрдісінде кеңінен қолданылып жүрген бірнеше инновациялық технологияларды атап көрсетуге болады.

Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар:

- проблемалық оқыту;
- дамыта оқыту;
- деңгейлеп оқыту;
- дәстүрлі оқыту;
- модульдік оқыту;
- сұрақ-жауап ойындары;
- цифрлық білім беру ресурстары.

Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары:

- балаға ізгілік тұрғысынан қарау;
- оқыту мен тәрбиенің бірлігі;
- баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;
- баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту;
- баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту;
- әр оқушының дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу.

Проблемалық оқыту – ғылыми таным нәтижелерін, білімдер жүйесін ғана меңгеріп қоймай, сонымен бірге нәтижелерге жету жолдарын, баланың таным дербестігін қалыптастырып, оның шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Дамыта оқыту – мектеп жасына дейінгі балада білім, білік, дағдының қалыптастыруын жоққа шығармайды, бірақ оқыту мен тәрбиелеу баланың дамуын қамтамасыз ететін жағдай болу керек. [2] Дамыта оқыту технологиясы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде балаларға тәрбиешінің қарапайым ізденгіштік, зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыру тән. Дәстүрлі оқыту – балалардың таным қабілеттері және жас мөлшері шамамен бір деңгейді құрайды. Оқыту барысында жоспарланған тақырып кеңінен түсіндіріледі, балалар сол тақырып бойынша білім, білік дағдыларын игеру мақсатында жұмыс істейді. Цифрлық білім беруді – электрондық оқулықтар, компьютерлік ойындар, виртуалды жаттығу әдістері, ғылыми-әдістемелік зерттеулер құрайды.

Цифрлық білім беру міндеті:

- Оқытушының сабаққа дайындығына көмек;
- Оқытушының сабақ өткізу үрдісінде көмек;
- Оқушының үй тапсырмасын орындауда көмек.

Сол негізгі құрылымның бірі ретінде білім беру жүйесінің толассыз даму және тоқтамсыз өзгеріс үстінде болу үдерістің бір белгісі екені анық. Әлемдік сарапшылар білім беру жүйесін салыстыруға келетін бірнеше елдерді атап көрсеткен. Олардың алғашқы бестігіне АҚШ, Канада, Сингапур, Финляндия, Швеция, тағы да басқа бірнеше елдер жатады. Ол елдер, ең алдымен, білім саласына салынған инвестиция көлемін, мамандар дайындау мәселесін, оқулар арасындағы қоғамдастық, тағы да басқа жиырма шақты критерийді негізге алған. Жаңа ғасыр көпінде әлем кеңістігіндегі білім беру саласы да жаңа арнаға бет бұрды. Бүгінгі ақпараттар легі тасқындаған уақыттың талғамы бөлек, талабы өзгеше болғандықтан, заманға сай қоғам болашағы жас ұрпақты тәрбиелеу үлкен жауапкершілікті міндеттеді. Бұрынғы цензуралық білім жүйесі, стандартты қайталауға арналған сабақ құрылымы ата-ананың да, баланың да талғамынан табылмады. Бұл жалғыз біздің елімізді ғана емес, барлық мемлекетті де толғандырды. [4]

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет» деп атап көрсетті. Қазіргі кезеңде Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі үшін жаңа модульдік оқыту бағдарламасын жасау халықаралық талаптарға сай және жұмыс берушінің талаптарын анықтайды. [5] Мұндай бағдарлама, біріншіден, халықаралық еңбек нарығында Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі белсенді ойыншы болуы, екіншіден, білім беру шарттарының сапасына ұсынылатын қатаң талаптар негізінде дайындау сапасын арттыру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Білім мен ғылым – даму тетігі /Елбасының ҚР Білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзі //Егемен Қазақстан, 13 қазан, 2014.
2. Скаун В.А. Введение в профессию мастера производственного обучения: Методические пособие. – М.: Высш. шк., 2010 г.
3. Назарбаев Н.Ә. Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы. – Астана, 2012 жылғы 14 желтоқсан.
4. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2015
5. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – //Қазақстан мектебі, №4, 2011. «Әлеуметтік әріптестік жағдайында техникалық және кәсіптік білім беру», Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы. №2 (26), 2013 ж.

Оқушылардың сыныптан тыс іс-әрекетінде сыни ойлауын қалыптастыру жолдары

Жазира Есболовна ТАГАЙБАЕВА,

Шымкент Университетінің «Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистрі

Кілт сөздер: *сыныптан тыс жұмыс, сабақ, танымдық іс-әрекет*

Сыныптан тыс жұмыс оқушыларға тәрбие беру құралы, сабақтан тыс уақытта ұйымдастырылатын мақсатқа бағытталған іс болып табылады. Сыныптан тыс тәрбие жұмысына барлық оқушылар қамтылуы керек және оған ата-аналар, еңбек ұжымдарының өкілдері, өндіріс орындары, студенттік педагогикалық бөлімдер қатынасады. Негізгі мақсаты – оқушылардың бастамалары мен өзіндік іс-әрекеттердің дамуы. Негізгі міндеті – сабақтан соңғы бос уақытты ұйымдастыру процесінде білімнің түрлі салаларына оқушылардың танымдық қызығуын қалыптастыру, әлеуметтік белсенділігін тәрбиелеу, іс-әрекет түрлеріне қажеттіліктерін, дарыны мен қабілеттерін дамыту, мамандыққа бағдар беру, қоғамдық мәні жан-жақты дамыған оқушының сапаларын үздіксіз, бірізді тәрбиелеу.

Бастауыш сыныптарға сыныптан тыс жұмыс, көп жағдайда, қамқоршы ата-аналар көмегімен сыныптың оқушылар іс-әрекеті төңірегінде жүргізіледі. Сыныптан тыс жұмыс сабақ сияқты уақытпен шектелмегендіктен, оның мазмұнын ұйымдастыру формалары мен әдістерін өзгертіп отыруға мүмкіндік береді. Сыныптан тыс жұмыс оқушыларды көптеген іс-әрекет түрлеріне қатынастыруға, ол іс-әрекет түрлерінің тәрбиелік мүмкіндіктерін пайдалануға қолайлы жағдай туғызады. Бастауыш мектеп жасындағы балаларды өздері қызығатын, ықыласпен орындайтын істер ғана қызықтырады. Бастауыш мектеп жасында жүріс-тұрыс тәжірибесі қарқынды жинақталады. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімі сыныптан тыс жұмыстарда ынтымақтасу, өзара көмек, достық пен жолдастық қатынасын қажет ететіндей іс-әрекет түрлерін тандап алуы керек.

Бастауыш мектеп жасындағы оқушылармен жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстардың түрлеріне тоқталайық.

Танымдық іс-әрекет. Сыныптан тыс танымдық іс-әрекет шеңбері оқушылар сабақта алған білімдерін кеңейтетін, қоршаған өмірге қызығуын дамытатын мәселелерді қозғайды. Танымдық іс-әрекетте ұжымдық және жеке жұмыс формаларын бөліп қарауға болады. Ұжымдық сыныптан тыс танымдық іс-әрекетте балалар ұжымы мүшелерінің алдына жалпы танымдық міндеттер қойылады. Сабақтан тыс уақытта оқушылар жаңа білімдерді бірлесе алады, тәжірибе жұмыстарының, қарапайым модельдер дайындаудың нәтижесіне жетеді, түрлі мамандықтар жөнінде мағлұматтар алады. Өз еркімен түрлі ұжымдық-танымдық іс-әрекеттерге қатынасып, оқушылар іс барысындағы тәуелділікке, жауапкершілікке, өзара көмек қатынасына тартылады. Оқушылардың сыныптан тыс танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруда мұғалім балалардың түрлі жас кезеңдеріне байланысты топтарының танымдық қызығу ерекшеліктерін білуі керек. Бастауыш мектеп жасындағы балаларды қызықтырмайтын нәрсе жоқ. Бұл жастағы балалардың қызығуы шашыраңқы болады. Мысалы, 6-7 жасар балалардың қоятын сұрағы заттар және құбылыстармен алғашқы танысуға байланысты болса, 8-10 жастағылардың сұрақтарынан деректерге, құбылыстарға, олардың мәнін тануға қызығуынан көруге болады. Бұған қосымша бұл жастағы балалар сұрағынан олардың санасына шешімі табылуға тиісті мәселе туындағанын көруге болады. Олар бұл мәселені өздігінен шеше алмауы мүмкін, сондықтан олар үлкендерге иек артады. Олардың танымдық қызығуын талдау нәтижесінде В.А. Сухомлинский әр баланың ойы өзіндік жолмен дамиды, олардың әрқайсысы өзінше ақылды да дарынды деген болатын.

Сыныптан тыс жұмыс барысында балалардың танымдық қызығуы қанағаттандырылып қана қоймайды. Оқушылардың сыныптан тыс танымдық іс-әрекеті формалары мен әдістері олардан себеп-салдарлық байланыстарды талап ететіндей, қарапайым сұрақтардан күрделірек сұрақтарға көшетіндей етіп құрылады. Оқу барысына қарағанда, оқушылардың сыныптан тыс іс-әрекет формалары көбірек. Балалар байқауларға, викториналарға, әңгімелерге қатынасады, ғылым мен техника жаңалықтары жөнінде баяндамалар тыңдайды, танымдық сипаттағы ойындарға қатынасады, оқылған кітаптар мен көрілген кинофильмдерді талқылайды. Бастауыш мектеп жасындағы оқушылармен жүргізілетін танымдық іс-әрекет формасы қызығу саласына сай клубтық жұмыстар болып табылады.

Еңбектік іс-әрекет. Мектептің бастауыш сыныптарының өзінде оқушылардың олардың түсінуіне мүмкін мамандықтармен таныстыру басталады. Олар түрлі материалдармен жұмыстың қарапайым тәсілдерін меңгереді, оқу-көрнекі құралдарын жөндейді, мектепке, балабақшаға, үйге қажетті түрлі бұйымдарды дайындайды.

Бастауыш мектеп ұстаздарының тәжірибесі бастауыш мектеп жасындағы оқушылар түрлі еңбектік іс-әрекетке қатынаса алатындығын көрсетеді. Оқушының істі орындауға даярлық дәрежесін ескеріп, мұғалім еңбектің түрін таңдап алады. Сыныптан сыныпқа көшкен сайын сабақтан тыс жұмыстар түрленіп отырады. Оқушылар оқу құралдарын, таблицаларды ретке келтіреді, түрлі коллекцияларды, гербарийлерді құрастырады, еңбек сабағы үшін табиғи материал жинастырады, т.б. Қамқорға алынған балабақша бөбектеріне, қарттар мен мүгедектерге көмекке келеді, қора-жайларды көгалдандыруға қатынасады. Еңбектік іс-әрекет нәтижесі балалардың қанағаттандыру сезімі, көңіл күйдің көтеріңкілігін туғызады, оларды жаңа еңбек істеріне жетелейді.

Бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың еңбектік іс-әрекеті ересектердің еңбегімен кең танысу арқылы жүргізіледі. Бастауыш сынып мұғалімдері балаларды ата-аналарының еңбегімен таныстырады, еңбек озаттары жөнінде баяндайды. Өндіріске фермерлік шаруашылық даласына, мал шаруашылығы комплексіне экскурсия жасаудың үлкен тәрбиелік мәні бар. Мұндай экскурсиялар ересектердің еңбектік іс-әрекетіне балалардың қатынасуымен жүреді. Бастауыш сынып оқушылары еңбектік іс-әрекеттердің қатынасулары болып қана қоймайды, олар мұғалімнің ол істерді ұйымдастырудағы белсенді көмекшілері де бола алады.

Ойын. Ойын бастауыш мектеп жасындағы оқушылар үшін әрі өз бетіндік іс-әрекеттің түрі, әрі барлық іс-әрекет түрлерінің міндетті элементі. Ойынның алып күшін кезінде Ян Амос Коменский атап көрсеткеніндей, ойында балалар өз өмірінің ең маңызды жақтарын бейнелейді. Балалар ойынына Н.К. Крупская аса зейін қойып қарады. Бастауыш мектепте балалар ойынына аса зейін қою керек. Себебі, тек ұжымдық ойындарда ғана мақсатқа тиянақты ұмтыла алатын, басқаларды соңынан ерте алатын ұйымдастырушы, басшылық ететін балалар тәрбиеленеді.

Сыныптан тыс жұмыстарда балалар жасампаздық немесе рөлдік ойындарға ерекше орын береді. Бұл жастағы балалардың ойын іс-әрекеті әрдайым жасампаз болады. Ойында балалар өздерін еліктіретін белгілі бір өнегеге ұқсап бағады. Сондықтан мұғалім балалар ойынына мұқият қарап, олардың орынды өнегеге еліктеуіне жәрдем етуі керек. Оқушылардың ойын іс-әрекетінің құндылығы оның барысында түрлі қиындықтарды жеңуінде, өз тәртібін басқаратынында, батыл, жігерлі және орнықты бола алатындай ойын ұйымдастырылса, ойын – өмір мектебі, өз құрдастарының ұжымына еңбек және қарым-қатынас мектебі бола алады. Ойын ұйымшылдық сезімді бекітіп, баланың бастамасы мен өз бетіндігін бекітеді.

Спорттық іс-әрекет. Бұл іс-әрекет баланың денсаулығын бекітуге және күш-қуатын шынықтыруға бағытталады. Қазіргі мектептің негізгі міндеттерінің бірі – денсаулығы зор жас ұрпақты тәрбиелеу. Бастауыш мектепте оқушылардың спорттық іс-әрекет үйірмелер жұмыстарын, қимыл ойындарын, оқушылар қатарларының байқауын, т.б. өткізуге лайықты гигиеналық жағдай жасаумен байланысты.

Спорттық іс-әрекетке қатынасу барысында балалардың бой түзеп өсуі қалыптасады, гигиеналық дағдылар бойына сіңіріледі, еркі мен төзімділігін тәрбиелейді. Бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың спорттық іс-әрекеті спорттық мекемелерді, әскери-спорттық ойындарды, көпшілік жарыстарын қамтиды. Спорттық жұмыстардың басым көпшілігіне ойынның қатынасы бар. Мысалы, бастауыш сынып оқушылары оқушылар қатарларының және әндерінің байқауына зор ынтамен дайындалады және қатынасады. Мектепте таза ауада спорттық ойындар өткізіледі. Оқушылар бастауыш сынып мұғаліміне спорттық іс-әрекеттерді ұйымдастыруға көмектеседі. Сонымен, мектеп сыныптан тыс жұмыстарды түрлі іс-әрекеттердің тәрбиелік мүмкіндіктерін пайдаланып, баланың қоғамдық мәнін мақсатты, жан-жақты және үйлесімді дамытады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың 28.02.2007 ж. Қазақстан халқына Жолдауы.
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, – Астана, 2007 ж.
4. Баймолдаев Т.М. Мектепішілік басқаруды ұйымдастыру құрылымы: Әдістемелік құрал. – Алматы, 2005. – 154 бет
5. Жайтапова А.А. Профессиональный рост учителя в системе повышения квалификации. – Алматы: РИПК СО, 2006. – 316 с.

ЖОО студенттерінің кәсіби бағыттылығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары

Машхура Адилбековна АБДИМАВЛАНОВА,

Шымкент Университетінің «Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистрі

Кілт сөздер: *профессиограмма, кәсіби-дидактика, компонент, модель, коммуникативтік, абстракция, темперамент, психика*

Студент өзінің психологиялық-физиологиялық сапаларымен педагогтік қызметке дайын болуы мүмкін, бірақ теориялық немесе практикалық жағынан әлі дайын емес. Мұғалімнің кәсіби дайындығы ұғымын құрайтын тұлғалық және кәсіби сапаларды профессиограмма түрінде көрсетуге болады. Профессиограмма – мұғалімнің тұлғалық сапасының, қажетті педагогикалық және арнайы білімдері мен біліктерінің жиынтығы.

Педагогтарды кәсіби даярлау жөніндегі зерттеулерді бірнеше топқа бөлуге болады. Профессиограммаға жоғары оқу орнында білім беру мазмұны нәтижесінде құрылатын, сондай-ақ мұғалімнің кәсіби сапасы үшін қажетті кәсіби білімнің, білік пен дағдылардың жиынтығы енеді. Оны жасау барысында біз педагогті кәсіби даярлау проблемасы бойынша зерттеулерде баяндалатын ертүрлі көзқарастарды есепке алдық. Бір бағытта даярлаудың параметрлерін анықтау кезінде теориялық білімнің мазмұны, оқу-тәрбие әрекеттерін жүзеге асыру үшін қажетті педагогикалық шеберлік пен дағдылар анықталады. Басқа бір бағыт педагогикалық қызметтің құрылымын ашумен сипатталады. Онда негізгі компоненттер ретінде мотивациялық, мазмұндық, үдерістік, бағалаушылық болып жіктеледі. Үшінші бағытта мұғалім қызметінің жекелеген түрлері бойынша білім қалыптастырудың мазмұны, түрлері қарастырылады.

Алғашқы профессиограммалық зерттеуге В.А. Сластениннің ғылыми зерттеулерін жатқызуға болады. Студенттің, болашақ мұғалімнің профессиограммасына ғалым қоғамдық-саяси және психологиялық-педагогикалық даярлығын, арнаулы білім мен әдістемені толық меңгеруін жатқызады. Ғалым педагогиканың әдістемелік негіздерін, категориялары мен заңдылықтарын, тұлғаның даму жолдары мен әлеуметтік қалыптасуын, балалардың барлық жастағы даму кезеңдерінде болатын анатомиялық-физиологиялық, жастық және дербестік ерекшеліктерді білуді қарастыратын жоғары психологиялық-педагогикалық даярлықты мұғалім кәсібилігінің шешуші белгісі деп есептейді. Сонымен қатар ол педагогтің бағыттылығын да бір көрсеткіш ретінде санайды. [2, 172].

К.Н. Дурай-Новакова мұғалім даярлау бағытында жүзеге асырылған жұмыстарды барлық қырларының әзірлік аспектілері бойынша топтастыра келіп, оларды негізгі екі топқа бөледі: оның алғашқысына ерекше ұзақ немесе қысқа мерзімдік жағдайға байланысты айқындалатын даярлаудың психологиялық аспектілеріне жасалған зерттеулер жинақталса, екіншісіне даярлаудың алуан түрлі іс-әрекет түріне жасалған зерттеулері енеді [3]. Мұғалім, бір жағынан, өмір сүріп отырған кезеңнің қажеттілігіне, әлеуметтік жағдайына, қоғамның нақты сұранысына қарай оқытып тәрбиелесе, екінші жағынан, мәдениетті сақтаушы, жеткізуші, тұлғаны адамзат мәдениетінің барлық байлығы негізінде қалыптастырушы ретінде болашаққа қызмет етеді. Әсіресе, қазіргі ақпарат ағыны толассыз құйылған, өзгермелі заманда жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін мұғалімнің қызметі күрделене түскені белгілі. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімі қызметінің құрылымының ішінде өзара тығыз байланысты құрастыру, ұйымдастырушылық және коммуникативтік әрекеттер басымдық мәнге ие. Құрастыру қызметі мұғалімнің құрастыру-мазмұндық (оқыту үдерісін жоспарлау, құру мен материалдарды іріктеу) және құрастыру-әрекеттік (өзінің және оқушының іс-әрекетін жоспарлау) қызметтерінен тұрады.

Ұйымдастырушылық қызметі – мұғалімнің оқушыларды әрекеттің әр түріне тарта білуімен, ұйымшыл ұжым қалыптастыру және оқушыларды ұжымда жұмыс жасай алуға үйрете білуімен анықталады. Коммуникативтік қызметі мұғалімнің оқушылармен, өзге де педагогтармен, ата-аналармен, қоғаммен мақсатты қарым-қатынас орната білуімен айқындалады.

Біз бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыру моделін түзу барысында педагогикалық әдебиеттердегі ғылыми зерттеулерді зерделеу негізінде модель ұғымының мәнін анықтауды жөн көрдік.

Модельдеу әдісі танымның көрінісі мен танымның объектісін саналы талдаудың кеңінен танылған түрі болып табылады. Өзінің мәні жағынан модельдеу абстракциялау және дәріптеушілік деген математикалық ұғымдардың негізінде шыққан, өйткені математикалық ұғымда абстракциялау деген заттың бір немесе бірнеше қасиеттерін ойша бөлумен түсіндіріледі.

Педагогикалық сөздікте «Модель (лат. Modulus – үлгі, өлшем) – нысан және оған қатынастық мәндерді көрсететін көрнекілік құралдарының бірі (шартты бейне, схема т.б.) – деп анықтама берілген» [4]. Педагогикалық әдебиеттерде модель ұғымына шетел және Қазақстан ғалымдары – А.И. Бочкин, А.Г. Гейн, А.М. Новиков, Г.Қ. Нұрғалиева, В.В. Подласый, А.П. Сейтешов, А.Ф. Федотов, В.А. Штофф, И.С. Якиманская және Н.Д. Хмель және т.б. әр түрлі сипаттама берген. Мысалы, Н.Д. Хмель нақты объектінің немесе үдерістің қарапайымдандырылған үлгісі. Болашақ мамандардың кәсіби бағдарын ұйымдастыруды мотивациялық, мазмұндық, әрекеттік, процессуалдық аспектілерінен тұратын модельдерді ұсынады [5].

Г.Қ. Нұрғалиева болашақ мамандардың кәсіби бағдарын ұйымдастыруды, мектептегі оқу-тәрбие мәселелерін когнитивтік, мотивациялық-қажеттілік, әрекеттік-мінез-құлықтық компоненттер тұрғысынан талдады.

И.П. Подласый ғылыми модель – зерттеу объектісін қамтып, оны ойша елестететін немесе материалдық жағынан жүзеге асыратын жүйе. Педагогикалық модель оқу-тәрбие мақсатын, мазмұнын, формасын, әдісін, басқару жолдарын анықтаса, ғылыми негізделген модель тұтас педагогикалық үдерісті немесе оның бір бөлігін ұйымдастыру және қызмет ету жолдарын анықтайды деп есептеді.

Н.Д. Хмель модельдеуді біртұтас педагогикалық үдерісті жүзеге асырудың маңызды бөлігі деп есептейді, яғни зерттеуші ұстаз үшін моделдеу зерттелінетін құбылыстың идеалдық моделін қайта жасаудың тәсілі болады. Практик ұстаз үшін модельдеу іс-әрекетінің мақсатына сәйкес оның жағдайын ұстаз өзгертісі келетін белгілі бір педагогикалық құбылысты немесе үдерісті тұтасымен ойша (алдын ала) қайта құру тәсілі болады. Басқаша айтқанда, модельдеу ұстаз үшін педагогикалық теория мен нақтылы практикалық іс-әрекет арасындағы бөлік болады.

Осы айтылғандары негізге ала отырып, біз педагогикада модельдеу мынадай жағдайларда қолданылатынын байқадық: а) педагогикалық міндеттерді және педагогикалық жағдаяттарды модельдеу; б) оқыту, тәрбие, үйренушілерді дамыту үдерісін модельдеу; в) білім беру мекемелерін басқару жүйесі жағдайын модельдеу.

Біздің зерттеуімізде модельдеу әдісі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың моделін жасауда қолданылады. Сонымен, біз модельдің алғашқы құрылымдық элементі көп ақпарат арасынан зерттелетін объект туралы негізгі мәліметтерді бөліп алуға мүмкіндік жасайтын, педагогикалық үдерістің мақсатын, мазмұнын, формасы, әдістері мен құралдары және нәтижесін анықтайтын ұғым деп тұжырымдаймыз.

Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыру бірнеше кезеңнен тұратын үдеріс. Ол студенттің педагогикалық оқу орнына түспестен бұрын басталғанмен, оны бітіргенімен бір мезгілде аяқталмайды. Оның педагогикалық мамандыққа қажетті сапалық сипаты кәсіби тұлға ретінде қалыптасуының әр кезеңінде түрліше дамып отырады: педагогикалық мамандыққа түскенге дейін, кәсіби-педагогикалық дайындық кезінде және маман ретінде өз бетінше жұмыс жасауы кезінде. Бірақ осы кезеңдердің арасында адамды кәсіби педагог тұлғасына дейін дамытатын өзара сабақтастық болуы шарт.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Сластенин В.А. Формирование личности учителя в процессе профессиональной подготовки. – М., 2010. – 160 с.
2. Педагогика: педагогические теории, системы, технологии: Учеб. пособие для студ.сред. пед. учеб. заведений /С.А. Смирнов, И.Б. Котова, Е.Н. Шиянов, Т.И. Бабаева и др.; /Под ред. С.А. Смирнова. – М.: Издательский центр «Академия», 2011. – 544 с.
3. Дурай-Новакова К.М. Формирование профессиональной готовности студентов к педагогической деятельности: автореф. док. пед. наук. – М., 2013. – 32 с.
4. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология /Жалпы ред. басқарған А.Қ. Құсайынов. – Алматы: «Мектеп». 2002. – 256 б.

Кадр агенттігінің қызметкерлері қызметінің тиімділігін арттырудың психологиялық шарттары

Гульнар Дайрабаевна АБДУЛЛАЕВА,

Шымкент Университетінің «Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистрі

Кілт сөздер: *кадрлық потенциал, персоналды оқыту,*

Мемлекеттік қызмет өтілі туралы ереже

Мемлекет басшысы қазіргі заманғы тиімді мемлекеттік қызмет пен басқару құрылымын жасауды Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында жеке «кәсіби үкімет» басымдығында бөліп атады. Бүгінгі қолданыстағы заңнамалар мемлекеттік қызметтің жаңа қазақстандық үлгісінің құқықтық негізін қалайды. Елімізде 1999 жылдың 23 шілдесінде «Мемлекеттік қызмет туралы» Заң, бұдан соң мемлекеттік қызмет саласын реттейтін бірқатар заңдық күші бар құқықтық актілер қабылданды. Осылайша Қазақстан ТМД елдері арасында бірінші болып мемлекеттік қызмет реформасын табысты жүргізіп келеді. Елімізде «мемлекеттік қызмет» деген ұғым қалыптасып, мемлекеттік қызметшілердің құқықтық ережесі заңды түрде бекітілді, мемлекеттік қызметке келудің, онда болудың және қызметті тоқтатудың мәселелеріне байланысты талаптар белгіленді. Сонымен қатар, кадрларды басқару саласында оның тиімділігін арттыруға негіз қалаған белгілі жүйе қалыптаса бастады.

Мемлекеттік қызметті ұйымдастыру және оны кадрлық қамтамасыз ету жөніндегі «Мемлекеттік қызмет өтілі туралы ереже», «Мемлекеттік қызметшілердің біліктілік кластары туралы ереже», «Мемлекеттік қызметшілерді аттестациядан өткізу тәртібі мен шарттары туралы ереже» және басқа да бірқатар маңызды құжаттар кадрларды басқарудың нормативтік-құқықтық базасын айтарлықтай нығайтты.

2005 жылдың 3 мамырында ҚР мемлекеттік қызметшілерінің Ар-ұждан Кодексі туралы Елбасының Жарлығы шықты. Ал 2011 жылдың 1 сәуірінде оның жаңа нұсқасы бекітілді. Дәйекті және жүйелі жүргізіліп жатқан реформалардың нәтижесінде мемлекеттік қызметтің «қазақстандық моделі» қалыптасты, мемлекеттік басқарудың оңтайлы жүйесі жасақталды, мемлекеттік аппарат жұмысының нәтижелілігі артты. Дей тұрғанмен, мемлекеттік қызметті жетілдіру – тұрақты назар аударуды қажет етіп отыратын және үздіксіз жүргізілетін процесс деп айтуға болады.

Мемлекеттік қызметті жетілдіру мәселелері Мемлекет басшысының ерекше назарында болды. Н.Ә. Назарбаев 2008 жылдың 17 маусымында Астанада өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда «...бұдан былайғы реформаларды белсенді жүргізудің негізгі элементі ретінде мемлекеттік қызметтің жаңа сапасын талап етеді» – деді. Елбасының тапсырмасы бойынша мемлекеттік қызметтің жаңа моделі туралы тұжырымдама дайындалуда. Онда, біріншіден, мемлекеттік қызметтің өзінің мәртебесін нығайтып, мемлекеттік кадр саясатын Қазақстанның айрықша маңызды ұлттық басымдығы санатына көтеруді, екіншіден, мемлекеттік қызмет қағидаттарын қайта қарау. Кадрларды іріктеу, сапасын арттыру бөлігінде мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттіктің, мемлекеттік органдардағы кадр қызметтерінің рөлін күшейту керектігі, ол үшін оларды әдістемелік тұрғыда агенттікке бағындыру керек екені де айтылған.

Мемлекеттік басқару жүйесіндегі қазіргі кадрлық жағдай, әкімшілік реформа жүргізу қажеттілігі кадрлық жұмыс жүйесін ұйымдастыруда айтарлықтай өзгерістерді қажет етеді. Шындығында кадр қызметтерінің жұмысы бүгін жоғары басшының нұсқауы бойынша жаңа қызметкерді «қаттаумен» шектелетіні ешкімге жасырын емес. Мемлекеттік органдардағы кадрлар қызметінің беделі мен рөлі қазіргі кезде өте төмен және ол қалдықтық принципі бойынша қалыптасқан. Мемлекеттік қызмет жүйесінің кемшіліктері де көріне бастады. Олар, әсіресе, конкурстық іріктеу процедураларында, кадрлар резервін жасақтауда, мемлекеттік қызметшілерді аттестациялауда, бір мемлекеттік органнан екінші мемлекеттік органға ауысу кезінде байқалады. Мемлекеттік қызметшілердің құқықтық қорғау жағынан, әсіресе негізсіз жұмыстан шығару, болмаса төмендету тұрғысында проблема болып отырғаны рас. Қазіргі кадрлық резерв мәселесінің де кемшіліктері, осал жерлері көріне бастағаны бәрімізге аян. Мемлекеттік қызметке келген кезде кадрлық резервті «керек адамды» қабылдау үшін пайдалану жағдайлары байқалады, демек ол сыбайластыққа жол ашады.

Кадрлық потенциал. Кадрлық саясатпен қатар кадрлық потенциалдың маңызы зор болып табылады. Персоналды дамыту – жұмыскердің біліктілігін жоғарылатуға бағытталған іс-шаралардың жиынтығын айтамыз.

Персоналды дамытудың негізгі элементі – оқыту болып табылады. Персоналды оқыту – бұл мақсатқа бағытталған, жоспарланған, білімге ие болудағы маманданған мұғалімдер, басшы, мамандармен байланыста болып тәжірибиелігін жоғарылату болып табылады.

Оқыту оқуға деген қажеттіліктен басталады. Ол бірнеше деңгей бойынша жүзеге асады.

Бірінші деңгей – ұйымның жалпы қажеттілігі. Бұл қажеттілікте кадрдың анализденуі қажет болып табылады.

Екінші деңгей – бөлімнің оқуға деген қажеттілігі. Бұл қажеттілік оқытатын маманның қатысуымен осы ұйымның менеджері арқылы жақсы анықталады. Мұнда қосымша анализді жүргізу маңызды болып табылады. Ол – бөлімнің ағымдағы жағдайын анализдеу.

Үшінші деңгей – жүзеге асырылатын жұмыстардың деңгейі. Мұндағы негізгі талап – нақты жасалынатын жұмыстардың барлық қызметтері және іс-әрекеттерін анықтайды. Оқуға деген қажеттілік әріптестердің арасында тест жүргізу анкеталық сұраулар бойынша анықталып отырады. Оқытуды ұйымдастыру мен оның мақсатына сәйкес кәсіби оқытудың 2 түрін көрсетуге болады:

1. Нақты мамандандырусыз, яғни оқып жатқан оқу адамның біліктілік деңгейіне байланыссыз қандай да бір жалпы кәсіби білімдерді алу;

2. Нақты мамандандыру, яғни өзінің негізгі мамандығынан басқа белгілі бір бағыт және проблема бойынша жаңа мамандыққа бейімделу.

Жалпы, оқудың 3 түрін көрсетуге болады. Олар:

1. Кадрдың кәсіби дайындығы – анық жұмысты жүзеге асыруға бағытталған білімді игеру, шеберлік, дағды, тәртіпті жүргізу жақтары болып табылады.

2. Кадрдың мамандануын жоғарылату – лауазымын жоғарылату барысында білімді, шеберлікті жинау мақсатында оқытылуы болып табылады.

3. Кадрдың кәсіби қайта даярлануы.

Кадрды дамыту бірінші кезекте тұруы қажет, ол үшін: 1) оқуға ынталы жұмыскерді қолдау; 2) білімдер мен озат тәжірибелерді тарату; 3) жас білікті қызметкерлерді оқыту; 4) кадрлар тұрақсыздығын төмендету. Кәсіби даму қызметкерлердің өзіне оң әсер етеді. Біліктілігін жоғарылата отырып, олар еңбек нарығында бұдан да жоғары бәсекеге қабілетті болады және ұйым ішінде, одан да тыс жерде кәсіби өсу үшін қосымша мүмкіндік алады.

Мекемеде кадрлық потенциал 2 түрде болады: 1. Ішкі; 2. Сыртқы.

Сыртқы кадрлық потенциал потенциалды қызметкерлерге кез келген деңгейдегі міндеттер және жұмыстар таныс болып табылады. Жұмысты ең кіші лауазымнан, сонымен қатар, ең жоғары деңгейдегі басшылықтан бастауға болады. Мекеме бұл жерде маманданған қызметкерлерді жұмысқа алуға дайын, егер ол қызметкер өзінің потенциалын ашуға немесе жүзеге асыруға ынтасы болса. Мұндай кадрлық потенциал дамушы кәсіпорындарға өте қажет, себебі бұл нарықты тез жаулап алуға жылдам түрде өсуге, өзінің саласында кәсіпкер болуына өте үлкен дәрежеде көмек береді. Ішкі кадрлық потенциал мекеме ешқандай қызметтік лауазымы жоқ жаңа қызметкерлерді алумен бағытталған. Мұндай кадрлық потенциал анық корпоративтік мәдениетті іске асыруға, жауапкершілікті қалыптастыруға, бизнестің дамуымен байланысты мекемелерде қолданысқа ие. Кадрлық потенциал тек мамандандырылған кадр ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-психологиялық түрге бағытталуы.

Кадрлық потенциал біріккен жүйені көрсетеді, яғни мұнда кадрларды ішкі және сыртқы басқару бөлімдері балансталып отырылуы қажет. Мұндай жағдайда капиталдық салымға деген қажеттілік, оқыту және қызметкердің мүмкіндіктерін көсету болып табылады. Мұндай байланыстарда кадрлық потенциалды басқарудың келесі принциптері ұсынылады:

1. Әріптесті сыйлау, яғни оның мамандану ерекшелігі, моральдық және кәсіпкерлік сапасы бойынша;

2. Әрбір қызметкердің жауапкершілігі, яғни ол компанияда нақты немен айналысуы қажет екенін анықтауы қажет;

3. Қызметкер кімге бағынатынын білуі қажет;

4. Еңбек сапасы;

5. Ынталандыру.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Аскарлов Е.С. Управление качеством: Учебное пособие.

– Алматы: Юрист, 2009. 3-е изд. - 292 с.

2. Диагностика успешности учителя: Сборник методической материалов для директоров и заместителей директоров учебных заведений, руководителям школ. - Издание 2-е исправленное и дополненное. – М.: Центр «Педагогический поиск», 2003, 160 с.

3. Всеобщее управление качеством: Учебник для вузов /О.П. Глудкин, Н.М. Горбунов,

А.И. Гуров, Ю.В. Зорин; Под ред.О.П. Глудкина. – М.: Радио и связь, 2010.

Жарнамалық хабардың әсерінің тиімділігін арттырудың психологиялық шарттары

Асел Абуовна АБИБУЛЛА,

Шымкент Университетінің «Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистрі

Кілт сөздер: *жарнама психологиясы, компания, экономика*

Жарнама – спектакль, концерт, жиналыс, лекция немесе көрермендерге арналған басқа да мәдени шаралар, спорттық жарыстар, ойын-сауықтар туралы хабарландырудың бір түрі.

Спирттік және салқын сусындар шығаратын ірі фирма өз тауарларын елде жоқ бір әдіспен жарнамалауға бел байлайды.

«Жарнама» түсінігінің көптеген анықтамасы бар. Жарнама сөзі – французша *reclame*, немісше *werbung* деген, латынның *reclamo* «рекламо» сөзінен шыққан, үлгілеу «айқайлау» деген мағынаны білдіреді. Ағылшын тілінде жарнама екі термин «*advertising, advertisiement*» және *publicity* қолданылады. «*Advertising*» термині құрылу жағынан орысша «жарнамалау» және «Жарнамалық іс-әрекет» сөзінің мағынасы жақын, ал «*advertisiement*» термині нақты жарнамалық іс-әрекеттің өнімін көрсетеді. Соңғы уақытта жарнаманы әлеуметтік экономикалық құбылыс ретінде көрсетуде кейбір авторлар «*advertology*» терминін жиі қолдануда. Қазір бұл терминнің орысша «адвертология» деген аудармасын көруге болады.

Ежелгі Римде, Грецияда базарларда, алаңдарда әр түрлі тауарларды мақтап қатты айқайлаған. Жарнамалық хабарландыруды ағаш тақталарына жазды, оны қатты қызығып оқитын алаңдарда және халық көп жиналатын жерлерге ілді. Жарнама капитализм дәуірінде жоғары дамыды. Капиталистік елдерде жарнаманың дамуы нарықта пайда берерлік өнім алу үшін күрес.

Жарнама баспасының пайда болуы ХVІІ ғасырдың басында У. Кекстон (Англия) және Т. Ренодо (Франция) аттарымен байланысты. 1611 жылы Лондонда әлемде бірінші рет А. Горжа және У. Копа жарнамалық бюро құрды. Жарнама – ең талантты, өз уақытын ерекше лидерімен ынтымақтасу мүмкіндігін береді, ол өз еліне, бүкіл әлемге белсенді әсер етеді. Сондықтан да жарнаманы бесінші өкімет деп босқа айтпайды. Жарнама информациялар беру құралы, әлемдегі ең бірінші жарнамалық хабарлама жасаған «Күнделікті оқиғалар» газеті. 1630 жылы осы қызметін пайдаланып Т. Ренардо деген біреу мекен-жай және анықтама кеңсесін ашқан, содан ол жарнаманың «әкесі» болып саналады.

АҚШ-та жарнама психологиясының негізін салушы болып психолог-функционалист Уолтер Джим Скотт болып табылады. 1903 жылы ол өзінің «Жарнаманың теориясы және практикасы» атты жұмысын жарыққа шығарды, ал 1908 жылы «Жарнама психологиясы» атты жаңа кітабы жарық көрді. Осыдан кейін жарнаманы зерттеу мәселелеріне байланысты кітап сататын орындарда жаңа кітаптар жиі басылымдарға шықты.

Қазіргі жарнама баспасына газеттер, журналдар, афишалар, бюллетендер, проспектітер, радио, теледидар, кинематограф сонымен қатар көшелер, түрлі-түсті хабарламалар, тауардың қораптары, тауарлық және фирмалық белгілер кіреді. Жарнамада кеңінен плакат, архитектураның кіші формаларын безендіру, көркем өнер, кәсіби графика қолданылады.

Жарнама бағасыз бақталастық әдістерінің бірі және маркетингтің функцияларының бірі. Ол таза экономикалық мақсатқа жету үшін халықтың политикалық және идеологиялық жөндеулерін қолданады.

1. Тұтынушы тауарларының қасиеттері туралы ақпарат және олардың әртүрлі түрлерін іске асыру мақсатында қызмет ету және оларға сұрақ құру.

2. Мағлұматтар беті туралы көпшілікке таратуды ұйымдастыру, әдебиет және мәдениет туындыларының атағын шығару мақсатында құру.

Жарнама ХІХ ғасырдың ортасында ғана біртіндеп прессаға ене бастады. ХІХ ғасырдың аяғында АҚШ-та, ХХ ғасырдың 30-жылдарында Францияда жарнама агентстволары пайда бола бастады. Ресми мәліметтерге сүйенетін болсақ, қазіргі уақытта Ресейде зерттеу орталығы және күшті полиграфиялық базасы бар 3000 ірі отандық және шетелдік жарнама агенттіктері жұмыс істейді.

Жарнама – бұл сатып алу керектігіне сендіру, олармен таныстыру, халыққа тауар туралы ақпарат беру процесі. Жарнама бұл маңызды және нәзік нарық құралы. Дамушы нарық жағдайында, жоғары бәсекелестік бар жерде әрбір сатушы пайдаланушының қажеттілігін максималды қанағаттандыруға тырысады, онда жарнама бәсекелес күресінің шешуші факторы болуы мүмкін. Тауарды сатып алушы циклдің әрбір сатысында жарнаманың өзінше ерекшеліктері бар. Жарнаманы тек коммерциялық тиімділікті арттыру құралы ретінде қолдану теріс нәтиже әкелуі мүмкін.

Жарнама компаниясы – бұл жарнаманың әр түрлі түрлерін және көпшілікке тарату құралдарын қолданумен бір немесе бірнеше агенттіктерді өзіне тартумен және жарнама берушілермен жүзеге асатын жиынтық.

Өзінің ұзақ тарихында жарнама сапалы эволюционалды. Ол ақпарат беру жолынан уағызға, уағыздан шартты рефлекссті өңдеуге, шартты рефлекссті өңдеуден бейсаналы иландыруға, бейсаналы иландырудан – символикалық бейнелеуге өтті.

Жарнама саналы және бейсаналы деңгейде басқара отырып адамның өміріне жиірек араласуда. Жарнама – бұл бәрінен бұрын қарым-қатынас философиясы. Ол адамдар арасындағы байланысты нығайтады, бұл оның рөлі осылайша бағаланады.

«Жарнама психологиясы» термині ресейлік оқырмандарға жақсы таныс. Өйткені ғасырдың басынан осы атпен кітапша, кітап, тіпті оқулықтар шықты. Алайда отандық әдебиеттерде «жарнама» сөзі көбіне жарнамалық өнімнің өндірістік іс-әрекеті деп түсіндіріледі, сонымен қатар осы іс-әрекеттің өз өнімі. Сондықтан ғылыми және қолданбалы әдебиеттерді оқу барысында мына жағдайда, егер арнайы анықталған айқындау болмаса «жарнама» терминін контекст бойынша талдау керек болады немесе кең мағынада «жарнамалық іс-әрекет» терминінің синонимі ретінде, немесе жарнамалық іс-әрекеттің түрі ретінде дара, нақты – плакатты, теледидарлық роликті не газеттегі хабарландыруды қалай жою. Бұл қазіргі уақытта шешімі жоқ, терминологияның мәселесін туғызады, сондықтан әрбір жағдайда терминнің дұрыс түсінігін контекст қана анықтайды.

Бірінші психологиялық ғылыми-қолданбалы зерттеулер XIX-XX ғасырда шетелде жарнама ауданы өтті. Бұған себеп бірнеше.

Біріншіден, соңғы жүз жылда арнайы жарнама құрылған, мұның соңында ғылыми анализді талап етуші жаңа психологиялық көрініс туындады. Екіншіден психологиялық ғылымның өзінде маңызды өзгеріс болды. Қазір оның әлеуметтік бағыты интенсивті дамуда, сондықтан жарнаманың міндетті түрде әлеуметтік, этикалық психологиясын білу керек.

Үшіншіден қазіргі уақытта адамның жарнамалық іс-әрекетімен байланысты қоғамда және мәдениетте сансыз мәселе туындады. Олар да психологиялық шешімді талап етеді.

«Жарнамалық іс-әрекет» және «жарнама» термині кең мағынада адам практикасының ерекше түрі ретінде сипатталады онсыз адамдар қазіргі кездегі өнімді ғана емес сонымен қатар толық мәдениетті қалыптастыра алмас еді. Бұл іс-әрекетсіз өркениет осы уақытқа дейін төменгі сатыда қалып қояр еді, ал адамдар сыртқы және ішкі жекелік қасиеттерінен айрылған өмір сүру иесін еске түсірер еді.

Жарнамалық іс-әрекет түрлі жағынан сипатталады: экономикалық, технологиялық, психологиялық, әлеуметтік, мәдени және т.б.

Экономикалық көзқарасы жағынан бұл бизнестің бір түрі. Оның мақсаты болып әр түрлі жарнамалық өнімдерді өңдеп шығару. Ол кез келген тауар немесе күтім ретінде сатылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Айзенберг М.Н. Менеджмент рекламы. – М., 1991.
2. Артеменко В.Г. Реклама в торговле. – Новосибирск, 1996.
3. Бадалов Д.С., Кисмерешкин В.Г. Регулирование рекламной деятельности. – М.: Рекламный совет России, 2000.
4. Баженов Ю. Организация рекламы в магазине. – М.: ИВЦ «Маркетинг», 1998.

Тұлғаның когнитивті стилінің жарнамалық хабарламаны қабылдауға әсері

Макпал Абдикадировна ЖОЛДАСБЕКОВА,

Шымкент Университетінің «Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистрі

Кілт сөздер: *жарнама, жарнама психология, экономика*

Қазіргі заманда жарнама мәселесі психология, мәдениеттану, журналистика, саясаттану, экономика, лингвистика секілді түрлі білім салаларының назарын өзіне аударуда. Жарнама адам қызметінің барлық салаларына енген. Ол қоғам сұраныстары мен оның көңіл күйімен үндеседі. Жарнама қажеттілігінің артуы оның экономика дамуында маңызды рөл ойнауына байланысты. Алайда потенциалды сатып алушыға тиімді ықпал ету үшін жарнама басқа білім салаларының тәжірибесін пайдалануы керек.

Көбінесе жарнама науқанының тиімділігі жарнама мәтінінің тілдік рәсімделуіне байланысты. Жарнама мәтінін құрғанда ең маңызды сұрақ мәтінде пайдаланылатын тілдік құралдардың жете іріктелуі болып табылады.

Жарнама насихаты аясында жарнамалық мәтін тілінің ерекшеліктерін анықтау социо-лингвистика, прагматика, стилистика, коммуникация теориясы шеңберінде жүргізілуі мүмкін. Осы пәндерді тілге деген мүдделілік, оның коммуникативтік-функционалдық мүмкіндіктеріне, ақпарат алушыға ықпал ету қабілетіне мүдделілігін біріктіреді. Лингвистика көзқарасынан қарағанда, жарнама мәтінінің тілдік ерекшеліктеріне деген орынды мүдделілік пайда болады.

Қазіргі заманғы БАҚ өркениет дамуының қоғамдық-мәліметтік факторы ретінде релевантты параметр болып табылады. Оны жарнаманың мәліметтік жүйесіне оңай енетін, жарнамалық, жаһандану және этномәдени интеграция заманы тұтынушысының өмір сүру салтының виртуальді моделін қалыптастыратын коммуникативті оқиға ретінде интерпретациялау қажет.

Масс-медиа мен жарнама феномендерінің интеграциялылығы олар социумда атқаратын негізгі коммуникативті функциялар арқылы, яғни бейтарап хабарлау, жеке тұлғаның санасын манипуляциялау мен басқару; медиалық және жарнамалық мәліметті тарату арналарының ортақтығы және осыдан келіп шығатын жарнама және БАҚ аудиторияларының тоғысуы арқылы қамтамасыз етіледі.

Заманауи әлемде жарнаманың тек санаға мәліметтік-суггестивті әсерінің ғана емес, сондай-ақ, тұтынушы санасында шындықтың ерекше модельдерінің (мәдени, қоғамдық, психологиялық, саяси, т.б.) массмедиялық өндірісінің де мықты потенциалы қалыптасқан. Жарнама өз тарату арналары бар, мәліметтік кеңістікте өзара қарым-қатынасқа түсетін қоғамдық-мәдени, мәліметтік және модельдеуші жүйе болып қалыптасты.

Жарнама коммуникациясының мақсаты – аудитория зейінін тауарға бағыттап, оған деген ынтасы мен қызығушылығын қалыптастырып, оны арттыра отырып, оның нарықтағы өткізімін көтеру.

Жарнаманың барлық түрлерінің интеграциялануы жарнама коммуникациясы түрлерінің мақсаты (адам санасында белгілі бір әлем бейнесін қалыптастыра отырып, оның өзіндік ұстанымын өзгерту) мен қоғамның гуманизациясына бағытталған әлеуметтік жарнамаға еліктеуге мүмкіндік беретін қоғамдық бағытталуының ортақтығымен түсіндіріледі.

Жарнама тек заттар әлемі, тауар не қызмет туралы ғана емес, сондай-ақ, адамдар, олардың қоғамдағы қарым-қатынасы жайында да көп ақпарат береді. Бул жарнама коммуникациясында екі түрлі дискурстың бар екендігін дәлелдейді. Олар – объектілер туралы мәлімет беретін «бастапқы» және қоғамдық, әлеуметтік, саяси және т.б. стереотиптерінің құндылық жүйелерін қалыптастыратын «екіншілік» дискурстар. Жарнаманың әсер ету деңгейлері әр түрлі болуы мүмкін: белгілі бір жарнамаланатын тауар туралы хабарламаны санада бекітіп, белгілі бір әрекеттер схемасын тықпалайтын үстіртін әсер етуден, жаңа бір қажеттілікті туғызатын терең әсерге дейін.

Бұқаралық ақпарат құралдары алуан түрлі әлем бейнелерін қалыптастырады. БАҚ онтологиясындағы заманауи әлем бейнелеріне жарнама белсенді түрде енгізіліп жатыр. Ал жарнамасыз медиалық шындықты қалыптастыру мүмкін емес болып отыр. Нәтижесінде әлем бейнесінің жаңа түрі – медиа-жарнамалық бейне қалыптасады. Бұқаралық ақпарат құралдары

мен жарнама көбінесе мәселені шешудің тек қысқа уақыттық және үстіртін қызығушылығына әкеп соғуының нәтижесінде, институционализацияның, яғни масс-медиалық бейнелер қалыптастырған жалпы қоғам үшін объективті мәнінің жоқтығы байқалады.

Жарнама әсерінің психолінгвистикалық тиімділігін дұрыс түсінбеу, осы бағыттың методологиялық дамуына зиянын тигізеді. Тиімділікті жарнама мен тауар сатудың арасындағы тура байланыс деп түсінеді, яғни жарнаманың тұтынушының тілегіне әсер ете алатын қабілетін ғана бағалайды. Ең негізгісі – жарнама тұтынушыға түсінікті болу керек, зейінді аударатындай, жеңіл есте қалатындай, жағымды эмоция туғызатындай жасалуы тиіс.

Осы бағыттағы психолінгвистика теориясы мәселелеріне жарнаманы қабылдаудың психологиялық құрылымы және соған сәйкес жарнамалық әсерлердің психологиялық аспектілері жатады. Когнитивті компонент жарнамалық ақпаратты адамның қабылдауына байланысты. Когнитивті комплексті анықтау ақпараттар процесін өңдеуге түйсік, қабылдау, ес, елестету, қиял, ойлау, сөйлеу жатады. Жарнамалық өнім сапалы немесе сапасыз дайындалуы мүмкін, бұл адамның когнитивті сферасына әр түрлі әсер етуі мүмкін. Жарнама ықпалының маңызды тапсырмаларының бірі – тауарды ерекшелеп алудан, оған сатып алушының зейінін аудару.

Жарнама қоғамдық-мәдени феномены

Жарнама функциялары мен мақсаттары

Қазіргі қоғамды оның бір-бірімен тығыз байланысты екі негізгі анықтамасы сипаттайды – «ақпараттық қоғам» және «тұтыну қоғамы». Социологтар мен саясаткерлерді атом дәуірінен ақпараттық дәуірге өту мәселесіне назар аудартқан ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы «тұтыну қоғамының», өндіріс пен қорландыруды екінші орынға ығыстырып, тұтыну қоғамдық өмірдің негізгі мазмұнына айналған қоғамның құрылуына әкелді (жарнаманың айтарлықтай көмегімен).

Жарнама саласының елімізде соңғы кезде қарқындап дамып, өркендеп келе жатқаны, сауда – қоғамдық қатынастардың ажырамас бір бөлігіне айналғаны шындық. Бүгінгідей нарықтық қарым-қатынасқа көшкен заманда жарнаманың алатын орны ерекше, жарнама қызметі әсіресе іскерлік байланыс кең қанат жайған қалалық жерлерде, мегаорталықтарда, сауда орындарында, маркетингтік іс-әрекет аймағында жоғары бағаланады. Жарнама бойынша шығарған өнімдерін өткізу тәжірибесі жер жүзіндегі дамыған барлық елдерде бар. Қай дәуірді алып қарасақ та, сол дәуірге лайықталып жасалған жарнамалық нышандардың бар болғанын көреміз. Жарнаманың болу қажеттілігін қоғамның ыңғайына қарай адамдар тудырып отырады. Тіптен қала өркениетіне жете қоймаған, көшпенді тұрмыс кешкен деп есептеліп, капиталистік формацияға көшіп үлгере алмады, тек феодалдық қоғамдық формада ғана болды деп сыңаржақ есептелетін қазақ халқында да жарнамалық әрекет кезінде белең алған. Бірақ қазақ еліндегі жарнаманың бір ерекшелігі, мұнда адамдар жеке басының мүддесін көздеп, байлықтарын кеңейтуге ұмтылған жоқ. Мұндағы жарнама ас – той не қатты қуаныш, не қатты қайғыда соларды халқымен бөлісу мақсатында сауын айту, жаршы жіберіп, жырақтағы жұрттарға хабар айту. Яғни, мұның бәрі түптеп келгенде, қазақ халқының жарнаманы сауда-саттық үшін емес, бауырмалдық қағида үшін ұстанғанын көрсетеді. Ал айтылып өткен бұл мысалдарға тарихи – тілдік фактілерді Асанбаева Сауле жарнамаға арналған өз диссертациялық еңбегінде келтірген. Бізден бөлек бір жағы, Батыс елдерінде жарнама саласы арнайы зерттеу нысанына айналып, жарнамалық басқару үрдісі қалыптасқан. Еуропада капиталистік қатынастардың тез өркендеуіне байланысты жарнама саласы бірте-бірте байлық көзіне, бәсеке көзіне айналып, бүкіл жер жүзіне тарай бастады.

Жарнаманың нақтылы белгілі бір коммерциялық мақсатқа негізделген формасы Еуропа елдерінен бастап тарады деп айтуымызға негіз бар.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Айзенберг М.Н. Менеджмент рекламы. – М.2010.
2. Артеменко В.Г. Реклама в торговле. – Новосибирск. 2016.
3. Бадалов Д.С., Кисмерешкин В.Г. Регулирование рекламной деятельности. – М.: Рекламный совет России, 2000.
4. Баженов Ю. Организация рекламы в магазине. – М.: ИВЦ «Маркетинг», 2010.
6. Батра Р., Майерс Дж., Аакер Д. Рекламный менеджмент. /Пер.с. англ.5-е изд.- М., СПб., К. Издательский дом «Вильямс», 2010

Жетекші репрезентативті жүйенің жарнамалық хабарламаны қабылдауға әсері

Аскар Сембаевич АЙТКУЛОВ,

Шымкент Университетінің «Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистрі

Кілт сөздер: *когнитивті компонент, түйсік, қабылдау, зейін, ес*

Когнитивті компонент жарнамалық ақпаратты адам қалай қабылдайды сонымен байланысты. Когнитивті комплексті анықтау ақпараттар процесін өңдеуді болжамдайды оған түйсік, қабылдау, ес, елестету, қиял, ойлау, сөйлеу жатады. Жарнамалық өнім жоғары және сапалы дайындалуы мүмкін, бұл адамның когнитивті сферасында әр түрлі әсер етуі мүмкін. Нәтижесінде жарнамалық әртүрлі қабылдауды есте сақтайды. Жарнама ықпалының маңызды тапсырмаларының бірі – тауарды ерекшелеп алудан, оған сатып алушының зейінін аударудан тұрады. Жарнама берушінің өнімдері бір-бірімен тек бәсекелестікте болмайды, тауарға қарағанда одан да қатты бәсекелестікте болады. Оған қысқаша тоқталайық.

Түйсік. Жарнамалық іс-әрекетте түйсіктің көбіне көру, есту, иіс сезу, қимыл, дәм сезу, сипап сезу түрлері қолданылады. Мұнда жарнамалық өнімді алу немесе оны қабылдау кезінде туындайтын түйсікті зерттеу мәселесі өзекті болып табылады. Бұл мақсатқа адамның жарнамалаушы тауарды қолданудағы сезімін, түйсігін өлшеу көмегімен жетеді. Мұнда пайдаланушы үшін қандай тауар тартымды болатынын анықтайтын арнайы субъективті шкалалар қолданады. Егер пайда болған түйсік жақсы таныстан ерекшеленетін болса, онда жарнаманы шығарушылар бұл тауарды ерекшелей алады демек, пайдаланушының сатып алу құлқына әсер ету керек. Мұндай зерттеулердің нәтижесі сенімді болғандығы соншалықты, олардың өздері жарнама сапасы ретінде аз шығады. Мысалы: видеоклипте адамға тіс пастасының екі түрінің бірін қолданып көруді ұсынады, сосын жарнамалаушы тауардың мүлкін көрсете алады.

Психологиялық зерттеулерде қаралғандай, ықпал етуші объектілерден түйсінген адам Фехнердің психофизиологиялық заңына сүйенеді. Бұл заңда жариялағандай маңызсыз стимулдарға қарағанда, өте үлкен маңызды стимулға адамның түйсігі аз өзгереді. Интенсивті ықпалдар ерқашан жақсы қабылдана бермейді (қатты дауыстар, ашық түстер, көп сөзді текстер). /3,160 б./

Қабылдау – адамның когнитивті іс-әрекетінің маңызды элементі болып табылады. Түйсіктен ерекшелігі заттарды тұтастай қабылдайды. Қабылдау көбіне саналы жүзеге асады. Қабылдау процесінде тану үлкен роль ойнайды. Жарнамалық ақпараттарды қабылдауда сатып алушының мінез-құлқына маңызды ықпал ететін, не етпейтін перцептивті бейнені қалыптастыруға болады. Зерттеулерде көрсеткендей, адамдар мысалы, басқа ассортименттен әртүрлігімен ерекшеленетін өзінің маркасына сенімді темекі, сыра немесе қандайда бір басқа өнім. Бірақ арнайы қолданғанда олар бір марканы екінші маркадан ажырата алмайды. Темекі шегушілерге 3-сорттағы атауы жоқ темекі ұсынылады. Олар өздерінің жақсы көретін сортын білу керек еді. Тек 300-ден 6 адам өз темекісінің маркасын тани алды. Мұны психологтар былай қорытындылады. Адамдар темекінің маркасын емес бейнесін имиджін шегеді. Жарнаманың негізгі міндеті – пайдаланушының миында бәсекелестік кезінде жарнамалаушыны алатын тауар бейнесін қалыптастыру. Бұл өзекті, өйткені көп заттар стандартталған. Мысалы, темекіге деген сұраныстың азаюынан көп фирмалар пайдаланушылардың жеке ерекшеліктеріне сай келетін, жаңа бейнелер құра отырып өзінің маркасын өзгертті.

Жарнамада визуалды бейненің тілі маңызды. Олар күрделі әріп және сөздер қатарынан тұратын, вербальды тілмен салыстырғанда, ол тез және жеңіл қабылданады. Тақырып және негізгі текст символ ретінде оқылуы керек және абстрактылы болу керек. Бейнелер адам сезіміне тікелей адрестелген жарнама тұтастық принциптеріне жауап беруі керек. Бөлінбейтін, тұтас туралы айтқанда жарнама психологиялық, физикалық немесе символикалық жиынтық ішкі тығыз байланысымен айтылады. Жарнамада оның барлық элементі – иллюстрация, тақырып, текст, логотип және жалпы бейне тығыз өзара әрекеттеседі, бірлескен жиынтығының арқасында жарнаманың жалпы тиімділігін анықтайды.

Зерттеушілер қорытындылағандай процесс және қабылдау механизмі өзара байланысқан

тиімді және автоматты түрде болады. Адамдар жарнаманы қысқа заңдылықта қабылдайды, ол қабылдау психологияның базасы болып табылады. Сыртқы түйсіктер адамның жай және жайлы формасында табысады, адамның миы жай бейне және форма негізінде күрделі сыртқы түйсікті дамытады. Егер олар толық немесе идеалды болмаса онда адам олар қандай болатынын табуға тырысады. Мысалы, толық емес немесе дұрыс емес шеңберді адам бәрібір «шеңбер» деп қабылдайды. Бұл процесс адамның миында автоматты түрде болады.

Жарнамалаушылардың көзқарасы бойынша, егер пайдаланушыға күшті жарнаманы ұсынса, сосын оның қандайда бір элементін ұсыну жеткілікті болады, қалғандарын пайдаланушының өзі еске түсіреді. Кейде адамдар білетін анекдоттардың бір фразасын естігенде күледі.

Визуальды бейнелер талаптар қатарына жауап беру керек. Қабылдаудың құрылымы анық және түсінікті болу керек. Объект өз фонында ерекше болу үшін ол контрастты болуы керек. Объект ұқсастықты, жақындықты, размерді, форманы қосатын орталық немесе күш ретінде құрылады. Тауар нейтралды фонда ерекшеленетін басым бейнеде болу керек.

Зейін қабылдаудың маңызды қасиеті. Зейін аударудың негізгі тәсілдері – өзгерту, қимыл, контраст, фоннан фигураны ерекшелеу болып табылады. Жарнамалаушы тауарды ерекшелеу бұл оған зейін аудару деген сөз. Пайдаланушының зейінін аударудың тиімді тәсілі жарнамалық ақпаратты журнал түбіріне тарату. Оқырмандар қолындағы журналды трубка немесе цилиндр сияқты орайды. Жылжығанда беттерде жарнаманы қоятын қосымша орындар болады. Көрермендердің зейіні көретін жолдың өзгеруіне ауады.

Зерттеулер көрсеткендей, мыңдаған жарнамалық хабарландырудың барлығына зейін аудармайды. Тек оншақтысы пайдаланушының мінез-құлқына әсер ету үмітіне ие болады. Демек, адамдар шығатын ақпаратты біртіндеп бейсаналы түрде таңдайды.

Қандай жарнамалық хабарландыруға адамның зейіні ауады?

Ол өзіне ұнайтын немесе оны қорқытатын нәрсені көреді және естиді.

Ес жарнамалық іс-әрекетке тікелей қатысты, жарнама тиімділігінде маңызды психикалық процестердің бірі болып табылады. Ес деп адамның бұрын қабылдаған, уайымдаған немесе істегенін есте сақтауды, қайта жаңғыртуды, тануды айтады.

Экспериментте көрсеткендей жарнамалық хабарландырудың прокаты 13 аптада шығу керек, ол 7 күнде бір реттен кем болмау керек. Прокаттан кейін сұрағандардың 63% жарнаманы есте сақтайды, бір айдан кейін тек 32% оны еске түсіреді, тағы да екі аптадан кейін 21% оны қайта жаңғырта алады, 1,5 айдан кейін пайдаланушының 79% жарнаманы ұмытады. Адамдар өзінің болашақ іс-әрекетін тапсырмасымен байланысты және өзі қызығатынды тез, мықтырақ есте сақтайды. Ал немқұрайлы, түсініксіз материал нашар есте сақталынады. Сондықтан адамның жоспарын және қызығушылығын ескеретін жарнама тиімді болады. Психологиялық көзқарас бойынша кез келген сатушы бұл адамдарға болашаққа қаруға мүмкіндік беретін және ол болашақты тауардың көмегімен байланыстыратын адам. Естің түрлері көп – қимыл, эмоционалды, сөзді логикалық, сенсорлы, көру, есту, иіс сезу, дәм сезу, бейнелі, механикалық, логикалық, қысқа, ұзақ уақытты, ерікті, еріксіз. Бұлардың барлығы жарнамалық ақпаратты қайта өңдеуде және қабылдау процесіне қатысты.

Есте сақтауға қарама-қарсы – ұмыту. Ұмыту қайталаудың болмауынан бірнеше уақыттан кейін болуы мүмкін. Тек жарнама фоны емес, тауардың безендірілуі да есте сақталғаны маңызды. Көбіне керісінше болады. Ұзақ есте сақтаудың жарнамалық хабарландырумен өзара байланысы өте маңызды онда жарнаманы қабылдау моментінен, тауарды сатып алу моментіне дейін біраз уақыт өтуі мүмкін. Онда ескеретін жайт, жарнама емес тауар есте сақталу керек. Жарнаманы есте сақтаудың негізгі мәселесі, есте сақтамау емес керісінше ұмыту, мұны жарнамалаушы үнемі ескеру керек.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. – М., 2010
2. Бородин В. Самореклама: мода и традиции. – М.: РИП холдинг, 2000.
3. Бондаренко О. Реклама с точки зрения теории единного поля.
[http://www.mediaplanirovanie. ru./](http://www.mediaplanirovanie.ru/)

Саяси режимдер және саяси әлеуметтену психологиясы

Кудайберген Ержанович БЕЙСЕНОВ,

Шымкент Университетінің «Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистрі

Кілт сөздер: *саяси сана-сезім, гнесология, саяси психология*

Саяси сана-сезім – бұл қазіргі саяси психологияның ұғымдық координаттар жүйесіне кіретін және субъектінің өзі кіретін, сонымен қатар оның саясатпен байланысты әрекеттері және жағдайлары, олардың шындықпен байланысты субъектінің қабылдау нәтижелері көрсететін қазіргі саяси психология ортаңғы категорияларының бірі.

Құрамдық тұрғыда зерттеушілердің көбі саяси сананы көп деңгейдегі ішкі қайшылықты, «соғысып» байқалатын, біртекті, көпшамалы құрылым ретіндегі қарастырады, жалпылаған түрде субъектінің саясатпен және оған рационалды көзқарасымен (саясаттағы ұжымдық санасыздықтан қайшылыққа дейін) танысу деңгейін көрсетеді.

Гнесологиялық тұрғыда саяси сана басқа негіз құрайтын саяси-психологиялық ұғымдар мен категориялармен тығыз байланысты, жекеленген, ол саяси мәдениетпен тығыз байланысты – генетикалық тұрғыда, саяси сана, оның туынды, жоғары деңгейі және сол сәтте саяси мәдениеттің дамыған формаларында, оның орталық құрам бөлігі болып табылады. Саяси сана, саяси әрекетпен тығыз байланысты – саяси сана осындай әрекеттің субъективтік механизмдерінің рационалды негізі ретінде болады. Ол саяси жүйемен байланысты – психологиялық ұғымдар мен категориялармен тығыз байланысты. Жекелегенде, ол саяси мәдениетпен тығыз байланысты – генетикалық тұрғыда, саяси сана оның туынды, жоғарғы деңгейі және сол сәтте саяси мәдениеттің дамыған формаларында, оның орталық құрам бөлігі болып табылады. Ол саяси жүйемен байланысты – саяси сана өзімен оның субъективтік фундаментін – «адамның негізін» көрсетеді және т.б. Саяси сананың категориясы оған салынатын құрамның кеңдігіне, түсіндірмелі күштің кеңдігіне байланысты қолайлы болды және өздік түйіндік ұғым түрлі ғылыми пәндердің бұған дейін көзқарастарымен шығарған. Мұндай синтетикалық қасиет сана ұғымына жаңа көбіне синтетикалық тегі бойынша саяси-психикалық ғылымның негізін салушылардың бірі болды.

Саяси әлеуметтану саяси санада біршама, алдымен идеологиялық және жалпылық деңгейлерді бөледі және оны алдымен саяси санадан тыс құрылған бір жағынан, шарттарымен стереотиптер қосындасы, екінші жағынан – жеке адам немесе топпен оған маңызды қате әсер ететін ерекше факторлар ретінде саяси сананың идеологиялық компоненттерін бөліп, әлеуметтік саяси шындықтың өзіндік анализі нәтижесінде алынған болып, қосындысын қарастырып, консервативті, либералды, революциялық, тоталитарлық, авторитарлы, демократиялық және басқа да саяси сананың нақты түрлерінің сипаттамаларын ашуда назар аударды.

Саяси сана мен сана-сезімнен басқа саясатта әдетте иррационалды немесе мағынасыз үлкен қызмет ойнайды. Оны «ұжымдық санасыздық» ұғымы мысалында қарастырайық.

Кең мағынада бұл саяси әрекеттің индивидуалдық субъектісінің «санасында көрсетілмеген операциялар және жағдайлар, психикалық үрдістердің қосындысы (немесе жеткіліксіз сана дәрежесімен көрсетілген), бірақ бұл кей жағдайларда адамдардың құрамсыз конгломераттарының әрекетіне анық әсер етеді (мысалы, топ). «Ұжымдық» сын есімі берілген сөз тізбегінде Ресей әдебиетінде қабылданған ұғыммен сәйкес келмейді және бұл ұжымның саналы адамдар қоғамы ретінде ұғыммен байланыссыз, тіпті бұған қайшы. Ұжымдық санасыздық ұғымы әрекеттің спецификалық формасын туғызады, шатаспау үшін әдетте, стихиялық, «ұжымдық» емес (жалпылық) әрекет.

Ұғымның тарихы өте қызық: «Ұжымдық санасыздық» ұғымын З. Фрейдтің жолын жалғастырушы, К.Г. Юнгпен жеке санасыздықтан ерекшеленетіні адамзаттың филогенетикалық даму тәжірибесін ұстаушылары болатын психикалық құбылыстардың ерекше тобын белгілеу үшін енгізеді.

К. Юнг үшін ұжымдық құрамы санасыздықтың басты құрамы болып, архетиптер – адамның шын өмірінде нақты құраммен толтырады, яғни әрекеттің түрлі априорлық тізбектер; ерекше текті тұлғаустілік адамның маңында болып жатқанға әсер ету және қабылдау әдістері (түрлік, топтық);

филогенетикалық мағынадағы кейбір «ұжымға» жататын адамдардың әрекетінің ұқсастығын анықтайды (мысалы, бір этносқа).

Саяси психологияда ұжымдық санасыздық анықтамасын XIX ғасырдың аяғында Э. Дюркгейм «ұжымдық көріністер» ұғымымен толықтырады, бұл ұғым үйреншікті, автоматталғандық жағдайында әлеуметтік топтар мен қоғамдастықтар мүшелерінің тәжірибесінде құрылған әрекет тәртібі, пікірлер білімінің қосындысы.

Осындай көріністер, адамдардың жеке санасын басып, В.М. Бехтерев мазасыздық, жалпы толқулар, топтың жиындағы әрекеті сияқты феномендермен байланысты әлеуметтік және саяси психологияның арнайы саласы – «ұжымдық рефлексология» деп туғызуы мүмкін.

Ұжымдық санасыздық шегінде құрамды түрде ұжымдық эмоциялар, сезімдер, көңіл күйлер, пікірлер, білімдер, бағалар және ойлар бөлінеді. Басты рөлдерге эмоционалдық құрамында рационалды элементтер тек көбінесе иррационалды сәттерге көмекші рөл, бағынышты рөл ойнайтын, дәстүрлі көзқарастар мен сенімдер, көптен қалыптасқан стереотиптер түрінде өмір сүреді.

Саяси психология дегеніміз – адамның және әлеуметтік топтардың саяси процестерге қатысу механизмдері мен заңдылықтарын зерттейді. Саяси психология әлемдік саясаттану ғылымында перспективті зерттеу аймағы болып табылады.

Алғашқы еңбектер XX ғ. ортасында пайда болып, бірақ тек он жылдан кейін ғана ресми қабылданған пән. Саяси психологияның пайда болуы бұл саяси жүйедегі түрлі ерекшеліктерге әсер етті: тарих, әлеуметтану, философия, саясаттану ғылымдары саясаттың өзінде жаңа құбылыстардың пайда болуына көңіл аударды.

Көсемдер, корольдер, президенттер және өзге де саяси элита өкілдері халық арасында ерекше орын алды. Халықтық бұқараға алғашқы еңбектер жазған француз Гербарт Лебон. Оның еңбектері: «Психология народов и масс», «Психология тарихы», «Психология социализма». Ол бұқарадағы жеке адамдарға деген қиянатты, зорлық-зомбылық, күш көрсетуді көріп, алғаш рет топты зерттеген. Лебон бойынша: топ – ұйымдаспаған белсенділіктің әсерінен кездейсоқ пайда болады. Мұнда агрессивтілік, истерия, жауапсыздық, анархия бар деп сипаттады.

XX ғ. басында бұқаралық мінез-құлықтың жағымсыз жағы қарастырылса, керісінше, қазіргі зерттеушілер бұқарадан перспективті аспектілер бар деп таныды. Бұл демократиялық даму.

Батыста саяси психологияның дамуына психоанализ идеялары әсер етті.

Лассуэлл «Психопатология и политика» атты кітабында: «Политология без биографии подобна таксидермии – наука о набивании чучел».

Саяси психологияның АҚШ-та қазіргі кезде дамуы мұндағы психиатриялық ассоциацияның халықтың саясатты зерттеу үшін психиатрия және сыртқы саяси институт болып 1970 ж. құрылды. 1968 ж. АҚШ-та саяси ғылым ассоциациясы саяси психологиялық комитеті болып қалыптасқан. 1979 ж. осы ұйымның негізінде саяси психологтар қоғамы ұйымдасып, JSPF халықаралық статусына ие болды. Бұл қоғам өзінің журналын шығарды.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Немировский В.Г., Невирко Д.Д., Гришев С.В. Социология: классические подходы к анализу социальной реальности. – М. 2010. – 555 с.
2. Дюркгейм Э. Социология и теория познания // новые идеи в социологии. – Спб., – С. 38
3. Кудрявцова В.Н., Казимирчук В.П. Современная социология права. – М.: Юрист, 2005. – 300 с.
4. Садырова М.С. Индикаторы профессиональной адаптации // Глобализация и вопросы социологической адаптации. Материалы II конгресса социологов Казахстана, Астана, 8 июля – Астана, 2015. Ч.1. – С. 226.
5. Linda Lindsey, Stephen Beach. Sociology: social life and social issues. Prentice Hall, Upper Saddle River, New Jersey 07458. – 2009. – 733 p.

Ұйымдағы әлеуметтік қарым-қатынас жағдайында тұлғаның эмоционалды ерік тұрақтылығын психологиялық зерттеу

Гулсин Ашировна БЕРЖАНОВА,

Шымкент Университетінің «Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистрі

Кілт сөздер: эмоцияның жағымсыз бағалау рөлі, эмоцияның басқарушы,
эмоцияның қорғаныс қызметі, эмоцияның сигналдық қызметі

Бүгінгі таңда адамдар мен қоғамның салауаттылығы бүкіл өркениетті әлем үшін әлеуметтік сипатқа ие болып отыр. Адам салауатты өмір мен денсаулық мәдениетін игермей тұрып, өзін білімділер қатарына жатқыза алмайды. Өйткені әрқайсымыздың денсаулығымыз – бұл жеке байлық қана емес, сондай-ақ еліміздің экономикалық қуатының өсуі үшін де қажетті шарт. Адамдардың денсаулығы да сол елдің өркениеттік деңгейін танытатын маңызды факторлардың бірі. Ал денсаулықтың негізгі шарты – мәдени орта, салауатты өмір салты.

Тұлғаны жаңа психологиялық мүмкіндіктерін қалыптастыруға бағыттау, баланың психикалық дамуы, оны ілгері дамыту, мақсатқа бағдарлай ұйымдастыру, тәрбиелеуді басқару және өзін-өзі тәрбиелеу үрдісін ұйымдастыруға кең өрісті жағдай туғызады.

Қазіргі кезеңде тұлға – психологиядағы ең өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Өйткені қоғамымыздың қарқынды әлеуметтік дамуы белсенді тұлғаны қалыптастыруға жоғары талап қояды. Ал қоғамның қазіргі жағдайында елдің саяси, мәдени, әлеуметтік-экономикалық жақтарын жаңғырту кезінде, жастардың болашақта ізгі ниетті азамат болып дамуына олардың тұлғасының дұрыс қалыптасу үрдісі үлкен ықпал тигізетіні сөзсіз.

Адамның тұлғасы қарым-қатынастарының кешенді әсерінің нәтижесінде дамиды. Тұлға – бұл қоғамдық тарихи дамудың өнімі. Адамның қоғамдық қатынастар жүйесінде алатын орны, оның орындайтын іс-әрекеті – бұл оның тұлғасының қалыптасуын анықтайтын жағдайлар. Тұлғаның қалыптасуы адам сипаттамасы үшін маңызды орын алады, яғни оның мінез-құлық пен іс-әрекетінің жоғары саналы формаларын қамтамасыз етіп, оның ақиқатқа байланысты барлық қарым-қатынастарының бірлігін құрайды. Нәтижесінде адамның кез келген реакциялары және ішкі аффективті өмірінің құрылымы оның әлеуметтік тәжірибе барысында жинақталған тұлғаның ерекшеліктерімен анықталады. Тұлғаның қалыптасуы биологиялық және әлеуметтік факторларға байланысты. Сонымен қатар тұлғаның дамуында нақтылы тарихи орта негізгі болып саналады. Оқушылардың тұлғасының дамуы, механизмді құрастыратын көптеген ішкі және сыртқы факторларға тәуелді болып келеді.

Л.С. Выготскийдің «баланың психикасы әлеуметтік табиғатқа ие» деген пікірі осыған негізделеді [1]. Баланың тұлғалық дамуы оның дамуындағы әлеуметтік жағдайлармен байланысты. Сонымен, тұлға, біріншіден, әлеуметтік қатынас пен саналы әрекеттің субъектісі ретіндегі индивид. Екіншіден – бұл индивидтің жүйелі қасиеті, оның қоғамдық қатынасқа енуімен анықталып және де біріккен әрекетпен қарым-қатынасқа қалыптасып отырады. Кеңес психологиясында адамды тұлға деп, қоғамның субъектісі ретінде оның қарым-қатынасқа түсу жүйесін сипаттайды.

А.Н. Леонтьев «тұлға» ұғымына адамның шарттанған ерекшеліктері – физикалық конституцияны, жүйке жүйелерінің типтерін, темпераментті, биологиялық қажеттіліктерді, табиғи нышандарды, сонымен қатар меңгерілген өмірлік маңызды білімдерді, ептіліктерді, дағдыларды жатқызады [2].

Қазіргі кезде психологияда эмоция жайындағы ілім және оның теориялық дамуы жалпы психологияның өзге тақырыптарымен салыстырып қарағанда өзіндік сипаты бар күрделі мәселелер қатарына жатады. Эмоция мен сезім жеке үрдістер сипатында болғанымен, белгілі жағдайда біріне-бірі ұқсас, алайда олардың өзіндік мәндері ерекше және адамның жан дүниесінің әр алуан ерекшеліктерімен байланысты болады деп қарастырылады.

Қазақ тіліне аударғанда «эмоция» сөзі – ол жан дүниенің қозғалысы, жан дүниенің қобалжуы. Адамның эмоциялары оның мінез-құлқында ерекше қызмет атқарады.

Эмоциялар мынадай қызметтер атқарады:

- Эмоцияның жағымсыз бағалау рөлі – адамның оқиғаға адамның түрлі әсерінің болу мүмкіндігін білдіреді;

- Эмоцияның басқарушы рөлі – Адамды қоршаған шындықты және қандай да бір оқиғаға қатынасын бейнелеуден басқа, адамның мінез құлқын басқаруда эмоция маңызды рөл атқарады;

- Эмоцияның қорғаныс қызметі – адамға төнген шынайы немесе жалған қауіп туралы ақпарат береді. Бұл қызметі қорқыныштың туындауымен тығыз байланысты;

- Эмоцияның сигналдық қызметі – сыртқы көрініс арқылы адамның басқа адамға жай күйін хабарлауы.

Академик П.К. Анохин адам мен жануарлардың мінез-құлқын бекітуде эмоцияларды маңызды деп көрсетеді. Эмоциялық әсерленулер эволюцияда тетік ретінде бекітілген, ол өмірлік дәрістерді оптималдық шекте ұстайды және өмірлік маңызы бар факторлардың жетіспеушілігінің немесе артықшылығының алдын алады деген көзқараста болды [3].

Тұлғаның эмоционалды сферасының зерттелуі психологиялық-педагогикалық тұрғыда аса маңызды. Себебі оқу, тәрбие арқылы тұлға білім, іскерлік, дағдыны меңгеріп қана қоймайды, сонымен қатар айналадағы шындыққа, адамдарға деген эмоционалдық қатынастарды қалыптастыру мүмкіндігі туады.

В.К. Вильюнас эмоцияларды жеке психикалық үрдістер ретінде емес, тұлғаның қызметінің көрінісі ретінде қарастырды [4]. Ол эмоционалды құбылыс бейнелеуші мазмұннан және эмоционалды күйзелістен тұрады деп санады.

Л.С. Выготский эмоциялардың теориялық мәселелерін өз зерттеулері арқылы қарастырған. Оның көзқарасы бойынша эмоциялар ағзаны белсенділікке ынталандырып, оның қоршаған ортамен өзара қатынасын реттейді [5].

Э. Клапаред эмоция туралы дамыған бала мен қалыпты жағдайдан ауытқыған баланы ересек адамдармен салыстыра отырып, арнайы тәжірибе арқылы зерттеді. Ол эмоция мен сезім жеке процестер сипатында болғанымен, белгілі жағдайда біріне бірі ұқсас, алайда олардың өзіндік мәндері ерекше деген көзқараста болды. Эмоция адамның жан дүниесінің әр алуан ерекшеліктерімен байланысты болатындығын да қарастырды.

З. Фрейд бірқалыпты дамыған бала мен жүйке ауруына ұшыраған баланың эмоцияларын ересек адамдардың тіршілігімен салыстыра отырып зерттеуге мамандардың үнемі көңіл аударып отыратындарына назар аударды.

Тұлғаның эмоционалдық дамуы субъектінің іс-әрекетінің мазмұны мен құрылымы қоршаған адамдармен қарым-қатынасының сипатына, мінез-құлық ережелерін меңгеруіне байланысты.

Көп жағдайда эмоция және сезім синоним ретінде қолданылады. Сезім – тұлға қасиеті, ал эмоция сезімнің көріну үрдісі деп қарастырылады. Сезімнің негізгі көзі адамның іс-әрекеттері. Адамның сезімдері бағыты, тереңдігі, тұрақтылығы және әсерлілігі жағынан әр түрлі болып келеді. Эмоция қалпындағы сезімдерді бастан кешіру азды-көпті байқалатын сыртқы көріністермен (бет-әлпет кейпі, ым-ишарат т.б.) қатар жүреді. Сезімдер адамның тіршілік қажетіне, өзара қарым-қатынасына байланысты сан алуан формаларда көрінеді. Сезімдерден эмоцияларды айыра білу қажет. Сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының адамның қажеттіліктеріне сәйкес келу-келмеуіне байланысты пайда болып отыратын психикалық процестің түрін сезім деп атайды.

Қажеттіліктердің түрлеріне, жағдайға байланысты сезім көптеген жағымды және жағымсыз түрде өтеді: қуану, шошыну, абыржу, наздану, мазасыздану, зерігу, психоэмоционалдық зорлану. Сезімдер мен эмоциялардың бірнеше сапалық ерекшеліктері бар. Олардың сапасын көрсететін осындай ерекшеліктердің бірі – қарама-қарсы, полярлық сапалықтар деп аталады (сүйсінуге-сүйсінбеу, қозу-қажу, шаттық-уайым, т.б.). Олар өзара екі полюске ажырасып, біріне-бірі қарама-қарсы мағынада болады.

Әдебиеттер:

1. Выготский Л.С. Педагогическая психология. – М., 2010.
2. Леонтьев А.Н. Избранные психологические произведения. – М., 2011
3. Анохин П.К. Системные механизмы высшей нервной деятельности. – М.: Наука,
4. Вильюнас В.К. Психология эмоциональных явлений. – М., 2006
5. Выготский Л.С. Спиноза и его учение об эмоциях в свете современной психоневрологии //Вопросы философии, 2009, №6. – С. 16-23.

Қазақ халқының ұлттық мінез-құлқының отарлық және кеңестік кезеңдегі өзгеруі және ұлттық психологияның сақталу алғышарттары

Арман Кадырбаевич БЕРИКОВ,

Шымкент Университетінің «Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистрі

Бұл мақалада қысқаша болса да, қазақ халқының ұлттық мінез-құлқын (психологиясын), алдымен Ресейдің отарлау саясаты, одан кейін Кеңес үкіметі кезіндегі жалғасын тауып, қалай өзгертіп отырғанын талдай келе, сол құрсаудағы психология бұғауынан шығып ұлттық психологияны сақтап қалу мақсатында ой өрбіткенді жөн көрдік.

Қазақтың көне тарихына зейін қойып қараңыз – қазақ халқы ежелден парасатты, зерек, жан-жақты дамыған, өмірге тез бейімделетін, жасы үлкенді (бір жас үлкен болса да) «Ит көйлекті бұрын тоздырған» деп оны аға тұтып сыйлаған, ынтымағы жарасқан ел болғанын білесіз. Сондықтан да шығар, сонша кең-байтақ жер-суды иеленіп отырған қазақ елінде бірде-бір түрме салмаған, есігінде құлып болмаған екен. Бұл жағдайды терең зерттеген патшалық Ресей қазақ халқын рухани аздырып, мәңгілік бұғауда ұстау үшін халықтың ұлттық қасиетін сақтайтын мінез-құлқынан ажыратуды жоспарлы түрде, кешенді зымияндық саясатпен жүргізіп отырған. Ол Кеңес үкіметі кезінде де тоқталмаған.

Біріншіден, қазақ халқы ұлт дәрежесіне көтерілмес үшін оларды зердесіздікке ұрындыру мақсатында қазақтың оқуы болмаған, білімсіз, дарынсыз, өнерсіз көшпенді жұрт деген үгітті үздіксіз жүргізді. Оны жүзеге асыру үшін, қазақтар қолданып келген көне араб әліпбиін әуелі латын графикасына көшіріп, одан кейін кириллицамен ауыстырды. Нәтижеде сан ғасырлық тарихымыздан, ұрпаққа беретін өсиетінен тәлім-тәрбиелік, өмірлік мәні зор, көптеген ғылыми-тәжірибелік кітаптарымыздан айырылып шыға келді. Мұндай қорлыққа шыдай алмайтын өжет халықты әбден есеңгіретіп тастау үшін оларды ашаршылыққа душар етіп, зиялыларын «халық жауы» қылып қырып тастағанын енді біліп отырмыз. Осылайша «жабайы», «білімсіз», «тарихы жоқ», «көшпенді, шұбырынды» болдық та қалдық емес пе?

Халықты халық етіп, ұлттық мінез-құлықты қалыптастыратын біздің ақсақалдарымыз бен діндарлар және халықтың ынтымағы, сөзге, мәнге тұру, мәрттік, туыстық, намыстық сезім еді. Бұндай ұлттық дәстүрлерді жою мақсатында отаршыл саясатпен – байды байға, кедейді байға, туысты туысқа азғырып жікке бөліп, айдап салып елдің берекесін қашырып отырды. Ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді елдің тұрмыс-тіршілігінен алыстатып, қажет болған жерде қызын да қазаққа берді. Өйткені анасы орыс болса, бала, қыздары да сол ықпалда болатыны даусыз нәрсе. Өулеттік жақындықты білдіретін атаулармен жер-су аттарына дейін өзгертуді түпкілікті мақсат етті.

«Әкені – папа», «Шешені (апаны) – мама» деп атап орыс дәстүрін елеусіз кіргізді де, оны біржола орнықтырды. Егер балаларымыз «әке», «шеше (апа) деп атаса, әке-шешесі несі?» – деп шошитын күйге жеттік қой. Нәтижеде, үлкенді сыйлау сияқты керемет дәстүріміз жойылып, мейірімділік, имандылық тозды. Әсіресе Санжар Аспандияров ағамыз айтқандай, ұлттық қасиет пен намыс өше бастады, яғни өзі қазақ бола тұрып, қазақты жек көріп, менсінбейтін болып қалдық.

Халықтық ұлттық ерекшелігін аңғартатын белгілердің бірі – оның бет бейнесі мен сыртқы келбеті екен. Одан да мақұрым ету мақсатында 1920 ж. қазақтың ұлттық киімдерін ескінің қалдығы деп кидірмеу туралы құжат та қабылданған. Сол сияқты тазалықты сақтау қажет деген сылтаумен мектепке келген қыздарын еңіретіп отырып бұрымынан шаштарын міндетті түрде қырыққан екен. Осындай іс-әрекеттердің нәтижесінде ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық киімдер құбыжық болып шыға келді де, аруларымыз тұлдаған аттай «жал-құйрықсыз» жүдеу тартты.

Ауыл молдалары мен дін иелерін келемежге айналдыру арқылы көне оқу мен имандылықтан мақұрым болдық. Жан-жақты ойластырған осындай зымиан әрекеттер тоқтаусыз жүріп келді.

Қазақтың ұлттық бейнесін, мінез-құлқын сақтап, оны өз тілінде, әдет-ғұрпында тәрбиелеп баулитын ең үлкен тірек – әрбір елдің аналары (әйелдер). Зымияндық саясат қазақ қыздарын

қалай да орысша оқуға күш-жігерін жұмсап, тынымсыз үгіт насихат жүргізді. Себебі орысша оқып тәрбие алған қыз – ертеңгі ана, өзінің күйеуін де, балаларын да орыс рухында тәрбиелейтіні түсінікті. Оның үстіне әйелдерді отбасынан суытып, уақытының көбін өз шаңырағынан сыртта өткізетін етіп жоспарлау, балалардың қараусыз қалып, тәрбие жұмысының әлсіреуіне әкеліп соқты. Бұл бағыттағы зымыяндық пиғылдар (әдейі жасаса да, білмей жасаса да) түгелдей іске асқанына бәріміз куәміз.

Кез келген халықтық көркейіп өсуі олардың салауаттылығына тікелей қатысты. Отаршылдық саясат қазақтарға арақ ішуді үйрету арқылы оларды болашағынан айыруды көздеді. Мұндай азғындаған халықты ешқандай күш-қару жұмсамай-ақ, бұғауда ұстап отыру қиынға соқпас еді.

Бұл жоспарға өзіміздің де «жақсы көмек көрсеткендігіміз» сонша, бұл күндері той-тамашамыздың ешқайсысы да арақ-шарапсыз өтпейтін болды. Ең сорақысы сол – қазақтың сыйлы қонағына бас тартатын салты ескерілмей, оның орнына алакөз арақтың шайтан азғырған шөлмегі келіп жатады...

Халқымыз сан жағынан да, сапа жағынан да өз дәрежесіне көтеріліп, есін жинап, гүлденіп, жайқалып еркін дамуы үшін осы айтылған келеңсіз мінез-құлықты емдеп, зымыяндық пиғылдағы саясатқа саналы түрде тойтарыс беру – әрбір намысы бар қазақтың ұл-қыздарының перзенттік парызы.

Қазақ халқы ежелден зерделі болған дедік. Қыз алыспайтын рудың қалыптасуы, яғни жеті атаға дейін қыз алыспайтын көне салттың өзі көп нәрсені пайымдатады. Демек, бұл саясаттың қалыптасып, қазірге дейін сақталуы қазақтардың тұқым қуалау заңын – жалпы текнаманы (генетиканы) зерттеп, мал шарушылығында және медицина текнамасын өз тіршілік-тұрмысында пайдаланғанын көрсетеді. Сондықтан тұқым қуалау заңының оқуы – текнама (генетика) ғылымы Г. Мендельден (чех ғалымы) бұрын қазақтарда болған деп айтуға да болады.

Тарихи дерекке қарағанда, қазақ халқында жалпы білім беру жүйесі болған. Өйткені қазақ баласын тоғыз жасынан ауыл молдасына беріп, сауат ашатын. Алғашқы жылы олар «Әліпби», «Әбжәд», «Әдеп» және «Әркен» дейтін төрт пәнді игерген. «Әліпби» (қазір әліппе) – әріптерді тану. «Әбжәд» (қазіргі арифметика) – есеп сабағы. Бұл пәнде төрт амалдан басқа проценттеу, жобалау, жорамалдау тәсілдері және үй шаруашылығын жүргізу үшін қажетті есептеулер үйретілген.

«Әдеп» сабағында өмірдегі, тұрмыстағы негізгі ережелер, қағидалар, адамгершіліктің негіздері, сый-құрмет, қарым-қатынас, т.б. дәрістер оқылатын. Ата-ананы, үлкендерді сыйлау, кішіге қамқорлық көрсету, қайырымдылық, шапағат, мейірімділік туралы сабақ өткізілетін. Ал «Әркен» сабағы негізінен, әсемдік өнерін қамтыған. Бұл сабақта балалардың әсемдік талғамын қалыптастырып, сырт келбетін қалай ұстауын, сөйлеу мәдениетін, шешендік өнерді игеруін қадағалаған. Бұлармен қатар киім-кешек, ыдыс-аяқ, ер-тұрман секілді тұрмыстық бұйымдар мен шаруашылық құралдарының жасалу және қолданылуы үйретілген.

Келесі жылы оқудың келесі кезеңі басталады. Мұнда бірінші жылғы пәндер кеңейтіліп оқылады да, «Әбтиек» (Құранның қысқа сүрелерінің жинағы) сабағы беріледі. «Әйтиек»-ті оқығанда араб тілі қоса үйретіледі. Бұдан соң «Құранға» түседі.

Оқудың үшінші кезеңінде көркем шығармалар, яғни әдебиет сабағы оқытылған. Сонымен қоса «Мүнәжжім» – «астрономия» ғылымы негіздерін, аспан шырақтарына қарап арасындағы сөз баланың балиғатқа тола бастағандығын ғана емес, тұрмыстық білімі бар екендігін де бейнелейтін. Ауыл молдасының алдын көрген балалар бұдан ары қарай тұрмысы көтеріліп, оқуға ынтасы болса медресе, жоғары оқуға түсетін болған.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Сабет Бап-Баба, (Бабаев). Психология негіздері: Оқу анықтамалық қолданба. 2007 ж.
2. Алматы: Заң әдебиеті, 2010 ж.
3. Кішібеков Д. Философия. – Алматы, 2013 ж.
4. Столяренко Л.Д. «Основы психологии». – Ростов на Дону: «Феникс», 2016 ж., 170-176 б.б.

Өндірістік (немесе сауда, банк, сақтандыру және т.б.) ұйымда тұлғаны кәсіби сәйкестендіруді психологиялық зерттеу

Шолпан Алмасовна БОТАБЕКОВА,

Шымкент Университетінің «Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистрі

Кілт сөздер: эмоция, тұлға, эволюция, индивид

Тұлғаның қалыптасуы мен дамуы үлкен мәселе екенін бір сөзбен жеткізіп айту өте қиын. Биологиялық тіршілік иесі ретінде өмірге келген адамның әлеуметке қосылып адам болып тұлғалануының негізінде жатқан нәрсе сөзсіз осы тұлғаның кәсіби дамуының психологиялық ерекшеліктері екендігі еш дау тудырмаса керек.

Адамның эволюциялық даму жолында тек еңбек әрекеті ғана, яғни адамды адам еткен еңбек екенін көреміз. Осылайша, адам еңбек әрекеті арқылы қарадүрсін жабайы қоршаған ортаны игерілген, өңделген мәдени ортаға айналдырып өзгертті және өзі де өзгерді әрі мәдениленді. Осындай жасампаздық әрекеті арқасында адам қарапайым еңбек әрекетін күрделендірді әрі түрлендірді. Еңбек бөлінісіне орай болған күрделі еңбектен жеке-жеке кәсіп түрлері бөлініп шығып, кәсіппен айналысқан адамдар белгілі бір білімдерді игеріп, дағдылар қалыптастырып, тәжірибе жинақтап, шеберліктерін шыңдап барып кәсіпке кіріскен.

Адамның тұлғалық дамуы мен кәсіби дамуы арақатынасы әрине бар. Ол қоршаған ортаға, адамдарға, материалдық және рухани мәдениет заттарына, отбасына және өз мамандығына деген жақсы қатынастардан байқалады. Сонымен, кәсіби дамудың негізгі ерекшеліктері – кәсіби құндылықтар приоритеті, жұмысқа кірісіп кету, берілу. Сондықтан да қазіргі ғылымдағы кәсіпке дайындалу ұғымы, бір жағынан топтардың, таптардың, ұлттардың жалпы әлеуметтік жүйесінің құндылық стандарттарымен, екінші жағынан тұлғаның мотивациялық бағдарлауымен тығыз байланысты. Қоғамдағы маңызды құндылықтар интериоризациясы мінез-құлықтағы әлеуметтік нормативтерді игеру арқылы келеді. Құндылықтық бағдарлау қоғамдық маңызды істерде және мінез-құлықтарда пайда болатын сананың, мінез-құлықтың белгілі бір бағыттылығында өзін көрсетеді немесе өзі жөнінде мәлімет береді.

Индивидті, кәсіби және тұлғалық даму темптерінің сәйкес болуы дегеніміз адамдардың өзін-өзі еңбекке бейімдеуі және оны жүзеге асыруымен сипатталатын қатынас [1].

Жалпы айтқанда, адамның индивидті, тұлғалық және кәсіби дамуы оның индивидуалды өмірінде өзара әрекеттесіп, кәсіби өмір сценарийінің кең спектрін құрайды. Адамның шыңға жетуі тұлғалық кәсіби қалыптасуының әр кезеңдерінде орналасады.

Кәсіби қалыптасу адам өмірінің ұзақ кезеңін қамтиды (35-40 жыл). Осы уақыт аралығында өмірлік және кәсіби жоспарлар өзгереді, әлеуметтік жағдайлар мен жетекші іс-әрекет ауысады, тұлға құрылымының қайта құрылуы жүреді. Осыған байланысты кәсіби қалыптасудың үздіксіз процесінде кезеңдердің бөліну критерийлері туралы сұрақ пайда болады.

Тұлғаның кәсіби қалыптасу мәселесін терең зерттеген психологтардың бірі Т.В. Кудрявцев тұлғаның мамандыққа қатынасы мен іс-әрекеттің орындалу деңгейін кезеңдерді бөлу критерийлері ретінде алды. Ол кезеңдердің төрт түрін бөліп көрсетті:

- кәсіби ниет, (ой) оның пайда болуы мен қалыптасуы;
- кәсіби білім беру және кәсіби іс-әрекетке дайындық;
- мамандыққа кірісу, оны белсенді меңгеру және өндірістік ұжымнан өз орнын табу;
- кәсіби еңбекте тұлғаның толық жүзеге асуы [2].

Е.А. Климов төмендегідей кәсіби бағдарланған кезеңді ұсынды:

- Оптация кезеңі (12-17 жас) – кәсіби өмірлік жолын саналы түрде таңдауға дайындық;
- Кәсіби дайындық кезеңі (15-23 жас) – болашақ кәсіби іс-әрекет икемділігіне үйрену, қажетті білім алу;
- Кәсіпқойдың даму кезеңі (16-23 жастан бастап зейнеткерлікке дейін) – кәсіби қауымдастықтардағы тұлғааралық қарым-қатынас жүйесіне кіру және іс-әрекет субъектісінің әрі қарай дамуы [3].

А.К. Маркова кәсіпқойдың қалыптасуында 5 деңгей мен 9 кезеңді бөліп көрсетті:

- Кәсіпқойлыққа дейін мамандықпен алғаш рет танысу кезеңі;

• Кәсіпқойлық 3 кезеңнен тұрады: мамандыққа бейімделу, өзін-өзі таныту және шеберлілік түріндегі мамандықты еркін меңгеру;

• Жоғары кәсіпқойлық 3 кезеңнен тұрады: шығармашылық түрде мамандықты еркін меңгеру, әр түрлі мамандықтармен шұғылдану, өзін-өзі тұлға ретінде өзіндік шығармашылық болжау жасау;

• Кәсіпқой емес тұлғаның оқшаулануынан еңбектің кәсіби бүлінген нормалары арқылы орындалуы;

• Кәсіпқойлықтан кейін кәсіби іс-әрекеттің аяқталуы [4].

Кәсіби қалыптасу процесіндегі іс-әрекет динамикасын Н.С. Глуханюк зерттеген. Оның айтуынша, кәсіпке дайындық, оған бейімделу, шеберлік т.б. кезеңдерде тұлға іс-әрекеті күрделене және кеңейе түседі. Ал, В.Д. Шадриков кәсіби мәнді сапа ретінде іс-әрекет тиімділігіне және меңгеру табыстылығына әсер ететін іс-әрекет субъектісінің индивидуалды сапаларын қарастырған [5].

Н.С. Пряжников кәсіби өзіндік анықталуды зерттей келе, оның келесі түрлерін бөліп қарастырған: нақты еңбек функциясы кезіндегі, нақты еңбек орнындағы, нақты мамандықтағы, нақты кәсіптегі, өмірлік, тұлғалық және тұлғаның мәдениеттегі анықталулары.

Адамның кәсіпке бейімделуі басталғанда ол көптеген бейтаныс адамдармен байланысқа түседі. Ол тұлғаны тұрақты қалыптастыратын фактордың ең негізгісі кәсіптік қызмет процесінде, оң мотивация ретінде кәсіптік қажеттілік қалыптасқанда болады дейді. Климовтың ойынша, әрбір кәсіптік топ үшін өз қызметтерінің мәні, құндылықтары бар. Егер таңдалған кәсіп, өмірлік мән, субъекті бірлессе, онда кәсіптік қызмет мәнді, өмірлік сипатқа тең болады.

Э. Эриксонның айтуынша, жоғары оқу орнына түсу тұлғаның үлкендер рөлін қабылдауымен байланыста болады.

Тұлға қалыптасуының алғашқы кезеңі мектепке дейінгі жас. Тұлғаның әлеуметтену процесі адам өмірінің алғашқы сағаттарынан басталады. Бірақ алғашқы үш жыл өмірдің тарих алды, яғни оның дамуына қажетті жағдай туғызу кезеңі болып табылады. Элькониннің жіктемесі бойынша бұл нәрестелік кезең делінеді. Мектепке дейінгі кезең – (3-7 жас) алғашқы этикалық нормалар қабылданатын кезең. Баланың негізгі қызмет түрі рөлдік ойын. Осы кезеңде бала идентификация арқылы ережелерді, нормаларды, критерийлерді қабылдайды. Бұл процесс дәнекер үлкен адам арқылы және құрбысы арқылы жүзеге асады. Балалардың жүріс-тұрысына үлкен адамдар, олардың қимыл-қозғалысы, қарым-қатынасы үлгі болады.

Жасөспірімдік кезең (10-11, 13-14 жас). Бұл жастағы балалардың негізгі қызметі айналасына айрықша назар аудару. Сонымен қатар, бұл жаста араласудың ерекше нысаны – құштарлық (интимдік) қатынас пайда болады. Жасөспірімдік шақтың алғашқы кезеңінде құрбыларға деген бағдарда бұрылыс болады. Құрбылармен сөйлесу және мұндай қатынастардағы жақсылық жасөспірім үшін үлкен құндылық. Кольбергтің жіктемесі бойынша, бұл кездегі құндылықтың қалыптасуындағы негізгі рөл эмоцияға беріледі. Оның ойынша, дәл осы жасөспірімдік кезде эмоция дамуының психологиялық сатысы басталады.

Жастық кезде (15-18 жас) тұлғаның негізгі компоненттері қалыптасады. Олар мінез, жалпы және арнайы қабілеттер. Тұлғаны қалыптастыратын қиын компоненттер үлкен өмір табалдырығын аттаудың алғышарттары болып табылады. Бұл кезеңнің негізгі ерекшелігі – өзіндік рефлексияның күшеюі, яғни өзінің тұлғасын тану, өз қабілеттерін бағалау.

Осы кезде венгр философы П. Хайдудың айтуынша, білім алу кезінде эмоционалдық бағалау мен уайымдау болмаса, индивидтер позитивтік құндылықтарды тек сөз жүзінде, вербалды деңгейде ғана қабылдайтын болады. Сонымен, нарықтық қатынастар дамыған қазіргі кезеңде тұлғаның дамуы, қалыптасуы бірінші кезектегі мәселенің бірі болып отыр. Өскелең ұрпақты тәрбиелеу және оқыту тек қана мұғалімдердің педагогикалық шеберлігіне, оқу-материалдық базаның түгелдігі, оқу бағдарламаларының сапасы мен мазмұнына ғана байланысты емес, сонымен қатар, адамның психикалық қасиеттерінің қалыптасуына да байланысты болмақ.

Әдебиеттер

1. Бодалев А.А. Вершина в развитии человека: характеристики и условия достижения. – М.: Изд-во МГУ, 1998. – 127 с.
2. Кудрявцев Т.В. Психолого-педагогические проблемы высшей школы // Вопросы психологии. - 1981. - №2. – С. 12-16.
3. Климов Е.А. Психолого-педагогические проблемы профессиональной консультации. – М.: Просвещение, 1983. – 154 с.
4. Маркова А.К. Психология профессионализма. – М.: Педагогика-Пресс, 1996. – 132 с.
5. Шадриков В.Д. Деятельность и способности. – М.: Изд-во МГУ, 1994. – 245 с.

Психолог қызметіндегі еңбекке қанағаттанушылықты психологиялық зерттеу

Гульмира Борисовна ДУШАЕВА,

Шымкент Университетінің «Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистрі

Кілт сөздер:

еңбек психологиясы, инженерлік психология, медициналық психология, арнаулы психология

Еңбек психологиясы адамның еңбек ету процесіндегі психикалық әрекетінің қалыптасуы мен танылу заңдылықтарын зерттейтін психология ғылымдарының бір саласы болып табылады. Ол адамның іс-әрекеті түрлерінің психологиясын, еңбекті ғылыми негізге сүйене отырып ұйымдастыру мәселелерін қарастырады.

Еңбек психологиясының мақсаты – әр түрлі еңбектегі мамандық ерекшеліктерін, еңбек дағдыларының қалыптасуын, өндірістік-кәсіптік жағдайдың адамға тигізетін әсерін, құрал-аспаптардың орналасуын, хабар жүйелерінің қажетті жақтарын қарастыру. Бұл салалардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерімен бірге бір-бірімен байланысты болып келетін мынадай тармақтары бар: инженерлік психология – бұл, негізінен, автоматталған жүйелерді басқару мен әр түрлі операторлардың жұмысын зерттейді. Инженерлік психологияда ең өзекті мәселе эргономика деп аталады. Бұл термин гректің «ергон» – жұмыс және «номос» – заң деген екі сөзінің бірігуі нәтижесінде пайда болған. Бұл орайда, өндіріс пен адам арасында қатынас орнатудың түйінді мәселелері болып саналатын еңбек әрекетіндегі адамның өнімді ісі, оның психологиялық ерекшеліктері, жүйке жүйесінің қызметі мен еңбек гигиенасы, адамның өнім өндірудегі жетекші рөлі, техникалық құрал-жабдықтар эстетикасы және автоматтанған тетіктер теориясына қатысты мәселелер қарастырылып, олардың сыр-сипаты зерттеледі. Эргономика, негізінен, «адам - машина - орта (еңбектену) жағдайын» қарастыра отырып, олардың неғұрлым өнімді болуы мен нәтижелерін жүйелі түрде үйлестіруді басты міндет етіп қояды.

Авиациялық психология ұшқыштарды оқыту мен ұшу кезінде орындалатын істердің жай-жапсарын, жалпы, адам психикасының әуе кеңістігіне бейімделудегі ерекшеліктерін зерттеп, жоғары дәрежеде ысылған мамандар мен кадрларды даярлап шығару мақсаттарын көздейді.

Ғарышкерлік психология – адамның салмақсыздық пен әлем кеңістігінің айдынында бағдарсыз жағдайда жұмыс істеу сәтіндегі аса қиыншылық жағдайлардағы психологиясын, оның шектен тыс әсерден кейінгі кейпін, көңіл күйі мен төзімділік көрсету шараларын зерттейді.

Еңбек психологиясында арнайы зерттелуге тиісті күрделі тармақтар да бар. Олар ауыл шаруашылығына (шопандар мен малшылар, диқандар мен егіншілер т.б.) қатысты болып келеді.

Ғылым объекті – зерттеу жұмыстары бағытталған қандай да бір біртұтас жүйе.

Еңбек психологиясы ғылымының зерттеу объекті жалғыз-ақ: ол – тұтынушылар құндылықтарын жарату процесіне қатысушы адам болып табылады.

Ғылымның пәні – бұл тікелей зерттелуі қажет объектінің қылары, аспектілері және элементтері.

Еңбек психологиясының пәні болып психологиялық заңдылықтар, психологиялық процестер, өндірістік әрекетпен, әлеуметтік және адамдар ортасымен байланысты болған жеке тұлға қасиеттері танылады.

Еңбек психологиясының міндеттері:

- қажудың алдын алу;
- кәсіби сырқаттардың алдын алу;
- өндірістік жарақаттанудың алдын алу;
- жеке тұлғаның кәсіби деформациялануының алдын алу;
- еңбек маңыздылығын арттыру;
- жұмысшының жан-жақты дамуына жағдай жасау;
- еңбек өнімділігін арттыру.

Еңбек психологиясы психология ғылымының төмендегі салаларымен тығыз байланысты:

- жалпы психология
- әлеуметтік психология
- педагогикалық психология
- жас кезеңдері психологиясы

- медициналық психология
- арнаулы психология және т.б.

Жоғарыда көрсетілген салалардың әрқайсысы психология ғылымының өзіне тиісті болған аспектіні зерттейді (мысалы, медициналық психология – медициналық, әлеуметтік – қоғамдық).

Еңбек психологиясының зерттеу өрісінің тез кеңеюіне байланысты психологтар қазіргі таңда басқа да білім салаларының, әсіресе, социология мен өнеркәсіптік инженерияның теорияларына, түсініктері мен әдістеріне үлкен қызығушылық танытып отыр.

Өнеркәсіп орындарында қызмет ететін социологтар, инженерлер және басқа да мамандар клиенттер мен кәсіпорын басшыларының өте маңызды проблемаларымен жиі кездесіп отырады және оны шешу үшін жеке бір алынған дисциплинамен шектеліп қала алмайды. Сондықтан еңбек психологиясы мынадай ғылымдар және қолданбалы дисциплинамен тығыз байланыста болады:

Еңбек физиологиясы – еңбек пен денсаулықтың өзара байланысын, адамның физиологиялық дамуын зерттейді;

Социология – еңбек процесіндегі қоғамдық қарым-қатынастарды зерттейді;

Еңбек құқығы – еңбек қатынастарының құқықтық реттелу мәселелерін қарастырады;

Еңбекті қорғау – еңбек процесіндегі адамның денсаулығы мен қауіпсіздігі мәселелерін қарастырады.

Еңбек психологиясының көзқарасы бойынша еңбек – бұл адамның нервтік (психикалық) және бұлшық еттер (физикалық) энергиясының шығындалуын анықтайтын процесс, оның нәтижесінде өмір үшін қажетті және қоғамдағы тұтынушы құнының дамуы құрылады.

Еңбектің бұл психофизиологиялық сипаттамасы оның өнімділігімен тығыз байланысты. Қолданбалы зерттеулердегі еңбек психологиясының алдында тұрған негізгі міндеттер – бұл еңбек гуманизациясы мен оның өнімділігінің жоғарылауы. Еңбек гуманизациясы мен еңбек мазмұндылығының жоғарылауы, шаршау профилактикасы, кәсіби аурулардың болуы, өндірістік травматизмнің және жеке тұлғаның кәсіби деформациялануының алдын алу сияқтылармен түсіндіріледі. Бұл міндеттерді шешу үшін техникалық, технологиялық, санитарлы-гигиеналық ұйымдастыру шаралары жүргізіледі.

Қолданбалы міндеттердің теориялық негізін шешу үшін келесі ғылыми мәселелер аумағындағы зерттеулер қызмет етуі тиіс:

- Адам мен оның мамандығы арасындағы тепе-теңдікті қалыптастыру жолдарын оқу.
- Индивид пен жеке тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттер динамикасын және оның құрылысын оқу.
- Оптималды және шұғыл жағдайлардағы кәсіби міндеттерді шешуін қамтамасыз ететін іскерлік пен дағдының құрылысын, сонымен қатар осы құрылыстың динамикасы мен тұрақтылығын анықтайтын факторларды оқу.
- Еңбек әрекетінің себептері мен еңбекті орнатудың құрылысымен, оның қалыптасу және қайта құрылу заңдылықтарымен танысу.
- Еңбектегі адамның жағдайының құрылысын және осы жағдайдың динамикасының заңдылықтарын оқу.
- Еңбек қауіпсіздігі мен табысты факторы ретінде жеке тұлғаның қарым-қатынасы мен психикалық жағдайын, индивид қасиеттерінің өзара байланысын оқу.

Қазіргі уақытта жұмысқа қабілеттілік мәселесіне үлкен көңіл бөлінеді, ол еңбек кезіндегі адамның психологиялық жағдайын оқумен тығыз байланысты. Еңбек психологиясында жұмысқа қабілеттілік пен индивидтың потенциалды немесе бар болған мүмкіндіктерінің сипаттамасы, берілген деңгейде белгілі бір уақытта іс-әрекетті мақсатты түрде тиімді орындаумен түсіндіріледі.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Жарықбаев Қ. Жантану негіздері. – Алматы, 2012
2. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, 2010
3. Жарықбаев Қ. Жалпы психология. – Алматы, 2010
4. Сабет Бап-Баба. Жалпы психология. – Алматы, 2013
5. Халық педагогикасы (Жақсылық, Жүнісова)
6. Тәжібаев Т. Жалпы психология. – Алматы, 2013

Студенттік ортадағы эмпатия мен тұлғааралық жанжалдың арасындағы тәуелділікті зерттеу

Нуржигит ЕСЕНТАЕВ,

Шымкент Университетінің «Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистрі

Студенттік шақта адам өзінің өмірлік жолын іздестіруде болады. Студенттің жоғары оқу орнындағы білім алу барысында кәсіби өзін-өзі анықтау кезеңі басталады, ол маман иесі болған кезде қандай әрекеттермен айналысатыны туралы ойланып, өзіндік жоспарларын құрып, оны іске асыру жолдарын қарастыра бастайды.

Дегенмен де жас адам үшін болашақ кәсіби мамандығы үшін ойланумен қатар, өзінің жалпы жеке өмірі туралы да ойлана бастайды. Яғни, жоғары оқу орнында білім алу барысында оның тұлғалық қасиеттері тұрақтанып, өмірлік қағидалары нақтыланады, өзінің тәртібін қалыптастырады. Бұл жерде студенттік ұжым маңызды роль атқарады.

Жоғары оқу орнында оқытушы әр түрлі студенттермен, әр түрлі студент топтарымен араласады, бірлесіп әрекет етеді. Сондықтан оқытушы үшін тұлғааралық қарым-қатынастың теориясын білу маңызды. Тұлғааралық қарым-қатынастың заңдылықтары мен феноменін терең меңгерсе – тұлғаны жан-жақты дамытуды іске асыра алады [1, 22-23 б.].

Философиялық әдебиеттерде тұлғааралық қарым-қатынас мәселесі әрекет, қарым-қатынас категорияларымен тығыз байланыста және маңызды орынға ие. Бұл түсініктерді бірлікте қарастырғанмен де олардың сипаты, мағынасы әр түрлі түсіндіріледі.

«Қатынас» ұғымын философтар субъект-объект, субъект-субъект арасындағы байланыс ретінде қарастырады. Бірақта бұл қатынастарға жалпы байланыс моральдық қатынас (жағымды, жағымсыз, нейтралды) және тұрақтылық тән. Ал, субъект-объект және субъект-субъект қатынасындағы негізгі айырмашылық бір бағыттылық. Субъект-субъект қатынасына екі жақтың белсенділігімен түсіндірілетін өзара тұрақтылық пен өзгермелілік тән. Тұлғааралық қарым-қатынастағы өзара түсіністік және өзгермелілік сияқты қасиеттер кездесетін болғандықтан оның негізгі қасиеттерін дамумен қатар қарастыру қажет. «Қарым-қатынас», «тұлғааралық қарым-қатынас» бүгінгі күннің ғана мәселесі емес, ол сонау ерте заманнан бастау алған.

Ғалымдардың еңбектеріне сүйенсек, М.С. Коган адамдардың тәжірибелік әрекеті ұжыммен бірігіп орындауды қажет етеді, әр уақытта «материалдық, заттық, энергетикалық өзара әрекеті» талап етеді деп көрсетті; сонымен қатар, «тиімді әсер ету білігі ..., адамның алға қойылған міндетінің дұрыс тиімді шешімін таба білуді қажет етеді. Бұдан мынадай қорытынды жасауға болады: «тек қана педагогика адамға ұжымда дұрыс және тиімді өзара әрекет етуді үйрете алады» [2, 26-27 б.].

Ғалымдар субъектаралық қатынасты қарым-қатынастың бір түрі дей отырып, олардың арасында тікелей өзара байланыс барын айтады. Адам қарым-қатынасының әрекеттілігі субъектінің басқа субъектіге бағытталуынан көрінеді.

Л.П. Буева қатынас, қарым-қатынас, іс-әрекет категорияларының арасындағы өзара байланысқа басқа тұрғыда қарастырады. Ол қарым-қатынасты қатынас категориясынан басқаша қарастырады. Бұл категориялар өзара байланысты екенін айта келе, қарым-қатынас байланыстың ерекше формасы, бұл үдерісте қатынас көрінеді, нақтыланады деген анықтама береді. Сонымен қатар, адамдар арасындағы объективті қатынас әрекет үдерісінде қарым-қатынастың субъективтік сипатымен анықталады.

Өзара қарым-қатынас мәселесін басқа тұрғыдан қарауды ұсынғандардың алғашқысы С.Л. Рубинштейн болды. Ол былай деп жазды: «Басқа адамға деген қарым-қатынас адам өміріндегі негізгі ұлпалардан (ткань) тұрады, оның жүрегі. Адам жүрегі басқа адамдарға адамдық қасиеттерден құралған, яғни, қандай адамдармен қарым-қатынасқа түсуге ұмтылатындығы, қандай қатынас жасағысы келетіндігіне байланысты өз қатынасын реттей алады. Адам өміріне жасалған психологиялық талдаудан басқа адамдарға қатынасын ашуға бағытталғандығын көруге болады». Осылайша ғалым айналасындағылармен қатынас тұлға құрылымында маңызды орынға ие, ал ғылымда тұлға мәселесін қоғам тұрғысынан шешу қалыптасқан деп тұжырымдайды [6, 56 б.].

Қорыта келгенде, қарым-қатынас – жалпы адам өмір сүруінің негізгі жағдайы. Адам қалыпты өмір сүру үшін, өзінің психикалық қасиеттерін дамыту үшін, жеке тұлғалық ерекшеліктерін жетілдіру үшін, сондай-ақ білім меңгеріп, тәжірибе жинақтау үшін адамдармен қарым-қатынас жасайды. Қарым-қатынас арқасында ғана адам өзінің кім екенін танып, өзін өзгелерден ажырата алады, өзін басқалармен салыстыру арқылы басқа адамдағы қасиеттерді меңгереді. Қоғамнан тыс адам өмір сүре алмайды. Адам психикасының дамуындағы қарым-қатынастың ролі ерекше. Сондықтан адам өзгелермен қатынасқа түсу арқылы ғана қалыпты өмір сүре алады. Сол себепті де студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру маңызды. Қарым-қатынас мәдениеті жоғары деңгейде дамыған студент ертеңгі күнгі білікті, іскер маман.

Әдебиеттер

1. Базарбаева К.К. Психологиялық тренинг және оны ұйымдастыру жолдары. – Астана, 2010 ж. 22-23 б.
2. Лисина М.И. Проблемы онтогенеза общения. – Москва: Педагогика. 1986. – С. 26- 27
3. Ұстаздық еткен жалықпас. Психологиялық очерктері. Қ. Жарықбаев. – Алматы: “Рауан”, 2010 ж. 46 б.
4. Психология здоровья. Под ред. Г.С. Никифорова. – СПб., 2015. – 158 с.
5. Холмогорова А.Б., Гаранян Н.Г. Культура, эмоции и психическое здоровье. Вопросы психологии. – 1999. – №2. – С. 61-74.
6. Жарықбаев Қ. Қазақ психологиясының тарихы. – Алматы: “Қазақстан”, 2005 ж.

Педагогикалық жобалау технологиясын қолданудың маңыздылығы

Арайлым Асқарбекқызы ЖАПСАР,

Шымкент Университетінің «Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистрі

Кілт сөздер: педагог, жобалау, білім беру процесі

Болашақ педагогтарды кәсіби даярлау процесінде олардың жобалау іс-әрекетіне даярлығын қалыптастыру мәселесінің орны ерекше. Себебі жалаң білімдер, іскерліктер және дағдылар қалыптастырудан құзыреттіліктер қалыптастыруға көшіп отырған бүгінгі күнгі білім парадигмасына сәйкес ең алдымен педагогті шығармашылықпен жұмыс жасауға дайындау қажеттігі туады. Ал оның шығармашылықпен жұмыс жасай алуы аталған даярлықтың, яғни жобалау іс-әрекетіне дайындығының қалыптасуымен тығыз байланысты.

Білім беру процесінің тиімділігін арттыру мәселесін шешуде педагогикалық жобалаудың маңызы зор. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде ол оқытушының маңызды кәсіби-педагогикалық функциясы ретінде қарастырылады және педагогтың өзінің әрекеттерін және әдістемелік даярлығын талдау негізінде көрсетіледі. Ғалымдардың айтуынша, «жобалау» деген атқа ие болған жаңа идеяларды іске асыру және жаңа білімдерді берудің құралы – жаңа үлгілерді құруға байланысты теориялық іс-әрекет болып табылады.

Кәсіби педагогтарды даярлауда оқу процесін жобалау жаңа технология жасаудың теориялық негіздерін зерттеп дайындауда, оқу процесі жөнінде әр түрлі ойлар жүйесінің принциптері негіздерін қалыптастыруда оқу процесін басқарудың үлгісі мен атқару тәртібін қайта қарау; ұйымдастыру және басқаруда оны үйлесімді, қолайлы түрде күшейтуде дамытудың басым ұтымды бағытына сүйену; оқу жүйесін ұйымдастыру кезеңіндегі жоспарлы бағдарламалар, оқулықтар, оқыту әдістемесінің түпкілікті және сапалы болмауын, соның нәтижесінде оқыту уақытының мақсатсыз жұмсалмауын қадағалау және түпкілікті болдырмау сияқты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Жоғары оқу орны оқытушысының педагогикалық кәсіпқойлығына сенім білдіру; оқу процесінің қандай кесіндісінде болмасын оқушыларды дайындауға деген кепілдіктің болуы; оқыту технологиясын жасауда стандарттық нормаларды сақтау қажеттігі; оқу процесін тақырыптық жобалау сияқты педагогикалық технологияны жүзеге асырудың негізгі принциптерін сақтау қажет.

Оқыту мазмұнын жобалау, оқыту процесін басқаруды жобалау, оқыту нәтижесін бақылау жобасы, оқыту әдістерін жобалау, білім беру жобасы, білім беру технологиясын классификациялау т.б. ұғымдарын оқытудың технологиясы, ал «шәкірттердің дүниетанымдары мен қабілеттерінің мазмұнын жобалау, даму процесін жобалау», «даму нәтижелерін жобалау», «даму әдіс-тәсілдерін жобалау» ұғымдарын дамыту технологиясы біріктіреді.

Оқу үрдісін жобалау, ұйымдастыру және жүзеге асыру бойынша бірігіп қызмет етуіне қолайлы жағдай туғызатын, әбден ойластырылған педагогикалық қызметтің бірлескен моделі, оқу үрдісінің параметрлік моделі екендігін, оқу үрдісін бүтіндей жобалау мақсат қою, болжау, өзіндік жұмысты мөлшерлеу, оқу үрдісінің логикалық құрылымы, түзету, технологиялық карта т.с.с. қарастыру болып табылады.

Педагогикалық жобалауды объектілеріне байланысты классификациялаған дұрыс, өйткені технологияландырудың негізгі критерийі – жобаның бар болуы. Мәселен, түгелдей педагогикалық жүйені жобалау, педагогикалық, оқыту үрдістерін жобалау, бөлек педагогикалық жағдайларды немесе педагогикалық жүйе компоненттерін жобалау және т.б. Оқыту үрдісін технологиялық карта арқылы жобалау дидактикалық ақпараттың қатаң ұйымдастырылуын, жаңа технологиялық этиканың бекітілуін, білім беру үрдісінің тиімділігін анағұрлым арттырылуын қамтамасыз етеді.

XX ғасырдың соңында «жобалау» адамның шығармашылық іс-әрекетіндегі ойлаудың өзіндік ерекшелігі бар түріне және жіктелімдік белгісіне айналды. «Жобалау» іс-әрекеті ғылымға, өнерге және жалпы адамның қоршаған дүниеге қатынасына тән іс-әрекет түріне айналды. Яғни ол адам өмірінің барлық сфераларында өз орнын алады.

«Жобалау» сөзі қазақтың «жоба» деген сөзінен жасалынған, мағынасы – жаңа нәрсенің жобасын, сұлбасын жасау. Ғылымда ол тек қана жаңа нәрсенің жобасын жасау ғана емес, сонымен қатар оны негіздеу, басқадан айырмашылығын көрсетуді білдіреді. Бұл термин алғашында құрылыс, техника саласында қолданылды. Өткен ғасырдың орта шенінен бастап гуманитарлық ғылымдарда да қолданыс таба бастады.

Кеңестік энциклопедиялық сөздікте «жобалау» ұғымы: «1) құрылыстың, механизмнің немесе құрылғының жоспарын жасау; 2) белгілі бір құжаттың алдын ала мәтінін жасау» деп түсіндіріледі [1].

Жоғарыда атап кеткеніміздей, алғашында техникалық, құрылыс салаларында термин ретінде енгізілгендіктен, бұл ұғымның мәні сол сала әдебиеттерінде неғұрлым кең берілген. Мысалы, Л. Арчердің анықтамасы бойынша, жобалау – «белгілі бір міндетті шешу» [2], ал Г. Надлер бойынша, «бұрынғы белгілі үлгілерге қарағанда неғұрлым жетілдірілген идеал үлгі жасау» [3] болып табылады. И.В. Котляровтың айтуынша, жобаны іске асырудың нәтижелі болуы оны жобалау кезеңдерінен тәуелді. Кез келген саладағы жобалау мынадай кезеңдерден тұрады: мақсатты анықтау, ғылыми зерттеулер, міндеттерді қою, идеяларды іздеу, тұжырымдама жасау, талдау, эксперимент, шешімдер т.б.

Гуманитарлық ғылымдардағы «жобалаудың» ерекшелігі – оның әлеуметтік құрамдас бөлігінің болуы. Бір сөзбен айтқанда, әлеуметтік жобалауда адамның тұлғалық ерекшеліктері, оның қоршаған ортамен, басқа адамдармен қатынасы есепке алынуы тиіс. Ж.Т. Тощенко т.б. еңбектерінде «жобалау» тек қана жасалуы тиіс нәрсенің күйін болжауды емес, сонымен бірге әлеуметтік-педагогикалық заңдылықтарды зерттеуге бағытталған, өзара әрекеттесуге қабілеттілікті мақсатты түрде дамытатын іс-әрекет түрі ретінде қарастырылады.

Кейінгі уақытта педагогикалық жобалаудың, оны педагогикалық қауымдастықтың меңгеруінің және ғылыми негізде практикада тиімді қолданылуының динамикалық бірлігі ретінде инновациялық процестер мәселесі педагогика теориясының өзекті мәселесіне айналды. Себебі бүгінгі күні білім беру жүйесінің дамуы инновациялық процестер және оларды жобалау арқылы жүзеге асуда.

Педагогикалық жобалау көптеген ғалымдардың зерттеулерінде әр қырынан көрсетілді (В.С. Безрукова, Н.В. Борисова, А.Н. Дахин, В.В. Краевский, В.А. Болотов, Е.И. Исаев, В.И. Слободчиков, Н.А. Шайденко, Т.К. Смыковская, Е.А. Крюкова және басқалар). Аталған авторлардың еңбектері мен басқа да педагогикалық-психологиялық зерттеулерді талдау олардың көпшілігінде «жобалау» түсінігінің «жоспарлау», «болжау», «құру» түсініктерімен байланыстырылатыны байқалды.

Мәселен, В.С. Безрукова педагогикалық жобалауды «оқушылар мен мұғалімдердің алда тұрған іс-әрекетінің негізгі детальдарын алдын ала жасау» ретінде қарастырады.

Бұл анықтама мұғалімнің педагогикалық процесті жоспарлауының жалпы алгоритмін көрсетеді. В.В. Краевскийдің айтуынша, «педагогикалық жобалау әлеуметтік мақсат қоюдың өзіндік формасы болып табылады». Дегенмен, бұл анықтама бойынша, «жобалау» және «жоспарлау» іс-әрекеттері бір-бірімен сәйкестендіріледі, ал олардың әрқайсысының өзінің жеке мағынасы бар іс-әрекет екендігі көрсетілмейді. Себебі педагогикалық жобалау – тек мұғалімнің сабақты жоспарлауы ғана емес, ең алдымен оқу-тәрбие процесінің логикалық құрылымын жасау.

Ғылыми әдебиетте «жобалау» ұғымына бірқатар өзіндік анықтамалар берілген. Мәселен, В.А. Болотов, Е.И. Исаев, В.И. Слободчиков, Н.А. Шайденко педагогикалық жобалауды «педагогтар, оқушылар қауымдастығының жаңа формаларын, білім берудің жаңа мазмұны мен технологияларын, педагогикалық іс-әрекет пен ойлаудың жаңа әдістері мен технологияларын жасау» контекстінде анықтайды.

Н.В. Борисова жобалаудың білім беру жобаларын жасауға және іске асыруға бағытталған іс-әрекет екендігін көрсетеді.

А.Н. Дахин болса, жобалауды «қандай да бір жүйені, объектіні немесе модельді құру (жасау, жоспарлау, құрастыру) жөніндегі іс-әрекет» деп біледі.

Жобалау жаңашылдықтың эволюциясының және жаңа енгізуді іске асырудың картасы болып табылады. Оның да өз шекаралары бар. Бірақ оларды нақты белгілеу мүмкін емес, дегенмен әр нақты жоба үшін олар жеке анықталады.

Әдебиеттер

1. Надлер Г. Создание идеальных моделей при проектировании. – М., 2011
2. Котляров И.В. Теоретические основы социального проектирования. – Минск, 2010
3. Тощенко Ж.Т., Антонов Н.А. Социальное проектирование. – М., 2010

Студенттердің құндылықты бағдарын зерттеу

Оразкүл Нығматиллақызы ИКМАТОВА,

Шымкент Университетінің «Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистрі

Кілт сөздер: *психология, эмпирикалық, критикалық, рационалды*

Қазіргі психологияның өзекті бөлімдерінің бірі – жасөспірімдер психологиясы. Бұл тақырып өте күрделі және бірнеше аспектілерді қарастырады, бұл: психологиялық жас ерекшеліктер, оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық және әлеуметтік мәселелері, жанұя, топ әсері және тағы да басқа көптеген аспектілер. Жастардың мәселесі және олардың қоғам өміріндегі орны тәуелсіздікті енді ғана алған Қазақстан үшін ең ерекше ұшқыр мәселелердің бірі. Тәуелсіз Қазақстандағы барлық салаларда болып жатқан ауқымды реформалар бұрын қалыптасқан мораль жүйесін толығымен өзгертіп, оны адамгершілік құндылықтарға айналдырды. Ересек ұрпақтың жас ұрпаққа беретін әлеуметтік нормалар мен дәстүрлері бұзылды, өйткені кардиналды түрде идеология өзгерді. Ересек ұрпақ адамдарында «өткен күндер» елесі әлі жақсы сақталған, олардың бұрынғы құндылық бағдарды сақтай отырып, қазіргі өмірге, нарыққа бейімделуі күрделірек; ол жас ұрпақ үшін одан да күрделірек, өйткені оларда өзіндік құндылық бағдар жүйесі жоқ, егер бар болғанның өзінде, тек шартты түрде.

Жастар үшін құндылықтар салыстырмалы. Жастардың жүйе ілестіруші қасиеті ретінде психологиялық қалпын анықтайтын өмірлік бағыт-бағдары болып табылады. Адамның қылығының психологиялық түсінігін құрастыру үшін «құндылықтар бағдары» және қызығушылықтарының маңызы зор. Сондықтан қазақ жастарының құндылық бағдары мен қызығушылықтарының дұрыс ұйымдастырылуы олардың психологиялық және тұлғалық қасиеттерінің дамуының нәтижелі болуына жетелейді. Тұлғаның қоғамдағы материалды және рухани мәдени қажеттіліктері құндылық бағдар түсінігі ретінде қарастырылады.

Қазіргі қалыптасып келе жатқан қарым-қатынас стилі, өмірлік қабылдаулар, құндылық, басымдық – өтпелі Қазақстан қоғамының әлеуметтік-психологиялық құрылымының дамуының негізгі тенденциясы болып келеді. Бүгінгі жастардың құндылық бағдары қандай болса, біздің қоғамымыздың болашағы соған байланысты болмақ, сондықтан өмірлік қоғамдық-пайдалы құндылықтарды олардың санасына бекіту маңызды болып табылады.

Жастық шаққа, оның құндылықтарына деген сенімсіздік

Бүгінгі жастардың өмірлік құндылықтары біздің «ертеңіміздің» бейнесін анықтайды.

Келтірілген көптеген себептер психология ғылымында құндылықтар мен қызығушылықтардың өзекті мәселелердің бірі екендігін дәлелдейді. Демек, психологиялық теория мен практикада құндылықтар мен қызығушылықтар жайлы аз зерттелінбеген. Алайда, қазіргі қазақ студенттерінің құндылықтар мен қызығушылықтар мәселесі аз қарастырылған.

Қызығушылықтар сұрақтамасындағы факторлы анализдің мысалы ретінде Дж. Гилфорд және оның серіктестерінің жұмысын атауға болады. Олар еңбектерінде жеке тұлғаның мінез-құлқының маңызды аймақтары мен қызығушылығының арасындағы байланысты көрсетті. Осындай қызығушылықтар сұрақтамасының бірі Стонг және Кьюдер сұрақтамалары, олардың пәнге корреляцияларын зерттеді және индивид жайлы жалпы мәліметтерге сүйенген, MMPI, жеке тұлғаны зерттеу формасы, қосымша бақылау тізімі, құндылықтарды зерттеу тесті және Рокичтің догматизм шкаласының жалпы факторларының сұрақтамадағы көрсеткіштердің болуы. Бұл зерттеулердің көмегімен жекелеген кең эмоционалды және тұрақтылық факторлардың арасындағы мәнді байланыс дәлелденді.

Жекелеген өзінің мінез-құлқымен ерекшеленетін топ зерттеушілерінің арасындағы салыстырмалы зерттеулер профессионалды қызығушылық және жеке тұлғаның басқа аспектілері арасындағы мәнді сәйкестікті анықтайды.

Қазіргі кезде мамандық таңдауда индивид қандай да бір деңгейде өзінің жанына жақын мінез-құлықты реттеуші тәсілді өмір бейнесін, немесе рөлді таңдайды. Міне, сондықтан мамандану қызығушылықтарын зерттеу немесе бағдары және қызығушылығы арнайы, мамандық топтарының идентификациясы, яғни индивидке жақынырақ мамандықты таңдау жеке тұлғаны түсінудегі негізгі кезең болып табылады.

Құндылықтарды және онымен байланысты жеке тұлғалық қасиеттерді зерттеу

XX ғ. 60 жылдарынан бастап құндылық және құндылық бағдарды зерттеу қарқындап дами бастады (Л.В. Голдон, 1975; Ю.Х. Холзман, 1975). Осы мақсатқа бағытталған әдістемелер өзінің методологиясымен, мазмұны жағынан, нақты мақсаттылығымен ерекшеленеді, бірақ қызығушылық пен бағдарды өлшеуі өте ұқсас. Осыған байланысты әдістемелерді қолдану шекарасы мен әртүрлілігін көрсету мақсатында бірнешеуін көрейік.

Құндылықтарды зерттеу

Кеңінен қолданбалы және өмірлік қабілетті ең алғашқы осы әдістер типіндегі тесттердің бірі Г. Олпорт, П. Вернон және Г. Линдзе өңдеген құндылықты зерттеу тесті.

Ең алғаш Э. Шпронгер ұсынған оның «Адамдар типі» еңбегінде, бұл сұрақтама ең негізгі алты қызығушылық, мотив және құндылық бағдардың салыстырмалы күшін өлшеуге арналды.

Э. Шпронгер оларды былай суреттейді:

Теоретиктер: шындықты іздеуге деген қызығушылықпен және эмпирикалық, критикалық, рационалды, «интеллектуалдық» қабілеттермен сипатталады.

Экономикалық: негізгі акцент пайдалы және практикалық құндылыққа жасалынады.

Эстетикалық: ең негізгі құндылық стиль және гармония болып есептеледі, әрбір құбылыс жағдайға, әсемдік көзқарасқа байланысты қабылданады және бағаланады.

Әлеуметтік: адамдарға деген сүйіспеншілік, «альтруизм» және «филантропия».

Саясаттық: жеке бастық басшылыққа, әсіресе танымдылыққа деген талпыныс қызығушылығы.

Діни: мистикалық күй, қабылданғанның барлығының бірлігімен анықталатын және космосты бүтін ретінде түсінуге талпыныс.

Бұл категориялардың Хоеанд тестінің мамандану білімімен аздап сәйкес келуі және Кьюдер тестінің қызығушылықтар сферасымен сәйкестенуі әбден дұрыс болуы мүмкін.

Құндылықты зерттеу тестінің тапсырмалары алғашқы Э. Шпронгердің теориялық концепциясының негізінде құрастырылған. Ең салығу саралау критерийі ретінде оның 6 категория бойынша ішкі келісушіліктері алынды. Тест дәптерінде тапсырмалар ретсіз тізіммен берілген. Әрбір тапсырма әртүрлі құндылықтар жүйесіне қатысты 2 немесе 4 альтернативті пікір айтуды талап етеді.

Алғашқы суммалары әрбір 6 құндылық категориялары бойынша көрсеткіштері профильді көрсеткіштер түрінде белгіленеді. Бірақ салыстырмалы көрсеткіштер үшін нормативті мәліметтер беріледі. Сенімділік коэффициент көрсеткіші барлық алты категория бойынша 0,84-тен 0,95 диапазонын көрсетті. 1-2 айдан кейін осы әдістеме бойынша қайталап тетілеу нәтижесінде 6 шкала бойынша 0,77-ден 0,93 мәніне ие болды.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Юрчук В.В. Современный словарь по психологии. – М.: «Современное слово»,
2. Ковалев В.И. Мотивы поведения и деятельности. – М.: Наука,
3. Виханский О.С., Наумов А.И. Менеджмент: учебник. – 3-е изд. – М.: Гардарики,
4. Айсмонтас Б.Б. Педагогическая психология: учебное пособие. – М.: Московский городской психолого-педагогический университет.

Қазіргі жастардың ерлі-зайыптылыққа қарым-қатынасының ерекшеліктерін зерттеу

Сандугаш Серикбаевна КАЛИЕВА,

Шымкент Университетінің «Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистрі

Қазіргі таңда отбасын тұрақтандырудың маңызды құралы болып ерлі-зайыптылардың қарым-қатынасын жақсарту, некемен қанағаттану деңгейін көтеру болып табылады.

Жұбайлардың өзара қабылдауының өзгеруі неке өткелінің өсуімен байланысты болады. Ерлі-зайыптылардың қатынасының сипаты олардың отбасылық құндылықтарымен рөлдік көзқарастарының, яғни кімнің белгілі бір отбасылық сфераны жүзеге асыруының сәйкес келу деңгейіне тәуелді. Отбасылық функциялар тұлғаның санасына ене отырып, отбасылық құндылықтардың бағдары ретінде көрінеді. Құндылықтар иерархиялық шкаланы қалыптастырады. Ерлі-зайыптылар отбасылық құндылықтар шкаласына сәйкес белгілі бір отбасылық функцияны бірінші орынға шығарады. Отбасылық құндылықтардың әр түрлі болуы, ерлі-зайыптылардың рөлдік сәйкес келмеуінің бір себебі болып табылады. Ерлі-зайыптылардың отбасылық құндылықтарының сәйкес келмеуінің себебі – бұл олардың отбасындағы тәрбие ерекшеліктеріне байланысты болып келеді.

Отбасылық құндылықтардың сәйкестігі ерлі-зайыптылардың рөлдік мінез-құлығының әр түрлі болуына кепілдік бермейді. Ерлі-зайыптылардың рөлдік мінез-құлығының адекваттылығы рөлдік күтімдердің (күйеуі мен әйелінің отбасындағы белгілі бір функцияны белсенді түрде орындауға деген бағдары) рөлдік талаптануға (ерлі-зайыптылардың отбасылық рөлді орындауға деген дайындық) сәйкес келу деңгейіне байланысты [1].

Н.Н. Обозова, А.Н. Абакумова, Т.М. Трапезников ері мен зайыбының реалды және қабылданатын сәйкестіктері жеке мінездеме бойынша олардың сәйкестігін анықтайтын маңызды фактор екенін айтқан. Ерлі-зайыптылардың өзара бағалауының адекватты болмауы отбасылық қайшылықтарының себептерінің бірі болады.

А.Г. Шмелев әйелдер үшін эмоционалды көрінулердің маңыздылығын, ал ерлер үшін рационалды көрінулердің маңыздылығы жоғары екенін айтқан. Мысалы, шиеленісті жағдайларда әйелдер өздерін эмоционалды жағынан жоғары бағалайды (бәрі ашық айту, нәзіктік, қобалжу), ал ерлер рационалды жағынан (саналылық, өзіне сынмен қарау), яғни олар бір жағдайда әр түрлі психологиялық кеңістікте болады [2].

Некемен қанағаттану деңгейі өзгерген сайын ерлі-зайыптылар жанұядағы тұлғааралық қарым-қатынастың өзгергені туралы айтады. Үйде балалардың болуы ерлі-зайыптылар арасында өзара әрекеттің сапалығына әсер етеді, ол балалармен байланысты міндеттер әсерінен қиындай түседі. В.С. Миллер, Е.М. Дувал бойынша некемен қанағаттануға бала емес, ал сол баланың қай даму кезеңінде болуы әсер етеді. Егер кішкентай сәби болса ол отбасын біріктіреді, екі ата-ана да оны белсенді түрде қараулары керек.

В. Сатир бойынша адам некеге отыру арқылы өз өмірін жаңа мағынамен толықтырғысы келеді. Тек өте ерекше адам ерекше себептер арқылы саналы түрде неке оның өмірін одан әрі жаман қылатынын біле тұра некеге отырады. Адамдар тұрмыс құрғаннан кейін олардың өмірі жақсы және қызықты болатынына үміттенеді. Үміттері үзілгеннен кейін некеге шынайы қауіп туады, бірақ көп адамдар өздері махаббатпен некелескенін айтады.

Отбасын әлеуметтік институт ретінде қарауда жұбайлардың сәйкестігіне көңіл бөлу керек. Некедегі сәйкестік факторы үшін бірлескен іс-әрекеттен қалыптасқан қатынастың тұлғааралық қанағаттануы маңызды. Ерлі-зайыптылардың сәйкестігін зерттеуде ері мен зайыбының көп аспекті өзара байланыстың жиынтығын талдау керек, онда ерлі-зайыптылардың сәйкестік критерийлері көп болады, өйткені біреуі екіншісінің алдында өз тұлғасының көп қырларын ашады. Бұл сәйкестік физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік болады.

Сәйкестіктің индивидуалды психологиялық сипаттамалар ішінде келесі деңгейлерін бөледі [3]:

1. Әлеуметтік (әлеуметтік-экономикалық статус, мамандығы, білімі).
2. Әлеуметтік-психологиялық (құндылықты бағдарлары, мақсаттары мен позицияларының ұқсастығы, тұлғааралық статус).
3. Психологиялық (мінез, интеллект және тұлғаның басқа да қасиеттері).

4. Психофизиологиялық (темперамент, эмоционалдылық, ағза реактивтілігі).

Отбасылық қатынас психологиясының негізгі проблемаларының бірі – некенің сәйкестігін және оған әсер ететін факторларды анықтау. Бұл параметрлерді ескермей отбасы психологиясындағы маңызды зерттеулерді жүргізу мүмкін емес. Бұл зерттеулерді жүргізбей ерлі-зайыптылардың өз некелерін қалай бағалайтынын анықтау және отбасылық кеңес беруде ерлі-зайыпты қатынасты тиімді диагностикалау мүмкін емес. Некенің сәттілігін анықтайтын көптеген ыңғайлар бар. Олар шартты түрде екі негізгі – әлеуметтік-психологиялық және психологиялық деп бөлуге болады. Әлеуметтік-психологиялық ыңғай бойынша ерлі-зайыптылар қатынасының сәттілігінің көрсеткіші болып некенің сақталу фактісі, яғни ажырасудың болмауы болады. Бұл мінездеме некенің тұрақтылығы деп аталып, демографиялық, әлеуметтік, заңдық зерттеулерде кеңінен қолданады. Ғылыми кітаптарда оның аналогиялары, мысалы отбасы интактілігі қолданылады. Бұл мінездеменің көптеген ыңғайлы жағы бар, мұнда өлшеу проблемалары болмайды, тек ерлі-зайыптылардың ажырасқан немесе ажыраспағандығын білсе жеткілікті.

Психологиялық көзқарас бойынша ерлі-зайыптылар некеде қаншалықты бақытты, өзара қатынасын қалай бағалайтыны туралы некенің сақталуы ешнәрсе айтпайды. Психологиялық ыңғай бойынша адамның некеге қатынасын анықтау маңызды болады.

Қазіргі отбасы психологиясын зерттеулер негізінде бақытты және бақытсыз некелерді дифференциациялайтын көптеген мінездемелер бөлінген. Жүйеленген түрде олар неке сапалығы моделінде американдық зерттеушілер Р.А. Левис және Дж.Б. Спаниермен көрсетілген. Сәтті және сәтсіз некелерді бөлу үшін бұл авторлар 200 жұмыс негізінде некенің жоғары сапалығымен байланысты 47 мінездемені бөлді. Оларды үш топқа: некеге дейінгі, әлеуметтік-экономикалық, ерлі-зайыпты аралық факторлар деп бөлді. Некенің сапалығы моделі авторлары өздері бөлген параметрлер ерлі-зайыптылардың тұлғааралық қатынастағы сәйкестік және келісім деңгейін мінездейтінін айтқан. Келісім принципі ерлі-зайыптылардың тұлғааралық қатынасының сапалығын зерттеудің құралдарының негізіне жатқызылған. Олар ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынас сәттілігіне әсер ететін алты параметрді бөлген [4]:

1. Қарым-қатынас барысында ерлі-зайыптылардың өзіндік ашылуы жақсы болған сайын ерлі-зайыпты қатынас жақсы дамиды. Бұл ері мен зайыбы сәтті тұлғааралық қарым-қатынас процесінде бір-біріне барлық ойларын, сезімдерін ашық айтып, оны сынауынан қорықпау керек.

2. Қарым-қатынас процесі барысында ортақ күтілімдер мен ұстанымдардың көрінуі мүмкін. Қарым-қатынас арқылы ерлі-зайыптылар қоршаған орта және адамдар туралы көзқарастарының ұқсастығын сезінулері керек.

3. Жұбайлар арасындағы вербалды емес коммуникация нақты болған сайын тұлғааралық қатынас сәтті болады, яғни некедегі бақытты ерлі-зайыптылар бір-бірінің айтқандарын дұрыс түсініп қана қоймай, позаларын, ым-ишараларын, бет қимылдарын, көзқарастарын сөзсіз түсініп отырады.

4. Жұбайлардың тұлғааралық қатынасының сәттілігінің маңызды факторы болып ортақ символдардың болуы табылады. Олар әр түрлі формада ешкімге түсініксіз тілдің болуы, бір-бірін жағымды атпен атау, жанұялық дәстүрлері және салттары.

5. Тұлғааралық қарым-қатынас сәтті болған сайын, тұлғааралық қатынас жалпы жақсы дамиды. Бұл бақытты жұптар бір-бірімен жиі қарым-қатынасқа түсетіндігін көрсетеді.

6. Сәтті некелерде тұлғааралық қарым-қатынас арқылы ерлі-зайыптылар ерлі-зайыпты рөлдерді қабылдаудағы өздерінің ұқсастығын, сондай-ақ отбасындағы алатын позицияларын дәлелдейді.

Әдебиеттер

1. Алешина Ю.Е. Удовлетворенность браком и межличностное восприятие в супружеских парах с различным стажем семейной жизни: дис. ... канд. психол. н. – М.: Просвещение, 2010. – 250 с.
2. Лидерс А.Г. Семья как психологическая система. Очерки психологии семьи. – Москва-Обнинск: «ИГСОЦИН», 2014. – 296 с.
3. Гозман Л.Я., Алешина Ю.Е. Общение и развитие взаимоотношений в супружеской паре. // Общение и оптимизация совместной деятельности, №3. – С. 140-152.
4. Харчев А.Г., Мацковский М.С. Современная семья и ее проблемы. – М.: Статистика, 2010. – 224 с.

Педагогтің коммуникативтік құзыреттілігі оның кәсіби қызметінің табыстылық факторы ретінде

Әлия Қанатқызы ҚАТЫШ,

Шымкент Университетінің «Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистрі

Кілт сөздер: *бастапқы функция – әріптесті қарым-қатынасқа шақыру: ықылас білдіру, тілдесуге шығу, психологиялық қысымды түсіру*

Қазақстан білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне енуге деген талпынысы, білім беру парадигмасының өзгеруі, жаңа ұлттық модельдің қалыптасуы болашақтың жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарасы, мәдениеті мен санасы дамыған ұрпағын оқытып, тәрбиелейтін педагогикалық кадрларды дайындау сапасын арттырудың қажеттігі заңды құбылыс. Соған орай, білім берудің негізгі мақсаты – еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын, құзыретті тұлғаның қалыптастыру. Сонымен қатар «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы» білім беру жүйесіне жаңалық әкеле отырып, педагогтарға үлкен жауапкершілікті жүктейді, яғни, үздіксіз білім берудің бастапқы деңгейі «мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» баланың жас және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, оның толыққанды қалыптасуы үшін даму ортасын құру, педагогтің кәсіби іс-әрекетін іс жүзіне асыруда оның мазмұнын, қабілетін, ырғағын түрлі психофизиологиялық және әлеуметтік ерекшеліктерді сезінуіне сәйкес келуін қарастыру қажет етеді [1].

Заманауи жағдайда педагогикалық қызмет құрылымындағы компоненттің бірі ретінде коммуникативтілік алға қойылды. Педагогтардың балалармен, басқа қызметкерлермен қарым-қатынасты жеңіл орнатуы, әрине, педагогикалық міндеттерді шешу тұрғысынан келгенде бұл қарым-қатынастың тиімділігі коммуникативтік қабілет пен құзыреттіліктің даму деңгейіне тәуелді екені белгілі. Қарым-қатынас білім берумен ғана шектелмейді, эмоционалдық еліктіру, қызығушылықты ояту, өзара әрекеттесу сияқты т.б. қызметтерді де атқарады.

Осы мәселеге байланысты бірқатар ғалымдар В.А. Сластенин, И.Ф. Исаев, А.И. Мищенко, Е.Н. Шиянов педагогикалық мамандық қайтадан қалыпқа келтіруші және басқарушылық қызмет болып саналады деп көрсетеді. Сондықтан да бала тұлғасының дамуын басқару үшін ол өзі құзыретті болуы тиіс.

Педагогтің кәсіби құзыреттілігі, яғни, педагогикалық іс-әрекеттің жүзеге асыратындай оның теориялық және практикалық даярлығының бірлігі ретінде айқындалып, оның кәсіптілігін көрсетеді. Осы анықтаманы профессор Н.Д. Хмель қолдаса, ғалымдар – Г.М. Коджаспиров, А.Ю. Коджаспировтар педагогтің кәсіби құзыреттілігі: ол оның педагогикалық қарым-қатынасын және педагог тұлғасы ретінде арнайы құндылықтардың, педагогикалық сананың, педагогикалық іс-әрекеттің қалыптасқанын анықтайтын қажет білімді, іскерлік пен дағдыны меңгеруі болып табылады.

Бастапқы функция – әріптесті қарым-қатынасқа шақыру: ықылас білдіру, тілдесуге шығу, психологиялық қысымды түсіру, бейтаныстың алдындағы қорқынышты жою; қарым-қатынас сипатының түрін еркін таңдауға әріптестің көзін жеткізу, өзін бағалауды және өзіне сенімділікті арттыру, сонымен қатар басқа адаммен оңды қарым-қатынас жасауға сендіру.

Қарым-қатынастың екінші функциясы тілдесуге шыққанда әріптесті қолдауға бағытталған, оның қиындықтарының бір бөлігін өзіне қабылдау, серіктеске аяушылық білдіру: оған көмек беру, оның ішкі дүниесіне қызығушылық білдіру, оның тұлғалық ерекшеліктерінің өзіне тән белсенді көріністерін қолдау және шабыттандыру. Серіктесу функциясы ортақ қызмет атқарады: әріптеспен серіктес болу арқылы, біріншіден, басқаның ішкі дүниесіне енуге, рухани оқиғаларына кіруге қол жеткізілсе, екіншіден, өзінің «Мен» бөлігі басқалар алдында ашылады. Бұл функция коммуникативті қызмет үшін маңызды қасиет – эмпатияның дамуымен байланысты.

Кәсіби коммуникативтік қызмет – педагогтардың балалармен, ата-аналармен, әріптестерімен қарым-қатынасы, процесс кезінде міндетті түрде қарым-қатынастың үшінші функциясы – тұлғаның жоғары функциясы іске асады. Жоғары функция тәрбиеленушіге арақатынас кезінде байланыстың осы заманғы мәдениет деңгейін сақтауға, рухани және физикалық күштің әсерінен рухани жаңа күш пайда болуға ықпал етеді.

Алайда В.А. Кан-Калик өзінің зерттеулерінде білім беру процесін басқаруда педагог пен білім алушылардың коммуникациялық байланыстарын анықтаудағы және дамытудағы педагогикалық қатынастың рөлін қарастырады [5].

Педагогикалық қатынасты кәсіптік қатынастың алуан түрі ретінде зерттеп, ғалым педагогтің коммуникациялық қызметінің көп қырлылығын айрықша баса айтады. Оның пікірінше, педагогикалық қатынас – бұл «педагог пен тәрбиеленушілердің негізгі әлеуметтік-психологиялық өзара әрекеттесу жүйесі (тәсілдері мен дағдылары), оның мазмұны ақпаратпен алмасу, тәрбиелік әсер ету, коммуникациялық құралдардың көмегімен өзара қатынастарды ұйымдастыру болып табылады, педагог осы процесті ұйымдастырады және басқарды». Автор жаңадан бастаушы педагогтардың кездесуіне тура келетін негізгі қиындықтарды: байланысты жөнге келтіре білмеу; қатынасты басқарудағы күрделіліктер; өзара қатынастар жасай білмеу және оларды педагогикалық міндеттерге байланысты қайта құрай білмеу; сөйлесіп қатынасудағы қиындықтар және материалға меншікті эмоциялық қатынасын беру; қатынастағы меншікті психологиялық күйді басқарудағы күрделіліктерді топтастырады.

Қазіргі заманғы зерттеулерде берілген ұғымдарды талдау мен пайымдау жалғасуда, ол жаңа мазмұнмен толықтырылуда. Осыдан аз уақыт бұрын коммуникативтік құзыреттілік «тиімді қарым-қатынас жасауға қажетті дағдылар мен икемділіктердің жиынтығы» деп түсінілсе, ал қазіргі таңда неғұрлым кең мағынаны қамтып, тұлғалық аспектіні кірістіріп отыр. Сонымен, коммуникативтік құзыреттілік өзара әрекеттесуді ұйымдастыру үшін қажет білімдер, икемділіктер мен дағдылардың жиынтығы және де тиімді коммуникативтік тұлғааралық қарым-қатынасты құруға негізделген тұлғаның ішкі жоспары ретінде қарастыруға болады.

Коммуникативтік құзыреттілік қарым-қатынаста туындайтын коммуникативтік міндеттерді шығармашылық тұрғыдан шеше білу қабілеті. Соған орай коммуникативтік құзыреттілік қарым-қатынастың тиімділігін анықтайтын білім, икемділік пен құндылықтық бағыт-бағдардың қосындысы деп түсінеміз.

Педагогтің кәсіби қарым-қатынасы – педагогикалық міндеттерді шешуде әр түрлі коммуникативтік құралдарды тиімді пайдалану арқылы шешім қабылдауға бағытталған күрделі коммуникативтік өзара әрекеттесу жүйесі. Педагог баланың сөйлеу ерекшелігін болжай алуға, тілдік қатынасты талдай білуі тиіс, айтылатын ойды жеткізуде, тілдік әдепті сақтау арқылы диалогтік қарым-қатынасты орнатуы шарт.

Сонымен қатар педагогикалық шеберлікте коммуникативтік қызметті ұйымдастыру техникасы негізгі орын алады. Педагог үшін қарым-қатынас – бұл кәсіби қызметтің бір түрі десек, онда оның тәсілдері: сөз, дауыс, интонация, көзқарас, ымдау, жымыю, сезу және қобалжу. Балалармен қатынас жасаған жағдайда педагог қарым-қатынас жағдайын ұйымдастыру үшін кейбір талаптарды орындауы қажет (В.А. Кан-Калик әзірлеген): сенімділік, диалогтілік, өзара түсіністік, нақты психологиялық байланыс, әсер етуден бас тартуға қабілеттілік және өзара іс-әрекетке көшу [4].

Егер педагог үшін қарым-қатынас кәсіби қызметтің түрі болса, ал бала үшін – ол өмірлік іс-әрекет. Осы жерде қарым-қатынас кезінде педагог пен баланың ұстанымы арасында айтарлықтай айырмашылық болады. Бала өзіне жасалған жағдайға сай өмір сүреді, педагогтар, ата-аналар және құрбыларымен қарым-қатынас орнату – оның өмірінің бір бөлігі. Педагог балалармен сөйлесе отырып, жұмыс істейді және ол әрқашан тәрбиеленушілер мен өзінің арасында не болып жатқанына өзіне есеп беруі керек.

Қорыта келгенде, «адамның ортадағы қалыпты өмір сүруін қамтамасыз ететін өзін қарым-қатынас субъектісі ретінде адамның қоғамдағы, ортадағы басқа адамдармен өзара байланысын сипаттайтын құзырлықтың мәні, ол оның ынтымақтастық орната білуі, басқаны сол күйінде қабылдауы», – деп ғалым И.А. Зимняя тұжырымдайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. – Астана, 2003. – 26 желт.// [ЭП]. Қолжетімділік тәртібі: www.enu.kz/downloads/tyzhymdamasy.pdf
2. [ЭП]. Қолжетімділік тәртібі: http://rusnauka.com/36_PVMN_2012/Pedagogica/2_123473.doc.
3. Зимняя И.А. Педагогикалық психология: жоғары оқу орындарына арналған оқулық. – II толықт., түзет. және қайта өңд. бас. /Орыс тілінен аударған М.А. Құсайынова. – Алматы: TST-company, 2005. – 368 б.
4. Мирза Н.В. Профессиональная компетентность педагога. – М.: Московский Парнас, 2008. – 256 с.

Релаксациялық тренинг егде жастағы адамдардың үрейленуін азайту құралы

Гульдана Илесовна МАМБЕТОВА,

Шымкент Университетінің «Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистрі

Кілт сөздер: демографиялық-энциклопедия, егде, қартая бастаған, қарттық, организм әлсізденетін, кемелдеген кезеңнен кейінгі өмір және қарт

Бүкіл әлемде қарт азаматтардың саны айрықша өсуде, ал қарттық және қартаю мәселесі өзекті мәселе болып отыр. Адамның қартаюының өзіне назар аудартуының жоғарылауына қарамастан көптеген сұрақтар осы уақытқа дейін өңделмеген. Қазіргі уақытқа дейін қартаю ұғымының дәл анықтамасы жоқ. *Homo sapiens* деген адам түрінің латынша атауына саналы деген сөзден басқа қартаюшы не, қарттық адамның мінездік белгісі деген сөздерді де білдіреді.

Қартаю кезеңіне «кеш естиярлық», «қарттық жас» деген анықтамалар кездеседі. «Демографиялық-энциклопедиялық» сөздікте 1985 ж. мынадай анықтамалар келтіріледі.

Қартаю бұл – адамзат тарихының әртүрлі тарихи-эволюциялық кезеңдерімен және әр түрлі экологиялық манипуляциялық әлеуметтік алмасушы биопсихологиялық және әлеуметтік ұғым.

Қазіргі кезде жоғары дамыған елдерде адамдардың қартаю кезеңі созылып, өмірлері ұзарып, ол отыз жылдай уақытты алатын болды. Алайда, педагогика, психология ғылымында бұл кезең адам өмірінің 3/1 бөлімінің алғашқы кезеңіне қарағанда аз зерттелген. Сонда да соңғы 20 жылдықта психологтар қарт адамдардың мінезінің психологиялық болмысы туралы маңызды материалдар жасады.

С.И. Ожегованың сөздігінде «егде» – «қартая бастаған», «қарттық» – «организм әлсізденетін, кемелдеген кезеңнен кейінгі өмір» және «қарт» – «қартаюға жеткен». Мұндай анықтамалар мынадай ойға әкеледі, біздің елімізде анық бейнеленген, біз адам қартайғанда қандай болатынын және қарт кісілердің тобына 60-тан 75-ке дейінгі жасты жатқызады. Бұл топқа кіретін адамдар үшін белсенділік деңгейі айтарлықтай жоғары сақталған, ал олар үшін әлеуметтік-психологиялық бейімделуі және осы арқылы психологиялық, педагогикалық өзін жақсы сезінетінін бұзу маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Жалпы алғанда, қартая бастағанда деструктивтік процестерін меңгеруге байланысты динамикалық өмір сүруді түсінеді, ал қартаю – осы өзгерулердің жетістігі. Бұл өзгерулер биологиялық деңгейде мына жағдайда өтеді – организм өзгере бастағанда, өлім жақындағанда; социологиялық деңгейде – адам зейнетақыға шығып статус өзгергенде; психологиялық деңгейде – адам болып жатқан өзгерістерді байқап және оған үйрене бастайды.

Қарттық нормасының физиологиясы мен медицинадағы ортақ мағынасы адамның организмнің, оның мүшелері мен функцияларының бірдейлік қоршаған орта шартында оптималды өмір қызметін қамтамасыз етуші. Организмнің структуралық және функционалдық нормасы – оның жалпы денсаулықты қамтамасыз ететін тұрақты-резистенттілігі, жұмысқа қабілеттілігі, адаптацияға қабілеттілігі және ұзақ өмір сүруді белсенді сақтауы.

Қарттық жас – қартаю процесі ашық көрінетін, онтогенездің аяқталу кезеңі.

Қазіргі кезде қартаюдың әр түрлі анықтамалары бар. Ғалымдардың кейбіреулері қартаюды клеткалық заттың физико-химиялық структура өзгерісі есебінен реактивті клеткалардың біртіндеп өзгеруі деп қарайды. Басқалардың ойынша, қартаю ішкі және сыртқы ортадан қорғанудың, мінез-құлықтың, физиологияның, биологияның төмендеуі. Сондай-ақ, қартаю өмір сүруімен және қорғанудың төмендеуіне әкелетін мінез-құлық пен организмнің есейгендегі өзгеруі. Осы кезге дейін қартаюдың себептері мен қарттық эволюцияның бірінші элементтері қандай деген сұраққа жауап жоқ.

Қартаюдың себебіне ең көп ескі анық ғылыми түсініктеме, ол Аристотельдің еңбегінде жазылған. Аристотельдің ойынша қартаю индивидуалды өмірдің басында әртүрлілік иесіне берілетін, «туылғаннан бастап берілген жылудың» біртіндеп азаюымен түсіндіріледі. Сондай-ақ, Аристотель адам өмірін кезеңдерге бөлуге тырысып, сол арқылы биожаз есебінің негізін салды. Бірінші бөлім – жастық, екінші бөлім – кемелдену, үшінші – қартаю.

Қартаю мәселесі ерте заманда адам өмірінде маңызды орынға ие болды. Қартаюдың алғашқы анықтамалары мен оның себептері антикалық дәуірге жатады. Ұлы көне грек дәрігері Гиппократ (б.д.д. V-II ғғ.) қарттықты – табиғи жылудың азаюы және ағзаның кебуінің нәтижесі деп санаған. Сол кезеңде өмір сүрген философ Платон, қартаюға әсіресе орта жастағы өмір сүру

салты әсер етеді деп көрсеткен. Қартаю өз даму жылдарында мына сала мамандары бойынша: дәрігерлерден және физиологтардан, философтардан және биологтардан, психологтардан, социологтардан, тарихшылар және құқықтанушылардан өзіне жаңа білімдер жинады.

Қартаю мәселелері туралы Цицирон, Аристотель, Роджерс, Бэкон, Ж. А. Кондорсе өз еңбектерінде жазған. Мәңгілік жастық, ұзақ жасау және мәңгі жасау туралы мифтер мен аңыздар адамзат дамуының барлық кезеңінде пайда болып қолдау тауып отырды.

Адам қартаюының нормалы процесін оның негізгі көрінулері мен факторларын, мінез-құлыққа әсер етуін, үлгілері мен қарттық өзгерістерінің күшейе түскендігін зерттейтін ғылым – геронтологияның басын әдетте ағылшын философы Бэкон есімімен байланыстырады. Бэкон қартаю процесін жүйелі зерттей отырып, қартаюдың себептерін ашуға мүмкіндік береді және ол қартаю процесіне жағымсыз әдеттер әсер етеді, - деп санаған.

Ресейде қартаюдың белсенді ұзартуына байланысты алғашқы еңбектер XVIII ғасырда пайда болған. Мәселен, орыс дәрігері И. Фишердің «Қартаю, оның деңгейлері мен аурулары туралы» атты кітабын айтуға болады.

Ғылыми геронтологияның негізін салушы И.И. Мечников болып табылады. Геронтологияның қазіргі ұғымы XX ғасырдың ортасында қалыптасты. Геронтологияның тапсырмаларының бірі – орта әсеріне, өмір салтына, еңбегіне, әлеуметтік қатынастарына және өзара қарым-қатынасына байланысты қартаюдың ерекшеліктерін зерттеу болып табылады.

Қазіргі кезде геронтологияны қарт адамдар ауруын зерттейтін медицина облысы, әлеуметтік геронтология, яғни оның өмір салтымен, ұзақтығын зерттейтін геронтология бөлімі бөліп қарайды.

Жас ерекшелік психологиясы мәселесі бойынша әдебиеттерге талдау қартаю ұғымының анықтамасы «мәңгі мәселе» қатарына қосты.

Қазір қартаюды қалай түсіну керек, оның алғашқы белгілері қандай, қартаю жасы дегеніміз не және оның шекаралары қандай? - деген сұрақтарға пікірталастар жүргізілуде.

Анықтамаға қиындық тудыратын қартаю – ұзақ, жастық процесс және оның орта жас пен аралығында шекара болмайды. Жалпы алғанда, қартаю – жеке процесс, кей адамдарда ол ерте басталады, ал кейбіреулерінде кеш басталады.

Қоғамның әр түрлі тарихи кезеңдерінде және әр түрлі мәдениеттерінде қартаю мынадай жолмен анықталады: Пифагор – 60 жас, Қытай ғалымдары – 70 жас, XX ғасырдағы ағылшын физиологтары – 50 жастан жоғары, неміс физиологі М. Рубнер – 50 жас қарттық, 70 жасты қадірлі қарттық деп санаған.

Ю.Б. Гварнавский бүкіл қарттық кезеңді жеке топтарға бөлуді ұсынады: егде жас – 50-65; қарттық жас – 65-тен жоғары.

Ғылымда жас ерекшелік кезеңнің келесідей сызбасы қабылданған:

- егде жас еркектер үшін 60-74, әйелдер үшін 55-74 жас.
- қарттық кезең, әйелдер мен еркектер үшін 75-90 жас.
- ұзақ жасаушылар әйелдер мен еркектер үшін 90- жас және одан әрі жоғары жас.

Сондай-ақ, зейнеткерлік жасты мемлекет жасайды. Зейнеткерлік жасты анықтауда хронологиялық жас кезеңі, яғни өмір сүрген жылдардың санын есепке алмайды, бірақ жұмыс атқарған жылдарына қарай анықтайды.

Функциялық жас кезең – жас ерекшелік динамикасының физиологиялық функциясында көрініс береді, генетикалық компонентінен, өмір салтымен жүре пайда болған ауруларымен, стресстік жағдайларымен, физикалық-психикалық және интеллектуалды белсенділікпен анықталады.

Психологиялық кезең – көрсеткіштер тобы. Психиканың жас ерекшелік өлшемдерімен сипатталады.

Биологиялық кезең – жастық структура және ағза функциясының деңгейлерінің көрсеткіші.

Осы кезге дейін қартаюдың себептері мен қарттық инволюцияның бірінші элементтері қандай деген сұраққа жауап жоқ.

Қартаюдың себебіне ең көп ескі және оның ғылыми түсініктеме, ол Аристотельдің «De iuventute te senectute» еңбегінде жазылған. Аристотельдің ойынша, қартаю индивидуалды өмірдің басында әртүрлілік иесіне берілетін, «туылғаннан бастап берілетін жылудың» біртіндеп азаюымен түсіндірілді. Сондай-ақ, Аристотель адам өмірін кезеңдерге бөлуге тырысады, сол арқылы биожас есебінің негізін салды. Бірінші бөлім – iuventus (жастық), virilitas (кемелдену), senium (қартаю), Гиппократтың «De diaeta» шығармасында «табиғи ыстықтықты» жоғалту туралы ой бар.

Білім беру ұйымдарындағы оқыту жүйесін инновациялық басқару

Дана Еркебекқызы СПАБЕК,

Шымкент Университетінің «Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистрі

Кілт сөздер: «жаңалық», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «әдістеме», «жаңашылдық»

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдарының, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды.

Қазақстан Республикасының алдында тұрған әлеуметтік-экономикалық міндеттерінің аса күрделілігіне қарамастан, оның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуының сипаты, халықтың рухани, адамгершілік көзқарасы жастар арасындағы тәрбиеге байланысты. Ал ұрпақ тәрбиесі – Қазақстанда өтіп жатқан реформалар мен ғылыми-техникалық прогрестің алғышарттарының бірі. Білім беру саласындағы кейбір жағымсыз әрекеттердің орын алуы, мектептердің оқу-тәрбие жұмысының мазмұны, басқа да ТМД елдеріне қатысты халықтың ежелгі даму жолын анықтауда қазақ мемлекетінің білім беру және тәрбие туралы тұжырымдамаларының мақсаты – өрелі идеялар мен қағидалардың ғылыми жүйесін түзу. Бұл ретте халықтың этнопедагогикалық мұрасын ұрпақ тәрбиесінде пайдаланудың мәні зор. Алдымен, халықтық педагогиканы іс-әрекетте пайдаланып, адамгершілік сипат пен мінез-құлықты жастар арасында жаңартудың басты қағидалары: жеке тұлғалар арқылы қоғамды дамыту, демократияландыру, ізгілендіру.

Бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үрдіс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуды, мұғалім іс-әрекетін жаңаша түрғыда ұйымдастыруды талап етеді.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.

Бүгінгі таңда Қазақстанда – Ш. Қаланованың, Ж. Қараевтың, Ш. Таубаеваның, Қ. Қабдықайыровтың, С. Лактионованың, М. Жанпейісованың, Ө. Жүнісбек пен Қ. Нағымжанованың, С. Көшімбетованың, т.б. ғалымдардың зерттеулерінде оқытудың жаңа технологиялары жан-жақты қарастырылады.

Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш – білімге тән. Жас мемлекетіміздің болашағы – бүгінгі мектеп оқушылары. Оларға бірдей талап қойып, олардың табиғи қабілеттерін, нақты мүмкіндіктерін анықтап, соған негіздеп оқыту – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Сондықтан да оқушылардың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, алғыр тұлғаны қалыптастыруда тәрбие жүйесіндегі инновациялық іс-әрекеттердің ендірілуі үлкен жетістіктерге жетелейді.

Жас ұрпақ біздің өміріміздің тікелей жалғастырушы өкілі ғана емес, еліміздің тірегі, мызғымас болашағы. Бүгін мектеп табалдырығын аттаған жас өркеннің ертең қандай адам болып шығатыны ата-аналар мен ұстаздар қауымының арасында мәңгілік таусылмас тақырып болып қалып отырғандығы да сондықтан. Бұл білім мен тәрбиенің егіз ұғым екенін көрсетеді. Сол себепті де білім беру жүйесінде жалпы азаматтық және ұлттық негізде жеке тұлғаны дамыту және қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар жасалуда.

Бүгінгі мақсат – әрбір оқушыларға түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау.

«Инновация» ұғымын анықтайтын нақтылы анықтама әлі де жасала қойған жоқ.

Ш. Таубаева мен Қ. Құдайбергенованың берген анықтамасына сүйенсек, «инновация» – бұл нақты қойылған мақсатқа жетуде ойға алынған жаңа нәтиже.

Нақты мақсат дегеніміз не?

Нақты мақсатқа қандай әдіс-тәсілдердің көмегімен жетуге болады?

Оқу мақсатының жүйесінде берілген мақсаттың негізгі категорияларын пайдалана отырып, педагог өз еңбектерінің нәтижесі туралы ақпарат алуға мүмкіндік алады. Демек, мақсат пен нәтиже – жаңалыққа бет бұрудың кілті.

Инновациялық үрдістің негізі – жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. Бұл яғни, бір мұғалім үшін табылған жаңа әдіс, жаңалық басқа мұғалім үшін өтілген материал тәрізді.

Инновация мәселелерімен айналысып жүрген бірқатар ғалымдардың еңбектерін, жазған анықтамаларын қарастырып, талдай келе біз бұл ұғымның түп-төркінін белгілі уақыт арасында жаңашыл идеяны қайта қарау, жаңалау деп айтқанды жөн көрдік. Сәл ертерек кездің өзінде белгілі қолданылып жүрген идеялар жаңа бағытта ұсынылса, мұның өзі инновациялы деп аталған. Осыларды негізге ала отырып, инновацияны «жаңалық», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «әдістеме», «жаңашылдық», ал инновациялық үрдісті «жаңа әдістеме құралы» деп ұғатын боламыз.

Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Кейінгі кезеңде ғалымдар өз зерттеулерінде оқу-тәрбие ісіне жаңалықтарды енгізіп, тарату мәселесін қарастырады.

Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Ал жаңа педагогикалық технологияның түрі, қолдану ерекшелігі, одан туындайтын ділгір мәселелер бүгінгі таңда әлі нақтыланып, белгілі бір жүйеге түспеген дүние.

Қазіргі оқу орындары мен педагогикалық ұжымдар ұсынылып отырған көпнұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әр түрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әр түрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Жаңа технологиямен жұмыс істеу үшін төмендегідей алғы шарттар қажет: оқу үрдісін интенсификациялауды жаппай қолға алу; оқушылардың сабақбастылығын болдырмау шараларын кешенді түрде қарастыру. Оның ғылыми-әдістемелік, оқыту-әдістемелік, ұйымдастырушылық себептеріне үнемі талдау жасап, назарда ұстау, жаңа буын оқулықтарының мазмұнын зерттеп білу, пәндік білім стандартымен жете танысу, білімді деңгейлеп беру технологиясын игеру арқылы оқушыларға білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде игертуге қол жеткізу, оқыту үрдісін ізгілендіру мен демократияландыруды үнемі басшылыққа алу маңызды. Өйткені оқыту – тәрбиенің негізі.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Жанпейісова М.М. Технология модульного обучения. – Актөбе: РИПК СО, 2010.
2. Қазақстан Республикасы «Білім мемлекеттік бағдарламасы» / Қазақстан мұғалімі. – 2011. №33-34
3. Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы: Қазақстан, 2014 ж.
4. Қазақстан Республикасында орта білімнің дамыту тұжырымдамасы. – Алматы: Қазақстан, 2015 ж. 34 б.

Білім беру ұйымдарындағы корпоративтік мәдениетінің басқарушылық аспектілері

Елена Нуржановна СУЛЕЙМЕНОВА,

Шымкент Университетінің «Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистрі

Кілт сөздер: «субъект-объект», «басқару», «менеджмент»

Басқару тұрғысынан педагогикалық жүйелер келесідей құрылымды болуы мүмкін: басқару объектісі және субъектісі; бірлескен қызметтің мәні; білім беру мақсаттары мен педагогикалық қарым-қатынас құралдары. Олардың бәрі бір-бірімен байланысты және элементтердің ешқайсысы оның өмірлік белсенділігіне әсер етпеуі үшін жүйеден шығарылуы мүмкін емес.

Педагогикалық жүйенің негізгі элементтері ретінде пәннің және бақылау объектісінің бөлінуі шартты болып табылады, өйткені педагогикалық процестің кез келген қатысушысы мемлекеттік немесе жоғары деңгейдегі үкімет деңгейіне жататынына байланысты субъект ретінде де, объект ретінде де әрекет етуі мүмкін. Сонымен қатар, білім беру үдерісіндегі әрбір қатысушыны басқару пәні ретінде педагогикалық жүйелердің мақсаттары адамның нысаннан субъектке айналуы, белсенді өзін-өзі қамтамасыз ету және өзін-өзі басқару қабілеттерін қалыптастыруында анықталады. Оқытушының және студенттің белсенді ұстанымы, олардың әрқайсысы өздерінің іс-әрекетін басқарудың және басқа адамдардың мінез-құлқы мен қызмет етуінің субъектісі болып табылады. Педагогикалық жүйелер өздігінен жұмыс істемейді және дамымайды. Оларда орын алған өзгерістер басшылықтың арқасында тәртіптік сипатта болады. Құрылымдық-функционалдық компоненттердің тәртіптілігі интеграциялау және қоршаған ортамен өзара әрекеттесуді өз органдары және басқару механизмдері қамтамасыз ете алады. Бұл мағынада педагогикалық жүйелер өзін-өзі басқару жүйесі ретінде жұмыс істейді [2].

Басқаруды ұйымдастыру мен іске асыру процесінде пән әртүрлі қызмет түрлерінде игеріледі, соның арқасында «субъект-субъект» қатынастар жүйесіне әсер ету мүмкін болады. Субъект-субъектілік қатынастар басқару түрінің әлеуметтік маңыздылығы бар ма, жоқ па, оған қарамастан, қандай да бір жүйенің жұмыс істеуіне тән. Сондықтан, осы қатынастардың ерекшеліктері басқару үдерісінің мәнін анықтаған кезде оның негізгі және процедуралық сипаттамаларын дұрыс көрсету үшін ескерілмеді.

Барлық белгілі зерттеулер негізінен процестің мәнін, мазмұнын және негізгі заңдылықтарын анықтауға бағытталған. Дегенмен, тұтастай алғанда, осы мәселені түбегейлі шеше алмайды. Себебі, жүйенің екі негізгі типі бойынша басқару процестері: «субъект-объект» және «субъект-субъект» бір-бірінен оқшаулануда.

Бірінші жағдайда кез келген жүйені басқаруға қатысатын психологиялық факторларды есепке алмай, жалпы бақылау теориясының негізгі ережелері ғана басшылыққа алынады. Екінші жағдайда жалпы бақылау теориясы мүлдем қажетті негізгі қағидалары мен ережелері «субъект-субъект» жүйесіне оның ерекшелігін ескерусіз ауыстырылады. Мұндай жүйелерде «субъект-объект» түрінің қатынастары ғана емес, сонымен қатар «субъект-субъект» қатынастары қалыптасып, дамиды. Демек, «адам-адам» жүйесін басқару, бірінші кезекте, осы қатынастарды реттеуге бағытталған және жеке тұлғаның жеке қасиеттерін қалыптастыруға әсер ететін жағдайларды жарықтандырмастан тиісті түрде қаралуы мүмкін емес. Бұл жүйелерде көшбасшы мен бағыныштының болуы әрдайым көрінеді.

Заманауи басқару әдебиетін оқып үйренсек, «басқару» және «менеджмент» ұғымдарын синонимдер ретінде қолданамыз.

«Менеджмент» сөзі ағылшын тілінен (ағылшын тіліндегі «басшылық») алынды және «басқару» деп аударылды. Алайда, осы терминнің тамыры өткенге қайта оралады. Ағылшынша «manage» деген сөз латынның «manus» деген сөзінен шыққан, бұл қол дегенді білдіреді. Бастапқыда «manage» «атпен жүру» дегенді, содан кейін «қару-жараққа ие болу», «арба жүргізу» және кейінірек «адамдарды басқару» дегенді білдірді.

Бүгінгі күні басшылық ұйымдарды құру, олардың мақсаттарына жету жолдарын анықтау арқылы оларды басқаруға бағытталған іс-шара ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, ұйымдардың мінез-құлқындағы айырмашылықтарды тудыратын бірегей жеке сипаттамалары бар адамдардан тұратыны есіңізде болсын. Сондықтан менеджмент жиі басшылықтың жағдайдың бірегейлігін бағалау мүмкіндігінен тұратын және оның негізінде адамның әлеуетін

ескере отырып, ұйымның даму жолын айқындауға арналған басқарушылық өнер ретінде қарастырылады. Басқарудың іс-әрекеттегі және өнер ретіндегі анықтамасы қоғамның ғасырлық басқару практикасының бар екендігі туралы әңгімелеуге мүмкіндік береді. Төмендегі негізгі ұғымдар педагогикалық басқару жүйесінің құрамдас бөліктерінің қатарына жатады [4].

Басқару ұйымдары жұмысының жоғары нәтижесін алуға, сондай-ақ осы процеске қатысатын адамдарды, олардың қарым-қатынастарын және бірегей субъективтілігін сақтау мен дамытуда қызығушылық танытып, әлеуметтік процестің қатысушыларының сызықты емес, интерактивті, көпфункционалды белсенділігі ретінде қарастырылады.

Осы тұрғыдан бөлек, қазіргі заманғы зерттеушілер басқаруды келесідей анықтайды:

- олардың бірлескен жұмыстары мен мақсаттарына жету жолындағы адамдардың қарым-қатынастарын реттеуге бағытталған мамандандырылған іс-шаралар;

- менеджер мен басқарушы арасындағы күрделі иерархиялық қатынастарды үйлестіру жөніндегі іс-шаралар;

- білім беру мекемесінің басшыларымен және білім беру процесінің басқа қатысушыларымен белсенділікті арттыру және оларды жаңа міндеттерге сәйкес келетін сапалы жаңа жағдайға көшіру [3].

Түрлі анықтамаларды қарап, жалпыға ортақ тұжырымды атап өтуге болады: басшылық – бұл шешімдерді әзірлеуге, ұйымдастыруға, бақылау жасауға, адамдардың өзара іс-қимылына негізделген, олардың іс-әрекеттерін үйлестіруге бағытталған белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу.

Осылайша, білім беру жүйесіндегі басқару қызметі білімділік жүйесі ретінде ұсынылуы мүмкін, себебі оның құрылымында басқару теориясы кейбір элементтердің басқаларға логикалық тәуелділікте сипатталатын ішкі әр түрлі, бірақ біртұтас білім жүйесі болып табылады. Теорияның мазмұнын белгілі бір жиынтықтан шығаруға қабілетті тұжырымдамалар мен тұжырымдар – белгілі логикалық және әдістемелік қағидалар мен ережелерге сәйкес теорияның бастапқы негізі.

Педагогикалық үдерісті басқару жүйесінің табиғатын түсіну, басқаруға қолайлы алғышарт жасайды. Мектептегі басқарудағы жүйеліліктің бірінші белгісі – мектепті жүйе ретінде танып, оның негізгі белгілерінен құралатын осы жүйенің тұтастығын көре білу. Екінші белгі мектептің құрылымы болып табылады. Жүйенің құрылымы қалай болса мектептің байланыстары мен қатынастарының дамуы соған тікелей байланысты болмақ. Жүйенің үшінші белгісі оның өзіндік ерекшеліктері мен сипатынан туындайды. Дегенмен олардың өзара әрекеттесуі арқылы жүйенің жаңа сапасы қалыптасады. Компоненттердің тұрақты түрде өзара жақындауға ұмтылуы жүйенің тұтастығын айқындайды. Мектепті басқаруда жүйенің төртінші ерекшелігі – оның қоршаған ортамен тығыз және өзгеше байланыстылығын ескерген жөн. Мектеп пен қоршаған ортаның әрекеттесуі екі формада көрінеді. Бірінші жағдайда мектеп өз әрекетін сыртқы ортаға бейімдесе, екінші жағдайда мектеп өз мақсаттарына жету үшін ортаны өзіне бағындырады.

Мектеп басшылары мен мұғалімдерге басқару әдетін, педагогикалық менеджмент қағидаларын, қарым-қатынас өнерінің психологиялық негіздерін, педагогикалық қызметін мониторингтік басқарудың үлгілерін, ақпараттық және басқару технологияларын оқытып үйрету, оң шешім қабылдауға, қызметті ішкі мотивациялық негізде ұйымдастыруға баулу мазмұнында жаңа сипат, жаңа қарқын қажет.

Мектепті басқару жүйесінде төмендегі құралдарға негізге ала отырып жұмыс жүргізу керек.

Басқаруды ұйымдастыру басшы білігіне байланысты екенін ескере отырып, басқарудың барлық буынында менеджмент өнерін меңгеру, қазіргі педагогикалық инновацияның негізгі бағытынан хабардар болу қағидасын ұстану қажет. Жоспарлау барысында негізгі мақсаттар мен міндеттерді нақты белгілей отырып, мақсатқа жеткізетін тиімді әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдау, шешімді қызметкерлердің тапсырманы орындау мүмкіндіктерін ескеріп қабылдау өте маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. <http://gsb.almau.edu.kz/wp-content/uploads/2017/03/>

Кооперативті басқару Қазақстандық мазмұн. Под редакцией С. Филина. Книга pdf

2. <http://www.orleu-uko.kz/?p=2689>

3. Тәуірбекова С.Ж. Қазіргі мектепті басқару, – Алматы, 2016 жыл

4. Мектепті басқаруда жаңаша көзқарас: Әдістемелік құрал

/С.К. Ахметбекова, Ф.У. Жунусова. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ.

Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015 ж. 52 б.

Тұлғааралық қақтығыстардың алдын алудың психологиялық шарттары

Нуржайна ТУРСИНБЕКОВА,

Шымкент Университетінің «Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистрі

Кілт сөздер: *қақтығыстар, әлеуметтік, психологиялық қақтығыстар*

Қақтығыстар қазіргі әлеуметтік және саяси өмірдегі маңызды құбылыстардың бірі. Қақтығыстық процестерді көпшілік қолдай бермейді, бірақ оған қатысушылар жасы мен жынысы жағынан ерекшеленбейді. Қақтығысушы тараптар үшін шығындары минималды болатын пайда болған қақтығыстарды шешу үшін күнделікті білімдерді пайдалану жеткіліксіз. Бұл қақтығыстың кумулятивті сипатымен түсіндіріледі, яғни әрбір агрессивті іс-әрекет жауапты әрекетке немесе кекшілдікке жетелейді.

Қақтығыстану – қақтығыстың жағымсыз зардабын алдын алу және даму заңдылықтары, оны шешу немесе жою әдістері туралы ғылым. Тарихи және көркем әдебиеттерде адамдар үшін күш салдары, формасы және мазмұны бойынша ерекшеленетін көптеген қақтығыстық жағдайлар келтіріледі. Мамандардың пайымдауларынша, соңғы бес мың жылда адамзат әлеуметтік қарама-қайшылықтарды шешудің ең қорқынышты формасы – он бес мың локальді және ортақ соғыстарға қатысқан.

Гераклиттің (530-470 ж.б.з.д.) ойы бойынша дүниеде бәрі ұрыс арқылы туады, ал соғыс пен қақтығыс барлық заттың негізі. Соғыс бәрінің әкесі және бәрінің патшасы деп санады. Ал Эпикур (341-270 ж.б.з.д.) Гераклиттің ойымен бөлісіп, онда ұрыс адамдарды мейірімді және ұрыссыз өмір сүруге жетелейтін ұрыс деп тұжырымдады. Осы дәйектерге қандай қатынаста болмасақ та, өркениеттің бүкіл тарихы, кейде шешілуі күш қолдану әдістері мен тәсілдерін қолданусыз мүмкін болмайтын әлеуметтік қақтығыстардан тұрады, бұл жағдай шартсыз түрде халықтар өмірі мен әрекеттерінің барлық салаларына қалыпқа келтірілмейтін зиян келтіреді.

Тағы бір ерекшеліктен жайт, көбінесе ең күрделі байқалмайтын, анайы болып көрінетін жағдайлар түрткілерден, себептерден туындайды, сондықтан да қақтығыстың маңыздылығы, оның құрамдас бөліктері, олардың шешу жолдарын қарастыру әлеуметтік психология ғылымының ең маңызды пәні болып табылады.

Барлық қақтығыстар адамның ішкі өмір ерекшелігіне, сонымен қатар оның әлеуметтік қатынастарына негізделген психологиялық құрылымдардан тұратыны белгілі.

Қоғамда болып жатқан әлеуметтік процестерді қақтығыстардың маңызды әлеуметтік мәселе болып табылатынын зерттеулерде көрсетті. Бұл бірқатар себептермен шарттасқан: қақтығыс феноменінің күрделілігі, сонымен қатар оның пайда болуын бірнеше мәнде түсіндірген.

Қақтығыс қоғамдық қатынастардың басым көзі болды. Ол айқын және латентті формаларда көрінеді. Ол тұлғааралық қарым-қатынастарға ене отырып, күнделікті өмір және мемлекеттің дамуына негізделген қақтығыстарда көрініс табады. Осындай жағдайдың басты себебі ретінде Аристотельдің (384-322 ж. б.з.д.) ойы бойынша, бастапқыда адамдарды табиғатынан жүйкесі жұқарған деп ойлады. Осыдан келе оның пікірінше, қақтығыс қоғамның қалыпты жағдайы болып саналады. Аристотель негізгі қақтығыстың қайнар көзі адамның тұрмыстық жағдайының жоғары немесе төмендігінен туындайды деп санады.

Бірлестік және келісім болған жерлерде де қақтығыс болады. Басты мәселе қақтығыссыз күйге оралу емес, қақтығыспен өмір сүре отырып, оның белгілі бір шеңберде даму жағдайларында өзіңе ынталандырушы ықпалы туралы есеп беру және осы шеңберден шығып кеткен жағдайда оның бұзылыстық сипатын сезіну.

Әлеуметтік және психологиялық қақтығыстар адам мінез-құлқын негізінен екі теориялық тұжырымға негізделіп отырып сипаттайды. Зерттеудің бірінші бағытында, қақтығыс – дамудың нормативті заңдарына ие және әлеуметтік жағдайдың жеке түрлері болып табылады.

Осы бағытта К. Левин еңбектері негізге алынды. Оның пайымдауынша, мінез-құлық өздігінше қарапайым құралды факторлармен емес, субъективті бейнелі және санадағы аффективті зарядталған мазасызданулар мен қарым-қатынастармен анықталады. Зерттеудің екінші бағыты бойынша жеке тұлғаның мінез-құлқындағы ерекшелігін қақтығыстардың жетекші себептері ретінде қарастыруға негізделген.

Қақтығыстық жағдайда мінез-құлықты сипаттаудың осы екі тәсілі бір-біріне қарама-қайшы емес, өзара толықтырушы болып табылатыны айқын, өйткені қақтығыстардың дамуы және ортақ механизмдерінің қалыптасуы психологиялық қорғаныс және мотивациялы-қажеттілік жүйелерінің иерархиясының ұйымдасқан түрі болып табылады. Бір жағынан, олар онтогенетикалық әлеуметтік даму нәтижесінде қалыптасады, екінші жағынан, адамның әлеуметтік қақтығыстық жағдайда субъективті қарым-қатынасын анықтайды.

Қақтығыс және одан қорғану осы заманның ең өзекті мәселесі болып табылады және оны шешу тек белгілі бір білімдерді ғана емес, сонымен қатар адамдардың да мәселені қақтығыссыз шешу ниеттерінің болуын талап етеді. Т. Парсонстың тұжырымдамасы бойынша, ол дау-дамайсыз қатынас жүйесін жақтайды. Халықтың табиғи көңіл күйі – әлеуметтік жағдай болып табылады, ал қақтығыс қоғамның кеселі, ол кеселді емдеу керек дейді. Парсонс әлеуметтік өсу кезеңінде қақтығыс қалыптасқан еді дейді. Халықтың қажеттілігі мен талабы өсуіне байланысты қақтығыс та, қарама-қайшылық та өседі.

Қоғамға психологиялық қысым көрсету өте қауіпті, ол өсу жүйесін талқандайды. Қоғамның өсуі қалыпты жүйелі түрде қалыптасуы керек:

1. Қоғамның қажеттілігін және оның мүшесінің мүддесін өнер жолымен;
2. Өрбір қоғам мүшесін белгілі бір бақылау арқылы белгілі жүйеде тәрбиелеу;

3. Жеке қажеттілік пен қоғам қажеттілігін біріктіру, ұштастыру арқылы осы жұмыста біз қақтығыс түсінігін, оның пайда болу құрылымын, сонымен қатар оның конструктивті шешілуінің мәндерін белгіледік.

Биология сабағында Free Quiz Maker бағдарламасын қолдану жолдары

Жетекші: **Сәбит Ыдырысұлы НҰРБЕКОВ**, биология ғылымдарының докторы, профессор,
Дайындаған: **ӨТЕГЕН Жансая, ФЕРМЕБЕК Жансая, ТОҚТАРОВА Аида**,
Тараз Мемлекеттік педагогикалық университеті

Аңдатпа

Биология сабағында кейбір мәселелер компьютерлік технологиялардың көмегімен шешілуі мүмкін, олар біріншіден, олар өз негізінде оқушының қатаң іс-әрекет алгоритмі болады. Өйткені кез келген оқушы ережені жаттап алғанменен оны қолдана алмайды. Алгоритмдерді, тірек-сызбаларды, таблицаларды қолдану оқу барысын ұйымдастырады.

Аннотация

На уроках биологии некоторые проблемы могут быть решены с помощью компьютерных технологий, во-первых, они на своей основе станут жесткими действиями ученика. Потому что любой ученик не может использовать его, Хотя он выучил правила. Организует учебный процесс с использованием алгоритмов, опорных схем, таблиц.

Abstract

In biology lessons, some problems can be solved with the help of computer technology. first, they will be based on hard actions of the student. Because any student can't use it, Even though they've learned the rules. Organizes the learning process using algorithms, reference schemes, and tables.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасында "Жоғары білімді дамытудың негізгі үрдісі мамандар даярлау сапасын арттыру, қарқынды ғылыми-зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту, жоғары оқу орындары зерттеулерінің әлеуметтік сала мен экономиканың қажеттіліктерімен тығыз байланысты білім беру және технологияларды жетілдіру болып табылады" деп атап көрсетілгендей, қазіргі білім беру саласындағы басты мәселе: әлеуметтік-педагогикалық ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаналық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру мен оларды жүзеге асыра алатын болашақ мамандарды даярлау болып отыр.

Қазіргі таңда білім алушылардың білім деңгейін тексеру үшін ең тиімді және ең ыңғайлы түрі тестілеу қолданылады. Тестті тапсыру формаларына қарай жеке, топтық, ауызша, жазбаша, бланктік, компьютерлік, вербальды және вербальды емес болып бөлінеді. Дәстүрлі тесттерге жататындар: гомогендік және гетерогендік. Дәстүрлі емес тесттерге: интегративті тестілер, адаптивті тесттер, критерилі-бағытталған тестілер. Ақпараттық технологияның даму қарқынымен тесттерді құру және басқарудың бірнеше бағдарламалық қамтамасыз ету технологиялары пайда болып, қолданысқа ену үстінде. Осындай технологияның негізінде iSpring QuizMaker 7 кең қолданысқа ие болып отыр. iSpring QuizMaker 7 – интерактивті тестті құруға арналған жаңа құрал болып табылады. Аталған құралды пайдалану үшін төменде келтірілген мүмкіндіктерді пайдаланған қолданушы үшін және тест тапсырмаларын өңдеуші үшін де тиімді.

Тесттің құру үшін келесі кезеңдер міндетті түрде ескерілуі қажетті:

- ыңғайлы және түсінікті интерфейс;
- бағалауымен немесе еркін жауап бере алу мүмкіндігі бар тест құру;
- басқа тестіден сұрақтарды импорттау;
- Excel-ден сұрақтарды импорттау;
- тест сұрақтарын қайта қарастыру;

Тестті баптау үшін келесі бөлімдер міндетті түрде таңдалуы керек:

- таңдалған жауап нұсқасымен тармақталады;
- дұрыс жауап туралы мәлімет беріп отыруды баптау;
- файлдың көлемін кішірейтуді баптау;

Нәтижені бақылау келесі білімдерді таңдағанда іске асады:

- Қашықтықтан білім беру орталымен бірігіп кез келген SCORM/AICC ортамен интеграциялау;
- TinCan-мен интеграциялау;
- қашықтықтан білім беру орталығына iSpring Online арқылы егжей-тегжейлі статистика;
- нәтижені электрондық поштаға жіберу;
- нәтижені серверге жіберу;
- тест нәтижесін басып шығару;

Тестті рәсімдеу – сұрақтар макетін таңдаумен, фон түсін өзгертумен, кескінді немесе фон сапасындағы текстураны таңдаумен, сұрақтың ашық фонымен, сурет және формула қосудымен, жауап үшін анимацияны баптаумен, жауаптар нұсқасы үшін бірнеше баған болуымен, түстің, өлшемнің және шрифтінің стилінің өзгеруімен, басқару элементінің жазбасының өзгеруімен, плеердің түсінің өзгеруін басқарумен орындалады.

Тестті өткізу жағдайын баптау үшін өңдеуші келесі қызметтерді орындауы қажетті:

- сұраққа берілетін баллдың саны;
- толық емес жауапты қабылдау мүмкіндігі;
- жауаптың әр нұсқасы үшін балл саны;
- тестті тапсыру уақытын шектеу;
- сұраққа жауап беру уақытын шектеу;
- тестті тапсыру әрекетінің саны;
- сұрақтың жауабын беру әрекетінің саны;
- дұрыс емес жауап үшін айып;
- межелі баллды беру мүмкіндігі;
- көрсетілген шкала бойынша нәтижені санау.

Тест сұрақтары – 23 типті сұрақтардан, түсіндірме үшін ақпараттық слайдтардан, сұрақтар топтамасынан, сұрақтар мен жауаптар нұсқасын араластырудан, видео, аудио, сурет, Flash-роликтер мен формулаларды қосудан, жауаптар нұсқасына суретті қоюдан, ыңғайлы мәтіндік редактордан тұрады. iSpring QuizMaker 7 құралының ерекшелігі болып тестті жариялау бөлімі табылады. Бұл оқытушы үшін де, білім алушы үшін де ең тиімді жол.

iSpring QuizMaker 7 құралы төменде көрсетілген құрал саймандар панелінен тұрады.

Сурет 1. Құрал-саймандар панелі

iSpring QuizMaker 7 құралының негізгі жұмыс жасау беті төмендегі суретте көрсетілген. (Сурет 2). Осы беттің көмегімен тест тапсыршы үшін негізгі ақпараттарды енгізуге болады. Ол ақпараттардың барлығы слайд түрінде көрсетілген болады.

Сурет 2. Тестті құрудың негізгі беті

Тестті өңдеуші сұрақтарды топтастырмасы бұрын тестінің типін таңдауы маңызды бөлім болып табылады. Төменде көрсетілген суретте тест типінің түрін таңдауға мүмкіндік бар. (Сурет 3)

Сурет 3. Тест сұрақтары немесе сауалнама бетін таңдау

Сурет 4. Плеердің қызмет ету ортасы

Тест сұрақтарын жариялау үшін немесе қолданушыға соңғы нұсқасын ұсыну үшін плеердің жұмысын баптау керек. (Сурет 4)

Толық дайын болған тест сұрақтарын жариялау тест құрудың соңғы қадамы болып табылады. iSpring QuizMaker 7 ортасында батырмасы арқылы соңғы қызметті атқаруға болады.

iSpring QuizMaker 7 құралында тестті жариялау келесі бөлімдерді қосып қызмет етеді:

- бір Flash-файл (.SWF);

- HTML5-форматты; комбинирланған Flash+HTML5 форматы;
- iSpring Mobile App-те жүктеу және iPad-қа сақтау;
- SCORM/AICC/TinCan форматында жариялау;
- қашықтықтан білім беру жүйесінде BlackBoard-те жариялау;
- Microsoft Word-қа экспорттау;
- резервті көшірмесін құру.

Соңғы кезде уақыт көрсетіп отырғанындай, оқытушымен салыстырғанда білім алушыда көп ақпарат болатынын тәжірибелер дәлелдеп отыр. Сондықтан әрбір оқытушы өз қызметіне ақпараттық технологияны пайдалана білуі қажет. Бұл мәселе – білім беруді ақпараттандырудың қажетті шартына айналып отыр. Оқу үрдісінде компьютерді оқыту құралы ретінде қолдану, оның мүмкіндіктерін жаңа материалды баяндауда (білімді виртуалды өмірде қолдану), үйрету программаларын қолдану арқылы виртуалды лабораториялық жұмыстарды жүргізу, баяндалған материалды бекіту (тренинг), білім алушының білім деңгейін тестілеу, Интернет-технологияларды қолдану арқылы оқытудың сапасын арттыру – оқытудың тиімділігін беріп отыр.

